

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 373.016:811.512.122+821.512.122

Қолжазба құқығында

НАЗАРБЕКОВА АЛУА АХМЕДИАРОВНА

**Жалпы білім беретін мектептерде этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесі
(8-9 сыныптар бойынша)**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының
докторы
Рахметова Р.С.

Шетелдік кеңесші PhD
докторы, профессор
Экрем Аян
Сытқы Кочма университеті

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАСЫ.....	13
1.1 Этномәдени бірліктерді оқытудың лингвистикалық аспектілері.....	13
1.2 Қазіргі білім беру жүйесіндегі этномәдени бағыттың әлеуметтік мәні	32
1.3 Этномәдени бірліктерді оқытудың танымдық мәні.....	44
1.4 Этномәдени бірліктерді оқытудың психологиялық –педагогикалық негіздері.....	59
1 бөлім бойынша тұжырым.....	80
2 8-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	83
2.1 Базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықтарда этномәдени бірліктерді оқыту мәселелерінің жайы.....	83
2.2 Этномәдени бірліктерді оқытудың әдіс-тәсілдері.....	91
2.3 Этномәдени бірліктерді оқытудың жолдары.....	109
2.4 8-9 сыныптарда этномәдени бірліктерді оқытудың эксперименттік жүйесі мен нәтижелері.....	137
2 бөлім бойынша тұжырым.....	155
ҚОРЫТЫНДЫ.....	157
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	160
ҚОСЫМШАЛАР.....	168

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424/history>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 25 қазандағы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 545 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015982>

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1996 жылғы 15 шілде N 3058. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960003058>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген ««Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Этнолингвистика – этнос пен тілді сабақтастыра қарастыратын тіл білімінің саласы. Ұлттың болмысын оның тілі арқылы танып білуге бағытталған лингвистикалық сала.

Этнопсихоллингвистика – этностық топтың мәдени қажеттіліктерді қабылдау және тұтытудағы психологиялық ерекшеліктердің тілдегі көрінісін зерттейтін ғылым.

Этномәдениет – белгілі бір ұлттың ұлттық нышанын танытатын сол ұлтқа тән мәдениеті.

Этнографизмдер – белгілі бір халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мәдениет ерекшеліктерін, құндылықтарын атайтын сөздер мен сөз тіркестері.

Этномәдени лексика – этностың ақыл-ой санасының, дүниетанымының нәтижесі, материалдық және рухани мәдениетінің тілдегі көрінісін таңбалайтын тіл бірліктері.

Этнодиалектизм – этнос табиғатын тануда тілдік дерек қызметін атқаратын, диалектілік сөзді сипаттайтын қасиетке ие белгілі аймақтардағы сөз символдары мен тілдік таңбалар.

Этнофразеологизмдер – өзге мәдениетте эквиваленті жоқ, тек бір этностың мәдениетіне ғана тән фразеологиялық тіркестер.

Этностереотиптер – жазылмай қалған әдеп құндылықтары.

Этнорегиолект – жергілікті халықтың тілдік ерекшелігінен пайда болған әдеби тіл мен диалект аралығында жарыспалы жұмсалатын, әдеби тілдің вариантты қолданысы.

Этнопрагматонимдер – этнолексиканың прагматикалық мақсатта, атаулық мағынада, жаңа мағынада жаңғырған түрі.

Этностиль – ұлттың сөйленіс этикетін білдіретін нормалық ұстанымдар.

Фитонимдік этномаркерлер – қазақ мәдениетінде көрініс табатын өсімдік атаулары.

Прецедентті этномаркерлер – қазақтың этникалық дүние бейнесінің тілдегі көрінісі.

Зооморфтық этномаркерлер – қазақ мәдениеті мен тілінде жан-жануарларға қатысты атаулар.

Оқыту әдістері – мұғалім мен оқушының белгілі бір іс-әрекетті бірлесіп жүзеге асыратын қызметі.

Жобалау әдісі – оқушының зерттеуге, ізденуге, өз бетінше білімін шыңдауға бағыттайтын әдіс.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР ҒЖЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

ЭМБ – этномәдени бірліктер

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі білім беру жүйесі жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық әлеуеті жоғары, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға басымдылық беріп отырғаны белгілі. Жаһандану заманында рухани құндылықтар материалдық құндылықтардан басым болып отыр. Себебі әр халықтың тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрі мен ұлттық құндылығы тілі мен ділі арқылы ұрпақтан ұрпаққа тарайды. Ұлт болып сақталудың негізі де тіл мен ділдің сақталуында. Ал ұлттық тілдің әдеби өзегін сақтаушы бірліктердің бірі - этномәдени бірліктер. Тіл білімінде этномәдени бірліктер этнолингвистика саласының негізгі зерттеу нысаны болып саналады.

Белгілі бір этностың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, әдет-ғұрпын тек сол ұлттың қолданыстағы тілінде сақталған лексикалық, фразеологиялық және паремиологиялық бірліктердің мазмұнын ашу арқылы түсіндіру тіл білімінде этнолингвистика пәнінің құзырына жатады.

Этномәдени атауларды оқыту қазіргі қазақ қоғамы үшін, қазақ мәдениеті мен тарихын жаңғырту үшін аса қажет. Тіпті әрбір қазақстандық қазақ этномәдени атаулардың мағынасын терең тани білуі міндетті. Қазіргі жас ұрпақтың танымында көне ескіліктерді жаңғырту оңай емес. Себебі материалдық және рухани мәдени ұғымдар қолданыстан шығып қалған. Көзімен көріп, күнделікті тұрмыста пайдаланбағандықтан оқушылар үшін ол қызық емес. Ал қызықпаған дүниені игеру өте қиын. Сондықтан қазіргі таңда оқу үдерісінде оқушыға ана тілін, оның нормасын жетік меңгертумен қатар ұлттық кодты, рухани кодты таныту мәселесі көтерілді. Оқушы ана тілін меңгерумен қатар ұлттық дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де, код түрінде көрініс тапқан тілдік бірліктерді де танып, сөздің мағынасын ғана біліп қоймай, сонымен қатар этномәдени ақпаратты, тілдік бірлікте кодталған ғалам бейнесін де түсінуі қажет. Демек, оқушыға қазақ тілін этномәдени, танымдық бағытта оқыту халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін терең меңгертуге бағытталуы тиіс.

Қазақ тілін оқытуда лингвомәдениет сабақтастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика және т.б. салаларында айқындалған, зерделенген теориялық материалды қолдану арқылы оқушыға ұлтының дүниетанымын, салт-дәстүрін, ырым-тыйымдарының мәнін де жетік меңгертуге болады. Өйткені халықтың дүниетанымы мен руханият жүйесі оны таңбалаған тілдік бірліктер, оның ішінде этномәдени бірліктер негізінде айқындалады. Кез келген этномәдени бірлік белгілі бір атауды, құбылысты және т.б. білдіріп қана қоймайды, ұлттың өзіне тән дүниетанымдық ерекшелігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта мектептегі «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнында тілдің әлеуметтік қызметінің қажетті деңгейде қамтылмауы; қазіргі сұранысқа жауап беретін рухани құндылықтарға негізделген ұлттық сөз өнерінің, көсемсөз

үлгілерінің мектеп оқулықтарында аз берілуі; қазақ тілін антропоцентристік тұрғыдан қарастырған зерттеу еңбектерінің нәтижелерінің мектептің білім мазмұнына енбеуі тәрізді **қайшылықтар** жалпы білім беретін мектептің 8-9 сынып оқушыларына этномәдени бірліктерді оқытудың әдіснамалық, ғылыми-теориялық негіздерін айқындап, оның әдістемесін ұсынудың қажеттілігін танытып отыр.

Сондықтан ұлттық мәдениеттің өзегін құрайтын этномәдени бірліктердің мәніне тереңдеп, оның табиғатын қазіргі ұрпаққа таныту жұмыстың **өзектілігін** байқатады. «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнының басты мақсаты оқушыны өз ана тілінің сөз байлығын терең білуге, әр сөздің мағынасын дұрыс ажыратуға, қазақ тілінің этностилін коммуникативтік мақсатқа сай орынды қолдануға, сауатты сөйлеу қабілетін жетілдіруге, тілдің қызметін халықтың танымымен байланыстыра оқыту болып табылғанда ғана жоғары нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Зерттеудің нысаны: жалпы білім беретін орта мектептің 8-9 сыныптарында этномәдени бірліктерді оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: 8-9 сыныптың «Қазақ тілі» пәні аясында этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемесі.

Зерттеудің мақсаты: 8-9 сынып оқушысына этномәдени бірліктерді оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің міндеттері

1. Этномәдени бірліктерді оқытудың лингвистикалық аспектілерін айқындау;

2. Этномәдени бірліктердің әлеуметтік функциясын анықтау;

3. Этномәдени бірліктердің танымдық мәнін ашу;

4. Этномәдени бірліктерді оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтау;

5. Этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемесін ұсыну және оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Егер мектеп оқушысына этномәдени бірліктерді оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері сараланса, білім мазмұны мен оқыту әдістемесі ұлттық және рухани құндылыққа негізделсе, сол арқылы оқушы ана тілінің бай мұрасын, әр сөздің төркінін, мәні мен мағынасын, сыртқы сыны мен ішкі сырын меңгерсе, **онда** мектеп оқушылары қазақ халқының әсем де астарлы сөзінің мәнін, тілдің ішкі иірімдерін танып, сол арқылы ұлттың болмыс-бітімін, дүниетанымын бағамдай алатын интеллектуалдық әлеуеті жоғары, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген дара тұлға болып қалыптасар еді. **Өйткені** оқушыға этномәдени бірліктерді оқыту үдерісінде негізге алынатын қағидалар мен тұжырымдар, ана тілінің бай қазынасы жайлы түсініктер мен ақпараттар этномәдени бірліктерді қарым-қатынаста ұтымды қолдануға, дүниетанымдық білімін жетілдіруге жол ашар еді.

Зерттеудің жетекші идеясы: этномәдени бірліктерді оқыту оқушының ұлттық санасын қалыптастыруға, танымдық білімін тереңдетуге, ой-өрісін

кеңейтуге, әр сөздің мағыналық реңкін танытуға, сөзді әр түрлі жағдаятқа сәйкес ұтымды қолдануға көмектеседі.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері ретінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика ғылымындағы тіл, этномәдени бірліктер туралы теориялар мен тұжырымдар, этнопсихолінгвистика ғылымындағы рухани, мәдени құндылық, этнос танымы, этнос мінезі, адамдар арасындағы қарым-қатынас жайлы пайымдаулар мен ой-пікірлер, мысалдар негізге алынды. Сондай-ақ зерттеу жұмысында тілді оқыту әдістемесіне байланысты заманауи білім беру технологиялары мен ұтымды әдістер туралы тұжырымдар басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық дереккөздері: зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық, әдіснамалық негіздерін айқындауда Қашқари М., Уәлиханов Ш., Сарыбаев Ш., Қайдар Ә.Т., Жанпейісов Е., Қалиев Ғ., Малбақов М.М., Шойбеков Р., Атабаева М., Манкеева Ж., Таусоғарова А., Бисенбаева М.К., Әмірбекова А., Салқынбай А., Момынова Б., Жақсыбаева Ф., Гумбольдт В.Фон, Ойзерман Т., Шеллинг Ф., Крысько В.Г., Стефаненко Т.Г., Леонтьев А.А. және т.б. зерттеу тақырыбына қатысты ой-пікірлері, Байтұрсынұлы А., Аймауытов Ж., Жұмабаев М., Уәли Н., Рахметова С., Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж.Т., Есенова Қ.Ө., Ильясова Н.Ә., Сатбекова А.А., Рахметова Р.С., Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. және т.б. ғалымдардың тілді оқытуға байланысты тұжырымдары мен қағидалары, оқыту әдістемесіне байланысты еңбектері негізге алынды.

Зерттеу әдістері: зерттеудің әдіснамалық, әдістемелік негіздерін айқындауда сараптау, ой қорыту, талдау әдістері, озық тәжірибелерді жинақтау, саралау, жүйелеу әдістері, эксперимент нәтижелерін сандық және сапалық тұрғыда сараптау, жинақтау әдістері қолданылды.

Зерттеудің негізгі жаңалығы мен нәтижелерінің сипаттамасы

1. Этномәдени бірліктер жанры (ұлттық діл, халықтық дүниетаным, жалпы адамзаттық рухани таным) мен формасына (тілдегі (вербалды) көрінісі, бейвербалды көрінісі, менталды (наным-сенім) көрінісі, символдық көрінісі) қарай ажыратылып, тілдік фактілер арқылы дәйектелді. Лексикалық, фразеологиялық және паремиологиялық бірліктердің мазмұны салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерттеліп, ашылды.

2. Этномәдени бірліктер қалыптасуы мен әлеуметтік ортада қызмет етуіне қарай этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним болып жіктеліп, олардың әлеуметтік қызметі тілдік фактілер арқылы дәлелденді.

3. Этномәдени бірліктердің ұлттың тарихи болмысын танытудағы ең маңызды құрал болып саналатыны мысалдар арқылы дәйектелді. Этномәдени бірліктердің танымдық мәні «Дала», «Жеті ата», «Жер» концептілері негізінде айқындалды. Қазақтың этникалық дүние бейнесі мифологемдік, прецеденттік, зооморфтық, фитоморфтық, орнитонимдік, материалдық және рухани мәдениет атауларының мазмұнына талдау жасау арқылы ашылды.

4. Этномәдени бірліктердің қалыптасуына этноцентризмдік жүйедегі этнопсихикалық таным мен этножіктеуіш белгілер негіз болатыны анықталды.

Этномәдени бірліктерді оқытудың арнайы ұстанымдары (экстралингвистикалық, функционалдық) ұсынылды.

5. Ұлттық құндылықты бойына сіңірген дара тұлға моделі жасалды, этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемесі ұсынылды. Этномәдени бірліктерді жаттығу жұмыстары, мәтін, ақпараттық-коммуникативтік, ойын технологиясы арқылы меңгерудің ұтымдылығы дәлелденді.

Эксперименттік база негізінде Жамбыл облысы Тараз қаласындағы Төле би атындағы №8 гимназиясы және Ө.Жолдасбеков атындағы № 50 орта мектеп алынды.

Бірінші кезеңде (2018-2019) зерттеу тақырыбының проблемаларын, ғылыми-теориялық, әдіснамалық негіздерін айқындау үшін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерімен, оқу бағдарламалары мен мектеп оқулықтарымен танысып, талдау жасалды. Мұғалімдер мен оқушылар арасында сауалнамалар жүргізіліп, алынған нәтижелер бойынша жүргізілетін зерттеудің бағыттары айқындалды.

Екінші кезеңде (2019-2020) этномәдени бірліктерді оқытуда негізге алынатын ұстанымдар мен әдістер сұрыпталды, тапсырма түрлері, олардың жүргізілу тәртібі айқындалды, кешенді жұмыс жүйесі құрылды.

Үшінші кезеңде (2020-2022) этномәдени бірліктерді оқытуға байланысты тәжірибе материалдары жинақталып, зерттеуде ұсынылған әдістеменің тиімділігі дәлелденді. Оқушылар арасында өткізілген тәжірибе нәтижелері айқындалып, қорытындыланды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу қорытындылары педагогика ғылымдары теорияларын жетілдіруге, этномәдени бірліктерді оқытудың әдіснамасын ғылыми негіздеуге мүмкіндік тудырады. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесін дамытып жетілдіруге, оны кеңейтуге ықпал етеді. Зерттеуде жасалған тұжырымдарды қазақ тілінің оқу-әдістемелік кешендерін дайындауда басшылыққа алуға болады.

Зерттеудің практикалық маңызы. Жұмыстың нәтижелері жалпы білім беретін мектепте қазақ тілі пәнін оқытудың сапасын арттыруға, сабақты нәтижелі ұйымдастыруға септігін тигізеді. Диссертацияның негізгі материалдары мен нәтижелерін мектеп мұғалімдеріне, ізденушілерге көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Еңбекте ұсынылған кешенді жаттығулар мен тапсырмалар, әдіс-тәсілдер қазақ тілі сабақтарының сапасын арттыруға көмегін тигізеді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар

- тіл ұлттық құндылықтарды сақтаушының қызметін атқарады. Ал этнолексика ұлттық тілдің негізі болып саналады. Атаулар мен ұғымдар халықтың өмірі мен болмысына байланысты туындап отырады. Қазақ тіліндегі этномәдени бірліктерді мағынасына қарай: заттық мәдениет атаулары (киім-кешек атаулары, қару-жарақ атаулары, жиһаз атаулары, ыдыс-аяқ атаулары, зергерлік бұйым атаулары, ас-тағам атаулары, тұрмыстық бұйым атаулары); рухани мәдениет атаулары (салт-дәстүр атаулары, әдет-ғұрып атаулары, жосын-

жоралғы атаулары, кәде атаулары, ойын атаулары, ырым-тыйым, наным-сенім, бата, алғыс, қарғыс сөздері, сәлемдесу, қоштасу); қызметіне қарай: этнодиалектизмдер, этнофразеологизмдер, этнонимдер; типіне қарай: мифологиялық этнолексика, символдық этнолексика, нумеративті этнолексика, метрикалық этнолексика, сакралды этнолексика деп жіктеп қарастыру тиімді. Этномәдени бірліктердің ұлттық тіл қорын қалыптастыру қызметі ұлтты сақтап қалудың тетігі болып табылады. Сондықтан ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтар ұлттың этникалық дүние бейнесінде терең сақталса, ұлттық тілдің мәртебесі де арта түседі;

- ұлттық тіл этносоциумда қалыптасады. Яғни этикалық әлеуметтік топта қалыптасқан атау немесе ұғым сол халықтың өмірі мен болмысына сай қажеттіліктен туындайды. Этномәдени бірліктер ұлттың әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасын, болмыс-бітімін, көңіл-күйін, сөйлеу әдебі және т.б. білдіреді. Этностереотиптер танымдық, коммуникативтік және этностық бірегейлікті сақтау қызметін атқарады. Этнорегиолект – белгілі бір территориялық шегіне қарай халықтың бір ұғымды әртүрлі айту үрдісі арқылы қалыптасқан этномәдени бірліктер. Этнопрагматонимдер этнолексиканың прагматикалық мақсатта, атаулық жаңа мағынада жаңғырған түрі болып табылады. Этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматонимдердің әлеуметтік қызметін білу, этностиль туралы ақпаратты дұрыс қолдана алу мектеп оқушысының бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіруге жол ашады. Этномәдени бірліктерді әлеуметтік лингвистикалық аспектіде қарастыру этномәдени білім беру жүйесін құруға септігін тигізеді;

- этномәдени бірліктердің танымдық мәні этноконцептілер арқылы анықталды. Этникалық дүние бейнесі адамтаным парадигмасындағы пәнаралық метатіл ретінде қолданылатын дүние бейнесіне талдау жасау арқылы айқындалды. Дүние бейнесі қоғам, уақыт, адам өмірінің өзгерісіне қарай дамып, кеңейіп отырады. Оны қалыптастыруға адамның барлық психикалық әрекеттері қатысады. Этникалық дүние бейнесін зерттеуде әлеуметтік-философиялық, мәдениеттанымдық әдістер тиімді болып табылады. Этникалық бейнені құрайтын ақпараттар – этностың өзіне ғана тән, өзге мәдениетте жоқ ақпараттар. Мифологиялық, стереотиптік, зооморфтық, фитонимдік, прецеденттік этномаркерленген атаулар мен материалдық мәдениеттің санада этномаркерлену құбылысын зерттеу этномәдени атаулардың мәдени кодын ашуға ықпал етеді;

- жеткіншек кезеңіндегі мектеп оқушыларына қазақ тілін сол тілде сөйлейтін ұлт өкілінің жан дүниесінің ерекшеліктерімен тұтастықта, бірлікте, өзара сабақтастықта меңгерту білім сапасын арттырады. Қазақ халқының өзіне тән мінез-құлқын (бауырмашылдық, қонақжайлық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу және т.б.) этномәдени бірліктер негізінде таныту ұлттық психологияны меңгертуге негіз болады. Қазіргі кезде тіл-ұлт-мәдениет үштігі аясындағы синкертті тілдік бірлік ретінде айырықша мәнге ие. Бұл ұлттық құндылықтар, ұлттық сана, ұлттық код мәселесін білім саласына енгізудің бірден бір жолы ретінде аса маңызды көрсеткіш болып табылады. Себебі

қазақтың ұлттық болмысын танытатын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін, қазақы дәстүрдің ақиқат бейнесін айқындайтын этномәдени бірліктерді меңгерту ұлттық құндылықтың жалғастығын білдіреді. Оқыту ұстанымдары – оқу үрдісінің маңызды аспектісі. Оқыту ұстанымдары этномәдени бірліктерді оқытуда, оның негізгі ерекшеліктері мен түрлерін игертуде басшылыққа алынады. Этномәдени бірліктердің қоғаммен, сыртқы дүниемен байланысын игертуде экстралингвистикалық ұстанымды, этномәдени бірліктердің тілдегі және сөйлеудегі қызметін көрсетуде функционалдық ұстанымға сүйену тақырыпты терең меңгертуге көмектеседі;

- ұлттық құндылықты бойына сіңірген дара тұлға моделі жалпы білім беретін мектепте ұлттық құндылықтар мен мәдениетті, ұлттық тәрбиені оқушының бойына сіңіруге, танымдық ойлауын дамытуға, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді; оқушыға ана тілінің бай сөздік қорын терең танытуға жол ашып, интеллектуалдық әлеуетін жетілдіреді. Оқушының этномәдени бірліктердің әлеуметтік-лингвистикалық қызметін тапсырмалардан тауып, талдауы, қазақ халқының сөйлеу мәдениетінің этностилін білуі оны әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндігін арттырады. Қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік ғылымдар аясында жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қазақ тілі сабағында қолдану оқушының этномәдени білімін толықтырады; оқушының қазақ тілі сабағына деген қызығушылығын тудырып, қазақ танымындағы дүниенің бейнесі туралы ақпараттарды өз бетінше іздеуіне, өзін-өзі дамытуына, танымдық ойлауын жетілдіруге жетелейді; тілді қатысымдық, танымдық, кумулятивтік, экспрессивтік қызметтеріне сай қолдануға ұйытқы болады. Этномәдени бірліктердің (этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним) әлеуметтік-лингвистикалық қызметіне қатысты тапсырмаларды орындау оқушыға қазақ халқының мәдениетін жан-жақты білдіруге, түсіндіруге, жадына сақтауға жол ашады. Этномәдени бірліктерді оқытудағы әдіс-тәсілдер мен кешенді жұмыстар жүйесі оқушының ана тілі туралы білімін толықтырады; ұлттық құндылықтар мен өз халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, ділін, әдет-ғұрпын және т.б. терең игеруге көмектеседі; этномәдени бірліктерді оқытуға арналған тапсырмалар оқушылардың этностилде тіл табысу қабілеттерін жетілдіріп, қазақ халқының сөйленісіне тән иірімдерді орынды қолдануға жетелейді. Зерттеу жұмысының нәтижелері жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарындағы «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнын антропоцентристік парадигмаға негіздеп, оқытудың маңыздылығын анықтауға мүмкіндік берді. Сондықтан этномәдени бірліктердің түрлерін нақты көрсетіп, білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына енгізу мектеп оқушыларының этномәдени білімін тереңдетуге жол ашады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі: зерттеу негізі етіп алынған теориялық тұжырымдардың әдіснамалық тұрғыдан сараланып талдануымен бекітіледі. Жұмыстың мақсатына, міндеттеріне сәйкес шешімін тапқан зерттеу әдістері мен көрсетілген нәтижелердің жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарында жүргізілген сабақтарда дәйектелуі зерттеудің сенімділігіне кепілдік етеді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеудің жетекші идеясы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңын; «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын»; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын және ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауларын жүзеге асыруға бағытталып, Қазақ тілі пәнін оқыту үрдісінде қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны, тұжырымдамалары мен нәтижелері халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференцияларда, республикалық, облыстық семинарларда жасалған баяндамаларда талқыланған. Диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми мақала жарияланды. Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген басылымдарда 3 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 3 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда 1 мақала, ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 2 мақала және басқа да басылымдарда 2 мақала жарияланды. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

Диссертацияның құрылымы: Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАСЫ

1.1 Этномәдени бірліктерді оқытудың лингвистикалық аспектілері

Халқымыздың тарихын, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, өз халқының салт-дәстүрін бойына сіңірген жеке тұлғаны тәрбиелеу мәселесі ұлттық білімнің негізін салған, өз халқының болашағы жолында бар ғұмырларын арнаған А.Байтұрсынұлы [1], М.Дулатов [2], Ж.Аймауытов [3], М.Жұмабаев [4], Ә.Бөкейхан [5] және т.б. еңбектерінен бастау алады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Мектептің міндеті – берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару. Бұл міндетін дұрыстап атқару үшін көздеген мақсатқа керек істерді дұрыстап істеу тиіс» деп, мектептің балаға білім берудегі қызметін айқындап берді [1,б. 17]. Олай болса, қазіргі қазақ мектептерінде ана тілінің мол байлығымен қаруланған оқушыны тәрбиелеуге басымдылық берген жөн.

Ж.Аймауытовтың «мектеп баланы құр көндік, ынжық қылмай, өз бетімен іс басқаратын ғып, жауыздыққа қарсы тұратын, талас-тартыс адамы ғып тәрбиелеу керек» деген пікірі қазіргі білім берудің бағытымен сабақтасып жатыр [3,б. 105].

«Қандай болмасын тілде дұрыс оқып, жазу үшін алдымен осы тілдің ережелерін білу қажет, ал тілдің ережелері осы тілдің өзінен, оның қасиеттері мен заңдылықтарынан келіп шығады» деген А.Байтұрсынұлының тұжырымы зерттеу жұмысының маңызын айқындай түседі [1,б. 25].

Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика ғылымының негізін салған, тіл тарихын халық тарихымен байланыстыра зерттеген Ә.Қайдардың «Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлықтағы құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы - бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзі көрсететін айна іспеттес» деген тұжырымы тілдің осынау бай қазынасын бүгінгі оқушыға жеткізудің маңызын көрсетеді [6].

Ұлттық рухты жаңғырту, ұлттық мәдениетті тану мен таныту тіл арқылы жүзеге асады. Халықтың басынан кешкен тарихы, рухани, мәдени байлығы, дүниетанымы, болмысы, салт-санасы мен дәстүрі тілінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Тіл ақиқатты сезіну, қабылдау тәсілі ретінде халықты тілдік жағынан ғана емес, мәдени-танымдық жағынан да бір-бірімен жақындастырады.

Ғалым Н. Уәлидің пікірін негізге алсақ, өзінің ұлттық сипатын, елдігін сақтау, ұлттық құндылықтар дүниесін түгендеу, оның мән-мазмұнын, қадір-қасиетін бағалау қай халықтың, қай елдің, қай ұлттың болмасын толғақты мәселесіне айналып отыр деуге болады [7].

Академик Ә.Қайдардың пікіріне сүйенсек, өз тарихын, өз тегін, өз тілін, өз

елдігін, өзінше дүниетанымын, ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық, этикалық нормаларын, әдет-ғұрпын біле білмеген этнос мүшесі де, мәңгүрт те бірдей [8]. Сондықтан тілдің жүйесін оқытуда тілдің сөздік, грамматикалық құрылымын меңгертумен бірге этномәдени табиғатын танытуға назар аударсақ, бұл бағыт тілдік кеңістік пен мәдениеттің сабақтастығын айқындап, тілді терең танымдық деңгейде оқытуға мүмкіндік береді.

Профессор Ф.Ш.Оразбаеваның пайымдауынша, тіл рухани мәдениеттің ең басты бөлшегі бола отырып, дара тұлғаны әлеуметтендірудің тетігі болып саналады. Тіл арқылы ұрпақ жалғастығы жүзеге асады, тілде ұлттың салт-дәстүрі көрініс табады. Сондықтан тілді рухани құндылық ретінде ата-бабалар қалдырған мұра, мәдениет, аманат деп түсініп, оны көздің қарашығындай сақтап, өзінен кейінгілерге жеткізу - әр ұрпақтың қасиетті борышы [9]. Демек, оқушыға қазақ тілін этномәдени, танымдық бағытта оқыту халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін терең меңгертуге бағытталуы тиіс.

Профессор Ж.Манкеева «қазіргі қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық сан салалы әрекеттеріндегі тілдің қызметіне байланысты рухани күштің арқауы – тіл құдіреті мен сөз байлығы» болып табылатынын, сондықтан «сөз өнерінің өзіне тән болмысы мен табиғатын сөз иесінің болмысымен тығыз байланыста қарастыру» қажеттігін, «кез келген коммуниктивтік акт (көркем мәтін, мақала, медиакеңістіктегі сөз т.б.) кезіндегі тілдік тұлғаның тиімді сөзқолданысы, ықпалды күші оның жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихымен, мәдениетімен тұтастықта қабылданғанда ғана бағалы» болатынын айтады [10].

Әдіскер-ғалым Ж.Т.Дәулетбекованың «Ел тарихының жаңа даму белесінде «рухани жаңғыру» идеясының жүзеге асуының бірден-бір шарты - ұлттық кодты сақтау. Ұлттық кодты сақтаудың басты тетігі - отандық үздіксіз білім беру жүйесінде білім сапасын арттыру. Ал бүкіл құндылық атаулының басы - тіл, оның ішінде ана тілі, төл әдебиеті мен ата тарихы. ...пәннің білім мазмұнында қазақ тілінің жасампаздық күші мен табиғи болмысын танытатын қырларын ашып, оқыту үдерісінде жаңа заманға лайық өркениет тіліне айналуына қажетті мүмкіндіктерді батыл ендіру қажет» деген пікірі ойымызды дәйектей түседі [11].

Этномәдени бірліктердің қай сыныпта қалай оқыту қажет деген мәселенің шешуін анықтамас бұрын, этномәдени бірліктердің құрылымын нақтылаған дұрыс.

Этномәдени бірліктер – этнолингвистика ғылымының негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Этномәдени бірліктер – өзге мәдениетте эквиваленті жоқ, бір этносқа ғана тән мәдени, рухани құндылықтардың тілдік (вербалды), бейвербалды (ым-ишара), менталды (наным-сенім), символдық көрінісіндегі қолданыстар. Этномәдени бірліктер жанры мен формасына қарай ажыратылады. Жанрына қарай: ұлттық діл (менталитет), халықтық дүниетаным (ұжымдық сана), жалпыадамзаттық рухани таным (философиялық таным). Ал формасына қарай: тілдегі (вербалды) көрінісі, бейвербалды көрінісі, менталды (наным-сенім) көрінісі, символдық көрінісі болып жіктеледі. Демек, лингвистикалық тұрғыдан этномәдени бірліктер құрамына сөзден бастап, тұтас

мәтін де енеді. Этномәдени бірліктердің басты ерекшелігі - мазмұн межесінде - ұлттың мәдениеті мен құндылығын таныту, тұрпат межесінде – эквивалентсіз болуы.

Қазақ тіл білімінде «этномәдени лексика» терминін қолданған профессор Е.Жанпейісовтің зерттеуінде: «Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», - дейді [9,б. 103]. Демек, этномәдени бірліктер салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы анықталады. Өйткені этнолексемалар қазіргі жалпыадамзаттың мәдениетті емес, ұлттың өткен тарихындағы рухани және материалдық болмысын танытушы ұғымдар мен категориялардың мазмұнын білдіреді. Мәселен, «кесек лақтырар» сөзі – қазіргі күнделікті қолданыста кездесе бермейтін, тіпті ұмытылып бара жатқан этномәдени бірлік. Кесек лақтырар – қыстағы қар суы мен топырақтың ылғалдығын анықтауға қатысты жасалған ырым. Көктемгі егіске дайындалатын кезде жасалған. Егер лақтырылған кесек топыраққа терең батса, онда егін түсімі көп болады деп сенген. Осы атаудың өзі қазақтың тұрмыс-тіршілігінен үлкен тарихи ақпарат береді. Демек, кесек лақтырар этнолексемасы қазақ халқының отырықшылық заманында, егін шаруашылығы кеңейген кезеңде қалыптасқан. «Кесек лақтырар» сөзі қазақ халқының Ұлы дала иесі екенін дәлелдей түседі, себебі, жердің бойындағы ылғалды анықтауы, мезгіл бойы болатын амалдардың ретін аңғаруы, егіннің салу уақытын байқауы осындай ырымдармен дәйектеліп отырады.

Жалпы этномәдени бірліктер ұлттың тарихи болмысын тану үшін ең маңызды құрал болып саналады. Осы пікірімізді академик Ә.Қайдар зерттеуімен былайша дәйектей түссек болады: «Этностың шынайы бейнесі, болмысы туралы тілдік деректер, мағлұматтар оның тіл әлемінде сақталып, сол арқылы болашақ ұрпаққа жеткізіліп отырады. Демек, сөздердің белгілі бір ұлтқа қатысты қолданыстық сипаты осы этнолексика аясында қарастырылады» [5,б. 520]. Яғни этномәдени бірліктер – тек ұлтқа қатысты қолданыстық сипатын ғана білдіретін атаулар. Мәселен, тұсаукесер – қазақтың ұлттық дәстүрі, айдар – ырымдап қойылатын шаш, қазан – амал атауы (кіші қазан, үлкен қазан), қазан қаққан – шөп, қазан нөкталау, қазан шүлдік – ұлттық ойын, қазан шегелеу, кәріз – тау бөктерінде орналасқан егістіктерді жерасты суымен суғаруға арналған су арналары, кепіл – бесіктің түбек ойығын айналдыра төселетін, сәбидің жалаңаш тәні қажалмау үшін жамбас тұсына, тізе аралығына салынатын жұмсақ жастықша, кепіл ағаш – ер-тұрманның бөлігі, кепіл киіз – ер қапталының ат арқасына батпауы үшін тоқымның астына қоятын киіз, кепіл шеге – бекіте түсу үшін қосымша қағылатын шеге, көгал – жазық жер, көшбасшы – көші-қон жайын басқару үшін арнайы сайланған жауапты адам. Берілген мысалдардағы бірліктер бүгінгі күні жаңа мағынаға ие болған: тұсаукесер – презентация, айдар – рубрика, қазан – котел, кәріз – канализация, кепіл – міндеттемелердің орындалуын қамсыздандыру тәсілі, көгал – газон, көшбасшы – лидер.

Этномәдени бірліктер (этнолексемалар) – көне атаулардың қайта жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, көне атаулар неологизмдерге айналған, омонимдер қатарын құраған. Ал кейбір этнолексемалар бастапқы мағынасына жаңа мағына үстемелеген.

Тіл арқылы ұлттың тұрмыс-тіршілігін, тарихын тануға болады деген ұстаным ХХ ғасырдың басында Фердинанд де Соссюр [10,б. 103], Уорф Сепир [11,с. 656], В.Гумбольд [12] тұжырымдамаларынан кейін қалыптасты. Мәселен, Ф.Соссюрдің «халықтың салт-дәстүрі оның тілінде көрінсе, тіл керісінше, сол халықтың өзін қалыптастырады», – деген көзқарасы тілді өз ішінде, яғни құрылымдық деңгейде емес, тілден тыс тілді тұтынушы халықтың танымы, тілдік санасына қатысты зерттеу қажеттілігі қалыптасқанын байқатады [10,б. 102]. Л.Вайсгербер «Неміс тілінің күші» еңбегінде тілдің этникалық мазмұны болатынын дәлелдеуге тырысады. Л.Вайсгербер В.Гумбольдтің әлемнің тілдік бейнесі теориясын жалғастыра отырып, адамның рухани дамуы оның ана тілі арқылы жүзеге асады, ана тіліндегі ұлттың құндылықтар адамның рухын қалыптастырады деген тұжырым жасайды [13].

В.Гумбольд: «Тіл – халықтың рухы, халық рухы оның тілінде. Ұлттық мәдениеттің ізі тілінде қалады. Сондықтан халықтық рух пен мәдениеті тілдің ішкі формасына тән» деген болатын [12,б. 32]. Демек, тіл ұлттың (адамның) өмірін, тарихын, мәдениеті мен тіршілігін танытушы құрал ретінде адамзатпен тұтастықта өмір сүретіні анықталды. Тілді осы тұрғыдан қарастыру оны антропоцентристік бағытта зерттеуге мүмкіндік берді. И.А.Бодуэн де Куртенэ өз зерттеуінде: «Тіл тұлға санасында, индивид психикасында, яғни тілдік орта қалыптастырушылар әлемінде ғана қалыптасады әрі қызмет етеді», – деп көрсетеді [14]. Расында да, антропоцентристік парадигма бойынша зерттеулер тіл мен мәдениеттің тоғысуынан туындаған тіл арқылы құндылықтардың мәнін ашу, этностың құндылықтарды тану мүмкіндігіне қол жеткізді. Осылайша этнолингвистика ғылымы қалыптасты. Ғылым болғандықтан оның зерттеу нысаны, әдіс-тәсілдері ерекшеленуі қажет болды. Дәстүрлі-құрылымдық лингвистика аясында көне сөздер, архаизмдер деп сипатталатын атаулар этнос мәдениетін білдіретін атаулар болса этномәдени лексика деп атала бастады.

Тіл тек қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын құрал ғана емес, сондай-ақ, ұғым-тіл□мәдениет-өркениет жиынтығынан құралатын, тұтас дүние жөнінде танымдық мағлұмат беретін ұлттық□мәдени код, қор, мәдени ақпарат көзі ретінде танылады. Әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, тіл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе [15].

Тілдің қарым-қатынас қызметінен тыс, ұлттұтастырушылық, құндылықтарды сақтаушы қызметі де бар. Ұлттық тілдің өзегі – мәдени-тарихи құндылықтар атауы ұлт жадында сақталуы үшін тілдік қолданыстан шықпауы тиіс. Ол үшін ең бастысы этномәдени атаулар сөздік қорға еніп, лексикографиялануы тиіс. Қазақтың ағартушы ғалымы, тіл реформаторы Ахмет Байтұрсынұлының: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» [1,б. 384] деген сөзі этномәдени бірліктердің негізгі қызметін айшықтай түседі. Себебі

этномәдени бірліктер - ұлттың төл тілінен жасалған, сол ұлттың өзі ойлап тапқан материалдық және рухани мәдениеті мен құндылықтарының атауы. Сондықтан этномәдени бірліктердің ұлттық тіл қорын қалыптастыру қызметі ұлтты сақтап қалудың тетігі болып саналмақ.

Этномәдени бірліктер белгілі бір кезеңде белсенді қолданыста болады да, сол ұғым халық тұтынуынан шыққаннан кейін, яғни қолданыста болмағаннан кейін бірте-бірте ұмытыла бастайды. Тіпті ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу үрдісі де тоқтай бастайды. Осыдан бастап этномәдени атаулардың мағынасы да күңгірттене түседі. Бұл – тілдік заңдылық. Этномәдени бірліктерді жаңғыртудың бірнеше жолдары бар:

1. Ұлттық құндылықтар мен мәдениетті, яғни ұлттық тәрбиені ұрпақ жалғастығында ешқашан үзбеу. Себебі ұлттық тәрбие тұтастай этномәдени бірліктерден құралады. Қарапайым мысал келтірсек, нәрестенің дүниеге келуінен бастап (айтолғақ, жарысқазан, сүйінші, шілдеhana, бесік той, ашамайға мінгізу, айдар қою, т.б.) өмірден өтуіне дейінгі (ақ жуып арулау, жетісін, қыркын беру, жеті нан, ас беру, т.б.) салт-дәстүр, жосын-жоралғы, ырым-тыйым, наным-сенім, кәде-қаумет, әдет-ғұрып атаулары этномәдени лексика деп танылса, осы ұлттық мәдениеттің өлең-жырдағы, әңгімедегі ұғымдық түсініктемелері этномәдени бірліктер деп танылады.

2. Қоғамның даму ағымында этномәдени бірліктерді жаңа мағынада жаңғырту. Мәселен, әскери терминдердің бірқатары этномәдени лексемалармен қайта жаңғырып жатыр: Солдат – сарбаз, Ура! – Алаш! военначальник – қолбасы, т.б. Халықтың когнитивтік ойлау механизмі этномәдени атаулардың жаңғыруын еріксіз қажетсінуде. Мәселен, тұсау кесу салтының мазмұндық мәні презентация (салтанатты ашылу рәсім) ұғымымен пара-пар теңелуі қазақтың төл тілдік қорына жаңа атаудың – «тұсаукесердің» еркін қолданысқа енуіне мүмкіндік берді. Демек, қазақ халқының этникалық дүние бейнесінде тұсау кесу салтының өте жақсы ұғынылғаны, сақталғаны байқалады. Егер этномәдени бірліктер ұлттың этникалық дүние бейнесінде осылайша терең сақталса, ұлттық тілдің мәртебесі де арта түседі.

Енді этнолингвистика ғылымының негізгі нысаны – этномәдени бірліктердің лингвистикалық құрылымын зерттеуге көшейік. Қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық зерттеудің әдістері мен жолын көрсеткен ғалымдардың көшбасында Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.Копыленко тұрса, олардың ізін жалғастырушы Ж.Манкеева, Н.Уәли, З.Ахметжанова, С.Исабеков, Г.Сағидолда, Г.Смағұлова, С.Сәтенова, М.Атабаева т.б. этномәдени атаулардың фразеологизмдегі, көркем шығармадағы, паремиологиялық қордағы, жергілікті тіл ерекшеліктеріндегі мағынасы мен қызметін жіті зерттеп, қазақтың сөздік қорына бірқатар ұмытылған көне ескіліктерді енгізген болатын.

Этнолингвистика ғылымында этномәдени бірліктер алғаш рет заттық (материалдық) мәдениет лексикасы және рухани мәдениет лексика деп жіктелді. Қазақ тіл білімінде заттық мәдениет лексикасын Ж.Манкеева, А.Тұрышев зерттеген болатын. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармасындағы заттық мәдениет лексикасын зерттеген А.Тұрышев оларды мағыналық жүйесіне қарай:

ас-тағамдар лексикасы, туыстық атаулар, ұлттық киім атаулары, баспана, үй-мүлік атаулары, ыдыс-аяқ атаулары деп, ал ұлттық қолөнер лексикасын: ат-әбзелдер лексикасы, зергерлік лексика, қару-жарақ атаулары деп жіктейді [16].

Ж.Манкеева сөзді «заттың тура таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, адамның иә белгілі бір ұлттық ұжымның дүниені тануы мен күнделікті тұрмыс пен еңбек тәжірибесі барысындағы архетиптік тілдік санасында, тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейне» деп қарастырады да, соның нәтижесінде «этнолексиканың, көне атаулардың таңбалану уәждемесінің мәдени құндылыққа ие болу ерекшелігінің адамтанымдық бағыттағы тілдік зерттеулердің өзегіне» айналғанын дәйектеп көрсетеді [17]

Этномәдени атауларды мәдениеттану және философия ғылымында этнографизмдер деп атайды. Тіл ғылымына антропоцентристік бағыт келгелі бері мәдениеттану, лингвистика, философия, психология, археология ғылымдарының тоғысында олардың метатіліндегі ортақтық та қалыптаса бастады. Сондықтан этнолингвистика ғылымында этномәдени бірліктерді этнографизмдер деп атау үрдісі де белең алды. Зерттеуші Ф.Ә. Әшімханованың зерттеуінде: «Тіл мен мәдениеттің атауына ұйытқы болған этнографизмдер - ана тілі байлығының бір бөлшегі. Бұл атаулар – тілдік қазынаның сүбелі саласының бірі және бүгінде жалпыхалықтық қолданыста жоқ кейбір байырғы сөздер мен сөз тіркестерінің мағына-мәнін танытатын мәдени әрі тарихи ақпараттар көзі», - деп түсіндіріледі [18]. Ю.М.Лотманның зерттеуінде: «Белгілі бір этномәдени ортадағы өмір сүру жағдайы, эстетикалық норма, тұрмыстық дағдылар, пайымдаулар, этникалық көзқарастар, жергілікті культ пен дәстүрлі тәжірибе – ғасырлар бойы қалыптасқан бай мәдениет тілі немесе этнотаңбалар. Бірақ ең негізгі формасы – сөздік ақпарат. Оның негізін құрайтын этнографизмдер мәдениетті айқындап қана қоймай, оны символдау қызметін атқарады. Демек, этнографизмдер дегеніміз – өткен тұрмысымызда болған, көбі әлі де қолданылып келе жатқан тұрмыстық бұйымдардың, белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, ел билеу тіршілігіне, заң тәртібіне, әдеттік правоға байланысты қолданылатын арнаулы атаулар мен сөз тіркестері», деп көрсетіледі [19].

Э.Сепир этномәдени атаулардың мәні тілдің кумулятивтік қызметінен көрініс табады деген тұжырым жасайды [11,б. 212].

Ю.Бромлейдің зерттеуі бойынша: «Әрбір этноста мәдениет элементінің сыртқы көрінуі мен ішкі мазмұнында ерекшелік бар. Мағынасына байланысты барлық мәдени құбылыстар өзіндік екіжақтылыққа ие: өзінің «сыртқы» көрінісімен қатар, олардың «екінші өмірі» бар. Олар мағынасы арқылы айқындалады. Мағына затта жасырылған, ол ақыл-ой, эстетикалық сезіммен, адамгершілік интуициямен белгілі болады, бір көргеннен танылмайды. Мағынаның бұл мәні – мәдениетті тану кілті. Ал мұның өзі оның мәдени фонын зерттеуге әкеп тірейді» [20]. Ю.Бромлейдің бұл тұжырымы қазіргі этнолингвистикалық зерттеу тәсілдерінің бірі – мәдени кодты ашу жолының бастамасы деп тануға болады.

Демек, этномәдени лексика, этномәдени атаулар, этнографизмдер тұтаса

келе этномәдени бірліктер қатарын құрайды. Этномәдени бірліктер тілдік жүйеде тұтас фразеологизм (ақ түйенің қарны жарылу, Абылайдың асындай, Асан қайғыға салыну) түрінде де, мақал-мәтел түрінде де (қызым саған айтам, келінім сен тыңда), кәде атауы ретінде (көрпеқимылдатар, кебіскиер), қарғыс сөз ретінде де (тумай туа шөккір, алды артыңа бір уыс топырақ, арам қатқыр), магиялық қолданыс ретінде де (ақ сүтімді көкке сауамын!), алғыс ретінде де (өркенің өссін, тұқымың жайылғыр) көрініс табады.

Этномәдени мағына мазмұны сақталған лексикалық, фразеологиялық және паремиологиялық бірліктердің мазмұнын ашудың негізгі тәсілі – салыстырмалы-тарихи әдіс екені белгілі. Сондықтан этнографизмдер осы әдіс бойынша зерттеледі [21].

Салыстырмалы-тарихи әдіс бір тілдің ішіндегі бірліктердің тарихи даму үдерісін зерттеуге негізделеді. Тіл бірліктерінің ішіндегі, әсіресе, сөз мағынасының дамуында кеңею және тарылу процестері болатыны айқын. Этномәдени атаулар тілдік қолданыста үнемі түпкі (тура) мағынасында жұмсала бермейді. Бейнелі тілдік оралымда, фразеологиялық тіркесте белгілі бір мағыналық реңкке ие болады. Осылайша этномәдени атаулардың екінші мағынасы пайда болып, мағына кеңею үдерісі қалыптасады. Мысалы, ашамайдың бастапқы мағынасы «нар немесе басқа да бір өркешті түйелерді ерттеуге қолданылатын әбзел атауы» болған. Кейін ашамайдың қолданысы кеңеюіне байланысты «ер баланы мініске үйрету үшін атқа салынатын ер» мағынасында жұмсалып, «Ашамайға мінгізу» этномәдени атаудың қалыптасуына негіз болған. Яғни заттық мәдени атаудың қолданыс қызметіне қарай мағыналық динамикасы да тілде көрініс тауып отырады.

Кейде тілімізде бар этномәдени атаулардың тілдік қолданыста сиреуіне байланысты, тіпті сол салт-дәстүрдің қолданыстан шығуына, яғни жойылуына байланысты сөздің мағынасы да жоғалады. Мысалы, қазіргі қазақтың танымында байтал – «үш жасқа толған ұрғашы жылқы малы» деген мағынада түсініледі. Ал ертеректе байтал – қалыңмал беру кезінде негізге алынатын өлшем атауы болған. Яғни қалыңмалға еркек құнанды емес, өсіп-өнетін ұрғашы мал – байталды қосса, қалыңмал құны жоғары деп есептелген. Сондықтан құдалық сөйлесуде, қалыңмал көлемі байталмен есептелетін болған. Қазақта дүниеге бала келгенде «қойшы ма?», «жылқышы ма?» деп сұрайтын салт бар. Бұл көз тимесін деген ниетпен «ұл ма?», «қыз ба?» деген сұраудың жұмбақтап айтылған түрі. Мұндағы қойшы – ұл, яғни қой бағатын ұл деген мағынада болса, жылқышы – қыз бала. Қыздың қалыңмалына бұрыннан қалыптасқан ғұрып бойынша 47 байтал немесе 37 байтал немесе 27 (әрі қарай 17, 9 болып жалғаса береді) жылқы беріледі. Сонда қыз бала әке-шешесіне байтал әкелетін жылқышы болып шығады [22]. Демек, этномәдени атаулардың мағынасы тілдік қолданыста болу немесе болмауына тікелей байланысты екен.

Этномәдени атаулардың өзі ұлттың салт-дәстүрі, жосын-жоралғысы, ырым-тыйым болса, олар уақыт өте келе ұрпақтан-ұрпаққа таралмай қалып, ұмытылса, мағына да жойылады. Мәселен, қазір шұғыл хабар берудің сан алуан түрі бар. Ал ертеректе жедел хабар алмасудың классикалық түрі – ат шаптыру

болған. Осыдан барып, ауылға шауып кіруге болмайды, «жаман хабар келді» деген мағынаны білдіреді. Қуанышты хабар жеткізу үшін шауып келетін болса, «сүйінші» деп айқайлап шабу керек деген мағыналар көне ескіліктер ретінде санада сақталып тұр. Ал «ат шаптырудың» хабар алмасу мәні қолданыстан шыққаннан кейін «бәйгедегі аттар жарысы» мағынасында түсініле бастағаны бәрімізге белгілі. Осылайша, кейде тілдің тұрпаты қалғанмен, бастапқы мағынасының орнына жаңа мағыналар үстемеленіп жатады. Этномәдени атаулардың семантикалық дамуында болатын осындай үдерістерді салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы анықтау тиімді деп есептеледі [23].

Салыстырмалы-тарихи әдіс диахрониялық зерттеуге негізделеді. Қазақ тіл білімінде этнолингвистика ғылымының негізін қалаған академик Ә.Қайдардың зерттеулері де сөздің тарихи даму хронологиясынан басталады. Тарихы терең тілдер үшін осы әдістің тиімді екені айтылады. Түркі тілдерінен бастау алатын сөздеріміздің түпкі мағынасын анықтауда Махмұд Қашқари еңбегіне сүйену арқылы айқындай аламыз. Соның ішінде сөз мағынасын салыстырмалы зерттеу М.Қашқари сөздігінен басталғаны белгілі. М.Қашқари өзінің «Диуани лұғат-ит түрк» шығармасында бірнеше түркі тілдерінің деректерін салыстыра отырып отызға жуық тұлғалық өзгерістерді көрсетеді [24].

Ал кейбір тілдер үшін салыстырмалы-тарихи әдіс тиімсіз. Мысалы, қытай, жапон тілі үшін бұл әдіс тиімсіз. Себебі тілдің динамикасында тек мағына ғана өзгеріп қоймайды, фонетикалық, грамматикалық өзгерістер де болады. Сондықтан салыстырмалы-тарихи әдіс дыбыстық және әріптік жазуы бар тілдердің даму тарихын анықтауға негізделгенін көрсетеді. Сондай-ақ салыстырмалы-тарихи әдіс туыстас тілдерді салыстыру арқылы жүзеге асады. Сондықтан тамыры терең, бірнеше тілге тармақталған тіл семьясынан тарайтын түркі тілдерін, роман-герман тілдерін, славян тілдерін зерттеуде кеңінен қолданылады.

Салыстырмалы-тарихи әдістің басты мақсаты – туыстас тілдердің ортақ тіл заңдылықтары мен тілдің тарихи дамуын анықтау. Салыстырмалы-тарихи әдіс гуманитарлық ғылымдардың барлығына тән әдіс болғандықтан зерттеушілері де, ол туралы пайымдаулар да көп. Салыстырмалы-тарихи әдісті автономды ғылымды зерттеуге бағытталған әдіс деп таныған алғашқы зерттеушілер Г.Гегель [25] мен Ж.Руссоның [26] пайымдауларына, кез келген ұғымды зерттеу үшін тарихына үңілу керек. Бұл әдісті эволюциялық теория деп таныған А.Тюрго [27], Ф.Шеллинг [28] те ғылым үшін тарихтың маңыздылығын айтады.

Ал тіл біліміндегі салыстырмалы-тарихи әдістің негізін қалаушылар Ф.Бопп [29], Я.Гримм [30] болды. Тіл біліміндегі алғашқы салыстырмалы-тарихи зерттеулер кезеңге бағытталды: 1-кезең. Етістіктер мен атау сөздердің флексиясы анықталды. 2-кезең. Реконструкция әдісі қалыптасты. Ататіл, өлі түбірлер мен жұрнақтар, ішкі және сыртқы реконструкция мәселелері қарастырылды. 3-кезең. Жас грамматистер зерттеулері. А.Шлейхердің стадиялық даму идеясы жаңа парадигмада зерттелді. 4-кезең. Синтездеу кезеңі. Талдау-жинақтау, тіл құрылымының барлық деңгейінде (фонетика, лексика, грамматика) салыстырмалы-тарихи әдістің қолданысы зерделенді [31].

Р.Якобсонның тұжырымдамасына жүгінетін болсақ: генетикалық әдіс тілдік туыстыққа, типологиялық әдіс негізінен тілдердегі изоморфизмге, ареалдық әдіс тілдік «тумаластыққа», яғни тілдердің «жақындасу, жанасу, кірігу» процесіне қатысты болып келеді [32]. Салыстырмалы-тарихи зерттеу ретроспективтік, яғни тілдің қазіргі күйінен бастапқы күйіне қарай, немесе проспективтік, яғни тілдің бастапқы күйінен қазіргі күйіне қарай екі түрлі бағытта болуы мүмкін. Бұл бағыттардың қай-қайсысы үшін тілдің бастапқы және аралық күйін танытатын тілдік модельдерді жаңғырту, қалпына келтіру, сондай-ақ туыстас тілдердің байырғы сөздік қорларына ортақ тіл бірліктері ретінде әбден сіңісіп, кірігіп кеткен тым ерте дәуірлердегі немесе көне замандардағы кірме элементтерді айқындау және олардың таралуын шектеу — ең көкейтесті мәселелер болып саналады.

Н.З.Гаджиева тарихи-салыстырмалы бағыттағы зерттеулерде салыстырмалы-тарихи, типологиялық және ареалдық әдістерді кешенді пайдаланудың нақты ғылыми нәтижелерді қамтамасыз етудегі мүмкіндігі ерекше екенін атап көрсетеді. Ол: «Жақын және алыс туыстық қатыстықтағы тілдердің, сондай-ақ тарихи дәуірлерде өзара қарым-қатынасқа түскен тілдердің типологиялық ерекшеліктерін айқындауға бағытталатын типологиялық талдау салыстырмалы грамматиканың әртүрлі мәселелерін зерттеуде кеңінен пайдаланылады. Тілдік топтарға және бірнеше тілге тән типологиялық ерекшеліктер сол тілдер барып саятын негіз тілдің – тектілдің типологиялық қасиетінің жалғасы саналады. Сондықтан типологиялық талдаудың туыстас тілдер материалдарына негізделуі тектілдік архетиптердің хронологиясын болжауға, тектілдің тым көне және ертеректегі қалып-күйін айқындауға белгілі дәрежеде септігін тигізеді», - дейді [33].

Этнолингвистика – салыстырмалы-тарихи әдісті басшылыққа алатын диахрониялық талдауды қажет ететін ғылым. Е.Жанпейісов «Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория» болып табылатынын, себебі «ол этностың қазіргісін емес, көбіне-көп өткенін» зерттейтінін, «ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ» көрінетінін айтады. Сондай-ақ ғалымның қазақ этнолингвистикасын зерттеп-зерделеуі өзіндік ғылыми ұстанымымен ерекшеленеді. Ғалым мәдениет феноменін екі топқа бөліп, олардың нысанын былайша жүйелейді: «киім-кешек үлгілері, үй мүліктері, баспана түрлері, төрт түлікке қатысты бұйымдар, азық-түлік өнімдері заттық мәдениетті, яғни тірнек өнерді, ал бұдан кейінгі әдет-ғұрыптық ишара көріністер мен символдық түрлі рәсімдік актілер тобы рухани мәдениетті, яғни көрнек өнерді құрайды». Сонымен қатар бұларды заттық-рухани мәдениет (тірнек-көрнек өнер) дихотомиясы деп атап, соңғы дәуірге жатқызады. Себебі біртұтас семиотикалық жүйе болып табылатын архаикалық мәдениет бұлай мүшеленбейді деп тұжырымдайды [9, б. 7].

Ал академик Ә.Қайдар сөз мағынасына салыстырмалы-тарихи талдау жасау үшін мына міндеттердің орындалуын шарт ретінде қабылдап, «Түркі этимологиясы: өзекті мәселелер мен міндеттер» атты еңбегінде этимологиялық реконструкцияны зерттеудің барлық жағдайына арналған универсалды

ғылыми-теориялық талдау әдістері мен критерийлердің болмайтындығын ескертеді. Осылайша, этимологияның фонетикалық, морфологиялық критерийлерімен қатар, семантикалық критерийлерін де белгілейді: «1) лексикалық бірліктің бастапқы және кейінгі мағыналарының қайсысының негізгі, түпкі мағына екенін тап басып тану; 2) сөз мағынасында жалпыдан жекеге, бүтіннен бөлшекке немесе керісінше дамуының болатынын ескеру; 3) сөз тұлғасының дыбыстық өзгеріске түсуі кезінде оның мағынасының өзгеретінін немесе сараланатынын естен шығармау; 4) гомогенді және гетерогенді омонимдерді шатастырмау; 5) сөз мағынасының өзгеруінде тілдік қана емес, бейтілдік факторлардың болатынын бағамдау; 6) кейбір сөздердің мағынасын салыстыруда олардың тарихи түбірлес екенін (сағақ, сақал, сағанақ, сағалдырық, саға, сағана, сағалау) анықтау» [34].

Этнолингвистика ғылымындағы салыстырмалы-тарихи әдіс, тарихи лексиканың түп-тамырын анықтауға септігін тигізеді. Ғалым М.Малбақовтың зерттеуінде: «Тарихи лексика – ұлт тарихын зерделейтін, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп көрсетіп тұратын негізгі және басты сипаттарының бірі. Қазақ тілі тарихи лексикасының тілдік қабаттарына – баба түркілік, көне түркілік, орта түркілік, ұлттық кезеңдердегі бай төлтума аталымдардан құралады. Тарихи лексиканы салыстырмалы зерттеу нәтижесінде қазақ тілінің ежелгі түркі тайпалары мен ұлыстарының шаруашылығы мен мәдениетіндегі ұқсас, ортақ белгілер, олардың ұзақ ғасырлар бойындағы экономикалық, мәдени байланысын бейнелейтін лексикалық бірліктер анықталады» [35].

Демек, сөз мағынасын салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы талдау жүйесінде тарихи интерпретация жүзеге асады. Тарихи интерпретация (лат. *interpretatio* – түсіндіру, түсінік беру, мәнісін ашу) – тарихи танымның базалық зерттеу үдерісі; тарихи фактіні түсіндіру, мазмұн беру болып табылады. Тарихи фактіні интерпретациялаудың әдістемесін жасаған ғалымдар И. Г. Дройзен [36], Э. Бернгейм [37]. И. Г. Дройзен тарихи интерпретацияның төрт қырын анықтап берді: прагматикалық интерпретация – дерек негізінде тарихи құбылыс көрінісін реконструкциялау; сол уақыттағы жағдайды интерпретациялау – анықталған фактінің тарихи оқиғасын ашып беру; психологиялық интерпретация – зерттеліп отырған мәселені туғызған әрекетті анықтау; идея интерпретациясы – әрекеттің мүддесін түсіндіру [36, б. 23].

Демек, этномәдени бірліктерді салыстырмалы-тарихи әдіс бойынша талдағанда мағына дифференциалдау тәсілі тиімділігімен ерекшеленіп, этнографизмдердің көп мағыналылыққа ие болу қызметтерін айқындайды. Мысалы, қазақтың көне сөзі – бақыр. Қазіргі таным бойынша бақыр – бір тиыннан бес тиынға дейінгі металл ақша. Бір мен бес тиынды қара бақыр деп айтатынымыз, олардың мыстан (күміс емес) жасалатыны, түсі қарайып кетуіне байланысты болса керек. Сондай-ақ бір мен бес бақырдың құны ділда секілді емес, көп дүние сатып ала алмайсыз. Осыдан барып, бақыр, қара бақыр сөзіне құнсыз, бағасыз, арзан ұғымдары келіп үстемеленді. Бақыр сөзі бос, арзан, бағасыз деген мағынада да қолданылады. К. Әзірбаевтың «Жақсыға айтқан сөзің алтын болар, жаманға айтқан сөзің бақыр болар. Бақыр көңілім жай болмас,

Ақсақалдық қылмасам. Тілегім қабыл бола ма әділдікпен тұрмасам» деген сөзі дәлел бола алады. Ертеде кен өндіру ісінде, әсіресе, алтынды шайқау арқылы өндіруде қолданылған мыстан жасалған, тұтқасы жоқ, жайпақтау ыдысты бақыр деген. Оған алтын кенін салып, су құйып шайқап, төккен. Ыдыс түбінде алтын шөгінділері қалған. Қазақтың әдеби тілінде алтын шайқау сөзі осыдан қалған. Зергерлер бұл ыдысты оқбақыр деп те атаған. Бақыр сөзінің тағы бір мағынасы - мыстан жасалған, асып қоюға арналған бауы бар, ас пісіруге қолданылатын шағын қазан. «Бақыр қазан қайнаса, бәріміздің бағымыз» деген сөз осыдан туған. Жаугершілік заманда сарбаздар қолданатын, күндерін үнемі желдің өтінде, ашық аспан астында өткізетін малшылар қолданатын шағын ыдыс ретінде ұлттық санада сақталған. Шұңғылдау келген, сабы бар мыс ыдысты бақыр дейміз. Әдетте су құю үшін, отқа май құю үшін қолданады. Қазақ ертегілерінде «Мен бақыр алып, күйеу ырымын жасап, отқа май құйдым» деген сөздер кездеседі. Қазіргі қолданыста бақыраш деп те қолданады. Сондай-ақ бақыр – құдықтан су алуға арналған мыстан жасалған шелек, кейбірде қалдыбақыр деп те атайды. Қазақ совет энциклопедиясында: «бұрынғы кезде металдан жасалған шелекті бақыр деп те атаған» деп көрсетілген. Осыдан шығатын қорытынды, бақыр – мыстан жасалған бұйым семасынан туындаған. Оған басты дәлел мыстан әртүрлі бұйымдар жасайтын шеберді (ертеректе мыскер деп те атаған) *бақыршы* дейтін болған. Сондай-ақ далалы жерде ас әзірлеушіні де *бақыршы* деп атаған.

Демек, қазақ мәдениетінде мыс пен бақыр – ортақ ұғымдар. Мыстың бағалы емес, табиғи түсі бар (қызыл), тез тотыққыш (сондықтан кара түс береді), оңай өңделетін (тез иіледі, майысады), жеңіл (көшпенді үшін тиімді), зиянды элементтер бөлмей, ұзақ сақтауға бейімді (тамақ бүлінбейді, сасымайды), жарамдылығын жоймайтын (суыққа төзімді, таттанбайды) қасиеттерін қазақ халқы жіті аңғарғаны байқалады. Демек, мыстың арзан металл болса да, тұрмыста ең қажетті бұйымдарды жасау үшін қолданылатын темір екенін танытатын бақыр сөзі осындай салыстырмалы-тарихи әдістің мағына дифференциалдау тәсілімен анықталып отыр.

Келесі этномәдени атау – балдақ. Қыран құсты атпен алып жүруге арналған, құс салмағынан саятшының қолы талмау үшін оң білегін сүйеп тұратын таянышты балдақ деген. Балдақты ағаштан, мүйізден жасайды. Осындай таяныш қызметіндегі саятшы құралы келе-келе бірнеше этномәдени атаулардың мағыналық дифференциациялануына негіз болды. Бүгінде аяғы кем немесе мертліккен адам сүйеніп жүретін таяныш құралды балдақ деп атайды. Балдақтың аяқ жағы бірегей, басы ашалы және ортасында ұстайтын ағаш таянышы болады. Ауру адам жазылғаннан кейін балдақты қайталап ұстанбайды. Керісінше балдақты аулаққа апарып тастайды немесе мертліккен басқа бір адамға тегін беріледі. Мұнысы – аурудың қайталанбасын немесе отбасының мүшелеріне дарымасын дегенді ырымдағаны. Балдақ ақсақалдықтың және адамның жасы келгендігінің айғақ-символы рөлін де атқарады [9,б. 531]. Яғни алдыңғы екі балдақтың сыртқы пішінінің ұқсастығы бар: ашасы ұзын таяқ. Сондай-ақ қызметі де ұқсас – таяныш, тіреуіш ретінде

қолданады. Балдақ сөзінің тағы бір мағынасы – алтыннан және күмістен сомдап соғылған немесе құйылып жасалған көзі жоқ сақина. Ертеректе балдақты көбінесе ерлер салған. Балдақ сақина эстетикалық мәнінен басқа оның иесінің әлеуметтік статусын айғақтайтын символдық қызмет те атқарды. Қазақта «*Алтын балдақ қол сәні, әшекей кесте тон сәні*» деген сөз бар. Сақиналарды түрлеріне қарай *құс мұрын сақина, көзді сақина, қарала сақина* деп атаса, ал балдақ тек алтын балдақ, күміс балдақ деп бөлінеді. Жүзіктің балдақтан айырмашылығы – жүзікке асыл немесе жартылай асыл тастардан көз салынады. Бұл тұста алдыңғы құрал ретіндегі балдақтың ашаланған, шеңбер пішіні ұқсастығынан басқа мағыналық жақындық жоқ. Демек, бұл балдақ алдыңғы балдаққа омоним болады. Перде, шымылдық, кілемнің бау өткізетін қызыл жез шығыршығы, жалпақ таспа етіп жасалған бөлігін балдақ дейді. Ол шымылдықты ысырып, жылжыту қызметін атқарады. Беткі жағын бұйымның негізгі өрнегіне, түсіне сәйкестендіре ою, кестемен әшекейлеп сәндейді. Балдақ сөзінің тағы бір мағынасы – кесу, қырқу, шабу, қию қаруының қолға ұстар бөлігі, тұтқасы. Алтын балдақ тіркесі халық ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. Балдақ – қылыш, семсер, қанжарларда адамның қолын қарудан қорғап, жауынгерге қарсыластың қаруын қағып, іліп бұрау арқылы қорғаныс жасауға мүмкіндік беретін қарудың маңызды бөлігі. *Қылыш, семсерлердің* сабы қолға ұстағанда, ал *болаты (жүзі) қында* тұрғанда көрінбей тұрса, балдағы қашан да көрініп тұрады. Сондықтан асыл, бағалы қылыш, семсерлерде олардың балдақтарының сәнді, әсем болуы ескеріліп, ұсталар оны көркемдеуге көп көңіл бөлген. Жауынгерлік кесу қаруының сәнді үлгілерінің балдақтарына алтынмен ою жүргізілген немесе тұтастай алтынмен қапталып, кейде оның бетін асыл тастармен әшекейлеген. Қазақтар балдағы алтындалып әшекейленген *қылыш, семсерлерді* осы сипатына сәйкес «*алтын балдақ*» деп те атаған. Мұндай алтын балдақты қылыш, семсерлерді әдетте биік дәрежелі адамдар, атақты батырлар ұстаған. Ерте кездегі жоғары дәрежелі ел билеушілердің қолына ұстайтын таяғының (*асасының*) алтын тұтқасы да алтын балдақ деп аталған. Оған Махамбеттің мына өлеңі дәлел бола алады: *Қолыма асынғаным алтын балдақ, Мен келдім Желкемерді суға жалдап...*

Қазақ қолөнерінде қолданылатын өрнек түрі – балдақ. Жұмыр, кейде жалпақ балдақ іші бос дөңгелек түрінде болады. Кейде балдақтар бірімен бірі қосыла, шеңбермен шеңбер ілмелене келіп, күрделі өрнек түзеді. Балдақ өрнегі көбінесе кестеге, ағаштан жасалатын бұйымдарға, айталық, адалбақанға, сандыққа, кебежеге, піспек сабына салынады. Тұмарша өрнегімен аралас келген түрін *балдақ тұмарша* деп атайды.

Көріп отырғанмыздай, көпшілікке кеңінен танысы – алдыңғы екі мағынасы. Соңғы зергер, үй жиһазы, ою-өрнекте қолданылатын балдақ атауларын да таныстыру үшін полисемиялық және омонимдік талдау тәсілдері жүргізілуі қажет. Балдақ этномәдени атауының семантикалық жіктелімін талдау нәтижесі бойынша мынадай қорытынды жасауға болады: аталмыш 6 атаудың барлығына ортақ белгі - таяныш ретіндегі сыртқы пішіні, тұйықталатын тірегінің болуы. Демек, балдақ - тірек ұғымымен пара-пар

қолданыста теңеле алады деп ойлаймыз.

Келесі этномәдени атау – айтұяқ. Айтұяқ – жылқы түлігінің әспеттелген поэтикалық атауы, метафоралық образ. Қазақ төрт түлікті *ашатұяқты* (қой, түйе, сиыр) және айтұяқ немесе жұмыртұяқ деп үлкен екі топқа бөлген. Жылқыны айтұяқтыға жатқызады. Тәңірге жалбарынып, құрбандыққа ерекше нышаны бар жылқы сою, боз қасқа шалуды – айтұяқ деп те айтқан. Қазақы этномәдени ортада кез келген жылқыны емес, керісінше айрықша нышаны бар жылқыны құрбандыққа шалу дәстүрі болған. Сондай нышаны бар малды, ай тәңірге құрбандыққа шалғанда, құрбандық қабыл болады деп түсінген. Тіршілігінің түп қазығы төрт түлік малдың тұяғы мен мүйізін табиғаттың өзге құбылыстарына емес, тек айға ғана теңеуі қазақ қауымының айды ерекше құрмет тұтып, одан мал басының амандығын тілеп, табынумен байланысты. Мұндай жағдай олардың тыныс-тіршілігінің әр қырынан байқалады. Мәселен, көшпелілер үшін құрбандықтың ең үлкені *айтұяқ* және *боз қасқа*. Өзі ақ, тұяғы ай сықылды жылқы төрт түлік малдың ішінде тәңірлерге, ата-бабалар аруағына бағышталып союға ең лайықты деп саналған және бұл дәстүр сонау сақтар мен ғұндар заманынан жалғасып келе жатыр. «Бекет батыр» жырында итжеккенге айдалған батырды жұбайының іздеп барған соң аман-есен жеткендігінің шүкіршілігі ретінде айтұяқ шалуға бір бие соятындығы айтылады [38].

Демек, этномәдени бірліктер өз бастауын көне түркілік танымнан (наным-сенім, тотемдік, тәңіршілдік түсініктерден) алады. Содан өрбіген қазақы дүниетанымнан материалды және рухани мәдениет өзге ұлтта кездеспейтін этникалық дүниенің бейнесін қалыптастырады. Этномәдени атауларды оқытуда мағыналық ажыратылымын талдау, лексика-семантикалық топтарын жасау, одан тарайтын тіркестерді анықтау әрқайсысының мағынасын аша отырып, ортақ белгісін табу, этномәдени атауларды жаңғыртуға септігін тигізеді. Әрине, зат пен ұғым қолданыстан шыққаннан кейін, ұмытылып, жойылатыны хақ. Қолданыста жоқ екен деп, көне ескіліктерді ұмытуға болмайды. Осы тұста, қолданыстағы белсенді сөздердің мағыналық дифференциациясын талдай отырып, ескіліктерді қайта жаңғыртуға мүмкіндік туады.

Көне сөздердің барлығы бірдей этномәдени атаулар емес. Этномәдени атаулардың салыстырмалы-тарихи әдіспен анықталу себебі - архетиптік мағынасын нақтылау. Бірқатар этномәдени бірліктер түркітілдес халықтарға ортақ атау болуы әбден мүмкін. Олай болса оларды эквиваленті жоқ ұғымдар дей алмаймыз. Қазақтың өзіне ғана тән мәдени ұғымдар мен атауларды ажырату өте қиын. Себебі қазақ елі әрқашан көршілес елдермен тығыз қарым-қатынаста, жаугершілік заманда қол астында болғаны белгілі. Сондықтан мәдениет тоғысында тілде де аккультурация құбылысы болары сөзсіз.

Жұмысымызда этномәдени бірліктердің этимологиясынан гөрі, типтеріне, түрлеріне баса назар аударуды жөн көрдік. Этномәдени бірліктердің жіктелімін жасаған еңбектерді сараптай келе мынадай типтік жіктелімді ұсынамыз.

Қазақ тіліндегі этномәдени бірліктер мағынасына қарай: заттық мәдениет атаулары (киім-кешек атаулары, қару-жарақ атаулары, жиһаз атаулары, ыдыс-аяқ атаулары, зергерлік бұйым атаулары, ас-тағам атаулары, тұрмыстық бұйым

атаулары); рухани мәдениет атаулары (салт-дәстүр атаулары, әдет-ғұрып атаулары, жосын-жоралғы атаулары, кәде атаулары, ойын атаулары, ырым-тыйым, наным-сенім, бата, алғыс, қарғыс сөздері, сәлемдесу, қоштасу); қызметіне қарай: этнодиалектизмдер, этнофразеологизмдер, этнонимдер; типіне қарай: мифологиялық этнолексика, символдық этнолексика, нумеративті этнолексика, метрикалық этнолексика, сакралды этнолексика болып жіктелді.

Заттың мәдениет атаулары – ұлттық ерекшелікті танытатын көрсеткіштердің бірі. Мәселен, әрбір ұлттың өзіндік ас-тағамдары, киім-кешектері, тұрмыстық бұйымдары, үй жиһаздары болатыны белгілі. Олардың атаулары ұлтты танытушы тілдік бірліктер болып саналады, яғни этнографизмдер деп танылады. Қазақ тіліндегі заттық мәдениет атаулары жан-жақты зерттеліп келеді. Осы тақырыпқа арнайы монография жазған Ж.Манкеева мен А.Тұрышев еңбектерінде заттық этномәдени атауларды талдау үлгісін көрсетеді. Ә.Алмауытова арнайы киім-кешек атауларын [39], Р.Шойбеков зергерлік бұйым атауларын [40], Р.Ұзақова қару-жарақ атауларын зерттеген болатын [41].

Заттық мәдениет атауларының алғашқы зерттеулерінде сөздің этимологиясын ашу үлгісі қалыптасқан. Кейінгі зерттеулерде заттық атаулардың денотаттық мәні, одан тарайтын ырымдар, қолданымдық қызметі, құрамы анықталатын болды. Мысалы, бүйен – малдың ащы ішек пен тоқ ішектің тоғысатын тұсындағы тұйық, жуан ішектен дайындалатын «ыдыс» түрі. Бүйеннен ыдыс жасау үшін жаңа сойылған қойдың немесе ешкінің бүйенін айналдырып тазалап, тұзды суға бір тәулік батырып қойып, иіс-қоңы кеткен соң жуып үрлеп, көлеңкеде кептіреді. Тобарсыған кезде сарымай сіңіріп жұмсартып сақтайды. Ішіне ағаш қасықпен *сарымай*, *жент*, *қатық* толтырып, аузын жіппен байлап, адалбақанға асып қояды. Бүйенге *уыз* қатырады. Бүйенде сақталған тағамдар ұзақ уақытқа дейін бұзылмай дәмі мен құнарлығын сақтайды. Қажет кезінде жібін шешіп, сығып ала беруге болады. Алыс сапарға шығатын жолаушыға қуырылған *сірнені* аталған жолмен өңделген бүйенге немесе қарынға тығыздап, арасында ауа қалмауын қадағалап салып береді. Бүгінгі күні бүйенді ағзаның бір мүшесі ретінде танудан бөлек, тағам атауы ретінде қабылдау жиі кездеседі. Ал ыдыс ретінде этнографиялық таным көпшілікке таныс емес екені айқын. Демек, бүйенге салынған тағам ретіндегі ассоциацияның сақталуы ыдыстан гөрі, тағам атауы ретінде бұрмалануына әкелгенін байқаймыз. Атбілезік – иесінің әлеуметтік-қоғамдық орны мен байлығының белгісі ретінде оның төл атының аяғына салынатын құйма білезік түрі. Ертеде сирек кездескен мұндай дәстүрлі ортада аса жоғары құнға ие жорға, жүйрік және салтанат үшін мінілетін аттардың аяғына салынды. Ауыз әдебиеті деректерінде сал мен серілердің әрі әшекей, әрі тұмар ретінде мінген аттарының екі аяғына күміс білезік салатындығы туралы айтылады. Кейде бұл атауды *шұжық білезік* деп те атаған. Ал қазіргі уақытта атбілезік - қыз жасауына, зарыға күтіп «*Тәңірден тілеген*» баласының екі аяғына бала тоқтасын, пәледен аман, тіл-сұқтан ада болсын деген ырыммен салған. Атбілезік деп аталуы осы білезік түрінің ертеректе бай адамдар мен салдар

және серілер өздерінің мініс атына салатын білезікке пошымы жағынан да, жасалу тәсілі тұрғысынан да ұқсас болуына байланысты болса керек.

Рухани мәдениет атауларына салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, жосын-жоралғы, кәде атаулары, ем-дом атаулары, ойын атаулары, ырым атаулары, наным-сенімдер мен алғыс, қарғыс сөздері жатады. Аталған рухани құндылықтар бірінің орнына бірін қолдануға болмайтын, әрқайсысының өзіндік орны бар ұлттық мәдениет болмысы деп танылады.

Салт – тұрақтылық қасиетіне ие болған мәдени іс-әрекеттердің жиынтығы. Олар адамдардың іс-әрекет стереотипіне айналады, жалпылық қасиетке ие болады. Салт – ғасырлар бойы тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын ұлтқа ортақ тәртіп [42]. Қазақ мәдениетінде «ата салты», «ата-баба салты» бойынша деп сөйлейді.

Салт – қазақ дүниетанымында дүниеге келгеннен өткенге дейінгі өмір салтында орындалуға міндетті әрекеттер. Мысалы, үйлену салты, құда түсу салты, жаназалау салты, әмеңгерлік салты. Салттың өзіндік ережелері, тәртібі болады. Олар жосын-жоралғы, кәде-қаумет, ырым-тыйымдар арқылы көрініс табады. Салт – ұлттық қатынасты, туыстық қатынасты, ағайындар қатынасын жақындастыратын, ұлттұтастырушылық қызметі бар құндылық. Салтта орындалатын әрбір әрекетті өз тәртібімен жүзеге асыру талап етіледі. Орындалмаған жағдайда екі тарап арасында реніш туындауы мүмкін. Салтқа бағыну – ұлттық менталитеттің басты көрінісі. Мысалы: *әмеңгерлік* – дәстүрлі қазақ қоғамындағы күйеуі өліп, жесір қалған әйелдің қайнағасына, не қайнысына немесе басқа бір жақын туыстарына қосылу, некелесу салты. Халқымыздың бұрынғы салты бойынша күйеуі қайтыс болып, оның жесірі жас болса, *ерден кетсе де елден кетпек жоқ* деген қағидамен, әмеңгерлік жолмен күйеуінің аға не інісінің біреуіне өзінің таңдауы бойынша тұрмысқа шығады. Әйел және оның балалары туыс-туғанынан бөлінбейді, ру, ел қауымдастығында тәрбие алады және өмірде, тұрмыста қағажу, қиындық көрмейді. Жесірдің елден кетуі сол елге, руға үлкен мін саналған. Егер әйел тиісті әмеңгеріне шықпай, басқа біреуге шығатын болса, бұрынғы күйеуінің мал-мүлкінен үлес ала алмайды, өз төркінінен келген мүлкімен ғана кете алады. Мұны қазақта *іргеден шығару* дейді. *Аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра, ат өлсе – сауыры мұра* деген нақыл сөз қазақта ер-азамат өлгенде жесірін қайнағасына не қайнысына қосатын дәстүрді білдіретін, атадан қалған этномәдени мәнді сөз.

Дәстүр – әлеуметтік-мәдени мұраның кейінгі ұрпаққа таралуы, таралған құндылықтардың жүйесі. Дәстүр – көненің көзінен сақталған мұралар ғана емес, әр дәуірде ұлт қалыптастырған жаңа әлеуметтік құндылықтар. Мәселен, қазақтың әншілік дәстүрі басқа ұлтпен салыстырғанда өзгеше. Сондай-ақ қазақтың емдеу дәстүрі де өзгелерден ерекшеленеді. Қазақтың фольклорлық дәстүріндегі суырып-салма, айтыстар ұлт құндылығын арттыратын мұралар болғаны белгілі. Демек, дәстүр – арнайы ережемен бекітілмейді, ұлттың рухани өміріндегі табиғи қасиеттері мен қабілеттері арқылы дағдылы қалыптасатын құндылық. Мысалы, қазақ халқының дүниетанымында әулие-әмбиелерге табыну, жалбарыну дәстүрі ежелден бар. Сондай-ақ Әулие ағашқа тілек тілеп,

ақ байлау дәстүріне де ешкім мәжбүрлемейді. Санаға сіңген дәстүр бойынша жолда кездескен Әулие ағашына арнайы тоқтап, аруақтарға Құран оқып, әрбір байланған ақтың тілегінің орындалуын тілеп, бет сипау қазақ дәстүріндегі ереже боп жазылмаған, ұлттық ділге сіңген әрекеттердің бірі.

Кәде – қазақ халқының рәсімдік және ғұрыптық жоралғыларының жиынтық атауы. Әдетте кәдені сый-сияпат деп қабылдайды. Мысалы, *бақантүртер* – құдалар үйден шығар кезде бақанның ашасын құданың мойнына қаратып тұрып жасайтын ғұрып. Дәстүр бойынша, екі әйел құданың мойнының екі жағына бақандардың ашаларын сәл тақап, бақантүртер кәдесін талап етеді. Бұл ғұрыпты жақсы білетін құдалар айтқызбай-ақ кәдесін ұсынады.

Жосын-жоралғы – адамның еңбегіне, туыстық қатынасқа сай жасалатын алыс-беріс, тарту-таралғы атаулары. Мысалы, *бесік керту* – үрдісі бесік құда деп аталатын құдаласу жосынында атқарылады. Ондайда болашақ құда бесіктен құдаластық деп қыз баланың бесігінің басынан немесе арқалығынан әдейілеп кертіп белгі жасайды. Сол тұсқа теңге немесе сырға кейде қасиетті құстың, мысалы үкінің қауырсынын немесе бүркіттің тұяғын іледі. Қазақ этнографиясында әлі күнге дейін мәні толық ашылмаған жосын-жоралғылардың қатарына жататын бұл ғұрып көнеден бастау алады.

Аманат қою дәстүрі – өлікті жөнелту салтында орын алған мәйітті уақытша жерлеу жосыны. Көшпелі, жартылай көшпелі дәстүрге орай, жаугершілік кезінде соғыста шейіт болғандарды уақыт тығыздығынан жерлеуге мұрша болмаған жағдайда және өзінің туған жерінен шалғайда қайтыс болған атақты адамдарды аманат қою ретінде уақытша жерлеу салты болды. Сондай-ақ, күн райының қолайсыздығынан – қарлы бұрқасын, қар басу, тоң ерімеген, аязды, боранды кездерде (қыстағы жіті өтетін амалдарда, жұт кездерде) қайтыс болған адамды жер қойнына тапсыруға мүмкін болмаған жағдайда аманат қою қойылады. Олай істеу үшін марқұмды *«Аманат, аманат, аманат»* деп үш рет айтып жерлеп, кейіннен өз жеріне, ата-баба қорымына әкететін болған. Кейін, туған жеріне, рулық зиратқа, қайта жерленеді. Мұндай жағдай қазақ арасында бұрын жиі болып тұрған. Мысалы, Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахман Алматы қаласындағы зиратқа аманат қойылып, артынан сүйегі еліне әкелінгені белгілі.

Ырым-тыйым – қазақ халқының жақсылыққа ниеттену, амандықтан сақтану ниетімен тотемдік, діни сенімінен туған ұрпақ тәрбиесіне сіңген түсініктері. Мысалы, аңшылар өлтірген аңдарын оң қолымен алып, қанымен мылтықтың дүмін сүртіп, қайырған құсына итіне атқан аңның етінен дәм таттырады. Аңшы үйіне қайтып, үйіне кірерде аңды босағаға ырымдап тастайды. Содан кейін оны керегенің басына іліп қояды. Қақпанға түскен аңды алып, қақпанының жанына *«өтеуін қалдырып кететін»* болған. Олжаны иесіне немесе артынан қуып келген қуғыншыға байлау, яғни оны қайтарғаны қазақы түсінік бойынша, ішкен асты құсқанмен бірдей. Мұндайда, *«Ұры мен барымташы жортуылға алам деп шығады. Ала білген адам, оны сіңіре де білу керек, былзағаннан басқа келтірер пайдасы жоқ»*, – делінеді. Сондай-ақ жүкті әйел арқанға асылып босану барысында толғақты жеңілдету ырымдарының бірі - *етегін жыртып қоятын болған. Қасқыр шапқанда жағзы қарысып қалсын*

деген ырыммен түйенің мойнына кәрі жілікті іліп қоятын ырым бар. *Пәле-жаладан қорғайды* деп кәрі жілікті ердің басына іліп алып жүретін ырым болған. Түйенің етін жегеннен кейін мезгілінде толғағы келмей, босану мерзімі ұзап бара жатса, сол үйдің төріне өлген бураның басын іліп қою ырымы болған (әйел қиналмай, тез босанады-мыс).

Рухани мәдениет атаулары заттық атаулар секілді көзге көрінетін, қолмен ұстайтын дүниелер болмағандықтан, негізінен әрекеттер болғандықтан, оқушыларға үйрету барысында салт, дәстүр, кәде беру, жосын-жоралғы жасау, ырым-тыйымдарды орнымен қолдану қимылдарын жасату арқылы көз жеткізуге болады немесе кинофильмдерден үзінді көрсету арқылы визуалды таныстыруға болады.

Мифологиялық этнолексемалар - ұлттық дүниетанымнан туған, яғни ұлттың қиялынан туған мифтік сюжеттер мен мифтік кейіпкерлер атауы.

Әлішынар – диқаншылықта қолданылатын шығырдың иесі, мифологиялық образ. Егіншілікпен айналысқан байырғы қазақ қауымында егісті арық қазу арқылы су тартып және жаңбыр суымен суарған. Сонымен қатар су көтерілмейтін биік жерлерге гидротехникалық құралдар күшімен су шығарып суару жүйесін жолға қойған. Осындай биік жерлерді суару үшін шығыр пайдаланылған. Ертедегі қазақтардың танымында шығырды ойлап табушы мифтік тұлға – *Әлішынар* болып табылады. «Бұл – мың бір бөлек ағаш бөліктерінен құралған, қатар-қатар түзілген, айналатын немесе қозғалатын су көтергіш құрал, қазақтардың айтуынша, есепте жоқ заманда *Әлішынар* деген бір адам жасап, бұл құралдың іс-қозғалысын бір немесе екі өгіздің күшімен жүзеге асырған» – деген мәліметтер кездеседі. Сондықтан егіс жұмысы басталатын кезінде егіншілер *Әлішынар* рухына дұға бағыштап, қолдарына кетпен алған. Егістікті өңдеп тұқым сепкеннен кейін, арықты тазалап атпа, қауға, шығырды іске қосады. Онан кейін Жаратушымен диқандардың арасын жалғастырушы *Әлішынарға* арнап құрбандық шалынған:

*Шығырдың шын атасы, Әлішынар,
Шынарға сиынбаса шығыр сынар
Әліге Шынар менен құп сиынсам
Қашан да Тәңірі оңғарып, ісің тынар.*

Этномифологиялық атаулар қатарына қиял-ғажайып ертегілеріндегі кейіпкерлерді де қосуға болады. Мысалы, «Ұр-тоқпақ» – қазақтың тоқшылықты аңсаудан, молшылықты аңсаудан туындаған мифтік бейнесі.

Символдық этнолексика – ақиқат дүниенің сыр-сипатын, болмысын бейнелеп, астарлап білдіретін эстетикалық категория. Жалпыадамзаттық әмбебап символдарға аққу - махаббаттың символы, бөрі – түркілердің символы, айдаһар – Күншығыс елін символдайтын таңба жататыны баршамызға белгілі. Ал этносимволизмдерге сол этностың танымынан туындаған бейнелер жатады. Яғни ақиқат дүниені ұлттың барынша қастерлеп, құрметтеп таныған бейнесі. Мысалы, қазақ мәдениетіндегі «бөрілі байрақ» – тұтастық, бірлік символы, «шаңырақ» – отбасы символы, «қамшы» – билік символы, «бәйтерек ағашы» – мәңгілік символы, «От, ошақ» – өмір символы.

Метрикалық этнолексика – халықтық өлшем мен мөлшер атаулары. Өзге мәдениетке қарағанда қазақ мәдениетінде ұлттық өлшем атауларының мазмұны мен қолданысы кең. құлаш, қарыс, сүйем, т.б атаулар бүгінгі күнге дейін кең қолданыста екені белгілі және олардың барлығы этнометрикалық атаулар болып саналады. Осы зерттеу жұмысында метрикалық атаулар қатарына метафоралық қолданыстардың да еніп жатқанын негізге алып жаңғыртуды көздейміз. Мысалы ат басындай алтын – көлемді, үлкен алтын дегенді білдіреді. Ал аттың бас терісінен бітеу сойылып, талыс тәрізді етіп жасалған ыдысқа алтын бұйымдарды салып өлшейтін жуық өлшем ретінде алынады. Қоспасынан ажыратылмаған, сапасы төмен алтын зергерлер тілінде *еркек алтын* деп аталады. Жылқының тұяғымен барабар алтын құйманы *аттұяқ*, онан кішілеуін тай тұяғының үлкендігіндей мөлшерде құйылған *тайтұяқ алтын*; қой тұяғы көлемінде құйылған кесек алтын *қойтұяқ алтын* делінеді. Алтын құйманың ұсақ түрлерінің де атаулары бар: түйменің үлкендігіндей алтын кесегі *түйме алтын*; қойдың басына ұқсатып құйылған алтын ақша *қой бас ділда* деп аталған. *Ат арқан жер* – халықтық өлшем. Радиусы шамамен ат арқаннан екі есе ұзын аумақтың мөлшерін білдіретін бірлік. Ол орта есеппен диаметрі 40-50 адым шеңбердің мөлшерін білдіреді. Әдетте бірнеше атты бір-біріне жақын арқандау үрдіске айналғандықтан *ат арқандыққа* аумағы едәуір үлкен, оты бітік жер таңдалынады. Аттар біріне бірі жетпейтіндей мөлшерде арқандалады.

Метрикалық этнолексика төрт түлік малдың басымен, тұяғымен, малға қолданылатын бұйымдармен өлшенген. Қазақ халқы жыл мезгілдерін, айдың соңы мен басын анықтауда да шатаспаған. Табиғат құбылыстарына қарап, яғни амалдардың орындалуына қарай қай мезгіл екенін, қай кезде жайлауға немесе қыстауға көшу керектігін, қай уақытта егін салу қажеттілігін дәл анықтай білген. Сондықтан, мектеп оқушыларына метрикалық этнолексика қатарына жататын «Құралайдың салқыны», «Отамалы», «Бесқонак» амал атаулары мен жұлдыз атауларына қатысты «Сүмбіленің көтерілуі», «Үркердің тууы», «Қырық күн шілде», «Ақпанның тоқпаны» т.б. атаулардың мән-мағынасы айтылды.

Сакралды этнолексика – киелі атаулар мен ұғымдар. Қазақ мәдениетінде киелі деп саналатын сандар мен ұғымдар маңызды рөл атқарады және осы күнге дейін олардың киелігіне сену үрдісі терең сақталған. Мысалы, қазақ дүниетанымында жеті, қырық, тоғыз сандары киелі деп танылады. Жеті қазына, жеті ата, жеті шелпек, жеті жарғы, жеті рет ұшықтау, т.б. ұғымдарына қазақтың жеті атаға дейін қан бұзбау, яғни қыз алыспау салты – ұлттың генетикалық тазалығын, ар тазалығын қатаң сақтау принципі негіз болған.

Сондай-ақ қазақты тіл-көзден, жаман энергетикадан сақтайтын киелі құс - үкінің қауырсыны әдетте бойжеткен қыздардың және сал-серілердің баскиіміне, нәрестенің бесігіне, домбыраның басына ілінетін болған. Ал бақсы емшілер аққудың қауырсынын пайдаланған. Расында да аққу – қазақ үшін киелі құс. Киелігін мойындаған қазақ халқы аққуға ешқашан мылтық кезенбейді. Әбден ысталып күйеленген қара шаңырақты қазақ халқы киелі санайды. Оны ешқашан аяқ асты етпейді. Көшкенде де бірге алып жүреді және жоғары қояды.

Қолданысқа жарамаса да отын қылып отқа жақпайды. Керісінше, қара шаңырақтың күйесін ырымдап нәрестенің маңдайына жағады, аластайды.

Мектеп оқушылары үшін этномәдени бірліктерді осы жіктелім бойынша оқыту жүйелі әрі түсінікті болады деп сенеміз. Себебі әрбір этномәдени атаудың өзге атаулардан (лингвомәдени атаулардан, прагмемалардан) өзгешелігін нақты түсіну үшін олардың қызметін, мағынасын түсіндіру аса маңызды.

Ендігі кезекте этномәдени бірліктердің лингвистикалық аспектідегі қызметіне тоқталар болсақ, этномәдени бірліктер үнемі заттың не құбылыстың атауы бола бермейді. Олардың жергілікті тіл ерекшеліктерінен туындаған баламалары да болады, бейнелі, астарлы суреттеуден туындаған фразеологиялық қолданыстары да болады. Сондай-ақ қазақ мәдениетіне тән ру, тайпа аттары да этномәдени бірліктер қатарына жатады.

Этнодиалектизмдер – жалпыадамзаттық ұғымның немесе этносқа ғана тән атаудың жергілікті тілдегі қолданыс баламасы. Мысалы, қазақта бәйек деген сөз бар. Ол – теңізге құрылған ауды алыстан көрсетіп тұратын көл ортасына құрылған белгі. Яғни бір құлаштай ағаштың басына шүберек мата байлап, екінші басына жіпке тас байлап суға салады. Бәйекті Арал тұрғындары «жалау» дейді, Балқаш тұрғындары «қарауыл» дейді. Ал Әмудария бойындағылар «қалқыма» дейді.

Этнофразеологизмдер – өзге мәдениетте эквиваленті жоқ, тек бір этностың мәдениетіне ғана тән фразеологиялық тіркестер. Мысалы, айрандай аптап, күбідей күптеу (емін-еркін билеп төстеу), Абылай аспас сары бел, ақсақ қой түстен кейін маңырайды (кеш қалу), ақ киізге көтеру (хан сайлау), қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман (бейбіт өмір), қойдай өргізіп, қозыдай көгендеу (дегенін болдыру), қой аузынан шөп алмас (момын), отыз күн ойын, қырық күн тойы, ошақтың үш бұтынан тіледі сияқты қазақтың төл мәдениетінен өрбіген фразеологизмдердің өзге мәдениетте баламасы болуы мүмкін емес. Себебі күбідей күптеу деген ұғым басқа мәдениетте мүлдем жоқ. Сондай-ақ Абылай прецеденті – тек қазақ халқына ғана тән құндылық. Қазақ қойдың момын қасиетін таныса, орыс халқы «упрямый как баран» деп оны қырсық деп таниды. Осылайша, ұлттық дүниетаным бойынша сипатталатын тұрақты тіркестер этнофразеологизмдердің қатарын құрайды. Ал жалпыадамзатқа ортақ түсініктердің әрбір тілдегі баламасы болса, олар этнофразеологизмдер деп танылмайды. Мысалы, қазақ тілінде «төбе шашы тік тұрды» тіркесіне орыс тілінде «волосы встали дыбом» баламасы мағынасы жағынан толық сәйкес келеді. Сондай-ақ «түймедейді түйедей ету» // «делать из мухи слона»; екі қоянды бір оқпен ату // убить двух зайцев.

Этнонимдер – ру, тайпа, ел, халық, ұлт атаулары. *Арыс* – дәстүрлі этникалық құрылымдағы әртүрлі таксономиялық категорияларға байланысты атаулардың эквиваленттері ретінде қолданыла береді. Мысалы, алты алаш, алты арыс, үш жүздің персонификациялық атаулары – Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс, он екі ата байұлы – он екі арыс байұлы, алты арыс арғын деген сияқты. Сондай-ақ, руларды, тіпті, соның ішіндегі шағын құрылымдарды – бір

аталарды да эпикалық ортаның жосығына сәйкес маңызын асқақтатып дәріптеу мақсатында арыс деп атады. *Естек* – қазақы ортада башқұрттардың ежелден қалыптасқан атауы. Яғни экзоэтноним. Тарихи деректерге қарағанда, қазақтар, әсіресе, қазіргі орал өңірі қазақтары башқұрттармен XVI ғ.-дан бастап тығыз қарым-қатынаста болды. Тіпті, өзара қыз алысып, қыз берісу үрдісінің де болғандығын айғақтайтын фольклорлық-этнографиялық деректер кездеседі

Қорыта келгенде, этномәдени бірліктердің лингвистикалық ерекшелігі - өзге мәдениетте баламасының болмауы. Бір ұлттың төл мәдениетін танытушы ұғымдар мен категориялар ғана этномәдени бірліктер деп танылады.

1.2 Қазіргі білім беру жүйесіндегі этномәдени бағыттың әлеуметтік мәні

Тәуелсіздік алғалы бері этномәдени бірліктерді оқытудың мақсаты – қазақ ұлтының рухани және материалдық құндылықтарын таныстыру, құндылықтарды тану арқылы қазақ ұлтының болмысымен танысу мүддесі көзделіп келеді. Демек, оқыту жүйесі этноцентристік бағытқа бет бұра бастады. Этноцентристік бағыттың эпицентрі – этнографизмдер. Бұл бағыттың аясында тек этномәдени бірліктердің мағынасы ашылып қана қоймайды, сондай-ақ әлеуметтік ортадағы қызметі, таралымы, қолданысы да қарастырылады.

Сонымен этнолексика – ұлттық тілдің негізі. Ұлттық тіл этносоциумда қалыптасады. Яғни этикалық әлеуметтік топта қалыптасқан атау немесе ұғым сол халықтың өмірі мен болмысына керек қажеттіліктен туындайды. Ендеше халық қалыптастырған этнолексиканың ұмытылуы, қолданыстан шығуының себебі неде? Әрине бұған да ықпал жасайтын этносоциум. Оған бірнеше факторлардың әсер ететіні айқын және әлі де зерттеліп келеді. Ең бастысы, қоғамның дамуындағы интеграция, мәдениаралық байланыстар, этникалық құндылықтарды сақтаудағы әлеуметтік мәртебенің азаюы, этникалық бұйымдардың қолданыстан шығуы, т.б. Ал біздің зерттеуімізде осы мәселе әлеуметтік лингвистикалық аспектіде қарастырылады.

Этномәдени бірліктердің қалыптасуы мен әлеуметтік ортада қызмет етуіне қарай әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан мынадай түрлеріне ажыраттық: этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним.

Этностереотиптер – белгілі бір этностың танымында қалыптасқан түсінік, ұғым, пайым. Этностереотиптер – ұлттық ділді (менталитетті) қалыптастырудың маңызды тетігі. Этностереотиптер этностық ортада автоматты түрде дағдыға айналған түсініктің санада терең сақталуы нәтижесінде қалыптасады. Сондай-ақ этностереотиптердің санадан өшірілуі өте ұзақ үдеріс деп есептеледі.

Отандық зерттеушілердің ішінде ғалым А.Таусоғарованың зерттеуінде: «қайсы бір оқиға көрінісі түрінде, я дыбыс, дауыс ырғағы немесе сурет, жазбаша формаларда адам санасына келіп түсетін этникалық ақпарат және олардың санадағы бұрыннан бар сол тұрғыдағы образдармен шағылысуы, сондай-ақ пайымдау, эмоциялық үдерістер сияқты психикалық элементтердің өзара ықпалдастығы барысында түрлі әлеуметтік-этникалық стереотиптер

түзіледі», - деп көрсетеді [43]. В.Г.Крыськоның зерттеуінде «Этникалық стереотип – белгілі бір ұлттың мінезі мен құлқы, психологиялық ерекшелігінде болатын этносқа ортақ дағдылы дәстүрдің көпұлттық ортада «өзім/өзге» өлшемі бойынша анықталатын әлеуметтік стереотиптің бір түрі» деп түсіндірілген [44]. Этникалық стереотиптер ұлттық мәдениеттің сүзгісінен өткен құбылыстар туралы сыртқы әлемнің интерпретациясы деп те ұғынылады.

Бұл тұжырымға қосыла отырып, мынадай қорытынды жасауға болады.

Этностереотиптер – ұлттың табиғи шынайы болмысын сөздік қорынан ғана емес, әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасы, қимыл-қозғалысы, жүріс-тұрысы, психикалық, эмоциялық күйі, ым-ишарасы, тілдік қатынастағы этноәлеуметтік орны (сөйлеу әдебі), тұлғааралық қатынастағы орны (әлеуметтік орнын білуі) сияқты барлық қарым-қатынаста қамтылатын этностық ерекшеліктердің жиынтығы. Этностереотиптер – жазылмай қалған әдеп құндылықтары. Мәселен, қыздың оң жақта отыруы, жігіттің малдас құруы, келіннің сол жақта, босағада отыруы, ет асатқанда «құлыға» деп екі қолмен қабыл алуы, ұшынғанда үш рет аластауы, қуаныштарға «құтты болсын» айтылуы хатқа жазып оқитын құндылықтар емес, олар – ұрпақтан-ұрпаққа этностереотиптенген менталитет арқылы жалғасып келе жатқан ұлттың рухани көрінісі.

Этностереотиптерді мектеп оқушыларына меңгерту мәселесіне келетін болсақ, бейвербалды этномәдени бірліктер деп түсіндіру арқылы игертуге болады. Яғни көркем шығармаларды, халық ауыз әдебиетін оқи отырып оқушы әрбір қимылдағы ерекше детальдарды анықтайды. Мәселен, ененің келінге жасаған ескертпесінен кейін, келіннің басын төмен қаратуы, үнсіз қалуы, яғни бетіне тік қарамай, сөз қайтармайтынын ұғынып, қорытынды жасауы арқылы этностереотиптерді анықтауына ықпал жасауға болады.

Е.С.Мучкинаның зерттеуінде: «Этностереотиптер көрші елдің бағалау көрсеткішімен анықталады және этностереотиптер ең алдымен сыртқы ортаға этностың конфессионалды бейнесімен ерекше көзге түседі», - деп көрсетеді [45]. К.Михайлованың зерттеуінде: «Этникалық стереотиптер этностың интровертті әрекеттерінің қайталана беруінен тарихи дәстүрге, тіпті мифке айналуынан қалыптасады», – делінген [46]. Осы тұжырымын нақтылай келе, әрбір дәстүр халық танымында сақталуға, яғни орындалуға міндетті құдіретке ие болса, ұлттық мәдени құндылыққа айналады деген оймен түйіндейді. Сондай-ақ ғалымның тұжырымынша, әрбір дәстүр «өзгенің» бейнесін қалыптастырады. Яғни белгілі бір этностың мәдениеті туралы «өзге» пікірі қалыптасатыны табиғи құбылыс. Осы «өзге» пікірлер этникалық мәдениеттің стереотиптенгенін көрсетеді.

Ғылыми зерттеулерде этностереотиптердің үш қызметі бар: танымдық, коммуникативтік және этностық бірегейлікті сақтау. Этностереотиптер әлеуметтік қатынастың нәтижесінде қалыптасатын болғандықтан аталмыш қызметтер де мәдениаралық қатынастағы ымыраластық, таныстық мүддесінде пайда болғанын айғақтайды. И.Б.Гасановтың зерттеуінде: «Бұл үш қызметтің бір-бірінен ажыратылатын айрықша шегі жоқ, олар іс барысында әмбебап

қызмет атқарады», - дейді [47]. Дегенмен, біз этностереотиптердің қызметтерін былайша сипаттауды жөн көрдік:

Этностереотиптердің коммуникативтік қызметі – белгілі бір этностың «өз» өкілі мен сол ортадағы «өзгенің» қарым-қатынасында болатын әрекет. Негізгі мақсаты мәдениаралық қатынаста «өзім» ішіндегі «өзгені» анықтау үшін немесе «өзгелер» арасындағы «өзімді» тану үшін қызмет етеді. Мәселен, қазақ мәдениетінде «қамшы тастау» дағдылы жағдаяты бар. Осы бір бейвербалды әрекетті түсінген адам «өзімдікі», түсінбеген адам «өзгенікі» екенін аңғаруға болады. «Қамшы тастау» жағдаяты көпшілік арасындағы коммуникацияның тілсіз формасы. Байырғы ақиқат өмірде биге жүгінуге келгендер бидің алдына қамшы тастайтын болған. Аталмыш үйреншікті, дағдылы жағдаят (стереотип ситуация) құрылым түрінде ұжымдық санада орын тепкен. Санадағы осы танымдық құрылым қамшы қазылық деген тілдік таңба арқылы объективтенген. Бұл сөздің мәні (семантикасы) дау-дамайды «ұрыс-соғыссыз», биге жүгіну арқылы шешуге болады дегенді аңғартады. Демек, қамшымен байланысты лингвосемантикалық таңбаның мазмұнында құқықтық қатынастарды реттеуге байланысты этностереотиптік ақпараттар да бар екенін аңғарылады. Қамшы тастау этностереотипі «қамшы қазылық» деп аталатын тұрақты тіркестің қалыптасуына негіз болғанын байқатады.

Этностереотиптердің танымдық қызметі ұлттық құндылықтардың аккумуляциялануына ықпал етуін мақсат етеді. Яғни өзгелер белгілі бір этностың ортасында стереотиптік дағдыға үйреніп, сіңіріп қабылдауы арқылы этностереотиптердің таралым ауқымы кеңейтіледі. Өзге мәдениетке рухани құндылықтардың бірі ретінде этностереотиптер сіңе бастайды. Сол арқылы этникалық стереотиптердің сыртқы бейнесі мен этностың ішкі микроәлеміне ықпалы анықталады. Мысалы, қазақтың саумалы сусын ғана емес, емге шипа ретінде қолдану тәсілдерін қазіргі таңда барлық ел мойындап, «саумалмен емделу» үрдісін қалыптастырды. Сондай-ақ қазақтың ұлттық асы – қазы-қарта мен жал-жаяның дәмділігі мен құнарлылығын бүкіл әлем мойындады, қабылдады. Қонақ күтудегі бағалы деликатеске айналды. Ал қазақ мәдениетіне енген өзге мәдени дәстүрлерге келетін болсақ, мысалы, самаурынмен шай ішу. Ертеректе қазақ шай ішуге аса мән бермеген. Негізінен ет желінгеннен кейін қымыз ішу рәсімі болған. Ал самаурынның түбінде баптанып шай ішу орыс халқынан қазақ ұлтына аккумуляцияланған этностереотиптік құбылыс. Осылайша, этникалық стереотиптердің өзара ауысуы, кірігуі, ұлттық құндылықтардың танымдық аясын кеңейте түседі.

Этностереотиптердің этнос бірегейлігін сақтап қалу – негізгі қызметтерінің бірі. Себебі әрбір этникалық стереотиптер ұлтты немесе этносты тұтас күйінде, ыдыратпай сақтау үшін қалыптасқан. Стереотиптері ортақ адамдар бір-біріне жақын жүріп, бірегейленген. Осылайша стереотиптер дағдылы (автоматты, спонтанды) қолданыстан кейін дәстүрге, салтқа, жосын-жоралғыларға, ырым-тыйымдарға айналған. Солайша ұлт қалыптасқан. Демек, этностереотиптердің ұлттұтастырушылық қызметі ерекше. Мысалы, далада бір топ қазақтар екіншісімен ат үстінде кездесіп қалса, «*Ассалаумағалейкүм*» деп,

оң қолын созып амандасып, сол қолын амандасушының оң иығына қояды. «*Уағалейкүмсалам*» деп аманын қабыл алып, қол алысады.

Қазақтар қонаққа барғанда, киіз үйдің жанына жақындағанда аттан түседі. Себебі үй - қазақтар үшін ең құнды, киелі ұғым. Киіз үй көшпелі өмір салтымен бірге пайда болды, сондықтан басқа да көшпелі халықтар тұрмысында да бар, қазақтардың киіз үйінің өзіндік ерекшелігі құрылысында ғана емес, қазақ этносының қолөнер мәдениеті, экономикасы, мінез-құлық, дүниетанымының айғағы болар деректердің «киіз үй» аталатын баспанаға қатысты атаулардың молдығында, олардың семантикасында. Алдымен, сөйленістерде киіз үйдің өзі бірнеше атауға ие: ағаш үй, боз үй, қазақ үй, кара үй, терме үй. Бұлардың бәрі де «үй-баспана» парадигмасындағы киіз үй атауының дублеттері, сондықтан киіз үйге қатысты семантика бұларға да ортақ. Киіз үй көшпенділер дүниетанымында географиялық ортаға, көшіп-қонуға лайық ыңғайлы баспана ғана емес, дөңгелене тігілген киіз үй – әлем кіндігі. Сол әлемнен өзіне ойып алған бөлшегінің кеңістік нүктесі, отбасы, қорғаны, оның шексіз ғаламнан иемденген шексіз мекені, оны табиғатпен ғарышпен жалғастырушы кіндігі, ғаламның кіші бейнесі, сондықтан көшпелілер, қазақтар, мекенінің символы – шеңбер, дөңгелек [48]. Ал үй иесінің қолғанат ересек балалары қарсы алып, аман-саулық сұрайды. Осы кезде әйел адамдар үй-ішін реттеп, кілем-сырмақтарын, төр көрпешелерін төсейді. Келген мейманның өзі киіз үйге енгенде «*Ассалаумағалейкүм*» деп жалпыға сәлем беріп кіреді. Тіпті, баспанада адамдар жоқ болса да немесе әйелдер отырған жағдайда да «*Ассалаумағалейкүм*» деп *шаңыраққа сәлем беру* әдеті қалыптасқан. Бұны шаңыраққа сәлем беру деп атайды. Қазақтар бір-бірімен жолыққанда бір-бірімен *мал-жан аман ба?* – деп сұрасқан. *Мал аман ба?* – деп сұрауы олардың тұрмыс-тіршілігі күнкөріс өзегі, шаруашылық қатынастарының негізгі құралы саналған төрт түлікпен тікелей қатысты болуына байланысты малды және отбасы туралы жөн сұрасу қалыптасқан нормаға айналған. Осылай сәлемдескенінен кейін ризашылықпен кішіден: «*Мал-жаның аман ба?*», – деп, сәлем береді. Оған қалыптасқан дағдылы жауап: «*Құдайға шүкір, өзіңіздің мал-жаныңыз аман ба?*» – деп жауап береді. Қазақ «*Жақсы сөз, жарым ырыс*» деп ырымдап, әрқашанда «*жақсы*» деген. Осындай қарапайым коммуникативтік жаядаятқағы дағдылы әрекеттер бұзылса, ағайын арасында іріткі қалыптасады, ағайынның ажырауы тұтас ауылдың ыдырауына әкеп соғады. Себебі ауыл бір аталы ағайындылардан құралады. Ауыл ыдырауы рудың арасында бүлік тудырады. Демек, қарапайым этностереотиптердің орынды қолданылуы ұлттық тұтастығын, бірегейлігін сақтайды.

Е.Бартминскийдің тұжырымынша, этникалық стереотиптер мынадай әлеуметтік міндеттерді атқарады: этностереотиптер этникалық шекара аумағын сақтауда, топтық идеологияны бұзбай, қатаң ұстауда, дүниежүзіне тараған бір ұлттың диаспораларын біріктіруде септігі зор [49]. Т.Г.Стефаненконың зерттеуінде, көпұлтты әлеуметтік ортада этностереотиптердің жиі әрі жаппай көрінісі ұлтаралық қақтығысқа немесе этностық алалауға (дискриминацияға) әкеліп соқтыру қаупі бар екені айтылады [50].

Этнорегиолект – жергілікті халықтың тілдік ерекшелігінен пайда болған әдеби тіл мен диалект аралығында жарыспалы жұмсалатын, әдеби тілдің вариантты қолданысы. Диалектімен салыстырған этнорегиолектілер көпшілік қауымға түсінікті болуымен сипатталады. Қазақ тіл білімінде оны аймақтық этнолексика деп қарастырады. Этнорегиолектілер филологиялық аймақтану экспедициялары көмегімен этноауылдардағы көнекөз қариялардың аузынан, мұражайлардан материал жинау арқылы сөздік қорға еніп отырады. Этнорегиолектілер – белгілі бір аймақта ғана айтылатын, сол аймақта ғана таралған ұғымдар мен категориялар. А.С.Гердің зерттеуі бойынша, этнолексемалар жойылмайды, олар этнорегиолект құрамында қолданыста бола береді [51]. Мәселен, қазақ мәдениетінде өкшесі бар аяқкиімдердің бірнеше түрі қолданылған. Солардың ішінде ұзын қонышты етіктердің барлығын саптама етік деп бір ғана этнографизммен түсіндіреміз. Ал *мөкі* – киіз қонышты саптама етіктің атауы этнорегиолект ретінде жергілікті халық аузында сақталған. (Батыс Қазақстан). Сол сияқты Оңтүстік Қазақстан «қыз жасауының» ертеректегі жергілікті тілдегі атауы *боқша* болғанын қазіргі кездегі қыздың көрпе-төсегін салатын үлкен сөмкелерді осылай (боқша) айтуы этнорегиолектінің тілиелмендерінің жадында терең сақталғанын айғақтайды. Н.В.Хорошеваның зерттеуінде «Аймақтық лексиканың бірнеше вариантты болуы сол заттың әр аймақта түрлендіріп жасау уәжінен туындауы мүмкін», - деген тұжырым жасалады [52]. Осы пікірге сүйене отырып, қазақ тілінде де бір ғана этнографизмнің бірнеше этнорегиолект варианттары бар екенін байқаймыз. Мысалы, *кебіс* атауы Қазақстанның әр жерінде әртүрлі айтылады: *сұқпай, шәркей, көн шабата, шәриөр, шепік, шәрке*. И.С.Зварыкинаның тұжырымы бойынша, этнорегиолектілердің тілдік қолданыстан шығуына, жойылуына біріншіден, урбанизация құбылысы, екіншіден, көне бұйымдардың істен шығуы, сұраныстың болмауы әсер етеді [53]. Расында да, бұйымның өзі қолданыстан шықса, оның атауы да жойылары айдан-анық. Мысалы, *дабыр үй* – дәстүрлі шаруашылық қамымен жиі көшіп қонуға лайықталып жасалған шағын киіз үй. Көшіп бара жатқанда, жол-жөнекей ат шалдырып алу үшін тігілетін, уығы қысқа, кішкене етіп жасалған киіз үй түрінің жергілікті атауы. Ауызша деректерге қарағанда, ертеректе ауқатты байлар дабыр үйді ас-су дайындауға пайдаланған. Шаруашылық пен тұрмысқа лайықталған мұндай шағын, жеңіл үй түрінің құрылымы жолым үйге өте ұқсас. Бірақ қазіргі кезде малшылардың өзі қыстау, жайлау деп көшу үрдісінен айрылғандықтан оған қатысты *жолым үй де, дабыр үй де* тілдік қолданыстан шықты. Дегенмен көркем шығармаларда бұл этнорегиолектілер сақталып қалады.

Қазақ тіл білімінде аймақтық лексика құрамында қаралатын этнолексемалар лексикографиялық қордың кеңеюіне едәуір үлес қосты. Оған тіл білімінің диалектология саласын арнайы зерттеген С.Аманжолов [54], Ж.Досқараев [55], Ш.Сарыбаев [56], Ә.Нұрмағанбетов [57], О.Нақысбеков [58], Ғ.Қалиев [59] және т.б. ғалымдар елеулі үлес қосты. Ғалым Ш.Сарыбаев: «Аймақтық лексика – халық не ұлт тілінің құрамды бөлігі», - деп тұжырымдаған болатын [56,б. 6]. Ғ.Қалиев құрамы жағынан жергілікті тіл

ерекшеліктерін нағыз лексикалық диалектизмдер, лексика-семантикалық диалектизмдер, этнографиялық диалектизмдер деп үшке бөледі [59,б. 151]. Осындағы этнографиялық диалектизмдер қазір этнорегиолект немесе аймақтық этнолексика деп аталады. Этнорегиолект этномәдени бірліктердің белгілі бір территориялық шегіне қарай халықтың бір ұғымды әртүрлі айту үрдісінен қалыптасқан. Демек, этнографизмдердің пайда болуына әлеуметтік ортаның едәуір ықпалы болатынына тағы бір дәлел. Сондықтан тіл бірліктерінің динамикасына әлеуметтік ортаның әсері әлеуметтік лингвистикалық аспектіде қарастырылуына байланысты этнорегиолектілерді арнайы осы бағыттың нысаны етіп алынды. Қазақ тіліндегі этнорегиолектілерге талдау жасау барысында мынадай қорытынды жасалды:

Этномәдени бірліктердің бірі ретінде саналатын этнорегиолектілер: Біріншіден, әдеби тілде этномәдени атаулардың жергілікті тілде осы этносқа тән басқа атауы этнорегиолект бола алады. Мысалы, әдеби тілде – *шоңқайма етік*, жергілікті тілде – *мықшима етік*. Екіншіден, әдеби тілдің қатарында жоқ, аймақтық лексика ретінде ғана танылып лексикографияланған атаудың басқа территорияларда басқаша аталуының негізінде этнорегиолектілердің пайда болуы. Мысалы, *әуіт* – кішігірім өзен, бұлақ, сай, жылға аңғарларында бөгет салу жолымен жасалған, көлемі бір шаршыдан аспайтын суқойма, яғни, су жиналатын шұңқырдың жергілікті атауы. Оның жергілікті атау екенін Байырғы Талас өңірінде *Шұқырәуіт*, *Қызыләуіт* тәрізді елді мекен аттары дәлелдей алады. Ал әуіттің оңтүстіктегі баламасы – атыз, жап, орақ су. Бұл атаулар этнорегиолектілер қатарын толықтырып отыр. Үшіншіден, этнорегиолектілердің омонимдік қатарының кеңеюі. Мысалы, әдеби тілде алқа сөзінің этнорегиолектілері – *әйкел*, *көкірекше*, *қаза*, *омырауша*, *өңіржиек*. Осының ішінде *әйкел* Оңтүстік өңірде көне атау ретінде ұмытылып қайта жаңғырған аймақтық этнолексика болса, Қытай қазақтарының қолданысында киім саудасындағы «маникен» мағынасында жұмсалады екен. Төртіншіден, этнорегиолектілердің мағынасы күңгірттеніп, жаңа мазмұнға ауысу үдерісі болатыны анықталды. Мысалы: Оңтүстік аймақтың дәстүрлі дала мәдениетінде киіз үйді бір өзі ғана жасайтын адамды да бесаспап деп атаған. Ал жалпы қазақ танымында *бесаспап* – жан-жақты, шебер адам. Зергерлікті, ағаш ұсталығын, етікшілік, теміршілік, ершілік кәсібін қатар меңгеріп, әрбір кәсіп саласында қолданылатын құрал-саймандармен жұмыс істеу тәсілін толық меңгерген адамды байырғы ортада бесаспап деп атаған. Қазіргі жергілікті тілде *әмбебан*, *сарамжал* этнорегиолектілері де кездеседі. Бесіншіден, аймақтық этнолексика заттың қызметі мен түр-түсіне, ерекшелігіне сай әдеби тілден тыс басқа атауға ие болуынан пайда болады. Мысалы, қазақтың *күміс белбеуін* Маңғыстау өңірінде *қылышбау* деп атайды. Алтыншыдан, кейбір этнорегиолектілер белгілі бір аймақта ғана айтылып, кең қолданысқа енбей, яғни әдеби тіл қатарына қосылмай жиілігі аз сөздердің қатарында қала береді. Мысалы, *бөген* – түскен шаштың орнына жаңадан ағарып шыққан ақ шаштың жергілікті атауы. Сыр өңірінде оны басты ауыртады, қышытады деп жұлғызып тастайды. Сол сияқты *дәлдір* – зергерлік бұйымдар жасауға шикізат ретінде жұмсалатын күміс

тиындардың жергілікті атауы. Зергерлер күміс тиындардан киім түймелері мен сәндік бұйымдардың салпыншақтарын жасаған. Кейде қайта өңдемей-ақ күміс тиындардың бір шетін тесіп, жіп, бүлдіргімен бірін-біріне жалғап, әшекей ретінде әйелдердің шолпысын, алтын, күміс шаш теңгелерін (шашқа тағатын әшекей) жасаған. Осындай дәлдірді баланың тұсауын кесетін ала жіпке де тағып қойған. Бұл атау қазақ жерінің батыс өңірінде жиі айтылады [60]. *Айуан* – қабір құдығының жергілікті тілдегі атауы – камерасы, қабір шұңқыры. Құдық немесе айуан бір құлаштай терең, ұзындығы адам бойындай етіп қазылады да, оның бір жақ бүйірінен, көбіне батыс жағынан қуыстап, лақат шығарылады.

Аймақтық этномәдени мазмұнды тіл бірліктерін анықтап, олардың дәстүрлі мәдениетпен байланысын, аймақтық тіл бірліктері семантикасындағы этномәдени мазмұнды таныту арқылы олардың танымдық, қатысымдық қызметін көрсету. М.К.Бисенбаева зерттеуінде: «Диалектілік лексиканы этнолингвистикалық тұрғыда зерттеу қажет, өйткені диалектілік лексика – көнелік, ескілік көрінісі емес, халық тілінің этнолингвистикалық бояулы деректері мол сақталған саласы», - деп көрсетеді [61].

Этнопрагматонимдер – этнолексиканың прагматикалық мақсатта, атаулық мағынада жаңа мағынада жаңғырған түрі. Қазіргі тіл білімінде прагматоним «жарнама» тілінің арнайы бірлігі ретінде зерттелінуде. Бренд атаулары немесе фирмалық бирка атаулары көне этномәдени атаулармен аталатыны заманауи құбылыстардың бірі болып отыр. Мысалы, Қазақстанда «Райымбек ботлерс» атаулы фирмалық өнеркәсіп бар екені белгілі. Ал Райымбек этнонимдік атау. Тіпті «Самұрық Қазына» ҰӘҚ-ның атауы этномифтік мағынаға ие екені белгілі. Ендеше ұлттық өнімдер арқылы ұлттың жетістігін, мәртебесін танытуда этнографизмдердің қолданылуын мақсат ететін атаулар этнопрагматонимдер деп аталады. «Құртафелло» бренд атауы 2015 жылдан танымал. Құрт өнімдерін экспорттаушы өнеркәсіптің көздегені де – қазақтың ұлттық ас-тағамын, этноауылдан шыққан сүт өнімдерін таныстыру. «Қуырдақтың көкесі» атты мейрамхана желісі Алматы қаласында Бауыржан Байбектің мұрындық болуымен, ұлттық тамақтану орындарын ашу және ең бастысы ұлттық құндылықтың нышанын білдіретін атау беру ұйғарымымен қызмет етіп келеді. «Бал бала» – Қыдырәлі Болмановтың Алдар Көсе, Тазша бала, Ер Төстік атты ойыншықтарын өндіруіндегі мүдде – ұлттық өнімдерді экспорттау және бренд ету. Сол арқылы қазақ елін, ұлттық құндылықтарын таныстыру. Байқағанымыздай, ойыншық атаулары да, өнеркәсіп атауы да - этнолексемалар.

Этнопрагматонимдер тілдік бірлік ретінде бірнеше қызмет атқарады. Ең басты қызметі – адамды сендіру, көңілін аудару, елеңдету, әсерлендіру. Прагматонимдер қарапайым тілдік бірліктер болғанымен прагматикалық мақсатта қолданылған мәтінде олардың әсері адамды елең еткізетін мағынада қолданылады. Этнопрагматонимдерді БАҚ журналистері, мерзімді басылымдарда редакторлар, блогерлер қолданады. Мысалы, Елімізде «*қара жамылғандар*» көбейе бастады, олардың алдын алатын заң бар ма? (Жас Алаш, 2016 ж.) Бұл сөйлемдегі «қара жамылғандар» қайғыға душар болған адамдар туралы емес, басқа дін сектасына еріп, тұмшаланып, паранжа киген қазақ

қыздары деген мағынаға ие болып отыр. Ал тілімізде «қара жамылу» этнолексикасы бұл сөйлемде прагматикалық мақсатқа қол жеткізу бағытында, яғни оқырманның көңілін елеңдету мүддесінде тырнақшаға алынып әдейі таңдалған. «Қара жамылғандар» прагматонимі басына қайғы түскен, жақыны о дүниелік болған адамның қара киінуімен ассоциацияланып алынған. Екі адамның ажырасқанын естіп, *бетін шымшитындар* мен *«құдай сақтасын» деп шошына қарайтындар* бүгінгі бүтін күнінің ертең елес болмайтынына сенімді ме? (Алаш айнасы, 2018ж.) Бет шымшу – қазақтың ұлттық бейвербалды амалдарының бірі. Негізінен әйелдердің масқара деген мағынаны байқату, білдіру үшін қолданатын ишарасы. Әйелдердің осы әрекеті қазақтың ұлттық болмысын танытатын таңбасы ретінде таңдалып, аталмыш сөйлемде қазақтың әйелдері деп жалпақ сөзбен айта салмай, прагматикалық рең беру үшін «бетін шымшитындар» тіркесінің алынуы этнопрагматоним жасауға негіз болып тұр. *Етегін жел түрмеген* қыз керек! (kazakh.ru сайтынан) деген сөйлемдегі «етегі түрілу» фразеологизмі қазақ ұлтына ғана тән, басқа мәдениетте эквиваленті жоқ этнографизм деп саналады. Осы тұрақты тіркесті контаминациялық өзгеріспен қолданса да, түпкі мағынасын сол қалпында пайдалануы айтылмақ ойды астарлап жеткізуді мақсат еткені байқалады. Етегін жел түрмеген қыз деген қолданыстың мағынасы бұрын тұрмысқа шықпаған пәк қыз мағынасын білдіреді. Аталмыш этнопрагматонимді аялық білімінде ұлттық фразеологизмдердің мәнін түсінетін этникалық дүние бейнесін ұғына алатын қауым ғана түсіне алады. Ал этнопрагматонимді жиі пайдаланатын журналистер оқырманға түсініксіз болып қалады-ау деген, көпшілік қауымға таныс бейнелі сөздерді қолданайын деп таңдап отырмайды. Этнопрагматонимдік қолданыстарға әдетте дүниетанымы кең, аялық білімі жоғары оқырмандар тез елеңдеп, «бұл мақалада не айтылған екен» деп қызығушылық танытады. Этнопрагматонимдер әсіресе мақала атауы, тақырыптарда, рубрика атауларында жиі беріледі және ірі қою қара жазулармен ерекшеленеді. А.Яковлеваның зерттеуінде прагматонимдердің таңбалық типтері қарастырылған. Ғалым «Прагматонимдердің бойында семиотикалық белгілер толық қамтылуы мақсат етіледі. Мысалы, икондық, индексалдық, символдық белгілер міндетті түрде кездеседі. Прагматоним сауда-саттық зат белгілердің лингвистикалық бейнесі», - деген тұжырым жасайды [62]. Н.В.Усованың зерттеуінде, Ресейлік сусын өнімдерінің атаулары этнопрагматоним екені анықталған. Соның ішінде басымдыққа ие болғандары - табиғи құбылыстарды бейнелейтін этнографизмдер қатарында Ресейдің қысының қаттылығын, көлдеріндегі аққулардың бейнесін сипаттайтын тұрақты тіркестерімен берілуі айтылған. Екінші кезекте спиртті сусындардың атаулары тарихи тұлғалардың есімімен аталуы, яғни патша, князь, саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің есімімен жарқырап тұруы да прагматикалық мүддені көздейтінін көрсетеді [63].

Орыс ономастикасы прагматонимдерді ұтымды қолданатындар арасында топ жарып тұрғаны белгілі. Прагматонимдер – ұлтты, елді танытудың ең тиімді тәсілі. Мәселен, Ресейлік кэмпит атаулары «Миша и медведь», «Дикий гусь»,

«Гадкий утенок» деп берілуі халық ауыз әдебиетін таныстыру мүддесімен жасалған.

Этнолексикалық бірліктердің тілдегі қызметі сан алуан. Себебі, жалпы халыққа таныс ұлт тілінде ғана қолданылатын және бұқаралық ақпарат құралдарында, ауызекі және әдеби тілде қолданыс аясы байқалатын түрлі этнолексикалық бірліктер бар [64].

Қорыта келгенде, этномәдени бірліктердің қызметін әлеуметтік лингвистикалық аспектіде зерттеу нәтижесінде, этнографизмдердің қоғамдық-әлеуметтік мәні, социум ортасындағы қызметін зерттей келе, олар үш типке ажыратылды (этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним) және әрқайсысына сипаттама берілді.

Этномәдени бірліктердің қоғамдық ортадағы әрбір адамға әсері ерекше.

Тіл иелмендері жағымды қабылдайды, ал тілдік ортаға сіңбеген екінші тіл ретінде қарайтындар үшін дискомфорт тудыратыны айқын. Себебі мәтін ішінде этнографизмдердің кездесуі, яғни қарапайым күнделікті қолданыста жоқ атаулар мен ұғымдардың болуы мәтіннің мазмұнын толық түсінуге кедергі жасайды. Өйткені этнографизмдердің мағынасымен таныс емес тіл тұтынушы толық ақпарат ала алмағаны үшін кідіреді, уақыт үнемділігінен айрылады, ойы бұзылады. Осындай әлеуметтік ортада этномәдени бірліктердің әлеуметтік ортаға қажетсіздігі, сұранысқа ие болмауы олардың қолданыс жиілігін тежейді.

Әлеуметтік ортада коммуникативтік қатынас барысында этностильдің айрықша көрініс табатыны айқын. Мысалы, қазақтар арасындағы сөйленіс, әзіл-қалжың, этикеттік норма және т.б. сөйлеу мәдениетінің этностилін танытады. Қазақтың этностилінде міндетті түрде этнографизмдер жұмсалады. Демек, этномәдени бірліктердің әлеуметтік мәнін айқындайтын факторлардың қатарына этностильдік ерекшеліктер де жатады.

Этностиль – бұл ұлттың сөйленіс этикетін білдіретін нормалық ұстанымдар. Мәселен, жасы үлкен адамдардың көзінше атын атамай құрметтеу нышанымен қария, аға, әке, әжей, апай, тәтей, әпке деген қаратпалармен айту – этностильдік белгілер. Қазақ мәдениетінің сөйлеу әдебінде мынадай этностильдік қолданыстар бар: Қой қоздап жатқанда, алдымен мал иесіне сәлем берумен қатар *көгенің қозылы болсын*, қырманы қызылдап жатқан егіншіге *Қыдыр дарысын, қызылдар көбейсін* деп сәлем соңынан кейін тілек білдіру – ұлттық дәстүрге айналған этностильдің көрсеткіштері. Қабір басында ғайбат сөздер айтуға, қатты сөйлеуге тыйым салынады. Жас келін үлкен кісілердің алдында бетін желегімен көлегейлеп сөйлесетін болған. Некеқияр аяқталған соң қыздың әкесі күйеу балаға: *«Қолыңызға бір сүйек бердік, бұны жақсылап күтіп бағыңыз, азар беріп ұрма, беймаз жаман сөйлем!»* дейді, ал қызына: *«балам, жаман болма, атаңа нәлет келтіресің»* деп ақылын айтса, қыз анасы күйеу балаға: *«Баламды алған баламсың, сен де балам боларсың»* деп маңдайынан иіскейді, ал қызына *«Құдай ошағыңның үш бұтына берсін!»* - дейді. Мұндағы ошақтың үш бұты – күйеу, қыз және ертеңгі көретін балалары.

«Қонақ келсе, қой сой» деген мақалға сай, келген қонаққа бата жасатып сойылатын негізгі мал – қой болған. Қонағына арналып отар ішінен таңдалған

қойды мал иесі есік алдына әкеліп, бата сұраған. Жайшылықта ұсақ малға арнайы бата жасалмай-ақ, «*сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ, Аллаһу акбар!*» – деп бауыздала берген. Малдың құлағына ен салған соң «*мал басы көп болсын, төлдердің кесілген жері тез жазылсын*» деген ырыммен құлақ қиындыларын құмырсқа илеуіне тастатады.

Жаңа туған айды көргенде *Ай көрдім, аман көрдім, Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа* – деп бата қылып, шөп жұлып, үйдің босағасына әкеліп тастау ырымы айды қасиет санағанын көрсетеді. Көген тартқан үй иесі көген басына арнайы дастархан жайып, туыс-туғандарын, көрші-қолаңын шақырады. Әулеттің әжелері «*мал-басың аман болсын, төлің көп болсын!*» деп ақ тілектерін білдіріп, көгенге май жағып, ақ құйған. Ауыл ақсақалдары «*көгенің ұзын болсын!*» деп бата берген.

Үлкен ас берілерде, той жасаларда «*От Ана, Май Ана жарылқасын! Берілер ас қабыл болсын! Той тойға ұлассын!*» деген сеніммен, ошаққа май құйып, жерошақтың бұтына май жағады

Алғаш бие байлаған күні ақ мол болсын деген ырыммен желіге ақ құйып, май жағады. Бие байланғаннан кейін бие бау басындағы барлық адамдар «желі майлау» деп өзара дәм алысып, жақсы тілектерін айтып, ауыл ақсақалдары батасын береді. «*Байлар көбейсін*», «*желі тартар көбейсін*» деп көрші-қолаң да шашуын шашады.

Көптен күткен қансонарға шыққанда жолай кезіккен адамның тіл-көзі қолындағы бүркітке тимей аулақ болуын тілеген бүркітші басқа сөзбен емес, «байлансын-ақ» деп айқай сала амандасып, қаскөй рухтарды осы құдіретті сөзбен «матап» тастауға тырысқан.

Алыс сапарға кеткен адамның амандығы үшін арналған малды да метафоралық образбен ақсарбас атадым дейді. Осындайда «*А, Құдай оң жолыңа баста, пәледен сақта, жолыңа ақсарбас айттым!*» деп Тәңірге тәу етеді. Халықтың дәстүрлі нанымında адамның жолына айтылған ақсарбас ол ауылдан ұзақта, жырақта, қауіп-қатердің шебінде жүрген кезде «*айтылған иесіне тілекші болып, оның амандық-саулығын тілеп жүреді*».

Садақа немесе құрбандыққа шалғандағы тілек қабыл болу үшін малды құбылаға қаратып, *бұйыртып жегіз* деп, барып бауыздайды.

Аузының салымы бар – жақсы іс, несібе бұйырған адамға қаратыла айтылатын қолдап-қолпаштау сөз орамы. Көбінесе тамақ дайын болып қалғанда, тамаққа енді отыра бергенде, тамақ ішіп отырғанда келген ауыл үй адамына айтылады. Үй иесі әдетте ондай адамға «*мақтап жүреді екенсіз*» деп дәмдес болуға шақырады. Сонымен бірге жаңадан мал сойылып жатқан кезде келген қонаққа, жігіт ел ішіндегі мақтаулы қызды алса аузының салымы бар екен деп айтыла береді. *Аузының салымы бар* деген сөз орамы «*несібесі мол екен, несібесіне бұйырып тұр екен*» деген мән-мағынаны аңғартады.

Аузыңа май, астыңа тай! – жақсы хабар жеткізген, сүйінші сұраған адамға қарата айтылатын этикеттік сөз орамы. *Жақсы сөз – жарым ырыс* – бойынша жақсы лебіз білдірген, байқаусыз, жаңылып болса да құттықтау айтып, сүйінші сұрағанға жұғысты болсын деп осы сөз орамын айтады.

Керісінше, жаман сөз айтса – *жағыңа жылан жұмыртқаласын* дейді.

Бұйырыңыз! – қымыз ішу ритуалындағы этикет. Ыдыстағы қымыз құйылған соң, қымызаяқ алдымен үй иесіне, одан кейін төрдегі үлкендерге ретімен таратылады да, *аяқшы* жігіт немесе үй иесі ақсақалдан «*бұйырыңыз*» деп ықылас сұрайды. Үй иесі ыдысын қос қолдай ұстап, оң қол жағында отырған ең үлкен ақсақалға ұсынып, ыдысын түйістіреді. Бұлайша ықылас сұрау топты ортада ғана емес, күнделікті қымыз ішуге бас қосқан кезде де жасалады, үй иесінің үлкеннен немесе сыйлы қонақтан ішуге рұқсат сұрау мезіреті, іше бастауға болады дегенді білдіреді.

Үйлену тойында, отау көтергенде үйдің басты берекесі, мерекесі саналатын дастарқанға *Дастарқаның мол болсын, Дастарқаның жиылмасын* деп бата береді.

Байырғы сәлемдесу этикетінде сәлем беруші: «*үй-іші, туған-туыс, ауыл-аймақ, жекжат-жұрат, аман-есен бе?*» – деп, «жақыннан-алысқа қарай» ретімен «түгендеп» шығады, яғни сәлемдесуді «ел-жұрттан» емес, үй-ішінен бастайды.

Жол үстіндегі жөн сұрасудың өзіндік ерекшеліктері бар. Атты жолаушылар жолдары түйісіп, кездескенде жасы кіші жасы үлкенге алдымен сәлемдесіп, бір-біріне *жол болсын, алей болсын* айтады. Этикет бойынша салған жерден «*қайда барасың?*» деп сұрамайды, ал білместікпен сұрай қалса, жақтырмаған кейіпте «*алуға барамын!*» дейді. Өздерін таныстыра келіп жолдың жөнін, жердің жобасын бір-бірінен сұрасып біледі. Жолының бағыты біраз жер бір болса, сапар жөнін әңгімелесіп, сөз аяғы арғы-бергі білген жаңалықтарын айтуға ойысып, ақпарат алмасуға көшеді. Қоштасарда олар «*Жортқанда жолың болсын!*» деп те тілек айтпайды, өйткені мұндай сөзді бір-біріне барымташылар айтады деген түсінік бар.

Қона жатқандағы жөн сұрасу. Алыстан ат сабылтып, жолаушылап келе жатып үйіне түскен бейтаныс адаммен үй иесі амандық-саулық сұрасқан соң жөн сұрамақ пайғамбардан қалған сүннет деп оның кім екенін, қай ру, қай елден келе жатқанын, қайда және қандай шаруамен жүргенін сұрап біледі. Жөн сұрау, аты-жөн білісу байырғы қазақы ортада қалыптасқан этикеттік нормалардың біріне жатады. Асығыс болмаса, қона жатар қонаққа *пышақ қандар салтымыз бар* деп қой бауыздауға бата сұрайды. Қонақ атын таң асырып алып, ертемен жүріп кететін болса, *пышақ қандамай-ақ қойыңыз, өлі етке де ризамыз* дейді. Өлі ет деп бұрын сойылған малдың етін айтады. Ал қона жатып, ат шалдырып алатын болса, жолаушы сойылатын қойға батасын береді. Егер жолаушыны ас-суын бермей аш жатқызса, атына жем-шөп бермесе, ол сол ауылдың ақсақалы немесе биіне шағымдана алады. Бұл жөн сұрасудағы қалыптасқан этикеттік норманың құқықтық қырына жатады. Осындай этикеттік нормаларға дағдыланудың негізінде қазақ халқында қонақжайлылық қасиет қалыптасқан.

Дәулетті байларды құрметпен «*пәленше бай*», «*түгенше бай*» деп есіміне бай атауын қосып айту, баймен тілдескенде *байеке* деп қошемет көрсету ел ішінде этикеттік нормаға айналды. Қазақ мәдениетінде жеңгесі қайын сіңлісі

мен қайын інісіне *шырайлым, бикеш, бойжеткен, әке қыз, еркем, ержеткен, ерке қыз*, ал ер адамдарды *төрем, шырақ, мырза жігіт, молда жігіт* деп ат қою рәсімі бар. Бұл – этностильдің көрінісі.

Дат – байырғы қазақ қоғамында бекзадалар мен билік өкілдерінен (хан, сұлтаннан) қараша сөз сұрағанда айтылатын этикеттік мәнді қаратпа сөз. Сонымен бірге билік өкілдерінің жоғарғы мәртебелі саяси-әлеуметтік статусын да білдіреді. Дат – парсы тілінен енген сөз «*көмек, жәрдем, кешірім*» деген мағынаны бейнелейді. Әдетте дат сұраған адамға хан немесе сұлтан жауап ретінде *Датың болса айт!* деген. *Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ* деген қағидатқа сүйенген қазақ қоғамында *дат құқығы* қатаң сақталған. Сондай-ақ халықаралық келіссөздер жүргізу кезінде де дат құқығы сақталып отырған. Ал біреуді орынсыз балағаттау, жеке басына немесе бүкіл ру-қауымның намысына тиетін сөз айту, ақсүйектерге қалыптасқан дағды бойынша сәлем беру нормасына қайшы әрекет жасау, дәстүрлі этикетті сақтамау этностильді бұзу деп есептеледі. Бұндай жағдайда айып-шапан сияқты жеңіл жазалармен айыпталуы әбден мүмкін. Сондықтан қазақ мәдениетінде сөз әдебіне ерекше мән берген. Осылайша, қазақ этностиліне тән сөйлеу қағидаларын жинап, өскелең ұрпаққа таныстыру этномәдени білім беру үрдісін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Этномәдени бірліктерді әлеуметтік лингвистикалық аспектіде қарастырудың маңыздылығы да осында. Яғни Қазақстан мемлекетінде этномәдени білім беру жүйесін құруға басымдылық берілуі қажет. Этномәдени білім берудің стратегиялық мақсаты – мемлекеттік интеграцияны нығайту, яғни мемлекет ішіндегі әртүрлі этностардың қарым-қатынасын, тығыз байланысын арттыру. Бұл ұлтаралық қақтығыстарды болдырмауға және метаэтникалық қауымдастықты арттыруға ықпал жасайды. Ең бастысы, этникалық құндылықтар өзгеріссіз сақталатын болады, керісінше рухани жаңғырады. Қазақстан Республикасының этномәдени білім беру Концепциясында: «Этномәдени білім берудің тұжырымдамасы қазақ ділі мен қазақтың отансүйгіштік рухына негізделуі тиіс», - делінген [65].

Этномәдени білім беру жүйесі бірнеше ғылымдардың тоғысында жетілдіріледі. Мысалы, тарихи-саяси, әлеуметтік-мәдени, этнографиялық, педагогикалық білімдер жүйесінде жүзеге асырылады. Оларды тоғыстырудағы мақсат – ұлттың этномәдени құндылықтарын (тіл мен әдебиеттегі, тарих пен мәдениеттегі, тәрбие мен ділдегі рухани болмысты) жинақтау. Қазіргі қазақ мектептеріне арналған 8-9 сыныптың қазақ тілі оқулығында этномәдени атаулар мен ұғымдар арнайы сабақ ретінде оқытылмаса да, жаттығуларға арналған мәтіндерде біршама қамтылған. Бірақ қазіргі әлеуметтік ортаға әбден таныс болған атаулар берілген. Керісінше, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін таныс емес, ұмыт бола бастаған атауларды, этностереотиптерді, этнорегиолектілерді, сондай-ақ бастапқы мағынасынан ауысып, жаңа ұғымды білдіру үшін қолданылған этнопрагматонимдерді терең меңгерту жеңілдеу болады әрі этномәдени білім беру мемлекеттік тапсырмасын орындауға атсалысу болып саналады.

1.3 Этномәдени бірліктердің танымдық (лингвокогнитивтік) мәні

Этномәдени бірліктер тек бір ғана этносқа (ұлтқа) тән атаулар деп танылғанмен жалпыадамзаттық түсініктегі ұғымдардың ұлттық танымда ұғынылуының өзі этникалық ерекшелігі бар екенін көрсетеді. Сондықтан этномәдени бірліктердің танымдық мәнін ашатын лингвокогнитивтік категориялардың бірі – этноконцептілер метафизикалық ұғымдардың ұлттық философиядағы пайымын, ұлттық когницияның генетикалық кодын айқындауға бағытталады. Мысалы, қазақ үшін дүние біткеннің үлгілісі – мамыражай көшпелі тіршіліктің, оның табиғи болмысы, әрі жалғасы – қазақ даласы. Даланың сұлу бітімін, кеңдігін, еркіндігін қазақ халқы ғана дәл бере алатынын мойындайтын ақиқаттар этноконцептілік зерттеулерден кейін ашылады. Демек, көшпелі қазақ үшін ДАЛА – этноконцепт. Өзге ұлттармен салыстырғанда қазақ дала ұғымын өздігінше түсінетін ерекшеліктері бар. Осы ерекшеліктерді айқындау үшін оны этноконцепт ретінде талдау қажеттілігі туындайды. Сондықтан осы жұмысымызда этномәдени бірліктің бірі – этноконцептіні анықтау және оның құрылымындағы (перифериясындағы) құрамдас бөліктердің мағыналық кодын ашудың үлгісін ұсынамыз. Біріншіден, «Дала» ұғымына қатысты алғашқы қарабайыр түсініктер, ассоциациялар мен стереотиптер жиынтығы, когнитивтік ғылым тілінде фреймдер санада жиналады. Бұлар периферияны құраушы бастапқы бірліктер. Мысалы, дала этноконцептісінің фреймдік құрылымына – жазық, жайлау, жайылым, кеңістік, шөл, Бетбақдала және т.б. визуалды қабылданатын ақпараттар енеді. Екіншіден, семантикалық өріс жиынтығы анықталады. Дала – байтақ жер, дала – сырт, түз, үйден тыс, дала – аула, есіктің алды, қора, дала – ауыл (қалаға қарама-қарсы мағына), дала – шабындық, дала – қазақы жұрт, елді мекен, туған жер, киелі мекен, атажұрт. Үшіншіден, бейнелі құрылым, ойсуреттер жиынтығы анықталады. Сайын дала, қыз дала (поэт.), сағым дала, қу дала, құба дала, құлазыған дала, құр дала, құрғақ дала, сар дала, түз дала, тың дала, ұлы дала, шөл дала, алтын дала, байтақ дала, боз дала, бұла дала, далиған дала, дала маңдай (бейн.), дала мүлгу (бейн.), дала омырауы (поэт.), дала көңіл, дала күңірену (бейн.), дала қазағы, дала қиыры. Төртіншіден, «Дала» макроконцептісінің микроқұрылымдары анықталады: Мысалы: *Дала – еркіндік*. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ дәстүрінде жазық даланың кең байтақ жері санада осылайша ешбір қоршаусыз, қамалсыз, шегарасыз қабылдануы еркіндік ұғымымен пара-пар келеді. Сондықтан қазақ танымында даланы жан-жағы ашық, жазық, кең дүниелермен сипаттау әрі теңеу кең қолданысқа ие болған. Мысалы: *дала төсі, дала – жасыл кілем, дала қойнауы, дала көңіл (кең пейіл), дарқан дала, дала – тағы*. Қазақ танымында дала – адам аяғы баспаған, бос жатқан мекен, айдала. Даланың киесі бар деп есептеген қазақ далада жабайы өскен өсімдік пен жануарға бейберекет тиіспейтін болған. Сондықтан жапан дала, иен даланың қорқыныш, үрей тудыратын белгілері болған. Мәселен, дәстүрлі наным-сенім бойынша адам Ай астында иен далада ұйықтап қалған кезде бетіне айдың сәулесі түссе, айдың шалығы тиіп есі ауып, аузы

кисайып қалады деп санаған. Далада аялдағанда, көбінесе түнейтін жағдайда жәндіктерден қорғану үшін қой жүнінен жасалған ішпек, киіз жастанып, жабағы төсенген. Қазақ жапан далада жалғыз өскен ағашты *киелі ағаш* немесе *әулие ағаш* деп санап, оны кеспейді, зақым келтірмейді. Осылайша, микроконцептілерді таратып, этностық танымды анықтауға мүмкіндік туады. Этноконцептілер ұлт мәдениетінің эволюциялық тұрақталған болмысын көрсетеді. Этноконцептілерді тану арқылы ұлттың әлеуметтік мәдени дамуы анықталады. Рухани құндылықтың ұлт танымында терең сіңіп тұрақталуына негіз болған доминант ұғымдар нақтыланады. Этноконцептілер арқылы ұлтқа немесе этносқа тән дүниенің мәдени бейнесін айқындауға болады.

Қазаққа тән ғаламның мәдени бейнесінде «ар, ұят, намыс» ұғымдары этноконцепт ретінде кеңінен таныла алады. Себебі мәдени константалар мен микроконцептілері үлкен периферияны құрай алады.

Сондай-ақ «Жеті ата» ұғымын этноконцепт деп тануға әбден болады. Бұл категория өзге мәдениетте жоқ, тек қазақтың тек тазалығы туралы тарихи қалыптасқан әлеуметтік мәдениетіндегі жоғары құндылыққа ие рухани категория болып саналады. Қазақ халқындағы бірінші, жеті ата, екінші, түп ата, үшінші, тек ата, төртінші, баба, бесінші, арғы ата, алтыншы, ата, жетінші әке деп таратылуы қазақтың тек тазалығын сақтау арқылы ұрпақ денсаулығына басты мән бергенін көрсетеді. Ал әкеден бастау алып баладан төмен қарай туғандар: ұрпақ деп саналады олар 1. Әке, 2. Бала, 3. Немере, 4. Шөбере, 5. Немене, 6. Шөпшек, 7. Туажат деп аталады. Қазақ халқы «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп, жеті атасын білмегенге үлкен мін таққан. Жеті атаға жетпей некелескен жұптан кеміс, кемтар, ақыл-ойы таяз бала туылады деген ұғым қатты сақталған. Жеті атасын сақтамай некелескендерді елден қуып жіберген. Жеті атаға толғаннан кейін ру ақсақалдары жиылып, боз бие сойып, баталасып, қыз алысып, қыз беруге рұқсат етеді. Бұл дәстүр «сүйек жаңғырту» деп аталады. Сегізінші ұрпақтан бастап жекжат, жүрежат, жұрағат деп жалғасады. Одан кейін ру, тайпа, жүз, халыққа ауысуы «жеті ата» этномәдени бірлігін концепт ретінде тануға болатынын айқындайды. Этностың танымындағы осындай мәдени константалар ұлттық мәдениет бейнесінің әмбебап заңдылықтарын қалыптастырады. Этноконцептілердің ұлт танымында ұзақ сақталуы әлемдік мәдениет тарихынан орын алуы да ғажап емес. Себебі мәдениеттер тоғысында ұлттық мәдениеттің әмбебап мәдениетке ұласуы – жиі болатын құбылыс. Этноконцептілердің құрылымында алдымен уәжі белгісіз бейсаналық құндылықтар жиынтығы қалыптасады. Бұл этноконцептілердің өзегі бола тұра ұлт танымындағы ғаламның этникалық бейнесін тұтас сақтауға негіз болады. Демек, ұлттық мәдениетті қорғау-бейімдеу тетігін қалыптастырады. Этноконцептілер бойындағы бейсаналық құндылықтардың мағынасы мен тарихын анықтау үшін тілге логикалық талдау жасалады. Мысалы «Жер» - қазақ танымында этноконцепт. Жердің қазақтар танымындағы ғаламдық бейнесін былайша тарқатып талдауға болады.

Фреймдік құрылымдар: 1. Жер – этникалық территория. Қазақ ұғымында жер – тіршіліктің тірегі. Себебі жер мал шаруашылығын атқаратын

жайылымды, жеміс беретін көкті константалайды. Жерсіз өмір де, тіршілік те жоқ деп есептейтін қағида қалыптасқан. Сондықтан қазақ танымында жер құндылықтар қатарынан орын алады. Бәлкім өзге ұлттар үшін, мәселен, саудасаттықпен күн көретін этностар үшін жердің құндылығы аса маңызды болмауы мүмкін. Ал жердің қадір-қасиетін түсінген көшпелілер үшін Жер – киелі ұғым. Көшпелі атануының себебі де жерге байланысты деп ойлаймыз. Себебі қазақ жерді экологиялық тұрғыдан таза ұстау, табиғи қалпын жоймау тұрғысынан білімді болған. Жердің эрозиясы шығып, құнарсыздана бастағанда басқа аймаққа көшіп, ол жерді демалуға, табиғи қалпына келуге мүмкіндік берген.

2. Жер – қайтыс болған кісінің моласы орналасқан орны. Жерлеу деп қазақтан басқа өзге ұлт айтпайды. Бұл ұғымда жердің ерекше константалық көрінісі мифтік және діни аялық білімнің терең сақталуымен байланысты. Жеті қабат жер, жеті қат көк мифологемалары арқылы туындаған діни түсінік, яғни «адам топырақтан жаралып, топыраққа сіңеді» деген таным – этникалық дүние бейнесінің бір көрінісі. Сондықтан қазақ мәдениетінде жерлеу, жатқан жерінен топырақ алу, топырағы торқа болсын, жері жайлы болсын деген константалық қолданыстар дағдылы түрде этникалық қолданыстан шыға алмайды. Себебі олар бейсаналық түсінік ретінде әбден сіңген.

3. Қазақтар – өз болмысында кіндігі туған жермен байланысқан халық. Осы ерекшелікті *ит тойған жеріне, ер туған жеріне, шеңгел өз жерінде (дүркірейді); ер елінде, жекең суында (өсіп-өнеді)* тәрізді аксиологиялық паремиологизмдерден, яғни этнос санасында туған жерді ерекше құндылықтар жүйесіне жатқызатынын аңғаруға болады. Мәдени тілдік ұжымның түсінігінде *кіндік* – адам ағзасының «орталық нүктесі» болса, *кіндік кесіп, кір жуған туған жер* – *күллі әлемнің орталығы* болып ұғынылады.

4. Жер – адам баласы (бұл тұста, әрине, ру-қауым мүшелері) тіршілігінің субстанциясы. Бұл түсініктің мән-мағынасы қазақтар ерекше емірене айтатын «Жер ана» концептінен көрінеді. Расында да, қазақ жұрты туған жерін түн ұйқысын төрт бөліп, емшек сүтімен асыраған аяулы анасына балайды. Дәстүрлі қазақы ортадан жеткен «жерді еміп өсу» деген сөз бар. Мәні жер тіршілік атаулыға нәр беретін ұлы ана дегенді білдірсе керек.

Көшпелі қазақы ортада жерге деген айрықша құрметтің тағы бір көрінісі этностың тіршілік циклінде атқарылатын «арнайы» ырымдар (тыйымдар) мен жосындар кешені болып табылады. Бұл ырымдар мен ғұрыптық жосындардың түпкі мәні – жерді ұлы ана ретінде аялауды «рухани» негіздеу. Әсіресе, жер ананы «ренжітпеуге» бағытталған тыйымдардың жерге байланысты көшпелілердің дүниетанымы мен іс-әрекетін реттеп отырудағы идеологиялық та, институционалдық та әсері ерекше болды. Төменде осындай тыйымдардың негізгілері беріліп отыр:

– жерді шұқуға болмайды. Өйткені, дәулетің қашып, бағың тайып біреуге (біреулерге) кіріптар болып қаласың. Ана тілімізде «жер шұқып қалды» деген адамның ерекше пұшайман күйге түскендігін білдіретін тұрақты сөз тіркесі осындай ахуалға байланысты қалыптасты деуге болады;

– жерді бейсауат қазба! Бұйрық раймен айтылатын осы тыйым сөздің мәні

өлім шақырасың дегенге саяды. Қазсаң «біссімиллә» деп алып қана қазу керек. Мысалы, жоғарыда ішінара айтылғандай дәстүрлі қазақы ортада тіршілік қамына байланысты жер жыртуға кіріскенде «*Біссімиллә*» деп Алла тағаладан кешірім, һәм рұқсат сұралатын болған. Тіпті, мүмкін күнәларынан арылу үшін жер жырту науқаны аяқталғаннан кейін садақа беру парыз болды;

– жерді сызуға болмайды. Әйтпеген күнде өрісің тарылады, өрісің тарылса, ырысың тарылады, ырысың тарылса, тынысың тарылады, – деседі кәрікұлақ көнекөз қариялар. Алайда жер сызуға бірақ жағдайда, адам басына қауіп төнген жағдайда ғана «рұқсат» етіледі екен: Жасаған күн күркіретіп, шақпағын жағып, жасылын ойнатса, «жайдың оғынан» сақтану үшін адам өзі тұрған орынды айнала сызып, шеңбер жасайды. Бұл тәсіл оны жайдың оғынан құтқарады екен деседі;

– жерді тоқпақтама, ұрғылама! Әйтпесе, жер ананың киесі атады;

– бейсауат топырақ, құм немесе тас үюге болмайды. Оған жаманшылық, тіпті, өлім шақыратын өрескел қылық ретінде қатаң тыйым салынды. Ондайда ауылдың үлкендері, тіпті, жер тартады деп те жатады;

– бір жердің топырағын екінші жерге апаруға болмайды. Әйтпесе, Жер ананы ренжітесің, – деседі үлкендер;

– жерге аттың үстінен жазатайым түсіріп алған қамшыны немесе баскиімді алуға болмайды. Жер тартады, – деп ырымдайды мұндайда қазақтар. Ал қалың жауын жауып, көкті қақырата күн күркіреп, найзағай қатты ойнаса, атам қазақ табалдырықтың алдына балтаның жүзін жерге кіргізіп, шаншып қояды екен. Бұл ғұрыптың мәнісі – аспаннан жай түсе қалса, ол әлгі балтаның сабының бойымен жерге сіңіп, жоғалсын дегенді білдірсе керек. Ертеректе қазақ жұртының жерді айрықша қастерлегені соншалықты, тұздік аяқкиімнің тұмсығын жоғары қаратып (қайқылап) жасады. Мұнысы адам жүргенде жер жарықтықтың бетін жарақаттамасын дегенді білдіреді.

Этникалық дүние бейнесін анықтау үшін алдымен адамтаным парадигмасындағы пәнаралық метатіл ретінде қолданылатын дүние бейнесі ұғымына шолу жасайық. Дүние бейнесі – бұл адамның ақиқат дүние туралы интуитивті түсінігі. Дүние бейнесі қоғам, уақыт, адам өмірінің өзгерісіне қарай дамып, кеңейіп отырады. Мәселен, варварлық дәуірдегі дүние бейнесі аристократтық кезеңдегі бейнеге ұқсамайды. Себебі, адамның дүниетанымы, әлемді тану мүмкіндігі өркендеген сайын, дүние бейнесін түйсіну бағыттары да тармақтала түседі. Мысалы, бастапқыда қарабайыр дүние бейнесі болса, кейін философиялық дүние бейнесі, мифологиялық, ғылыми, саяси, діни, көркем дүние бейнелерінің модельдері интенциялық ерекшеліктерімен ажыратыла бастайды. Ғылыми зерттеу жүйесі бойынша дүние бейнесі когнитивтік және ұлттық және мәдени дүние бейнесі болып жіктеледі. Аталмыш ұғымның қалыптасуы мен лингвистикаға қосар үлесі туралы тарқатып айтайық.

Ақиқаттың дүние бейнесі атауын алғаш рет ХІХ ғасырда Генрих Герц ұсынған болатын. Ғалымның зерттеуінде: «Дүние бейнесі - бұл айнала қоршаған орта туралы санада қалыптасатын ішкі бейнелердің жиынтығы. Яғни дүние бейнесі зердемен сурет салумен тең» деген болатын [66]. Осы

тұжырымнан кейін дүние бейнесі ұғымы гуманитарлық ғылымдарда лингвистика, философия, психология, мәдениеттану салаларында кеңінен қолданыс тапты. Адамның танымдық жүйесі көпқырлы, алуан түрлі болғандықтан, санада қабатталған ақпараттардың саналы және бейсаналы, рационалды және иррационалды, логикалы-позитивті немесе эмоционалды-экспрессивті дүниетану жүйесінде дүние бейнесі механизмі ұйымдасатынын ғалымдар түгел мойындады. Дүние бейнесі - ұғымы лингвистикада тілге логикалық талдау жасау моделімен пара-пар келеді. Осы жайында ғалым В.Маслованың зерттеуінде: «Дүние бейнесі – сол әлемде өмір сүретін адамның әлемімен теңдес» деген болатын [67]. Дүние бейнесі – бұл дүниетанымның нәтижесі, яғни дүниені адамның танымдық қабілеттері арқылы қабылдау және оны абстрактілік ойлау жүйесінде қорытындылаудан шыққан нәтиже. Демек, дүниетану – ұғынудың әдісі, ал дүние бейнесі – танымның көрсеткіші [68].

Дүние бейнесі – күрделі перифериялық құрылымнан тұратын тұтастық. Адамның өмір сүру әрекетінде жүзеге асатын таным шарттарының бірі. Дүние бейнесі үш компоненттен құралады: дүниені тану, дүниені қабылдау және дүниені сезіну. Дүниені тану уақыт, кеңістік, әрекет үштігіндегі ақиқат әлемді танымдық қабілеттің көмегімен концептуалды категорияларға салып ұғыну. Дүниені қабылдау – бейнелі-перцептивті тану әрекеті, яғни адам немесе ұлт мәдениетін материалдық және рухани құндылықта өзге мәдениетпен салыстыру арқылы ұғыну. Дүниені сезіну – ойлаудың күрделі қабаты, ұғым қалыптастырушы ментальді әрекеттердің көрінісі [69]. М.А.Егорованың зерттеуінде дүние бейнесі «ментальді әрекет және ойлау процесіндегі рефлексивті, саналы және эмпирикалық түсініктердің ақиқат бейнесі» ретінде қаралып, дүние бейнесі «мәдениетті танытушы санадағы стереотиптер мен концептілік өрістердің жиынтығы» түрінде беріледі [70]. Ю.А.Лотман «Әрбір тарихи дәуірдің дүние бейнесі» болатынын, сонымен бірге «жалпыадамзатқа ортақ әмбебап дүние бейнесі» де бар екенін, бірақ оның «тым абстрактілі» түсінілетінін сөз етеді. Ғалымның пікірінше, «адамдар топтық қауымдастыққа жіктелгенде әрбір топтың дифференциалды дүние бейнесі болады». Ал «дінге табынушылардың мүддесі бір болғанымен, олар бірнеше топқа бөлінгендіктен әртүрлі дүние бейнесі» қалыптасатындықтан «мұсылманның, христиантың, буддистің картина миралары әртүрлі болады» [71].

Лингвист, антрополог Э.Сепир тілге қатысты «Грамматист и его язык» (1924) деген мақаласында тіл мен адам психикасын, интуициясын байланыстырып зерттеп, мынадай тұжырым жасайды: «бізде тілдердің психикалық процестердің ауқымды және толыққанды желілерінің мәдени қоймалары болып табылатындығын болжауға барлық негіз бар, бізге оны әлі нақты анықтау қажет» деген тұжырым жасайды [72].

Б.Уорф «тілдің қызметі тек идеяны жарыққа шығарумен шектеліп» қоймайтынын, «сол идеяның өзін туғызуға да» қатысатынын, сол себепті «меңгерілген тілдің шеңберінен тыс ойлау да мүмкін» еместігін айтады [73]. Бұл тұжырымды тіл тек ойды бейнелеп қоймай, ойдың (танымның) өзі де тілге қатысты туындайтыны туралы алғашқы пікірлердің бірі деп бағалауға болады.

Ю.Н.Карауловтың пікірінше, «ұғымдар, концептілер, идеялар сияқты бірліктер әрбір тілдік даралық (индивидуальность) үшін белгілі бір дәрежеде реттелген, жүйелі «дүние бейнесін» құрайды, ол бейне құндылықтардың иерархиясын (сатылы байланысын) бейнелеп көрсетеді» [74].

Ж.Манкеева «тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі» болғандықтан «мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре» алмайтынын, адамды «түгелдей дерлік таңбалық әлем» қоршағанын, өйткені «адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс» болып саналатынын, «адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да» болатынын, ал «тіл – тек денотативті (белгілі сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал» екенін, «тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті» жатқанын тілдік фактілер арқылы түсіндіреді [75].

Дүние бейнесі лингвистиканың антропоцентристік парадигмасында кеңінен зерттеліп, антропологистиканың зерттеу нысанына айналған. Тілді антропоэзектік тұрғыдан зерттеуде адамның тілге қандай ықпал жасайтыны, тілдің адам санасына, ойлауы мен мәдениетіне тіл тұтынушының қолданыс барысында қалай әсер ететіндігі анықталып, ерекше маңызға ие тілдегі адам мәселесін оның әлемге қатынасы арқылы толық сипаттауға болады. Тілді таным құралы, қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметі негізінде дамытатын – жеке адам. Соның ішінде жеке шығармашылық тілдік тұлға тілдік қолданысқа жүйедегі құралдарды икемдеп, басқа мағынада жұмсап, жаңа өң беріп, құбылтуы сөз әлеуетін аша түседі.

Себебі тіл – қатынас құралы, тіл – ұлттың мәдени коды. Тілдің жәрдемсіз мәдениетті оқып-игеру мүмкін емес. Тіл арқылы ұлттың қазіргі кездегі менталитетін, ерте кездегі тілдік ұжымның дүниеге, қоғамға, өзіне деген көзқарасын, сана-сезімін айқындауға болады [76].

Антропологияда дүние бейнесі ұғымы іргелі ұғым қатарына жатады және онда адамның өзіндік ерекшелігін, оның тұрмысы мен әлемге деген көзқарасын, қатынасын анықтайды. Ал дүние бейнесін қалыптастыруда тілдік таңба екі түрлі қызмет атқарады: біріншіден, тіл қойнауында дүниенің тілдік бейнесі жасалады. Бұл – адамның санасындағы әлемдік бейнелердің ең терең қабаты. Екіншіден, тілдің өзі басқа дүние бейнелерін танытуға, оның мазмұнын ашып көрсетуге, түсіндіруге қолданылады. Тіл арқылы индивидтің жинаған тәжірибелі білімі ұжымға тарайды.

Ғалым Б.А. Серебренников «Дүние бейнесі еш уақытта толық, бүтін заттанған түрде немесе бір ғана бейнеге тән болуы мүмкін» еместігін, яғни «дүние бейнесі ғылым мен философиялық білімнің объективтік көрінісін бейнелеп қана» қоймайтынын, «ол бүкіл қоғам не жеке индивидтің сол дүниеге деген көзқарасынан туындаған компоненттер арқылы» берілетінін айтады [77].

Дүние бейнесін қалыптастыруға адамның барлық психикалық әрекеттері қатысады: сезіну, қабылдау, түйсіну, түсіну және ойлау, өзінше ұғыну және т.б. Дүниенің бейнесі дүниені танудың алғышарты болып табылады. Әрбір

элеуметтік жүйеде, әрбір қоғамның өркениеттік даму барысында дүние бейнесінің өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылып отырады. Олар негізгі концептуалдық және сезімдік қабылдаулары негізінде адамның танып түсінген деңгейі дәрежесінде болады. Қоғам дамып, дүниенің қасиеттері одан әрі таныла бастаған сайын дүние бейнесінің мазмұны да өзгеріп отырады. Демек, дүние бейнесі – өзгермелі құбылыс. Ал адам санасында қалыптасатын дүние бейнесі арқылы тілдік қорды, тілдің ішкі мағыналық формасындағы өзгерістерді зерттеуге мүмкіндік жасалады.

Адамзат үшін ақиқат дүние біреу болса, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамзатта, әр ұлтта әр деңгейде сан алуан интерпретацияда беріледі. Сондықтан тіл иесінің ой-өрісіне, концептуалдық әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс табады, өзінше бейнеленіп суреттеледі, ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады. Тілдегі ұлттың мәдени көрінісін анықтауда тиімді тәсілдердің бірі типологиясы әртүрлі тілдердегі (қазақ, орыс, ағылшын) дүние бейнесін бейнелеудегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айқындау болып саналады. Бұл салыстырулардың терең танымдық құрылым деңгейі кең тілдік білім аясында жүргізілуі «тіл мен таным», «тіл мен мәдениет» сабақтастығын айқындауда маңызы ерекше.

Ендігі кезекте этникалық дүние бейнесінің зерттелуіне тоқталайық. Философия ғылымында этникалық сана мен ұлттық таным тоғысында олардың басқа танымдық жүйеден ерекшелігін анықтап, дифференциалдық белгілерін зерттеген Н.Бердяева, Г.Булгакова, Л.Карсавина, П.Милюкова, В.Розанова, С.Франка, П.Чаадаева, Г.Шпета, М.М.Бахтин, Л.М.Баткин, В.П.Визгин, Г.Д.Гачев, Т.Т.Грабельных, Т.А.Голикова, А.Гудзенко, А.Я.Гуревич, Р.А.Додонов, И.Г.Дубров, В.С.Жидков, Т.В.Иванова; Ю.М.Лотман, В.Г.Макаренко; Т.В.Наумова, А.П.Огурцов; А.С.Панарин, И.К.Пантин, О.Г.Почепцов, Л.Н.Пушкарев, М.Рожанский; М.А.Розов, К.Б.Соколов, О.Н.Стрельник, Е.Я.Таршис, Б.А.Успенский, В.А.Шкуратов, И.Ю.Шульман, И.Г.Яковенко тұжырымдарынан кейін, этникалық дүние бейнесінің алғышарттары қалыптаса бастайды.

Этникалық дүние бейнесінің зерттелуіне себеп болған жайт - полиэтникалық мемлекеттердің мәдениаралық қатынасы, ондағы этникалық үдерістердің белсенді көрінісі. Этникалық дүние бейнесі элеуметтік ақиқаттың көрінісі ретінде социологиялық зерттеулердің нысанына айналды. Этникалық дүние бейнесі арқылы ұлттың рухани болмысын, ұлттық танымын айқындауға мүмкіндігі бар екенін элеуметтік зерттеулермен дәлелдеген ғалымдар П.Бергер, П.Бурдьё, Э.Дюркгейм, М.Вебер, Г.Гарфинкель, И.Гоффман, Г.Гурвич, Г.Зиммель, Т.Лукман, Г.Спенсер, Т.Парсонс, Ч.Миллс, Дж.Сёрль, Ю.Хабермас болды.

Тіл білімінде этникалық дүние бейнесі біріншіден, ұлттың менталды сипатын (характерін) айқындайды, екіншіден, ұлт ретіндегі қалыптасу. тұтасу феномені ретінде қызмет етеді, үшіншіден, өзге этностық топтардан ерекшеленетін мәдени, психологиялық, рухани, менталды, философиялық және

көркемдік танымындағы айрықша белгілерін көрсетеді.

Сондықтан тіл дүние бейнесі туралы білімді сыртқа көрсетіп қана қоймайды, ғұмырнамалық тәжірибенің түпсанада бедерленіп, үздіксіз сұлбалануына және оның айқындалуына, ұрпақтан-ұрпаққа жетілуіне қалтқысыз қызмет етеді. Демек, тілді жаңа ғасыр баспалдағында теориялық-танымдық үрдісте қарастырып зерттеудің қажеттілігі туып отыр [78].

Этникалық дүние бейнесін зерттеу үшін мынадай әдістер қолданылды:

1. Әлеуметтік-философиялық зерттеу әдісі. Белгілі бір ұлттың әлеуметтік тіршілігіндегі ұлтқа тән философиялық пайымның ұлттық құндылыққа айналуын, құндылықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, жойылмауы, ұлттың сана жадында сақталуын зерттеу. Мәселен, қазақтың этномәдени танымында қасқыр – батырлықтың, күштіліктің символы. Қасқырдың еркегі – «арлан» қайтпас қайсар, ержүрек, палуан, жеңімпаз батырларды теңеуде жиі қолданылады. «Алаш арландары», «ашу қысқан арландау», «арлан жігіттер» деп ерлердің батырлығы мен күштілігін сипаттауда кеңінен қолданылады.

2. Мәдениеттанымдық зерттеу әдісі. Ю.Караулов ұсынған «семантикалық гештальт» жүйесі бойынша дәстүрлі ортада қолданылатын материалдық және рухани мәдениеттің ырым-ғұмымдарда, жосын-жоралғыдарда қолданыс жиілігінің арқасында тілдік жүйеге сіңісуі, яғни мақал-мәтелден, фразеологиялық оралымдардан орын табуы анықталады. Мәселен, бөрі - қасқырдың эвфемистік атауы. Қазақ этносында хайуан бола тұрса да киелі атанған. Сонау көне түркі дәуірінен-ақ бөріні байрақта рәміздеп, «көкбөрі» деп ұран шақыруы, көкбөріні «Тәңірдің қасқыры» деп тануы, этнос танымындағы тотемдік түсініктің терең сақталуымен байланысты. Қазақ халқы қасқыр киелілігінен болса керек тура атаудан бас тартқан. Сондықтан «көк бөрі», «көкжал», «ұлыма» «қарақұлақ», «серекқұлақ» деп жанама атаулармен атаған. Тіпті көкжал сөзін батыр ұғымымен синонимдес қолданып, тіпті батырлардың ішіндегі мықтысы деген сипатты танытуда белсенді қолданылған. Мысалы, Барақ батырды көкжал Барақ деп атаған. *Оғызнамада* кезекті бір жорыққа аттанған Оғызханның алдына түсіп алған көкбөрімен адамша сөйлескені баяндалады. Халық Ер Жәнібекті бастап жүретін екі бөрі болыпты дейді. Ал Сұраншы мен Бұғыбай батырлардың найзаларының ұшында құймаланып жасалған бөрі басы бейнеленген екен. Көкпар (көкбөрі) тартқанда, ешкімге есе бермей, топты жарған жігітті *Көкбөріге* балаған. Бөрі тектілікті, өрлікті білдірумен бірге магиялық қасиеті бар өсіп-өнгізуші тіршілік иесі (итке де қатысты) ретінде де танылды. Қоралы қойға қасқыр шапса, «*көк бөрінің аузы тиді, көк Тәңірі қолдайды, мал басы өседі*» деп ырым етеді. Ұрпақты болу үшін жаңа түскен келін итке етегімен дәм береді. Қасқырдың әртүрлі мүшелерін түрлі ем-домдық шараларға пайдаланған, бойтұмар ретінде бойда сақтаған. Сәукеле әшекейіне зиянды күштерден сақтайды деп тұмар ретінде бөрі тісін таққан. *Желінсау* болып ауырған малды қасқырдың бас сүйегіне сауады; мешел (рахит) баланы бөрінің бас сүйегі салынған суға шомылдырады; көз тиіп ауырған баланы арнайы кептіріп сақтап қойған қасқырдың езуінен өткізіп алып, тіл-сұғын шығаратын магиялық ырым жасайды. Жаңа туған сәбиге алғашында

қайнаған суға малған қасқырдың жүнін сорғызып ауыздандырып, содан соң барып емізеді. Бұл, бір жағынан, сәбидің асқазанынан жел шығару әрекеті болса, екінші жағынан бөрі иеге, пірге табынудың жұрнағы болып саналады. Бөрінің асық сүйегін жол ашады, пәле-жаладан қорғайды деп, ер азаматтар жанына алып жүреді, ырымдап үйде сақтайды. Көшпелі орта мал далаға түнеп қалса, «қасқырдың жағын байлау» рәсімін жасаған. Ол үшін егер үйде бар болса, бөрінің жақ сүйегін, ол болмаса, көбінесе қайшының аузын, кейде тымақтың немесе дамбалдың сол жақ бауын, баланың жейдесінің жеңін, түндіктің алдыңғы бауын шорт байлап: «Түнемедегі маңыраманы (қой) аман сақта, Құдайым, ұлыманың (бөрінің) аузын будым!» деп айтатын болған. Түз тағысы бөрі ұғымы мен көшпелі халықтың көсем, басшы, батыр ұғымдары арасындағы өзара сабақтастық мәдени-семантикалық мәнді байланысты пайымдауға болады. Бөрінің мәдени ортада, күнделікті тұрмыста, шаруашылық қарекетінде үлкен мәнге ие болғандығын аңғарамыз.

Этникалық дүние бейнесі тілде көрініс табады. Әсіресе, этномәдени атаулардың көне символдық, эталондық, ритуалдық, мифтік мағыналары мен мәдени, рухани құндылықтарын танытатын семантикалық өрісінде айқындалады. Қазақтың этникалық дүние бейнесінің тілдік жүйеде вербалдануын зерттеу үшін этномаркерленген ұғымдарды тірек еткен дұрыс. Сондықтан қазақтың этникалық дүние бейнесі мифологемдік, прецеденттік, зооморфтық, фитоморфтық, орнитонимдік, материалдық және рухани мәдениет атауларының мазмұнын ашу арқылы анықталады.

Қазақтың этникалық дүние бейнесін вербалдайтын мифологемдік этномаркерлердің бірі - Бәйтерек ағашы. Көнеден келе жатқан қазақ мифологиясында Бәйтерек ағашы – күллі ғалам бейнесі, ол жер астынан өрлеп, жер үстін көктей өтіп, аспанға тіреледі. Бәйтерек – ежелгі таным бойынша тылсым қасиетке ие алып ағаш. Бәйтерек байырғы орта түсінігінде жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жерасты, діні адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш. Мұндай ағаш үлгісі дәстүрлі қауымда *мықан ағашы, мырзатерек, әулие ағаш, сетер тал* делініп, пішіні мен мәніне қарай әртүрлі аталған. Бәйтерек ежелгі түркі сөзі, *бәй* «үлкен» деген сөз, «*бай*» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі (бәйбіше, бәйшешек), *үлкен, алғашқы* деген ұғымдарды, ал *терек* (парсы тілінде – *дарақ*) «*ағаш*» деген ұғымды білдіреді. Демек, «Бәйтерек» екі сөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» дегенді танытады. Байырғы ортаның мифтік санасы көрінетін ауыз әдебиеті нұсқаларында қаһарман әртүрлі себептермен жер астына түседі. Төменгі әлем – қараңғы, зұлым күштердің мекені, өлілер патшалығы. Осы әлемге тап болған қаһарман көкке тірелген Бәйтерекке келеді. Бәйтеректің түбінде – айдаһар, төбесінде – Самұрық құстың ұясы, ұяда жұмыртқа немесе жаңа ғана жұмыртқадан шыққан шақа балапандар. Мифтік қаһарман айдаһарды өлтіріп, балапандарды ажалдан құтқарады. Самұрық құс қаһарманға ризалығын білдіріп, Бәйтеректі бойлай ұшып, оны төменгі қабаттан ортаңғы қабатқа алып шығады. Әлемнің төменгі қабатына түскен мифтік қаһарманға жарық дүниеге шығатын жол тек Бәйтерек арқылы жүзеге асады. Ол – мәңгіліктің символы.

Самұрық қаһарманды жер бетіне алып кеткенде де Бәйтерек оның ұясын, балапандарын қарауылдап қалады. Бәйтерек тек үш қабатты байланыстырып тұрған дәнекер ғана емес, адамға ізгілік жолын көрсетуші, жақсылық жасаушы. Бәйтерек жай ағаш емес, ол өте үлкен, «үйдің жуандығындай», алты канат киіз үйді көз алдыңызға елестеді. Мифологиядағы Бәйтеректің осыншама ізгілікті қызметі ел танымына ерекше ықпал етіп, керемет ағаш деген ұғым қалыптастырған да, «бәйтерек» сөзі қосымша астарлы мағынаға ие болған. Бәйтерек атауына байланысты тілімізде қолданылатын сөз орамдарынан оның бірнеше мәнде: кәдімгі зәулім ағаш; екіншісі, әлем ағашы; үшіншісі – мықты, зор, күшті мағынасында; төртіншісі, тірек, сүйеніш, қорған, пана мәнінде ұғынылатынын байқаймыз.

Стереотиптік этномаркерленген тілдік қолданыстар арқылы қазақтың этникалық дүние бейнесін тануға болады. Қазақ халқы – уәдеге берік, берген сертін, антын бұзбауға бейімделген халық. Себебі ұлттық танымдағы магиялық стереотиптер санада терең сақталған. «*Айтылған сөз – атылған оқ*» принципін ұстанған қазақ түсінігінде антқа, уәдеге, сөзге берік болмау өліммен тең деп түсінілген. Егер сертін орындай алмаса құрбандық шалатын болған. Соған орай «*Серттен таятын болсақ, қара қойдың қаны ұрсын*», «*Антымыздан қайтсақ, қара тас бассын!*» деп ант ететін болған.

Сонымен қатар этикеттік формулаға айналған стереотиптік қолданыстардың вербалдануы қазақтың этникалық дүние бейнесін танытады. Мысалы: қуанышты сәттерде: *қуаныш ұзағынан болсын, құтты болсын* т.б., мерекелерде: *мереке құтты болсын, мерейлерің өссін* т.б., жиын-тойларда: *той құтты болсын, той-тойға ұлассын, тілеу қабыл болсын* т.б., алыс сапарға аттанғанда: *аман барып, сау қайт; жолың болсын. Қызыр ата қолдасын, қиын сапардан келгенде: кеткенің келіп, кемтігің толсын* т.б., қиын-қыстау сәттен өткенде: *бас аман болсын, денің сау болсын* т.б., көңіл сұрағанда: *науқасың шипалы болсын; ауырғанда бір, аунап тұрған да бір* т.б., қайғысына ортақтасқанда *арты жақсы болсын, бастарың аман болсын, жаңа киім киген адамға киімің тозғыш, өмірің озғыш болсын; игілігін көріп, өзің тоздыр; өз иығыңда жүріп тозсын; киімің кіршең болсын* т.б. тілек айтуы – стереотипті сіңген вербалды қолданыстар.

Прецедентті этномаркерлер де қазақтың этникалық дүние бейнесін вербалдайды. Мысалы, әйгілі батырлардың, хандар мен сұлтандардың, би-шоралардың, сал мен серілердің есімдеріне олардың мінген тұлпар, сәйгүлік, арғымақтарының атаулары прецедентті мән-мағына береді: Қобыландының *Тайбурылы*, Алпамыстың *Байшұбары*, Қамбардың *Қарақасқасы*, Ертөстіктің *Шалқұйрығы*, Ертарғынның *Тарланы*, Кендебайдың *Керқұласы*, Қабанбай батырдың *Қубасы*, Райымбек батырдың *Көкойнағы*, Қарабектің *Құлашасы*, Ақансерінің *Құлагері*, Кененнің *Көкшолағы* деген сияқты тұлпарлар арқылы батырдың есімін тану моделі – қазақ мәдениетіне ғана тән құбылыс. Міне, ел есіндегі әйгілі прецедентті есімдермен қатар олардың мінген аттары да прецедентті жалқы есімге айналған.

Сондай-ақ қазақ мәдениетінде ел басқарудың, хандықтың эталонына

айналған – Абылай ханның есімі прецедентке айналған. Мәселен, «Абылайдың асындай» фразеологиялық тіркестің мәні – ұлан-асар той мағынасының астарында Абылайға құрмет, Абылайдың жеңісінен кейінгі халықтың қуанышы жатыр. Ал қазақ тарихында «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды» аңсаған Асан қайғының есімі «мұң», «зар», «қайғы» мазмұнын символдайтын прецедентке айналды. Мысалы, «Асан қайғыға салыну» (қайғыру) фразеологизмі кең қолданысқа енді.

Зооморфтық этномаркерлер. Қазақ мәдениеті мал шаруашылығымен тығыз байланысты болғандықтан, тіршілігі мен өмірінде мәдениеті мен тілінде жан-жануарларға қатысты атаулар, бейнелі ұғымдар, материалдық бұйымдар шексіз көп. Мысалы, «*Жылқың болса суға сал, сиыр болса шымға сал, қой мен түйеңді құмға сал*» деген қағида әр малдың қандай жайылымды қалайтындығын меңзейді. Демек, қазақтың этникалық дүние бейнесін зооморфтық этномаркерленген атаулар арқылы да тануға болады. Мысалы, «*сыңар мүйір*», «*қошқар мүйіз*», «*тайтұяқ*», «*өрмекиі*», «*алабас*», «*түлкібас*», «*қосмүйіз*» сияқты зооморфтық өрнектер дәлел болады. Сондай-ақ бақсылардың *шегіркөзді қыран құс, азулы аң (бөрі, қабылан, жолбарыс т.б.), құтпан аталық (құла айғыр, қара бура), алашұбар (қызылшұбар) айдаһар* сияқты зооморфтық кейіпте жын шақырып ем-дом жасайтыны – ұлттық мәдениеттің көрінісі. Адам мінезі мен сымбатын сипаттауда қой аузынан шөп алмас (момын), түлкі бұлаңға салу (қулық жасау), түйені түгімен, биені бүгімен жұтатын (парақор), сиыр сәске (күннің қызған кезін білдіретін халықтық өлшем), ит мініп, ирек қамшылау (азып-тозу), ит тұмсығы батпайтын (қалың орман), жыланы қайтпай отыр (ашқарақтығы басылмады), ешкі көзденді (бақырайды, тікірейді), боздағын бордай етті (азаматын жойды, жерге қаратты), бөрі тиген қойдай қылды (ойран-топырын шығарды), бурадай бұрқылдады (қатты ашуланды) және т.б. тұрақты тіркестер қазақтың этникалық болмысынан хабар береді. Сонымен қатар, кейбір ономастикалық атаулар да зооморфтық мазмұн болады. Мысалы, Сайрамсу өзенінен арық тартып, су апарғанда, салт бойынша Жанабай жұрты нар түйе сойып құрбандық берген екен. Кейін бұл арық халық арасында «*Нар сойған*» арығы деп аталып кетті. *Түйетартар* арығының тарихы да осыған ұқсас. Бұнымен қоса, түйе іріліктің бейнесі болғандықтан эталон ретінде де кең қолданылған. Мысалы, қазақтар сан күресте жығылмай, бәйге алған балуанды жауырыны жерге тимеген, жамбасы жерге тимеген деп мадақтап, *түйе балуан* деп әспеттеген. Қазақтың төрт түлік малға қатысты ырым-тыйымдары да зооморфтық этномаркерленген ұғымдар ретінде этникалық дүние бейнесін вербалдаушы құралдар ретінде қызмет етеді. Мысалы: Қасқыр шапқанда *жағы қарысып қалсын* деген ырыммен түйенің мойнына кәрі жілікті іліп қояды; түйенің етін жегеннен кейін мезгілінде толғағы келмей, босану мерзімі ұзап бара жатса, сол үйдің төріне өлген бураның басын іліп қою керек (әйел қиналмай, тез босанады-мыс); ас беруге келетін басқа рудың адамдары, өздерінің дәулетіне қарай, марқұмға жақындығына, тілеулестігіне қарай он шақты жылқы немесе түйе жетектеп келеді. Бұл «*аза*» деп аталады. *Түйе тарту* – ас берген ойналатын бәйгенің бас

жүлдесі. Сонымен қатар қазақ мәдениетінде антропонимдердің зооморфтық мазмұны бар екенін былайша түсіндіруге болады: көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қонып жүрген қазақтар көбіне бала атын дәстүрлі және қосалқы шаруашылықтарымен байланыстырып қойған. Осыған орай Түйебай, Жылқыбай, Сиырбай, Қойлыбай, Қозыбай, Лақбай, Күшікбай, Итбай, Қарсақбай, Бүркітбай, Шортанбай, Сазанбай сияқты зооморфтық антропонимдер күні бүгінге дейін сақталған.

Фитонимдік этномаркерлер. Қазақ мәдениетінде мал жайылымына байланысты ащы от, көк оттың құнарлығына қарай өсімдік атаулары да тілде кеңінен көрініс табады. Құрамында күшті әсер ететін минералдық заттары мол, ащы, кермек дәмі бар, мал аңсап жейтін шөптердің ерекше түрлері – баялыш, жусан, ермен, қарабатқыл, қызылша, кекіре, итсигек, усойқы, ақ мия, ақбас, бұйырғын, қоянот, жуа, қымыздық, сексеуіл, қара барқын, қара сораң, жантақ, күйреуік, жыңғыл, тал, жиде, тораңғы, торғай оты, балық көз, кекіре, ала бота, боз бота, жалмаңқұлақ, бозды бас, көкпек, шыртылдақ, шытыр, қызғалдақ, теріскен, дүзген, ақ бас, текесақал, бөргек, шайыр, шағыр, құрғаш сияқты өсімдіктерді ащы от құрамына енетін өсімдіктер. Бадал – таулы өлкелерде өсетін дәні улы өсімдік. Қазақстанның оңтүстігінде бадал өскен жерге мал жаймайды, бала-шағаны жолатпайды. Ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін *Адырда өскен бадал ма, мал жаныңыз аман ба?* деген жолдар оның дәнінің мал мен жанға қатерлі болатынын ескертеді.

Бадана – жаңғақ жемісті өсімдіктерге жататын жеміс ағашы, бұта және сол ағаштың жемісі. Бадана жемісінің үлкендігіне байланысты дөңгелек үлкен көзді адамды *бадана көз*, үлкен «көзді» (қасты) жүзікті *бадана көз жүзік*, ал кейбір тұрмыстық заттардың көлеміне байланысты оларды *баданадай* деген анықтауыш арқылы сипаттаған. Мысалы, *баданадай бұршақ*, *баданадай жүгері* деген сияқты тілде этномаркерленген.

Бұйырғын – тырбиған ащы жусан тұқымдас өсімдік. Ертедегі емшілер бұйырғынды дауа ретінде емге де пайдаланған, жараның ісігі ойылып түсіп қалуы үшін сақар немесе сілтілі шөп пен бұйырғынның үгіндісін сепкен. Төрт түліктің ішінде әсіресе, түйе малы ерекше сүйсініп жейтін шөп.

Сарыарқаның белінде

Ырғыздың құба дөңінде,

Жусанның түбін кемірген

Бұйырғын жеп семірген...– деп түйе түлігін сипаттаған Базар жырау бұйырғынның түйе түлігі сүйіп жейтін шөп екендігін айтқан екен.

Бүлдірген – жер бауырлап түп-түп болып өсетін ұсақ жидекті өсімдік. Түрлері: *сиыр бүлдірген* сабағы жіңішке әрі ұзын, ұсақ тікенекті жеміс (ежевика); *қой бүлдірген* (земляника); *тас бүлдірген* (костянка) алқызыл, қышқыл дәмді, жемісті, ормандарда өсетін өрік, шие тәрізді сүйекті жеміс. Бүлдірген балшырынды және дәрілік өсімдік, оның жапырақтарының жемісі халық емшілігінде кеңінен қолданылады.

Жапанға біткен жапырақ,

Жамылсаң тоңар ма екенсің?

Жазғы шыққан бүлдірген

Сұғынсаң тояр ма екенсің? – деп, Д.Бабатайұлы жырлағаны белгілі.

Демек, өсімдік атауларының паремиологиялық қорда жасырын мағынада өзге ұғымды сипаттауы қазақтың этникалық дүние бейнесінде айнала қоршаған табиғаттың стереотиптік дағдыға ұласуынан айқын көрініс тауып отыр.

Материалдық мәдениеттің этномаркерленуі. Қазақтың этникалық дүние бейнесін ерекшелеп, шынайы көрсететін детальдар – материалдық мәдениет элементтері. Мәселен, қазақтың қара қазаны – ұлтты танытушы символ іспеттес.

Қазан – үйдің бас мүлкі. Қазақы дастарқанға қойылатын тағамдардың түгелге жуығы дерлік қазаннан шығатындықтан, оның күнделікті тіршіліктегі орны да ерекше болды. Қызға жасау бергенде қазанды ошағымен береді. Бүркіт қырық қырсықтың бетін қайтарады деп, ел ішінде ошақтың үш бұтына деп ырымдап, арнайы кәдеге бүркіт бергені айтылады. Ұлға енші беріп, бөлек шығарғанда қазан беру міндетті саналған. Ұлына енші беріп, бөлек үй еткен, өз парызын өтеген әке *«қойнына қатын салып, бауырына қазан орнаттым»* дейді. Бұл – *«баламды ел қатарына қостым»* дегені [79].

Әдеп нормасы бойынша, үйлеріне қонақ келгенде, сол үйдің әйелі ет асайын, тамақ пісірейін демей *қазан көтерейін* деп, қазан-ошағын қамдай бастайды. Ошақтағы қазан ернеуін босағаға қаратып қисайта аспайды, «нәсібің» төгіледі деп ырымдайды. Малдың тастаған ішін қара қазанның астына салып бастырып қойса, іш тастауы тыйылады дейді. Күнделікті тіршілік, отбасының күнкөрісін айтқанда *қара қазан сары баланың* қамы деп, «қазанды» кірістіріп айтады. Әйел толғатып жатқанда ошақтағы қазанға абысындары ет салып қояды. *Қара қазан бұрын қайнай ма, қара қатын бұрын туа ма* деп «жарыстырады». Мұндай ырымды *жарысқазан* деп атаған. Халық түсінігінде, туашақ бала қайнайтын пісетін қазанмен жарысып, жарық дүниеге бұрын келуге ұмтылады дейді. Қолы билікке жеткен адамды *қазанның құлағын ұстады* деп, материалдық артықшылыққа ие болғанын меңзейді. Біршама жол жүріп келгенде мініс атты кешкі ас қазаннан түскенше суытып, қаңтарып қоюды *қазан суыту* дейді, яғни келген қонақтың атын *қазан суытумен отқа қояды*. Әйелдердің қарапайым тілінде *қайнаған қазан бауырыңа төгілгір* деген қарғыс сөз кездеседі, ал сиыр малына *қазандатқыр қызыл пәле* дейді.

Міне, қазанмен байланысты әртүрлі мазмұндағы тұрақты сөз орамдарының халық тілінде жиі ұшырасуы қазанның үйдегі және рухани дүниедегі бас мүлік ретінде алатын орнын көрсетеді. Қазан ең алдымен тоқшылықтың нышаны: *қазаны тоқ – уайымы жоқ*; қазан тәуелсіздіктің белгісі: *қазаны бөлектің қайғысы бөлек*; *оты басқаның отаны басқа*; *қара қазан – ел бірлігінің*, татулығының нышаны: *бір қазаннан ас ішті*; араздықты қоздырып іріткі салуды *бір үйге екі қазан астырған* дейді. Бұл айтылған нышандар мен символдар – қазанның этнос санасындағы мәдени-тілдік бейнесі.

Қазанның көлемі мен сыйымдылығы әртүрлі болады. Қазақ тұрмысында ең үлкен қазанды бір тайдың еті емін-еркін сыйып кететін болғандықтан *тайқазан* деп атаған. Тайқазанның көлемі (диаметрі) шамамен он екі қарыстан астам

болған деседі. Қамбар батырдың *тарақ балтамен* ұрып алған жолбарысының үлкендігін жырда он екі қарыс тайқазанға теңейді. *Торқалы тойда* (аста), қыз ұзатқан, келін түсірген *дүбірлі тойда* тайқазандар бірнеше жерден қазылған жер ошаққа асылады. Бұларға басшылық жасап, реттеп жүретін жауапты адамды *қазанбасы, қазанбасшы* деп атаған. Ал соғыс жағдайындағы жорықтарда әскерді ас-сумен қамтамасыз ететін, асылған қазандарды бақылайтын жоғары лауазым иесін *бақауыл* деген. *Аз елге жасауыл болма, аз асқа бақауыл болма* дейді қазақ мақалы. Жарты қойдың еті асылатындай қазанды *бірқойлық қазан* деп атаған көрінеді. Күнделікті ас пісіруде көбінесе бір үйлі жанға шақталған жай қазан – шағын қазандар қолданылған. Ерте заманда ас пісіруге түбі шұңғыл, мыстан қақталып жасалған қазанды пайдаланған. Мысалы, қазанды ел ішінде *қызыл қазан* деп те атаған. Кейінгі заманда шойыннан құйылған жарты шар пішінді қазан қазақ тұрмысында кеңінен орын ала бастады.

Шаңырақ – қазақ баспанасының символы. Халық түсінігіндегі «үй», «баспана» ұғымдарын білдіру үшін шаңырақ сөзі қолданылады. Оны мынадай тілдік оралымдардан аңғаруға болады: «туған шаңырақ» (туған үй, туып-өскен үй), «үлкен шаңырақ» (үлкен үй), «шаңырағын отын қылды» (үйін қиратты), шаңырағың биік болсын (үй көтергенде, жеке отау болып бөлініп шыққандай айтылатын тілек), шаңырақ көтерді (үйленді, үй болды), «шаңыраққа қара» (өз үйің емес, бөтен үй, тыныш отыр), қара шаңырақ (ата, әже тұрған үлкен үй). Қазақ мәдениетінде тозған үйдің әртүрлі бөліктері ауыстырылып тұрғанмен, шаңырақты ауыстырмай тұтынады. Сондықтан ол ұзақ уақыт түтін сіңгендіктен қарайып кетеді. Сондықтан қара шаңырақ фразасы о баста соған байланысты қалыптасқан. Яғни ертеден келе жатқан көне шаңырақ деген ұғымды білдіреді. Ең бастысы оны ата-баба тұтынған бұйым болғандықтан қасиетті деп саналады,

Қазақтың этникалық дүние бейнесінде шаңырақ отбасы символы ретінде стереотиптелген. Шаңырақ сөзі отбасы, әулет ұғымдарымен мағыналас қолданылады. Себебі қазақ мәдениетінде киіз үйдің үш бөлшегі отбасының мүшелерімен ассоциацияланады, мысалы: шаңырақ – әке, уық – шеше, кереге – балалары. Осыдан барып, «Шаңырағың шайқалмасын!». «Шаңырағыңа шаң түспесін!» деп тілейді. Шаңыраққа қатысты қазақтың этникалық танымында мынадай ырым-тыйымдар сақталғаны халықтың этномәдени әлемін аша түседі: Көш кезінде шаңырақты ерекше қастерлейтін түйеге артқан. Ондай түйені «шаңырақ түйе» деп атаған. Ертеде кісісі қайтыс болғанда шаңыраққа марқұмның жасын білдіретін қара, ақ, жасыл, қызыл ту тіккен. Демек, ол үйдің қаралы екенін, құдайы қонақтауға болмайтынын білдірген. Шаңырақ сынып, жарамсыз болса, оны аяқасты қылмаған, таудың биік жеріне апарып қойған. Үйдің ішінде шаңыраққа немесе керегеге асылып тұрмайды, үйдің киесі атып, ауруға шалдығады деп сенген. Түнде ұшатын байғыздың шаңыраққа қонып шақыруы – жаман ырым. Оны қазақтар қараңғы түнде қара ниетті тарататын шайтанның сілтеуімен болжаған. Шаңыраққа құс ұя салса, жақсы ырым. Бақ қонады деп сенген. Шаңыраққа қарап түкіруге болмайды, шаңырақтың киесі ұрады деп ырымдаған. Бұрын жауласқанда шаңырақ пен қара қазан сындырып

кек алынса, Тәуке ханның жарғысы бойынша оның орнына оларды сындырмай, жәбір көрген жаққа сол заттардың өзін беріп бітімге келетін болған. Қазақта әйелдің нәрестесі туа салысымен шетіней беретін болса, жеті қара тасты ақ киізге орап шаңыраққа іліп қойған. Киіз үйді жыққанда шаңырақты жолымыз болады деп көшетін жаққа қарай қисайтып түсіреді. Киіз үйді жыққанда шаңырақты үйдің дәл ортасына қоюға болмайды. Өйткені бұл көрініс үйдің құлап, отбасының жойылуын елестетеді. Осылайша, қазақтың стереотиптік, ассоциациялық наным-сенімінен жинақталған этномәдени ақпараттар қазақтың этникалық дүние бейнесінің жадыда терең сақталуының негізінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыр.

Этникалық дүние бейнесі – жалпы адамзаттық дүние бейнесін толықтыратын құрамдас бөлігі. Этникалық бейнені құрайтын ақпараттар – этностың өзіне ғана тән, өзге мәдениетте жоқ ақпараттар. Әсіресе, өзге мәдениетте жоқ жосын-жоралғылар қазақтың ұлттық дүние бейнесін танытуға қызмет етеді. Этникалық дүние бейнесі кеңейген сайын ұлттық дүние бейнесіне ұласады. Мәселен, қыздың бұрымды болуы – сұлулық эталоны десе, жалпыадамзатқа тән әлемдік дүние бейнесі болады. Ал «қыз болсын деп, соңғы туған ұлға тұлым қою, керісінше, ұлға зәру болғандар соңғы туған қызға айдар қойып, ұлша киіндіріп өсіруі» қазақтың этникалық дүние бейнесін танытады. Сондай-ақ әйел балалы болғаннан кейін шашын, омырауын жауып тұратын кимешек киеді. Кимешектің гигиеналық және әдептілік қызметі бар. Қазақ әйелдері шаш тарағанда түскен шаштарын шүйкелеп жинайды немесе жинап жерге көмеді. Себебі о дүниелік болғанда шашылған шаштың сұрауы қатты болады дегенге сенетін болған. Осындай ешбір мәдениетте жоқ, этникалық таным-түсініктерді тілдік жүйеден іздеу тың зерттеуді қажет етеді. Бір ұлттың этникалық дүние бейнесін ашу олардың әрбір танымдық дүниесінің мәдени кодын ашумен тығыз байланысты.

Қорыта келгенде, этномәдени бірліктердің танымдық мәні этноконцептілер арқылы анықталатыны нақтыланды. Ал этноконцептілердің өзегін құрайтын этникалық дүние бейнесін тілдік жүйеде анықтау үшін мына қағидаларға сүйену талап етіледі: біріншіден, жалпыадамзаттық концептуалдық ұғымдарға әлеуметтік-философиялық зерттеу жүргізу қажет. Сол арқылы метафизикалық ұғымдарды ешбір мәдениеттік таным-түсінікке ұқсамайтын қағидалармен таныту ерекшелігі анықталады.

Екіншіден, мәдениеттанымдық зерттеу қажет. Сол арқылы ұлттық мәдени ұғымдарды және жалпыадамзатқа тән мәдени атаулардың ұлттың танымда түсінілуі анықталады.

Үшіншіден, символдық зерттеу қажет етіледі. Сол арқылы ұлттың немесе этностың ең қадірлі, қастерлі, киелі, құрметті ақиқат дүниелері, оның бейнесі анықталады.

Төртіншіден, семантикалық талдау қажет. Сол арқылы ұлт немесе этнос үшін концептуалдық өрістің болмысы анықталады. яғни ұлттың тіршілігі мен рухани өмірінде маңызды саналатын концептілік жүйелер айқындалады. Концепт өрісінде семантикалық өрісі кең ұғымдардың шоғыры кеңейген сайын,

сол ұғым ұлттық концептосфера құрай алады деген сөз. Мәселен, қазақ ұлты үшін «саяхат», «ақша» ұғымдары концептілік өріске енбеуі мүмкін, бірақ «отбасы», «бақыт», «бала» ұғымдары туралы семантикалық өріс толыққанды концептілік жүйені құрай алады.

Бесіншіден, қазақтың этникалық дүние бейнесін анықтау үшін, мифологиялық, стереотиптік, зооморфтық, фитонимдік, прецеденттік этномаркерленген атаулар мен материалдық мәдениеттің санада этномаркерлену құбылысын зерттеу этномәдени атаулардың мәдени кодын ашуға ықпал етеді [78,б. 40].

1.4 Этномәдени бірліктерді оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері

Еліміздің өркениетті, дамыған елдер қатарына қосылуы үшін ең алдымен қоғам рухани тұрғыдан жаңғырып, білім беру ісі жаңа парадигмаларды басшылыққа алып, жандануы қажет. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» қазіргі таңда жеке адамның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін жетілдіруге, адамгершілік қабілетін дамытуға, интеллектісін байытуға басымдылық берілген [80].

Рухани жаңғыруға қарқынды бет алған тұста қазақтың ұлттық құндылықтарын меңгерту, соның ішінде тілдік жүйедегі этномәдени атаулардың мәні мен мағынасын түсіндіру терең ізденісті талап етеді. Этномәдени бірліктердің дені материалдық және рухани мәдениет атаулары болғандықтан қазіргі қолданыста жиі кездеспейді. Ал оқушылардың тілдік қорында күнделікті кездескен бұйымдары мен әрекеттері, жағдаяттармен шектеліп келеді. Оның үстіне ғылыми-техникалық прогресс легімен енген шеттілдік сөздермен толығуда. Ендеше, қарапайым қазақ отбасындағы ұлттық құндылықтар: қыздың оң жақта отыруы, ер баланың малдас құрып отыруы, дастарқан басында берілетін бата мәні, дастарқанға үлкен кісіден кейін қол салу сияқты қарапайым этникалық этикеттер мен абдыра мен сандықтың айырмашылығын, бесті мен дөненнің айырмашылығын, қарқара мен сәукеленің айырмашылығын ажырата білу әрбір қазақ баласының парызына айналуы тиіс.

Қазіргі білім беру жүйесі этникалық бірегейлікті дамыту, этникалық мәдениет, тарих, тіл туралы білім алуға ұмтылу; ұлттық және әлемдік әдебиетті, тарихты білу арқылы ішкі дүниесін байыту, жалпы мәдениетін көтеруге ұмтылу; «Кемел тұлғаға» тән белгілердің тасымалдаушысы болуға ұмтылу тәрізді мәселелерді шешуге бағытталуы керек [81].

Дәстүрлі-құрылымдық және антропоцентристік парадигмада қатар анықталатын әрбір этномәдени бірліктердің концептуалдық, семантикалық өрісін келешек ұрпаққа таныту, меңгерту рухани жаңғыру үрдісін толықтыратын әрі жетілдіретін батыл қадам болар еді. Сондықтан қазақтың ұлттық болмысын танытатын, көне мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін, қазақы дәстүрдің ақиқат бейнесін айқындайтын этномәдени бірліктерді меңгерту ұлттық құндылықтың жалғастығын білдіреді.

Абай Құнанбайұлы «Адам ата-анадан туғанда есті болып» тумайтынын,

«естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе» ғана «дүниедегі жақсы, жаманды» тани алатынын, «білгені, көргені көп болған адам білімді» болатынын айтып, «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады», – деп тұжырымдайды. Ақынның пайымдауынша, «дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгендеп» білгісі келмеген «жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады». Абай «ми толмаған ессіз бала күнде» әр нәрсені білгісі келіп, сұрақ қоя беретін бала ержетіп, ақыл кіргенде «орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың» жолына түсуі керек деп есептейді. Оныншы қара сөзінде өмір бойы жинап-тергеніңді балаңа жұмса, «ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ» деп, ата-анаға баласын сауатты, білімді болып тәрбиелеуге шақырады. Отыз сегізінші қара сөзінде «ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды», балаға ғылым-білімді үйрету үшін «зорлықпен яки алдаумен үйір» қылсаң, оның ғылым-мен білімге деген махаббаты ашылған соң, оның аты «адам болады» деп тұжырымдайды [82].

Абайтанушы А.Қартаева Абайдың «толық адам» ілімін жан-жақты талдап, ақынның толық адамға қойған талабы оның ұлы Әбдірахманың бойынан табылатынын айтады. «Әбдірахман бейнесі гуманист ақынның өмір бойы аңсаған адамгершілік мұраттары хақындағы ойларының негізі, адамзат баласына ортақ асқақ үміті еді» деп тұжырымдайды [83]. Олай болса, Абайдың «толық адам» ілімін мектепке енгізу оқушыға ұлттық құндылықтарды игертудің алғы шарты болып табылады. Сондықтан білімді, білікті, есті ұрпақ тәрбиелеу үшін ақын шығармаларындағы этномәдени бірліктердің мағынасын, парқын, мәдени коннотациясын да түсіне білуге үйрету керек.

Ахмет Байтұрсынұлы «Баулу» мектебі атты мақаласында «өлі оқу», «төте оқу», «көрнекі оқу» туралы түсініктеме береді. Ғалым баулу мектебінің рөлін айрықша бағалай отырып, оған «Баулу мектеп» – нәрседен нәрсе жасап, тауар қылып шығаратын пабірік, зауыт сияқты да орын емес, өзінен-өзі өсерлік жағдай жасап, бәрін даяр күйінде беріп, балапан шығаратын жұмыртқа сықылды да орын емес, ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін шын еңбекші болып, ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын» деген анықтама береді [1,б. 18].

Ғалымның пікірінше, оқушыға берілетін білім тәжірибемен тікелей байланысты болуы шарт. Сонда ғана ол «өлі білім» емес, «тірі білімге» айналады. Оқушыға сабақ үрдісінде берілетін білім тек ақпараттық рөл атқарады, егер оған осы алған білімін өмірде қолдана білуге үйретсек, ақпарат білімге айналады.

Ж.Аймауытов «күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге» болатынын, бірақ «рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге» болмайтынын, «алса да халықтың көкейіне көпке дейін» қонбайтынын, «ендеше өзімізде бар дәулетті жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну» керектігін айтады [3,б. 45]. Ғалым айтқандай, өзімізде бар бай қазынамызды толыққанды пайдаланбай, оқушыға қазақ тілінің бай мұрасын таныта алмай жүргеніміз жасырын емес. Қазақ тілінің білім мазмұнында ұлттық құндылықтарымызды танытатын материалдардың аз беріліп жүргені де белгілі. Қысқа мерзімді сабақ

жоспарында ұлттық құндылықты тек жазып қойып, оны бала бойына толыққанды қалыптастыруға мән берілмейді.

Ы.Алтынсариннің этнографиялық еңбектерінде қазақ халқының өлген адамды жерлеу, құда түсу, қыз ұзатуға байланысты көптеген құнды мәліметтер бар. Мәселен, қайтыс болған адамның қандай жаста болғанын білдіру үшін қаралы үйдің жанына найза ілініп, қайтыс болған адам жас болса қызыл орамал, орта жаста болса қара орамал, қарт адам болса ақ орамал байланған. Ғалым сондай-ақ құда түсу кезінде жасалатын салт-дәстүрлерге де толық талдау жасап өткен. «Мұсылманшылықтың тұтқасы» мақаласында пенденің көңілінде көркем және бұзық пиғыл болатынын айтып, «Ләкин әрбір іс бастан түзу бола келмесе, түбінде түзелуі де қиын болады» деп, ағашты жас күнінде баптап өсірсең ғана «түзу болып» өсетінін, түзу өскен ағаштың ешуақытта қисаймайтынын сөз етеді. «Ағаш ұлғайып, қатып кеткен соң түзеуге» көнбей, сынып кетеді» деген тұжырымдамасы ұлттық тәрбиені баланың бойына жас кезінен бастау сіңіруге мән беру керектігін есімізге салады [84].

Ғалымның пікіріне сүйенсек, балаға тәрбиені де, білім-ғылымды да, ұлттық құндылықты да жас кезінен бастап бойына дарыту қажет. Сонда ғана біз өз ұлтын сүйетін, тілін құрметтейтін тұлға тәрбиелей аламыз.

Телжан Шонанов «Шала сауатты ересектер үшін» атты оқу құралында төрт түлік мал, қазақтың ұлттық тағамдары, егіншілікпен айналысу, Қазақстан топырағы және т.б. туралы мәтіндер берген. Бұл мәтіндердің функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы маңызы зор. Аталған мәтіндерді оқу арқылы төрт түлік мал туралы толық мәлімет алуға болады (жылқының жасын қалай білуге болады, қара шаруаға қандай ат керек және т.б.). Мәтіндерде көптеген этномәдени бірліктер қамтылған. «Орыстар үшін қазақша әліппе» еңбегінде сюжетті суреттер арқылы тіл үйретуді көздеген. Орыс және қазақ тілінің дыбыстарын салыстырмалы түрде меңгертуге мән берген. Ол үшін орыс және қазақ тіліндегі мысалдарды қатар алып отырған. «Қазақ тілінің оқу құралында» оқушыға берілетін тапсырмаларды жүйелі меңгертуді көздегені байқалады. Сабақ «Байқа» (дыбыстың айтылуына мән беру), «Жұмыс» (жаңа сөздерді әліпби ретімен дәптерге жазып, оны сыныпта жолдасына, үйде ағасына, әпкесіне айтып отыру), «Әңгіме» (диалог арқылы сөйлеуге үйрету), «Қорытұу» (тақырып бойынша қысқаша тұжырым беріп отырған) айдарларынан тұрады. Сол сияқты «Оқу», «Жазу» деп бөлек берген. Ғалымның әр сабақтың соңынан қысқаша тұжырым жасату әдісі зерттеу барысында негізге алынды [85].

Міржақып Дулатов «Мұғалімдерге» деген мақаласында «Өзі білумен өзгелерге білдірудің» екі басқа екенін, «білгенін кісіге білдіру яғни балаларды оқыту» үлкен ғылым болып саналатынын, ол ғылым «педагогика» деп аталатынына тоқталады. «Жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге» үйрету керектігін, сөзді «жадында толық мағынасымен» қалдыруға әдеттендіру қажеттігін сөз етеді. «Оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылып» оқытылса, «баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық ұғынып

шығады» деп тұжырымдайды. М.Дулатовтың пікірінше, баланың бойына ұлттық рухты бастауыш мектептен бастап сіңірсе, ол болашақта қандай мектепте білім алса да өз ұлтын сүйген адам болып шығады. Олай болса, осы қағиданы қазіргі таңда да үнемі назарда ұстағанмыз жөн. Қазақ тілінің атынан жазылған «Қазақ тілінің мұңы» мақаласындағы мәселелердің осы күнге дейін шешілмей келе жатқаны жанымызды ауыртады [86]. Тәуелсіз Қазақстанда ана тіліміз әлі қанатын кеңге жая алмай отырғаны жасырын емес. Бұрын орыс тілі еді, енді ағылшын тілі қосылды. Мектепке арналған оқу бағдарламасы түзелмесе, білім мазмұны ұлттық құндылыққа негізделмесе М.Дулатов айтқан мәселелер толыққанды шешіле қоймас.

Мұстафа Шоқайдың «Тіл – тек адамға ғана тән, аса құдіретті құрал. Сондықтан тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мағынасын, мәнін ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор» [87] деген тұжырымын басшылыққа ала отырып, тілді оқыту барысында отансүйгіштікке, адамгершілікке, ұлттық салт-дәстүрді қастерлей білуге баулу қажет.

Мағжан Жұмабаев «әрбір тәрбияшының қолданатын жолы – ұлт тәрбиясы» болу керектігін, ол үшін тәрбиеші ұлт тәрбиесімен жақсы таныс болуға міндетті екенін айтады. М.Жұмабаевтың пайымдауында, ұлт үшін ең қымбат нәрсе – тіл. Өйткені «ұлттың тілінде сол ұлттың жыры, тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп» тұрады. Көрнекті ағартушының пікірінше, баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп. Сондықтан «Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғиық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару» үшін тәрбияшы «бар күшін, бар білімін» жұмсауы қажет [4,б. 72]. Мағжан көксеген осындай оқушылар көп болуы үшін ұлттық мектепті дамытуға, білім мазмұнына ұлттық құндылықтарды енгізіп, оқытуға басымдылық беруіміз керек. Себебі оқыту – өте күрделі, көпкомпонентті үдеріс. Заманның ағымы, білім мен техниканың дамуы оқу үдерісіне тікелей ықпал етіп отырады. Қоғамның сұранысына қарай оқыту да үнемі өзгеріп, жетіле түседі. Оқыту үдерісіндегі басты тұлға – мұғалім. Мұғалім оқушыға оқу материалын ғана игертіп қоймайды, ол білімалушыны мәдени, жалпыадамзаттық құндылықтармен таныстырады, оны жеке тұлға ретінде дамытады, қалыптастырады. Осы мақсатқа жету үшін ол тақырыпты меңгертуге ықпал ететін ұстанымдар мен әдіс-тәсілдерді, амалдарды таңдап, іріктеп алуы қажет. Онсыз белгілі бір нәтижеге жету мүмкін емес.

Оқыту үдерісінде дидактикалық ұстанымдар айрықша маңызға ие. Себебі кез келген тақырыпты меңгертуде дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа аламыз. Оқыту ұстанымдары оқу үрдісінің маңызды аспектісі болып саналады. Ол зерттеу тақырыбын оқытуда, оның негізгі ережелерін тұжырымдауда негізге алынады. Ережелер мен заңдылықтарды игертуде де оқыту ұстанымдарына сүйенеміз. Әдістеме ғылымында дидактикалық ұстанымдардың түрлері өте көп. Оның ішінде барлық пәнге ортақ ұстанымдар да, жеке тақырыптың

ерекшелігіне байланысты негізге алынатын ұстанымдар да бар.

Оқыту ұстанымдары туралы сөз қозғағанда, бірінші, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріне сүйенеміз. Ғалым өзінің бүкіл ғұмырын қазақ балаларының сауатын ашу ісіне арнағаны мәлім. Қазақ баласына қажетті оқу құралдары бар ма, баланы оқытуда қандай әдіс-тәсілдер тиімді, оқытуда неге сүйену керек және т.б. көптеген сауалдарға жауап іздеп қана қоймай, оны шешу жолында қыруар жұмыс атқарғаны белгілі. Тілші-ғалым ұсынған, даярлаған, жазған құнды еңбектер осы күнге дейін өзінің маңызын жоймай, талай зерттеу жұмыстарының негізіне алынып келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің еңбектерінде, бірінші, ғылымилық ұстанымын қатаң ұстанған. Оқушыға берілетін әрбір тілдік бірлік ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, түсінікті әрі нақты түсіндіріліп отырылады. Оның айғағы – осы күнге дейін ол ережелердің айна-қатесіз қолданылып келе жатқаны.

Екінші, жеңілден ауырға, жайдан күрделіге ұстанымы арқылы оқу материалын жеңіл игертуге мән берген. Оқулықтарында қазақ баласының танымына жақын, таңсық емес дүниелерді ұтымды қолданған. Қазақ баласының күнделікті өмірінде кездесетін мақал-мәтел, ертегілер арқылы оқу материалын іріктеп алған.

Үшінші, қазіргі білім беру жүйесінде жиі айтылатын өмірлік дағдыны қалыптастыру немесе өмірмен байланыстыру ұстанымын термин түзуде пайдаланған. Сауатын енді ашып жатқан қазақ баласына тілдік бірліктерді меңгерту үшін таныс дүниені алып, түсіндіріп, оны термин ретінде ұсынған. Осы уақытқа дейін қолданылып жүрген терминдердің өміршеңдігі де ғалымның қазақ тілінің табиғатын терең танып, оның категорияларын дұрыс аңғарып, саралай білуінде.

Төртінші, тілші жүйелілік ұстанымын қатаң ұстанған. Академик Рабиға Сыздық ғалымның өзінің алдына «жүйелі бағдарлама» қойғанын, бірінші, әліппе «Оқу құралын» жазғанын, екінші, «қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап», үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» еңбегін ұсынғанын, үшінші, «дұрыс сөйлеп, дұрыс оқып, жазуды үйретуге көмектесетін» «Тіл жұмсарды» әзірлегенін, төртінші, «сауат аштыру, тілді оқыту методикасына» арналған «Баяншы» мен «Әліппе астарын», бесінші, «балалардың тілін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды» көздеп, Т.Ш.Шонановпен бірігіп, «Оқу құралын» құрастырғанын айтады.

Бесінші, көрнекілік ұстанымын ұтымды қолданған. Ғалым еңбектеріндегі кестелер, суреттер оқушыны өз бетімен ойлауға, шешім шығаруға жетелейді. 1926 жылы Қызылорда қаласында жарыққа шыққан «Әліб-бій» (жаңа құрал) еңбегінде ғалым көрнекілік ұстанымына жиі сүйенген. «Ермек-еңбек» деген айдармен берілген тапсырмалар іштей жіктеліп беріліп, әрқайсы әр түрлі мақсатты көздеген. Мысалы: «шыққанын шырпыдан жасау (еңбек-ермек)» тапсырмасында балалар сөздерді өздері сіріңкенің шиінен жасап дағдыланса, «алғанын жазу (еңбек-ермек)» тапсырмасы бір жағынан, жұптық, топтық жұмысқа негізделсе, екінші жағынан, ойын түрінде іске асады. Балалар екіден немесе одақтасып сөздерді бөліп алады да, әріптерді санайды. Әріп көп шыққан

жұп барлық сөздерді жазып шығады, ал әріп аз шыққан жұп тек алған сөздерін ғана жазады. «Қисындау (ермек-еңбек)» тапсырмасы оқушыларды сөздерден сөйлем құрауға үйретеді. Бұл тапсырмалардың барлығы кесте түрінде берілген. Суретпен сөзді сәйкестендіруге арналған тапсырмалар да молынан берілген.

Алтыншы, танымдық ұстанымды ғалым бүкіл еңбектерінің барлығында негізге алған. Балаға арналған оқу материалдары олардың танымын кеңейтуге бағытталған.

Жетінші, оқулық жазуда, тапсырмаларды беруде балалардың жас ерекшелігін ескеріп отырған. «Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбек үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепке үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс» деп санап, балалардың жас ерекшелігін ескеріп білім берудің пайдасына тоқталған. Яғни ғалым қазіргі таңда біз дәстүрлі ұстанымдар деп жіктеп жүрген оқыту ұстанымдарына сүйене отырып, білім берудің тиімділігін дәлелдеп берген.

Жүсіпбек Аймауытов өз еңбектерінде баланың өмірлік дүниетанымын тәрбиемен сабақтастырып дамытуды мақсат тұтқан. Яғни ғалым теорияны практикамен байланыстыру ұстанымын басты негіз ретінде ұстанған. Оны ғалымның «балалардың білгені, тапқан-таянғаны өмірге жанасып, жарыққа шығып отырсын. Сонымен қабат, барлық жұмысты балалардың белсене, құлшына өздері істеуі қажет. Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білім берік болады. Өмірінше ұмытпайды» деген пікірінен байқаймыз [3,б. 12]. Ғалым балаға берілетін білім жеңілден күрделіге қарай біртіндеп өсіп отыру керек деген ұстанымға сүйенеді. Балаға «алғашқы жылы мағлұмат үй іші мен мектеп маңынан беріледі. Үй ішін зерттеп болған соң ауылына, одан аймағына, бара бара мемлекетіне көшеді» дей келіп, әр аймақтың өз ерекшелігі болатынын, балаға білім беруде осы ерекшеліктерді ескеру қажеттігін де сөз етіп кетеді [3, б. 15]. Бұл қазіргі білім беру жүйесінде сөз болып жүрген елтану ұғымымен сабақтасып жатыр. Ж.Аймауытов оқушыға берілетін білім сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы кешенді түрде жүзеге асу керектігін алдыңғы орынға қойған. Ғалымның «білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңылау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол – дене). Балаға сөйлеңіз (тыңдасын!), жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз (тілімен қызмет істесін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!)» деген пікірі бұны айғақтай түседі [3,б. 213]. «Танық нәрселердің атын жаздырмай тұрып, өзін, әйтпесе тұрпатын, суретін, үлгісін, жоспарын» көрсету керек деген тұжырымы көрнекілік ұстанымына мән бергенін дәлелдейді.

Жоғарыда сөз болғандай, дидактикалық ұстанымдарды ғалымдар әр түрлі жіктеп жүр. Оның ішінде барлық пәнге ортақ ұстанымдар да, пәннің өз ерекшелігіне байланысты негізге алынатын жеке ұстанымдар да бар. Зерттеу тақырыбын меңгерту барысында ғалымдар қолданған ортақ ұстанымдар да, тақырыпты игертуде кейбір жеке ұстанымдар да басшылыққа алынды.

Оқытудың ғылымилық ұстанымы. Оқушыға берілетін теориялық материалдар белгілі бір заңдар мен қағидаға сүйене отырып беріледі. Ғылымда

анықталған, дәлелденген тұжырымдар ғана қамтылып отырылды. Мәселен, этномәдени бірліктер туралы этнолингвистика ғылымында дәлелденген тұжырымдар мен жіктеулер негізге алынды. Оқушыларға өзге мәдениетте эквиваленті жоқ, бір этносқа ғана тән мәдени, рухани құндылықтардың этномәдени бірліктер деп аталатыны жайлы жан-жақты түсінік берілді. Этномәдени бірліктердің тілдік (вербалды), бейвербалды (ым-ишара), менталды (наным-сенім), символдық көрінісіндегі қолданыстар болып жіктелетіні түсіндірілді. Жанрына қарай этномәдени бірліктерді ғалымдардың ұлттық діл (менталитет); халықтың дүниетаным (ұжымдық сана); жалпыадамзаттық рухани таным (философиялық таным) түрінде ажыратылатыны жайлы айтылып, мысалдар арқылы дәйектелді. Этномәдени бірліктердің құрамына жеке сөзден бастап, тұтас мәтіннің де кіретіні мысалдар арқылы дәлелденіп отырылды. Мысалы, 9 сыныпта «Мәңгілік ел – мұратым» бөліміндегі мәтіннен этномәдени бірліктерді тауып, олардың мағынасын анықтау тапсырылды. Нәтижесінде олар мәтіндегі бойтұмар (тіл-көзден сақтайтын, дұға жазылған қағазды сақтайтын, әшекейлеп жасалған қалта), айдар (ұл баланың төбесінің орайындағы қарын шашы), атақоныс (ата-бабадан қалған мұра), енші (ержеткен баласына тиісті мал-мүлкін беріп, жеке отау ретінде шығару), аманат (адамдар арасындағы үлкен сенім мен жауапкершілік, затын аманат етіп қалдыру) және т.б. сөздердің мағынасымен жете танысты. Аталған этномәдени бірліктер туралы оқушыларға қосымша мәліметтер берілді. Мәселен, бойтұмар қазақ халқы үшін өте қасиетті зат болып табылатыны, оның түрлі қымбат тастардан, алтын жалатылып, күміспен әшекейлеп жасалатыны, бойтұмарды шешпей, қастерлеп ұстайтыны, қыз балаларға арналған алқа тұмарлардың болатыны жайлы айтылды. Ал айдарды көп жылдан кейін перзент көрген ата-аналар қойып, оны маржан моншақпен өріп те қоятын болған. Айдарлы балаға үлкендер ерекше сүйіспеншілікпен қарап, оған өз баталарын беріп отырған. Айдар баланы тіл-көзден сақтайды деген сенім болған. Баланың айдарын сүндетке отырғызған кезде ғана алып тастаған. Кейде бала жеті немесе он үш жасқа жеткенше айдарын алмаған. Осымен байланысты «айдарлы ұлы, тұлымды қыз» деген фразеологизм де бар. Ал аманат сөзінің мағынасы өте терең екендігін тіл, жер ұғымдарымен байланыстыра түсіндіру оқушылардың қызығушылығын тудырды. «Аманатқа қиянат жасамау» сөзінің мәнін терең түсінулеріне ықпал етті. Мәтінде кездескен этномәдени бірліктерге жан-жақты талдау жасай отырып игерту олардың танымдық ойлауын арттыра түсті.

Теорияның тәжірибемен байланысы ұстанымы бойынша оқушылар теория жүзінде алған білімдерін практика жүзінде қолдану арқылы іске асырды. Аталған ұстаным оқушылардың теория жүзінде алған білімдерін нақты өмірде қолдануға үйрете отырып, тақырыпты терең игерулеріне мүмкіндік берді. Олар теорияны практикамен ұштастыру арқылы өздерінің жеке қабілеттерін жетілдіре түсті. Мәселен, 8 сынып оқулығындағы «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті» бөлімі аясында оқушыларға бірнеше тапсырмалар берілді. «Томирис» фильмін көріп, этномәдени бірліктерді жазып келу тапсырылды [88]. Нәтижесінде сабақ барысында фильм жан-жақты талданып,

оқушылар өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар фильмдегі этномәдени бірліктерге (қанжыға, мұрагер, жебе, қалқан, жаужүрек, ошақ басы, бақилық болу, қандас және т.б.) талдау жасалды. 9-сыныпта «Мәңгілік ел және тәуелсіз Қазақстан» тақырыбы бойынша берілген К.Ахметованың «Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық» өлеңіндегі тілдік құралдарға жасалған талдау және т.б. жұмыстар теориялық білімдерін практикада шыңдауға көмектесті [89].

Саналылық пен белсенділік ұстанымы тек саналы түрде алған білімнің нәтижелі болатынын байқатады. Оқушы материалды саналы түрде игеруі үшін мұғалім алдына қоятын мақсат пен міндеттерді нақты айқындап алғаны жөн. Оқушының берілген материалды жаттап емес, саналы түрде меңгеруіне мән беру керек. Әрбір этномәдени бірліктің мағынасын оқушыға қызықты әрі әсерлі жеткізу оқу материалын саналы меңгеруге ықпал етері сөзсіз. Ол үшін жаңа материалды оқушыға таныс мәліметпен сабақтастыра берген дұрыс. Бұл орайда оқушының осы уақытқа дейін алған білімі мен қабілеті де айрықша рөл атқарады. Оқушының ынтасын арттырып, белсенділігін тудыруда ұтымды әдістерді іріктеп қолдану да маңызға ие. Сондықтан этномәдени бірліктерді меңгертуде интербелсенді әдістер, рөлдік және коммуникативтік ойындар көптеп қолданылды. Атап айтқанда, «Инсерт», «Үшқадамды сұхбат», «Терминдер арқылы болжау», «Тамаша идеялар», «Галерияны шарлау», «Бэкроним» және т.б. әдістер мен диалогтер сабақ үрдісінде оқушылардың жаңа материалды саналы игеруіне, белсенділіктерін арттыруға септігін тигізді. Аталған ұстанымды басшылыққа алу баланың ой операцияларын (талдау, салыстыру, жинақтау, қорыту т.б.), зейінін, шығармашылық қабілеті қалыптастыруға көмектесті.

Жүйелілік пен бірізділік ұстанымы этномәдени бірліктер туралы білімді жүйелі түрде беруде негізге алынды. Оқушыларға алдымен этномәдени бірліктер өздері білетін сөздер арқылы түсіндірілді. Олар күнделікті өмірлерінде *атақоныс, аманат, сүйінші, шілдеhana, бойтұмар, Абылайдың асындай, балдақ* және т.б. сөздерді біледі. Бірақ олардың этномәдени бірлік болып танылатынын білмеуі мүмкін. Сабақ үдерісінде осы мәселелер жан-жақты айтылып, түсіндірілді. Мысалы, балдақ сөзінің (аяқ сынғанда қолданылатын құрал; бүркітші қолданатын таяныш; алтын немесе күмістен соғылған көзі жоқ сақина, перде, шымылдық, кілемнің бау өткізетін қызыл жез шығыршығы; қарудың қолға ұстар бөлігі; өрнектің түрі) бірнеше мағынасы бары олардың қызығушылығын тудырды. Сонымен қатар оқушыларға берілген тапсырмалар да жүйелі түрде беріліп отырылды.

Көрнекілік ұстанымы. Білім беру үдерісінде көрнекі құралды ұтымды пайдалану сабақтың сапасын арттырады. Оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтырады. Көрнекілік оқушының зат, құбылыс, туралы түсінігін нақтылап, бақылау қабілетін жетілдіреді, ақыл-ойын дамытады. Сабақта қолданылатын үлестірме қағаз, кесте, түрлі суреттер, сюжетті суреттер, кластер және т.б. көрнекі құралдардың теориялық материалды терең игертуде алатын рөлі зор.

Ахмет Байтұрсынұлының пікірінше, көрнекі құралдарды балаға тек

көрсету жеткіліксіз. Ғалымның тұжырымынша, «Көрнекі оқу» нәрсенің затын, ісін көрсетіп үйретеді. ... Бірақ ол білімді жалғыз көрумен ғана емес, көргенін еліктеп істеумен үйренеді. Балаға тек көрсетіп, оны өзі жасауды үйретпесек, онда «көрнекі оқу» да көздеген мақсат түрдегі тіршілікке лайық адамдар жасап шығара алмайды. Өйткені нәрсені көріп білу, білу мен істеп білудің арасы – көш жер [1,б. 20]. Сондықтан балаға көрнекі құралмен өз бетімен жұмыс жасауды да үйрету қажет.

Оқушыларға этномәдени бірліктерді оқытуда көбінесе суреттер, ребус, сөзжұмбақтар, кестелер, кластер, көркем фильмдер, видеолар және т.б. пайдаланылды. Мысалы, 8-сыныпта «Көшпелілер мен табиғат тұтастығы» тақырыбы бойынша балаларға кластер құру тапсырылды [88,б. 112]. Киіз үйдің жабдықтарын, оған қойылатын үй жиһаздарын, киіз үйдің түрлерін жазу талабы қойылды:



Сурет 1 – Киіз үйдің түрлері

Балалардың көпшілігі шаңырақ, кереге, уық, сандық, төсек, бесік сөздерін ғана жазып шықты. Киіз үйге байланысты басқа атаулармен танысу (сықырлауық, таңғыш, шалма, желбау, басқұр, туырлық, түндік, әбдіре, асадал, жүкаяқ, аяққап және т.б.) арқылы өз білімдерін жетілдірді.

Көрнекілік баланың есту және көру қабілетін жақсартады. Бірақ мұғалім көрнекіліктің тек оқу материалын меңгертудің құралы ғана болып табылатынын есте ұстағаны жөн.

Креативтілік ұстанымы. Профессор Ф.Оразбаеваның тұжырымын негізге алсақ, аталған ұстаным «оқушының өз бетімен ойлау дағдысын қалыптастыра отырып, творчестволық тапсырмалар арқылы өз шешімін дұрыс таңдай алуына ықпал етеді» [6,б. 64]. Қазіргі таңда баланы мәжбүрлеп оқыту емес, оның қызығушылығын тудыра отырып, білім алуға ұмтылдыру алға қойылып отырғаны мәлім. Осы тұрғыдан келгенде, креативтілік ұстанымын негізге алу пайдалы. Оқушыны креативтілікке жетелейтін жұмыстар олардың ойлау қабілеттерін дамытып, өзінің іс-әрекетін басқа қырынан жетілдіруге көмектеседі.

Жаһандану заманында толассыз келіп жатқан ақпараттар ағымынан өзіне қажетті мәліметті алуға оқушыны үйрету мен оның шығармашылық қабілетін дамыту үшін мұғалім көп ізденуі қажет. Оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін жетілдіру мақсатында 9 сыныпта көркем әдебиеттен бейвербалды

этномәдени бірліктерді тауып, мысал жинап келу тапсырылды. Аталған жұмыс «Жаһандану мәселелері» бөлімінің «Жаһандану және ел тағдыры» тақырыбы аясында жұптық формада берілді. Оқушылар үлгі бойынша жинаған мысалдарын кестеге түсірді:

Кесте 1 – Бейвербалды этномәдени бірліктер

Кітаптың авторы, аты, беті	Мысал	Түсініктеме
<p>Қабдеш Жұмаділов. Ақкуды атпас болар. Алматы: «Каратау КБ» ЖШС; Дәстүр», 2015. – 388 б.</p>	<p>Саятқора – аңға шыққанда түнеп шығатын жәй басқалқа, үйшік емес. Кәдімгі адам тұратын үй. Өзіндік жасау-жиһазы, сән-салтанаты да жоқ емес. Еденде текемет, сырмақ. Кереует тұсында оюлы алаша, төрге кілем ұсталған. Сол кілем шетіндегі шегелерге домбыра, қобыз, сыбызғы, қосауыз мылтық, оқшантай, дәндақуімен қоса күміс шытыралы кісе ілінген.</p>	<p>Заттық мәдениет атаулары, оның ішінде үй жиһаздары мен қару-жарақ түрлері бар. Оқшантай деп оқ салуға арналған қалтаны айтады. Оны былғарыдан жасайды. Айналысын шашақпен әсемдейді. Белбеуге іліп қояды. Оқшантайды жезден де жасаған. Ал кісе деп қалташалар салынған белбеуді айтқан. Белбеудің ұзындығы – 150 см, ені – 3 см болған. Белбеуге оқшантай, қанжар, пышақ және т.б. салып қойған.</p>
	<p>Кеше кеште таяуда атқан арқардың бір жілігін саптаяққа турап, ақжем қып, суға жібітіп қойған-ды.</p>	<p>Саптаяқ деп сусынға арналған ыдысты айтады. Оның тұтқасы болады. Қатты ағаштан, өрнектеп жасаған. Тұтқасын кейде күмістен жасаған. Ақжем деп шикі еттен жасалған құстың жемін айтқан. Оны бірнеше сағат бойы суық суға салып қойған. Бүркітті баптауда қолданған тамақтың түрі.</p>
<p>Илияс Есенберлин. Алмас қылыш.</p>	<p>Екі жағында жебеге толған екі-үш қорамса, белдерінде қисық жүзді қылыш пен ұзын сапты айбалта, қамал бұзатын тас атқыштарды сүйреу үшін ер қасына байлап алған жуандығы білектей қыл арқан. Әрқайсысында кем дегенде екі садақтан. Кейбір көрікті киінгендердің тақымдарында бір жақ ұшы пышақтай өткір найза.</p>	<p>Қару-жарақтың түрлері туралы айтылған. Қорамса – садақтың оғын салатын қап. Оны матадан, былғарыдан жасап, бетін өрнектермен әсемдеген. Айбалта – қазақ батырлары қолданған соғыс қаруы. Біздің заманымызға дейінгі III-IV ғасырлардан бастап пайда болған. Сабын ағаштан жасап, терімен, металмен қаптаған.</p>
	<p>Құндыз жағалы, қысқа лұқпан шапан, бастарында қазақы қимаш бөрік, сырттарынан қимылымызға жеңіл болсын деп кереге көз торлы сауыт киген.</p>	<p>Шапанның жеңіл, ықшамды түрі лұқпан шапан деп аталады. Бөрік – ұлттық бас киім. Ол өте әдемі. Оны аң терісінен тігіп, көктем мен күзде киген. Бас киімді үйдің құты мен берекесі деп санаған. Бас киімді жерге тастамаған.</p>

Аталған тапсырманы орындау оқушылардың қызығушылығын тудырды. Көптеген таныс емес мәліметтермен танысуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары арқылы орындалған жұмыстар да балаларды креативті ойлай білуге жетеледі.

Сөйлесім әрекетін кешенді қолдану ұстанымы барлық уақытта негізге алынатын ұстаным болып табылады. Бұл ұстаным тақырыпты әр қырынан терең меңгертуге ықпал етумен қатар білімді бағалауға, тапсырманы бағамдай білуге де, оқушының білім деңгейін анықтауға да септігін тигізеді. Бір тапсырманың аясында тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім әрекетін жүзеге асыруға болады. 8 сыныптағы «Тіл және мәдениет» тақырыбы бойынша оқушылар Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесін тыңдады. Оқушыларды қызықтыру үшін әңгіме ортасына дейін ғана тыңдатылды да, оларға бірнеше тапсырма ұсынылды:

Айтылым. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде қандай этномәдени бірліктер кездесті? Олардың мағынасын сөздіктен анықтаңдар. Диктор оқуында қандай интонацияның құрамдас бөліктерін қолданды? Оны неден байқадыңдар?

Жазылым. Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды қысқаша түртіп жазыңдар. Оларды таратып айтыңдар.

Оқылым. Мәтіннің толық нұсқасын оқыңдар. Естемес пен Оразымбет қандай күйшілер? Оларды халық қалай құрметтейді?

Тілдесім. «Нар идірген» күйінің шығу тарихы туралы пікірталас өткізіңдер.

Сабақ үрдісінде сөйлесім әрекетінің бір түрі жеке дара қолданылмайды. Тапсырмада айтылым деп тұрғанмен, оның ішінде оқылым да, жазылым, тіпті тілдесім де орын алуы мүмкін. Тапсырманы орындату мұғалімнің шеберлігіне де байланысты.

Оқушылардың психикалық дара ерекшеліктерін ескеру ұстанымы. Оқушыларға оқу материалын меңгертуде олардың психикалық қасиеттерін, оқуға бейімділігі мен икемділігін ескеру маңызды. Оқушылардың жас ерекшеліктерін назарға ала отырып, тапсырмалар берілді. Баланың білім деңгейіне, жеке қабілетіне лайық тапсырмаларды іріктеп, қолдану назарға алынды. Әрбір баланың темпераментіне көңіл аударылды. Әр оқушының дара ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ үрдісін ұйымдастыру, біріншіден, оқушының білімін бекітіп, білігін арттырады, екіншіден, тапсырмаларды түрлендіріп беруге мүмкіндік туғызады, үшіншіден, оқушының жеке қабілетін дамытады. Оқушының ойына қозғау сала отырып, танымдық қабілетін, логикалық, креативтік ойлауын, өзіндік көзқарасын қалыптастыратын тәрбиелік пен практикалық сипаты өзара үйлескен тапсырмаларды орындату олардың біліктерін шындай түсуге көмектеседі. Мәтін бойынша ойын тұжырымдап айту, этномәдени бірліктердің этимологиясы бойынша пікірін білдіру, оны қолданудың ұтымды жолдарын ұсыну, түрлі пікірлер жайлы өз көзқарасын дәлелдеп жеткізу және т.б. жұмыстар оқушының өзіндік, жеке ерекшелігін таныта түсті.

Жоғарыда сөз болған ұстанымдармен қатар зерттеу тақырыбын меңгертуге

арналған арнайы ұстанымдар да айқындалды. Олар: *экстралингвистикалық, функционалдық ұстанымдар*.

Экстралингвистикалық ұстаным этномәдени бірліктердің қоғаммен, сыртқы дүниемен байланысын игертуде басшылыққа алынды. Аталған ұстаным таныммен тікелей байланысты. М.Иманқұлованың пайымдауынша, оқушы «айналадағы білімді санасына таным әрекеттері арқылы қабылдап, ұғып, еске сақтап, таниды» [90].

Дүниені тану арқылы адамның санасында сол туралы образдар қалыптасады, соның нәтижесінде білім пайда болады. Адам баласы танымында жинақталған осы ақпаратты өмірде қолдануға ұмтылады. Қоғамның дамуында кейбір этномәдени бірліктердің жаңа мағынада қолданылып жүргенін осымен байланыстыруға болады. Мысалы, тұсау кесу салты қазіргі таңда тұсаукесер түрінде, жаңа нәрсенің ашылуы, салтанатты рәсім, сарбаз, қолбасы сөздері әскери термин ретінде қолданысқа енді. Сол сияқты «Райымбек ботлерс», «Самұрық Қазына», «Құртафелло», «Қуырдақтың көкесі» және т.б. прагматикалық мақсатта, атау түрінде этнопрагматонимдерге айналған этнолексикалар бар.

8 сыныпта «Қазақстандағы туризм және экотуризм» бөлімін өту барысында оқушыларға еліміздегі этномәдени бірліктермен аталатын мекеме, мейрамхана, кафе және т.б. атауларды жинақтау тапсырмасы берілді. Алматы қаласында «Тәж», «Сарай», «Барқытбел», «Бәйтерек», «Сұлу Төр», «Алтын Адам», «Жерұйық», «Алаша», «Құлыншақ», «Сұлтан», «Алтынбас», «Әулет», «Ұлы Тау», «Хан Тәңірі», «Үйгентас», «Ару-ана» және т.б. мейрамхана атаулары, Тараз қаласында «Жеті Қазына», «Ақ сарай», «Ақ Орда», «Сұлтан сарайы», «Самұрық» мейрамхана атаулары барын анықтады.

Функционалдық ұстаным этномәдени бірліктердің тілдегі және сөйлеудегі қызметін көрсетуде негізге алынды. 8 сыныптағы «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті» бөлімі бойынша оқушыларға төмендегідей мәтіндер берілді:

Есіргендері сондай, бірде бес-алты мұндар тапа-талтүсте көсем отырған орда алдына шаңдата шауып келіп, бұлғарымен оралған ұзынша бір затты есік аузына тастай бере шаба жөнеледі.

Көсем бұлғары орауын ашып қарағанда, ұзыннан қатар салынған екі затты көреді. Бірі – үшкір басына алтын сақина кигізген қара көсеу де, екіншісі – өрімі тарқатылған бұзаутіс қамшы екен (Д.Әшімханұлы).

Мәтінде үйдің алдына шауып келу қазақ үшін басынғандық болып саналатыны (*көсем отырған орда алдына шаңдата шауып келу*); қамшы арқылы жауласу ниетін білдіруі туралы ақпарат бар. Мәтіндегі әрбір тілдік бірліктің грамматикалық қызметін ғана емес, функционалдық қызметін де таныту мұғалімнен де оқушыдан да үлкен ізденісті қажет етеді.

Оқушыларға Қобыланды батыр жырынан үзінді беріліп, талдау жасалды:

Замандасым, мұңдасым,

Заманы бірге сырласым,

Жасы бірге құрдасым.

*Қазақ деген шәріге
Сапар тартып, жол шектім,
Жүрмейсің бе, жолбарысым? [91].*

Мәтіндегі «замандасым, мұңдасым, сырласым, құрдасым» қолданысы тек қаратпа сөздің қызметін ғана атқарып тұрған жоқ, Қараманның Қобыланды батырды құрметтеуінің, сыйлауын білдірсе, тәуелдік жалғауының «-ым» қосымшасы жақсы көруін байқатып тұр. «Жолбарысым» қолданысы сапардың қиын екенін, осындай күрделі жолда ешнәрседен қорықпайтын батыр, адал адамның серіктес болғанын қалап тұрғанын танытады. Яғни тапсырмадағы әрбір тілдік бірліктің қызметін жан-жақты талдау оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға көмектеседі.

Дидактикалық ұстанымдар оқушыға этномәдени бірліктерді меңгертуде маңызды рөл атқарды. Ғалым-әдіскер Ж.Дәулетбекованың пікіріне сүйенсек, «дидактикалық ұстанымдарға негізделіп сараланатын оқу материалдары оқушының өмірлік дағдыларына, ұғым-түсініктеріне база қалыптастыру үшін біртұтас құрылымдық жүйеге сәйкес келуі қажет» [92].

Ғалымның тұжырымынша, оқу материалында оқушының өзін қоршаған орта, дүние туралы танымдық, өзіне қажетті білімді алуға деген қызығушылығы мен белсенділігін тудыратын мотивациялық, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіретін коммуникативтік, ойлау операцияларын жетілдіретін психологиялық, сөйлеу кезінде қажетті оралымдар мен сөздерді дұрыс таңдап, іріктеп қолдануға үйрететін эстетикалық, адами қасиеттерін қалыптастыратын моральдық, сезім мәдениетін жетілдіретін эмоциялық факторлар өзара сабақтастықта, біртұтас қамтылғанда оқу үдерісінде жоғары нәтижеге жетуге болады. Яғни мектеп оқушысына этномәдени бірліктерді оқытуда психология ғылымына сүйенбеу мүмкін емес. Өйткені тіл қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын құрал ғана емес, сондай-ақ ұғым-тіл-мәдениет-өркениет жиынтығынан құралатын, тұтас дүние жөнінде танымдық мағлұмат беретін ұлттық-мәдени код, қор, мәдени ақпарат көзі ретінде танылады.

8-9 сынып оқушысы жеткіншек жасқа жатады. Өмірі малмен байланысты болған қазақ халқы 10-15 жас арасын қозы жас деп атаған. Бұл кезең қиын, өтпелі болып саналады. Баланың санасында түбегейлі өзгерістер болады. Олар ересек адамның өміріне ұмтыла бастайды. Психологтар қазіргі жеткіншектердің осыдан 10-15 жыл бұрынғы жеткіншектерден айырмашылықтары бар екенін айтуда. Оған айналада болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер де әсер етіп отырады. Осы кезеңде бала адамдармен қарым-қатынасына, өзінің сөйлеу тіліне де көңіл аудара бастайды.

Н.Сауранбаевтың пайымдауынша, тіл – адам өмірі мен рухани өнердің ең күдіреттісі. Рухани өнердің барлық түрі қоғаммен бірге өзгеріп, дамып, жаңарып отырады [93]. Әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, тіл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Философтар қоршаған әлемді танып білуді болмыс ұғымымен байланыстырып зерделейді. Болмысты «адамның айнала қоршаған ортаны біртұтас әлем ретінде танып-білуге

ұмтылуынан туындаған» деп қарастырады да, оны заттар болмысы, адам болмысы, рухани болмыс, әлеуметтік болмыс деп жіктейді. Рухани болмыс сана мен санасыздық процестерін қамтитыны мәлім. Рухани болмыс екі үлкен топқа бөлінеді. Бірінші, оқушының жеке өмірінен, тіршілігінен бөліп алуға келмейтін дербестенген руханилық, екінші, оқушыдан тысқары өмір сүретін объективтендірілген руханилық. Яғни оқушы сананың көмегімен сыртқы дүние туралы ойлайды, оның бейнесін туғызады. Екінші, кітап, сызба, жоба, идея, ой және т.б. арқылы рухани болмысын дамытады.

Философтардың дүниедегі ең ғажап құбылысқа адамның рухани дүниесін, сана мен ойды жатқызуы тегін емес. Қазақ халқының «Санасызға сан айтсаң да қонбайды», «Ойлай берсең ой да көп, сана да көп, ойнай берсең ой да жоқ, сана да жоқ», «О, Алла, бала бер, бала берсең, сана бер, сана бермесең, ала бер» деген тұжырымдары санаға қатты мән бергенін байқатады. Оқушының рухани дүниесін байыту үшін оның санасын ояту қажет. Сабақта оқушыларға қазақ халқының киелі сандарына (Үш арсыз: ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз. Үш ғайып: қонақ ғайып, несібе ғайып, ажал ғайып және т.б.), өлшем атауларына (бір қарыс, сүйем, бір елі, сала құлаш және т.б.) байланысты этномәдени бірліктерді мысалға келтіре отырып, әңгіме-сұхбат өткізу ұтымды. Жеткіншек кезеңде оқушылар дұрыс сөйлеуге, терең әрі мағыналы сөздерді қолдануға тырысады. Бұл кезеңде балалар ой тоқтатып, алды-артын болжай алады. Олар өмірдегі жағдаяттарға да өзіндік талдау жасауға ұмтылады. Сондықтан оларға өз халқының ұлттық құндылықтарын білу үлкен маңызға ие. Ұсынылатын материалдың нақты фактілер арқылы дәйектелуі оқушының қабылдауына жақсы әсер етеді. Қазіргі мектеп оқушысы жай сөзге сене бермейді, толассыз келіп жатқан ақпараттардың барлығы дерлік шындыққа жанаса бермейтінін біледі.

Эллиот Аронсон әлеуметтік психология туралы еңбегінде бұқаралық коммуникацияның адам өмірінде маңызды рөл атқаратынын мысалдар арқылы дәйектеп берген. Автордың тұжырымынша, адамдарды ақпаратқа иландырудың екі тәсілі бар: негізгі және сыртқары (перифериялық). Негізгі тәсіл нақты дәлелдерге сүйене отырып, адамдарды осы мәселе туралы жүйелі ойлануға және шешім қабылдауға жетелейтін маңызды фактілер мен деректерге негізделеді. Ал сыртқы тәсіл тым қарапайым болады. Адамдар көп ойланбай-ақ бірден илана салады. Оған күнделікті жарнама, не болмаса белгілі бір адамның айтуы ықпал етеді [94]. Сондықтан оқушыға берілетін ақпаратты нақты фактілерге негіздей отырып меңгертуге басымдылық берілді. Мәселен, қазақтың «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «қой аузынан шөп алмас» деген фразеологизмдерін түсіндіру барысында ғалым Н.Уәлидің дәлелді пікірін келтіру өз нәтижесін берді: Әдетте, бозторғай қойдың сүйсіне жейтін *жусан*, *көде* тәрізді қыр отын паналап, төгілген дәнін теріп жейді, түбіндегі шұқанаққа ұя салады. Әсіресе қойдың жайылған жеріндегі қурай, бұтасын, сояуға ілініп қалған жүнін ұясына төсейді. Жайылып жатқан қойдың айналасында қойшының күнұзаққа серігі болып, бозторғай шырылдап, ұшып

жүретіні де қалыпты көрініс. Өйткені бозторғай қойдың тастаған құмалағының маңайындағы қаптаған шыбын-шіркейді қағып, қоректенеді [95].

Мұндай нақты келтірілген деректер оқушының есінде қалады, материалды терең әрі берік сақтауға көмектеседі. Жеткіншек жастағы балалар өздерінің ырықты есте сақтауын меңгере алады, еске сақтаудың мазмұны да өзгереді. Сондықтан бұны әрқашан назарда ұстаған жөн.

Академик Ө.Айтбайұлының пікірінше, «ұлттық тәрбие мәселесінде ең алдымен тіл тәрбиесіне көңіл бөлу» – қоғамның басты парызы. Әлеуметтік ортада адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түскенде «қазақ сөзінің мағына арқалаған сан алуан түрі сарапқа түседі», «сөздерді сарапқа салу, саралау арқылы адам өзін де, сөзін де тәрбиелейді» [96]. Олай болса, мектеп оқушысын этномәдени бірліктерді оқыту арқылы ана тілінің қадірін құрметтеуге, оны сақтауға тәрбиелеуіміз қажет. Өкінішке орай, тіл тәрбиесіне қатысты парызын қоғам толыққанды жүзеге асырып отырған жоқ. Қоғамдық-әлеуметтік орындарда таза қазақ тілінде қызмет көрсету деңгейі көңілдегідей емес. Мұның өзі мектеп оқушысына да кері әсерін тигізуі мүмкін. Оқушыға ана тілінің алдындағы парызын орындауға мүмкіндік беруіміз қажет. Ол үшін күнделікті өмірінде қолдана алатын тілдік бірліктермен жұмыс жасатуды дағдыға айналдырғанымыз жөн. Дағдының ойдағыдай қалыптасуы оның нәтижесін үнемі біліп отырумен байланысты. Әрбір орындалған жұмыстың бағалау критерийі мен дискрипторының берілуі оқушының дағдысын қалыптастыруға ықпал етті. Оқушының этномәдени бірліктерді мәтін ішінен таба алуы, оның түрін ажырата білуі, практикада пайдалана алуы олардың дағдыларының қалыптаса бастағанын байқатты. Оқушыға болашақ өміріне сеніммен қараған жағдайда ғана мұратқа жете алатынын түсіндіру үшін өмірлік жағдаяттармен байланысты тапсырмалар көптеп берілді. Себебі сенім тәжірибе жинақтауда, өз пікірін дәлелді жеткізе алуда, тиянақты білім негізінде қалыптасады. Этномәдени бірліктерді кешенді жұмыс түрлері арқылы біртіндеп меңгерту оқушының өзіне деген сенімін арттыруға көмектесті. Тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар басында қиын болып көрінген оқу материалын қызыға орындай бастады. Бұл олардың өздерінің ісіне деген сенімдерін күшейтті. Қазақ халқының өзіне ғана тән дүниетанымымен танысу, өз ұлтының бай тілдік қазынасын білу арқылы оқушылардың ана тіліне деген құмарлығы арта түсті. Мәселен, шаңырақтың иесі ретінде қазақ халқының не себепті кенже ұлды санайтыны медициналық фактілер арқылы берілді.

Б.Қалиұлы қазақ жұмбақтарының адамның дүниетанымын, ойлау қабілеттері мен зейінінің дамуына, ақыл-парасаттары мен саналарының дамуына жақсы әсер ететін мысалдар арқылы дәйектейді. Ғалымның тұжырымынша, жеткіншектер жұмбақты жаттап алу арқылы, біріншіден, өзінің дүниетанымдық қабілетін көрсетеді, екіншіден, тіл шеберлігін байқатады [97]. Мысалы, «қаз қанатын жайды, үйрек мойнын созды, төбесіне аққу қонды (киіз үй, кереге, шаңырақ, уық)»; «Үсті тас, Асты тас, Ортасында піскен ас (таба нан)»; «Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар (қой)» және т.б. сабақ үрдісінде берілген жұмбақтар оқушылардың ойлау қабілеттерін

жетілдіруге көмектесті. Тез әрі шапшаң жауабын табу арқылы тез ойлануға, есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал етті.

Ғалым қазақ халқы төрт түлік малға қатысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрге өте бай екенін сөз етіп, жылқы малына байланысты мысал келтіреді. «... баланың тайға (атқа) мінген тойы, ат ұстар салты, ат байлар кәдесі, ат (тай, құнан, дөнен) жарысы, жорға салыстыру, қымызмұрындық, сіргежияр, ат майлау, айғырдың сауырын майлау, қос майлау, желі байлау т.б.». Тілші осы салт-дәстүрдің мағынасын да ашып көрсетеді: «Қымызмұрындық – бие байланғаннан кейінгі алғашқы қымызды ауыл адамдарын шақырып беретін салт дәстүр. Сіргежияр//сірге мөлдіретер – күзге қарай бие ағытылар алдында (тайдан, танадан сірге алынар шақта) соңғы қымызға көрші-қоланды шақырып, ауыз тигізу дәстүрі және т.б.» [97,б. 69]. Өкінішке орай, қазіргі таңда бұл салт-дәстүрлер қолданылмай, ұмытылып бара жатыр. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ғана емес, басқа пәндер аясында да қазақ халқының мәдениетін білдіретін мысалдарды көптеп қолдануымыз қажет.

Ә.Әлметова соңғы жылдары «тілдің ұлттық нақышын өзіндік ішкі иірімдері мен қалтарыстарын сол тілде сөйлейтін ұлт өкілінің жан дүниесінің ерекшеліктерімен тұтастықта, бірлікте қарауға» басымдылық берілгенін айтады. Ғалым еңбегінде қазақ халқының өзіне тән рухани мәдениетін, құндылықтарын тілдік фактілер арқылы дәйектеген. Қазақ тілінің фразеологизмдері мен мақал-мәтелдерінен мәдени құндылықтардың анық көрініп тұратынын дәлелдеп көрсетеді [98]. Мектепке арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешенде көп жағдайда күнделікті қолданыста жүрген мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді беріп жүрміз. Сабақта халықтың жадынан шығып бара жатқан, өмірде жиі қолданылмайтын фразеологизмдермен байланысты берілген тапсырмалар оқушылардың қызығушылықтарын тудырды:

Тапсырма. Берілген фразеологизмдерді пайдаланып, сөйлем құраңдар. Олардың мағынасын түсіндіріңдер.

Бордай үгілу, кеусердей, сірідей, аттың тағасындай, ақ таңның қанатындай, шаяндай шағу және т.б.

Оқушы өзі қызыққан мәселеге зейін қояды. Қызығудың әсерлі, мазмұнды болуы оқушының сабақты үлгеруіне, білімді терең игеруіне әсер етеді. Жеткіншек кезеңдегі балалардың зейіні шашыраңқы болады. Өйткені бұл кезеңде олардың организмінде гормоналды даму болғандықтан, олар зейіндерін тұрақты түрде аударып алмайды. Сондықтан жұмыста оқушы қызығушылығын тудыратын әдіс-тәсілдер жиі қолданылды. Әсіресе, рөлдік ойындар, ақпараттық-коммуникациялық технология бойынша ұсынылған тапсырмалар оқушы қызығушылығын тудырды.

Ғалым Б.Хасанұлының пайымдауынша, халықтық педагогиканың негізі қалануы үшін, оған сай ұлттық сана-сезім керек. Ұлттық сана-сезім бар жерде ана тілі де дамиды. ... Ол үшін ана тілінің табиғаты жан-жақты ашылуы тиіс, әсіресе ұлттық психология категориясы ретінде сипатталуы – басты шарт [99].

Қазақ халқының мінез-құлқындағы, ұлттық психологиясындағы

конақжайлық, бауырмалдық, әдептілік, мейірімділік, ұялу және т.б. қасиеттерін оқушыға этномәдени бірліктер арқылы танытуға болады. Мысалы, бір ғана «ұялуға» байланысты *құлағының ұшына дейін қызару, көзі шыдамау, жер шұқу, бетінен оты шығу, өлмегенге қара жер, кір келтіру, жердің астына кірердей болу* және т.б. фразеологизмдер бар. Сонымен қатар жаңа көшіп келген көршіні ерулікке шақыру, байғазы, көрімдік беру тәрізді салт-дәстүрлер туралы ақпаратпен жай ғана таныстырып қоймай, оны іс жүзінде жүзеге асыру оқушыларды бірлікке, бауырмалдыққа үйретеді. Мәселен, 8 сыныпқа жаңадан келген оқушыны топпен бірігіп ерулікке шақыру туралы ұсынысты оқушылар бірден қабылдады. Олар үйден әр түрлі тағамдар алып келіп, үзіліс кезінде ерулік жасады. Бұл тәрізді жұмыстар сыныпты ұйымдаса жұмыс істеуге біріктірді, бір-бірімен жақын танысуға көмектесті.

Х.Дейл Шунктің пайымдауынша, мұғалімдер өздері ғана сөйлей беретін болса, оқушылардың сабаққа қатысуға деген ынтасы азаяды. Ал оқушылар өздері де оқыту үрдісіне тікелей араласа бастаса, эмоциялық қызығушылық оянады[100]. Сондықтан сабақта рөлдік ойындар ойнату, ғаламтордан ақпарат іздету, талқылауға қатысу тәрізді тапсырмалар оқушылардың мотивациясы мен эмоциясын арттырып, сабақтың нәтижелі болуына көмектеседі.

Жалпы жеткіншек кезеңде оқушылардың эмоциясы тұрақсыз болады. Бұл кезеңде балалар өздерінің дене-бітімдеріне көбірек көңіл аударады. Өздерінің кемшіліктерін байқай алатындықтан адамдармен қарым-қатынас жасауда ұялшақ, тартыншақ болуы ықтимал. Сондықтан сабақ үрдісінде олардың назарын басқа нәрсеге аудару маңызды рөл атқарады.

Тіл сөйлеушінің дүниетанымын көрсетеді, ой-өресін танытады. М.Балақаевтың пайымдауынша, адам білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады. Мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйренеді және басқаға үйретеді. Тілде әр халықтың ұлттық сана сезімі, ойлау тәсілі, мінез-құлқы сақталады [101]. Шынында да, қазақ халқының *жарығым, айым, күнім, ботақаным, періштем, құлыншағым, балапаным* және т.б. еркелету, айналып, толғануда қолданатын сөздері оның өте мейірімді, бауырмал мінезін көрсетеді.

Этномәдени бірліктер этнолингвистиканың негізгі зерттеу нысаны бола тұрса да, кейбір жағдайда оларды лингвомәдени бірліктерден ажыратуға келгенде нақты межеге сүйене алмай жататынымыз анық. Осы тұрғыдан алғанда бізге этнопсихолингвистикалық зерттеулер, оның этножіктеуіш белгілері мен этноцентризм қағидасы көмекке келеді.

Этнопсихолингвистика – бұл этностық топтың мәдени қажеттіліктерді қабылдау және тұтынудағы психологиялық ерекшеліктердің тілдегі көрінісін зерттейтін ғылым. Бұл терминді 1970 жылы А.А.Леонтьев енгізген болатын [102]. Этнопсихолингвистика, әсіресе, жеке этносқа тән рухани құндылықтар мен мәдениеттің архетипін анықтауға, сол мәдениеттің этникалық дүние бейнесінің қалыптасуын зерттеуге, оның өміршеңдігінің себептерін нақтылауға бағытталады.

Ғалым Қ.Есенова «ғаламның қандай да бір бейнесін түсіну үшін оны дүниенің өзге белгілерімен салыстыру қажет» деп санайды. Ғалымның

пайымдауынша, адам дүние бейнесін модельдеуде үш түрлі репрезентативтік жүйені пайдаланады (есту; көру; сезу) [103].

Психологтар адамның танымдық үдерісі сезімдік және ақыл-ой сатылары арқылы жүзеге асатынын айтады. Адам дүние туралы алғашқы мәліметті сезім мүшелері арқылы алады. Көз – сезім мүшесінің ең бастысы. Қазақ халқы көзді шамшырақ деп қабылдап ерекше бағалаған. Көз – нұрдың ұясы, көңіл – сырдың ұясы; Көрмей білмейсің; Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі деген мақал-мәтелдер – осының дәлелі.

Ой тәсіліне жататын салыстыру анализ бен синтездің негізінде пайда болатыны белгілі. Салыстыру оқушыға этномәдени бірліктерді меңгертуде айрықша маңызға ие. Салыстыруда этномәдени бірліктердің ұқсастық, айырмашылық қасиеттері айқындалады. Мәселен, оқушыларға *шырағым, жолбарысым, ақ тайлағым, сәулем, ботақаным, жарық жұлдызым, аққуым, балапаным* және т.б. еркелету мәніндегі сөздер берілді. Оқушыларға сөздерді салыстыра отырып, топқа бөліп жазу тапсырмасы ұсынылды. Нәтижесінде олар берілген сөздерді төрт түлік малмен байланысты сөздер (ақ тайлағым, ботақаным); құс атауымен байланысты сөздер (аққуым, балапаным); жарық сәуле ұғымымен байланысты сөздер (сәулем, жарық жұлдызым, шырағым,); жабайы аңдармен байланысты сөздер (жолбарысым) деп топтастырды.

Ғалым пікірін негізге ала отырып, есту; көру; сезуге байланысты айтылған мақал-мәтелдермен таныстырып, оның мағынасына талдау жасату да пайдалы болды. Мысалы, Көз көруге тоймайды, Құлақ естуге тоймайды; Көңіл сырын көз білдіреді; Саусағы ұзын биші болады, Құлағы ұзын күйші болады; Көз – нұрдың ұясы, Көңіл сырдың ұясы; Аяғын көріп асын іш, Анасын көріп қызын ал; Асаған білмес, тураған білер; аузы күйген үрлеп ұрттайды; Ащы мен тұщыны татқан білер, Алыс пен жақынды жортқан білер және т.б.

Этностың танымында сақталған мәдени құндылықтарды сол мәдениетті тұтынушылар саналы тіпті бейсаналы қабылдауының өзі этнопсихологиялық жағдаят болып саналады.

Ғалым Н.Ильясова адамға тән танымдық қасиеттің сезімдік және рационалдық болып екіге бөлінетінін айта келіп, «таным иесі шындық болмысты абсолютті және салыстырмалы түрде» қабылдайтынын сөз етеді. Ғалымның тұжырымынша, танымның сезімдік деңгейі арқылы адамдар шындық болмысты түйсіну, қабылдау, елестету арқылы, танымның рационалдық деңгейі арқылы шындық болмысты ұғыну, пайымдау, ой қорытындылау арқылы қабылдайды [104].

Психология ғылымы осы уақытқа дейін адам өзін қоршаған дүниені қалай қабылдайды, оның миында болып жататын түрлі құбылыстар психикалық көрсеткіш пе, тұлғаның дүниетанымдық білімі оның санасында қалай сақталады, оны ол қарым-қатынаста қалай қолданады деген мәселелерді қарастырып келгені белгілі. Ал қазіргі таңда бұл мәселелер когнитивтік ізденістер арқылы зерделеніп жатқаны мәлім. Этностың танымдық ойлау жүйесін хабарды өндіретін құрал ретінде қарастыру арқылы сол ұлттың тілдік қабілетін, табиғатын анықтауға басымдылық берілді. Сондықтан ұлттық

психологияның тетігін қалауда ұлттық болмыс пен мәдениеттің, тілдің атқаратын қызметінің рөлі айрықша.

Адам қоғамның мүшесі, оның танымдық әрекеті, өзіне тән психологиялық ерекшеліктері әлеуметтік-мәдени ортаның дамуымен тығыз сабақтастықта жүзеге асып отырады. Әр жастағы балалар өздерінің көңіл-күйлерін қатысымда әртүрлі жеткізеді. Түрлі сөздер мен қимылдарды пайдаланады.

Жеткіншек кезеңді психологтар күрделі кезеңге жатқызып, «қиын», «өтпелі», «сыналатын» деген анықтамалар береді. Бұл кезеңде бала ересек адамға тән қасиеттерді бойына сіңіруге тырысады. Бірақ бұл барлық балада болмауы да мүмкін. Осы жастағы кейбір балалар «балалық» шақта қалса, екіншілері «ересектік» кезеңге өтіп кетеді. Психологтар балалардың «балалық» кезеңде қалып қоюын ата-анасының асыра қамқорлық жасауымен, балаға еркіндік бермеуімен түсіндірсе, ал «ересектік» кезеңді ақпараттар ағымының көбеюімен, ата-аналардың балаларына аз уақыт бөлуімен, олардың физиологиялық тұрғыдан тез дамып кетуімен байланыстырады. Сондықтан мұғалім сабақ үрдісінде бұл жайларды үнемі назарда ұстап отырғаны жөн. Яғни бір оқушының дүниетанымдық ойлауы бала деңгейде болса, екінші оқушы ересектер сияқты пайымдап, қабылдай алады деген сөз. Баланың дамуына оның өскен ортасы, қоршаған аймағы да әсер етеді. Ауыл баласы мен қала баласының дамуында да біршама айырмашылық болады. Балаға өзі тұратын аймақ, сондағы жергілікті тіл ерекшеліктері, салт-дәстүр де ықпалын тигізеді. Оқушы тілінде диалектикалық лексика да кездесіп отырады. Сондықтан мұғалім сабақ үрдісінде оқушының әдеби тіл нормасына сәйкес сөйлеу тілін жетілдіруді басты назарда ұстағаны жөн.

Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізін зерттеген ғалым М.Атабаева «Киім-кешек атаулары материалдық дерек қана емес, бұлардың қолданылуында ұлттық рухани мәдениет көріністеріне жеткізетін ақпарат» сыйғызылғанын айтып, «ол – мәдениеттің сигнификаттық, коммуникативтік функцияның дәлелі, екіншіден ұлттық мәдениеттің аймақтық бөліктерінің өзіндік ерекшелігі, өзіндік бейнесі» деп санайды. Ғалымның тұжырымынша, диалектілік лексика жалпы ұлттық мәдениеттен оқшау болмайды. Керісінше, сол аймақта тұрған, тұратын халықтың санасында сақталып, кейінгі ұрпаққа жеткен құндылық [105].

Сабақ барысында оқушыларға Тараз аймағында қолданылатын диалектілерді жинақтау тапсырмасы берілді. Бұл тапсырманы оқушылар қызығушылықпен орындады. Сіріңке – шақпақ; қантты – шекер; тәте – ер адамға байланысты айтылатын қаратпа сөз; орамал – сүлгі; болды – бопты; мықты – дөкей; тістеуік – кемпірауыз; тегеш – шара; сірне – сырбаз және т.б. диалектілерді жинақтап, әдеби тілдегі қолданысымен салыстырды. Кейбір диалектілердің әдеби тілді толықтыруға ықпал ететінін білді. Салыстыру оқушының есте сақтау қабілетін дамытуға септігін тигізді.

Этномәдени бірліктер адам жанына, көңіл күйіне әсер етіп отырады. Кейде рухани мәдениеттің (ырым-тыйымдардың орындалмауы) сол ұлт өкіліне кәдімгідей тыныштық бермей, жанын жай тапқызбайтыны этнопсихологиялық

құбылыстардың дәйекті дәлелі бола алады.

Этнопсихологиялық құбылыстарға адам арасындағы қарым-қатынастар да дәлел болады. Мәселен, қазақ халқы үшін «көңіл айту», «науқастың көңілін сұрау» сияқты жосын-жоралғылардың ретімен орындалмауы реніш (психологиялық күй) тудырады. Айталық, жақыны деп санаған адамы қазаға арнайы үйіне барып емес, көшеде немесе кездескен жерде көңіл айтуын жанына жақын қабылдап, реніш білдіруі өзге халықтар үшін түсініксіз болуы мүмкін. Ренжитін, көңіл бөлетін мәселе емес деп қабылдауы мүмкін. Бірақ қазақ дәстүріндегі ет жақындарының арнайы бата оқып, көңіл айту жолын білмегені немесе соған мән бермеуі адам жанына қаяу түсіретін этнопсихологиялық құбылыс екенін «өліктің жолы ауыр» фразеологизмі арқылы дәлелдеуге болады. Сондай-ақ «кеш батқанда, ымырт түскенде науқастың көңілін сұрамайды» деген этнотанымдық түсініктің де тәртібін сақтамайтындар болады. Ондай жағдайда науқас адам «Күн батқанда, яғни шын-шайтандар шығып, өлгендерді санайтын уақытта солармен бірге келді» деген магиялық түсінікке еріп, ренжуі әбден мүмкін. Дәл осындай этнопсихологиялық детальдар өзге мәдениетте жоқ, бұл қазақ дәстүрінен өшірілмейтін стереотип ретінде терең сақталғаны адам психологиясына генетикалық таралатын рухани күш ретінде қабылданады. Этнопсихологиялық жағдаяттар ұлттық этникалық бірегейлігін ашуға мүмкіндік береді. Лингвомәдени бірліктер мен этномәдени бірліктердің жігі ұлттың этникалық бірегейленуі тұсында нақты анықталады. Соның ішінде этностың (тіпті ұлттың) ғасырлар бойы қанымен тараған психикалық қабілеті, яғни этникалық сезімі, этникалық мінезі, этникалық темпераменті бірінші кезекте басымдыққа алынады [106].

9 сыныптағы «Отбасы және демографиялық өзгеріс» тақырыбы аясында оқушыларға Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» кітабын оқу ұсынылды. Кітаптағы отбасы құндылығын көрсететін сәттерді жинақтап, этномәдени бірліктерді тауып, мағынасын түсіндіру тапсырмасы берілді. Шығарманы талдау арқылы оқушылар жазушының туған жеріне деген сүйіспеншілігін, қазақ әйелдеріне тән ұлттық мінез, ұлттық болмыс, салт-дәстүрмен танысу арқылы білімдерін тереңдетуге мүмкіндік алды. Айшаның ата-бабасынан қалған керегені қанша қиналса да отқа жақпай сақтауы, туған жерден кетерде бүкіл аруақтан кешірім сұрап, қара шаңырақпен қимай қоштасуы және т.б. этнопсихологиялық жағдаяттар болып табылады. Осы жағдаяттар арқылы оқушыға этномәдени бірліктерді меңгерту ұтымды болды.

Академик Ә.Қайдардың пікірінше, «қазақты «этнос» деп қараудағы мақсат - оны төмендету емес, қайта оның басып өткен ұзақ та сатылы даму жолын саралай түсінудің, тарихи этнотұлға ретінде танудың бірден-бір дұрыс жолы, кепілдігі» [107].

Этноцентризм - өзгенің құндылығы мен мәдениетін өзінің болмысы арқылы қабылдау, тану, түйсіну. Бұл құбылыс бірнеше этникалық топтың әрекеттесуі кезінде, аккумулярация жағдайында көрінеді. Этникалық топтың ұлт болып тұтасуында (консолидация) этножіктеуіш белгілер жиі көрініс табады. Әсіресе, құндылықтың бірегейленуі (унификациясы)

этномәдениеттердегі айырмашылықтарды жіті ажыратады. Мысалы, Ай – қазақ халқының дүниетанымында киелі рух иесі ретінде тәу ететін аспан шырағы. Оған «*Ай жарығы әлемге, Шам жарығы түбіне*»; «*Айдың он бесі жарық, Он бесі қараңғы*» деген мақал-мәтелдері дәлел.

Айға табыну, сыйыну, сәлем беру дәстүрі түркі тілдес халықтардың барлығында сақталған. Оған дәлел де көп. Бейіттің басына қойылатын ай мүсіні, «Ай»-мен басталатын қыздардың есімі, т.б. Бірақ, «жаздыгүні жаңа туған Айға тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп, тағзым ету. Сол тізе бүккен жерінің шөбін жұлып отқа тастауы - әулетім оттай қаулап өсе берсін, пәле-жаладан аман болайық» наным-сенім әрекеті тек қазақтарға ғана тән этножіктеуіш белгі болып саналады [108]. Демек, «Айдың сәулесі түссе киесі ұрады», «Ай мен Күн - жер жаһанға ыстық пен суықты, жаңбыр мен қарсы беретін аспан денелерінің құдіреттісі», «Ай қырынан туса күн жылы болады», «Ай қораланса күн райы бұзылып жайсыз болады», «Ай толғанда көшпе», «Ай қораланса, арсынды сайла, Күн қораланса, күрегіңді сайла» деген түсініктер этноцентризмденген түркілерге ортақ ұғымдар болып табылады.

Ғалым Н.Ильясова да өз еңбегінде «ай» сөзіне мысалдар келтіре отырып, «ай сөзі аспан денесіне жататын зат атауы ретінде адам танымында» орныққанын, «бір тәуліктің белгілі бір уақыты ішінде айдың жерді айналып өту қасиетін тану барысында ай сөзі уақыт бірлігінің өлшемін айқындайтын мәнді білдіріп тұрақты мағынаға ие болғанын» дәлелдеп көрсетеді [104,б. 26].

Этножіктеуіш белгілер этностық топтың мифтік, кейде стереотиптік танымынан туған наным-сенімдерінің қатаң сақталуынан, ырым-тыйымға берік этномінезден туындайды. Этножіктеуіш белгілердің қатарын ырым-тыйымдар мен наным-сенімдерге негізделген жосын-жоралғылар құрайды. Әдетте, салт пен дәстүрлерге қарағанда олардың құрамдас бөліктері, ірілі-ұсақты этномәдени категориялар, яғни жосын-жоралғылар ұрпақтан-ұрпаққа жетпей, жойылып, ұмытылып, этнопсихологиядан өшіріліп, вербалданған күйінде ғана сақталып жатады. Мысалы, қазақтың мифтік танымында «Ай бетінде кірпік санайтын кемпір бар. Егер ай сәулесі нәресте бетіне түссе, Айға қарап жалаңбас шықсаң, айға ұзақ қарап тұрсаң әлгі кемпір кесапат әкеледі-мыс», «Айға қарап дәрет сындырма, бұл рухты шамдандырады, сөйтіп тыйымды бұзған адам ұшынады» деген түсініктер өзге түркі мәдениетінде жоқ. Ш.Уалихановтың еңбегінде де қазақтардың жаңа ай туғанда тізерлеп отырып, соған қарап мінәжат ететіні, отырған жерінің шөбін жұлып отқа тастайтыны туралы ақпарат берілген. Қолына сүйел шыққан адамның жаңа туған айға қарап, «Ай, ай, ақ моншағымды ала ғой» деп, тілек тілейтіні, «ай көрдім, жұлдызым жоғары болсын», «Жаңа айда жарылқа, ескі айда ескірке» деп, арманының орындалуын тілеуі қазір де кей өңірде сақталып қалған. Сондықтан этножіктеуіш белгілер ретінде бұл ақпараттар қазақтың шамандық, тәңіршіл ғалам бейнесін танытады. Демек, этномәдени бірліктердің қалыптасуына этноцентризмдік жүйедегі этнопсихикалық таным мен этножіктеуіш белгілер негіз болады.

Ғалым А.Әмірбекова «адамзат үшін ақиқат дүние біреу болса, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр

адамзатта, әр ұлтта әр деңгейде сан алуан интерпретацияда» берілетінін, сондықтан «тіл иесінің ой-өрісіне, концептуалдық әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс» табатынын, «өзінше бейнеленіп» суреттелетінін, «ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға» тырысатынын айтады [109].

Мәдениет - динамикалық үдеріс. Құндылық - статикалық үдеріс. Мәдениет қоғам дамып, жетілген сайын өзгеріп отырады. Мәдениеттер ұлтаралық, мәдениаралық қатынаста өзара тоғысады, бірігеді, жойылады, жұтылады. Мәдениет ұлттың рухы мен санасында терең сақталып, ұлттың не этностың тұтастығын сақтауға қызмет еткен жағдайда құндылыққа айналады. Сондықтан этномәдени бірліктер инкультурация (ұлт тұлғасын жасау) үдерісіне бейім болса, лингвомәдени бірліктер аккультурация (мәдениеттердің тоғысуы, сіңісуі) үдерісіне бағытталады деп ойлаймыз [106,б. 43].

Осындай межеге сүйене отырып, оқушыларға ұлттық құндылықтарды жеңілден күрделіге қағидасын басшылыққа ала отырып оқыту қажет. Ғалымдардың баланың бойына ұлттық құндылықтарды бастауыш сыныптардан бастап сіңіру керек деген пікірін негізге алу қажет. Егер оқушыға этномәдени бірліктерді бастауыш сыныптан бастап, оқушының жас ерекшелігін ескере отырып беріп отырсақ, белгілі бір нәтижеге жете аламыз. Қосымшада осыған байланысты тапсырма берілді (кесте 1).

Қорыта келгенде, этномәдени бірліктер өз бастауын көне түркілік танымнан (наным-сенім, тотемдік, тәңіршілдік түсініктерден) алады. Содан өрбіген қазақы дүниетанымнан материалды және рухани мәдениет өзге ұлтта кездеспейтін этникалық дүниенің бейнесін қалыптастырады. Осылайша, қазақтың құндылықтары тілдік жүйенің астарында, мәдени атаулардың символдық, магиялық, мифтік мазмұнымен сақталады. Оларды этномәдени бірлік деп танып, жас ұрпаққа мазмұнын бұзбастан, сол қалпында жеткізуді көздейтін этнопедагогикалық, этнопсихоллингвистикалық, этнолингвистикалық әдіс-тәсілдер жаңғыруды, жаңаруды талап етеді. Арнайы зерттеуді қажет етеді.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Бірінші бөлімнің «Этномәдени бірліктерді оқытудың лингвистикалық аспектілері» деп аталатын тармақта этномәдени бірліктердің лингвотеориялық сипатына шолу жасай отырып, этномәдени бірліктердің қазақ лингвистикасында маңызды қызмет атқаратыны жайлы сөз болды. Ахмет Байтұрсынұлы, Е.Жанпейісов, Ә.Қайдар, М.Копыленко, Ж.Манкеева, Н.Уәли, З.Ахметжанова, С.Исабеков, Г.Сағидолда, Г.Смағұлова, С.Сәтенова, М.Атабаева, Ә.Әмірбекова, А.Тұрышев, М.Малбақов және т.б. ғалымдардың зерттеу тақырыбына байланысты еңбектері талданып, ондағы этномәдени бірліктердің этимологиясы, семантикасы туралы пікірлері негізге алынды.

Фердинанд де Соссюр, Уорф Сепир, В.Гумбольд, Л.Вайсгербер, И.А.Бодуэн де Куртенэ, Ю.М.Лотман, Ю.Бромлей, Р.Якобсон және т.б. ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, этномәдени бірліктерге талдау жасалды. Ол үшін алдымен этномәдени бірліктің өзіндік ерекшеліктері,

лингвомәдени бірліктен айырмашылығы анықталды. Этномәдени бірліктер - жалпы атау. Себебі оның ішкі құрылымдары бар. Әрбір тармақта этномәдени бірліктерге жататын этнолексемалар талданды. Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлері мен зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ тіліндегі этномәдени бірліктердің жіктелімі мағынасына қарай (заттық мәдениет атаулары (киім-кешек атаулары, қару-жарақ атаулары, жиһаз атаулары, ыдыс-аяқ атаулары, зергерлік бұйым атаулары, ас-тағам атаулары, тұрмыстық бұйым атаулары); рухани мәдениет атаулары (салт-дәстүр атаулары, әдет-ғұрып атаулары, жосын-жоралғы атаулары, кәде атаулары, ойын атаулары, ырым-тыйым, наным-сенім, бата, алғыс, қарғыс сөздері, сәлемдесу, қоштасу); қызметіне қарай (этнодиалектизмдер, этнофразеологизмдер, этнонимдер); типтеріне қарай (мифологиялық этнолексика, символдық этнолексика, нумеративті этнолексика, метрикалық этнолексика, сакралды этнолексика) деп жіктелді.

«Қазіргі білім беру жүйесіндегі этномәдени бағыттың әлеуметтік мәні» тармағында этномәдени бірліктердің қалыптасуы мен әлеуметтік ортада қызмет етуіне қарай олар әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним деп ажыратылып, олардың атқаратын қызметіне талдау жасалды. Этностереотиптердің ұлттық ділді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны тілдік фактілер арқылы дәлелденді. Этностереотиптердің этностық ортада автоматты түрде дағдыға айналған түсініктің санада терең сақталуы нәтижесінде қалыптасатыны туралы айтылды. Мектеп оқушыларына этностереотиптерді бейвербалды этномәдени бірліктер деп түсіндіру арқылы игертуге болатыны, көркем шығармалар мен халық ауыз әдебиетінен мысалдар келтіре отырып меңгертуге мән беру қажеттігі сөз етілді.

Этностереотиптердің танымдық, коммуникативтік және этностық бірегейлікті сақтау қызметі мысалдар арқылы дәйектелді.

Этнорегиолекттің жергілікті халықтың тілдік ерекшелігінен пайда болған әдеби тіл мен диалект аралығында жарыспалы жұмсалатын, әдеби тілдің вариатты қолданысы болып табылатыны С.Аманжолов, Ж.Досқараев, Ш.Сарыбаев, Ә.Нұрмағанбетов, О.Нақысбеков, Ғ.Қалиев, Т.Айдаров және т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, тілдік деректер арқылы берілді. Оның ерекшеліктері ашылып, көрсетілді. Этностильдің ұлттың сөйленіс этикетін білдіретін нормалық ұстанымдар болып табылатыны мысалдармен дәйектелді.

Қазіргі тіл білімінде этнолексиканың прагматикалық мақсатта, атаулық мағынада жаңа мағынада жаңғырған түрі ретінде қолданылатын этнопрагматонимге тоқталып, олардың қоғамдық-әлеуметтік мәні, социум ортасындағы қызметіне талдау жасалды.

Бірінші бөлімнің «Этномәдени бірліктердің танымдық (лингвокогнитивтік) мәні» тармағында этномәдени бірліктердің танымдық мәні «Дала», «Жеті ата», «Жер» концептілері арқылы ашуға бағытталды. Қазақтың этникалық дүние бейнесі мифологемдік, прецеденттік, зооморфтық, фитоморфтық, орнитонимдік, материалдық және рухани мәдениет атауларының мазмұны

мысалдар арқылы берілді.

«Этномәдени бірліктерді оқытудың психологиялық-педагогикалық негізі» тармағында этномәдени бірліктерді оқытуда негізге алынатын А.Құнанбайұлы, А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанов, Ж.Аймауытов, Ы.Алтынсарин, М.Дулатов, М.Жұмабаев педагогикалық тұжырымдары, оқыту ұстанымдары туралы айтылды. М.Балақаев, Ө.Айтпайұлы, Б.Қалиұлы, Ә.Әлметова, Б.Хасанұлы, Ж.Балтабаева, М.Атабаева, Қ.Есенова, Н.Ильясова және т.б. ғалымдардың тіл, таным, дүниетаным, этнопсихология жайлы пікірлері талданды. Жеткіншек кезеңдегі мектеп оқушыларына тақырыпты меңгертудегі маңыздылығы анықталды.

2 8-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықтарда этномәдени бірліктерді оқыту мәселелерінің жайы

Білім беру кез келген мемлекет үшін ең басты мәселе болып саналады. Адам білімінің нәтижесі мемлекеттің дамуы мен өркендеуіне тікелей әсер етіп отырады. Осымен байланысты ғылым мен техниканың дамуы да білім беруге өз деңгейінде ықпал етеді. Білім беру – адам, қоғам, мемлекет мүддесіне, олардың алға қойған мақсатын орындауға бағытталған тәрбие мен оқыту үрдісі. Білім беру мәселесін зерделеген ғалымдар білім беруді құндылық, жүйе, үдеріс, іс-әрекет және нәтиже тұрғысынан қарастырып келеді.

Білім беруді құндылық деп тануда кез келген индивид, топ, ұжым немесе этнос және т.б. үшін өмірлік маңызы бар материалдық немесе рухани құндылықтарды негізге аламыз. Мәселен, қазақ тіліндегі этномәдени бірліктер - қазақ халқының рухани құндылығы.

ҚР «Білім туралы» заңының 3 тарау 10-бабында «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі өзара іс-қимыл жасайтын:

1) білім беру деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және білім беру бағдарламаларының;

2) үлгілері мен түрлеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының;

3) білім беруді басқару органдары мен тиісті инфрақұрылымдардың, оның ішінде білім беру мониторингін жүзеге асыратын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарының;

4) білім беру қызметінің субъектілері бірлестіктерінің жиынтығын білдіреді» деп атап көрсетілген. Білім беру жүйесінің аясына оқу бағдарламалары жатқызылған. Аталған Заңда білім беру бағдарламасына «9-2) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшем шарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені» деген анықтама берілген [110].

Зерттеу тақырыбы бойынша ұйымдастырылатын жұмыстарды іске асыруда нормативтік құжаттармен, білім беру бағдарламалары мен осы бағдарлама негізінде жазылған оқулық, оқу-әдістемелік кешендермен танысып, талдау жұмыстары іске асырылды. 8-9-сыныпта оқытылатын «Қазақ тілі» пәні Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының

2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығына қосымша) оқытылып келеді. Аталған бағдарламада «Қазақ тілі» пәнінің мақсаты «ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету» болып табылатыны айтылған. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері төмендегідей сараланып көрсетілген:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану; тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу; 2) аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіру; 3) мәтіндерге қойылған мақсатқа сәйкес қорытынды, синтез, анализ жасау дағдыларын қалыптастыру [111].

8-9 сыныптағы «Қазақ тілі» пәніне аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат бөлінген. Бағдарламада білім мазмұны оқушыға қойылатын сөйлесім әрекетінің түрлері, яғни талаптар аясында берілген. Бағдарламада грамматикалық тақырыптар лексикалық тақырыптардың аясында ұсынылған. «Әдеби тіл нормалары» деп аталатын бөлімде грамматикалық тақырыптар қамтылған. Қазақ мектебіндегі «Қазақ тілі» пәнінің мақсаты – оқушыларға ана тілінің заңдылықтары мен ережелерін оқыту арқылы олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып табылатыны мәлім.

8-9 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспарда төмендегідей грамматикалық тақырыптар берілген (кесте 2):

Кесте 2 - «Әдеби тіл нормасы» бөлімінде берілген грамматикалық тақырыптар

Әдеби тіл нормалары	8 сынып	9 сынып
1	2	3
орфографиялық норма:	бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу	жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру, мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрада мәтіндер құрастыру, мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графикалық мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу, эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау

2 - кестенің жалғасы

1	2	3
орфоэпиялық норма:	әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу

Кесте 3- «Әдеби тіл нормасы» бөлімінде берілген грамматикалық тақырыптар

Әдеби тіл нормалары	8 сынып	9 сынып
лексикалық норма:	сөздік қор мен сөздік құрам	лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану
грамматикалық норма:	сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді және етістікті сөз тіркестері, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері, жай сөйлем, жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі;	құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу, салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану;
пунктуациялық норма:	қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері	құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану.

Бұл бөлімде грамматикалық тақырыптармен қоса тапсырма түрлерінің де қоса ұсынылуы бағдарламамен жұмыс жасауда қиындық тудырады. Әр сыныпқа арналған орта мерзімді жоспарда 8-9 сыныптар бойынша төмендегідей лексика-грамматикалық және грамматикалық материал бөлімдері қамтылған (кесте 4):

Кесте 4 - «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы» орта мерзімді жоспарда қамтылған тақырыптар

8 сынып		9 сынып	
1	2	3	4
Лексика-грамматикалық бөлім	Грамматикалық материал	Лексика-грамматикалық бөлім	Грамматикалық материал
Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. Орфография	Жалқы есім емлесі	Мәңгілік Ел – мұратым. Стилистика	Мәтіндегі сөз таңдау, сөз қолдану (қисыны), сөз әрлеу
Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Фонетика	Сөйлеу ағымындағы әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс	Жаһандану мәселелері. Стилистика	Қазақ әдеби стилінің түрлері

4 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары. Лексика	Сөздік қор. Сөздік құрам	Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017 Синтаксис	Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары. Құрмалас сөйлемнің түрлері
Ғарышты игеру жетістіктері. Синтаксис	Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері. Сөз тіркесінің байланысу түрлері. Сөз тіркесінің Түрлері	Адам құқығы мен бостандығы. Синтаксис	Ыңғайлас салалас. Себеп-салдар салалас. Қарсылықты салалас
Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер. Синтаксис	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері	Отбасы және демографиялық өзгеріс. Синтаксис	Түсіндірмелі салалас. Талғаулы салалас. Кезектес салалас
Қоршаған орта және энергия ресурстары. Синтаксис	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Сөйлемнің айқындауыш мүшелер	Биотехнология және гендік инженерия келешегі. Синтаксис	Шартты бағыныңқы сабақтас. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас. Мезгіл бағыныңқы сабақтас
Жасөспірім және заң. Синтаксис	Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері	Бұқаралық ақпарат құралдары. Синтаксис	Себеп бағыныңқы сабақтас. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас. Мақсат бағыныңқы сабақтас
Театр өнері мен мәдениеті. Синтаксис	Жай сөйлемнің түрлері	Әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік. Синтаксис	Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары
Қазақстандағы туризм және экотуризм. Пунктуация	Сөйлем соңында қабаттасып қолданыла тын тыныс белгілері	Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Пунктуация	Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері

«Жалқы есім емлесі», «Сөздік қор және сөздік құрам», «Сөйлеу ағымындағы әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс», «Тыныс белгілерінің түрлері мен қызметі» және т.б. грамматикалық тақырыптар да алдыңғы сыныптарда берілген.

Қазіргі білім беру жүйесіне «Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен» қатар енген жаңалық – альтернативті оқулықтардың дайындалуы. Қазіргі таңда жалпы білім беретін орта мектептің 8-9 сынып оқушылары 3 баспадан шыққан оқулықтармен оқиды. Олар: 1) «Атамұра» баспасынан 2018 жылы 8 сыныпқа арналып шыққан оқулық. Авторлары:

Б.Әрінова, Қ.Молдасан, А.Байшағырова; 9 сыныпқа арналған оқулық 2019 жылы шыққан. Авторлары: Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, М.Дусимбаева 2) «Арман-ПВ» баспасынан 2018 жылы шыққан оқулық. Авторлары: Т.Н.Ермекова, Ш.Л. Ерғожина, А.Е.Тоқбаева; 9 сыныпқа арналған оқулық 2019 жылы шыққан. Авторлары: Т.Н.Ермекова, К.Ә.Бертілеуова, Р.А.Абишева. 3) «Мектеп» баспасынан 2018 жылы шыққан оқулық. Авторлары: Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасарова; 9 сыныпқа арналған оқулық 2019 жылы шыққан. Авторлары: М.Мамаева, Ж.Мұқашева.

Зерттеу барысында этномәдени бірліктердің аталған оқулықтарда берілуін анықтау мақсатында талдау жасалынды. Этномәдени бірліктер бірінші тарауда ұсынылған жіктеме бойынша жинақталды.

Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған «Атамұра» баспасынан шыққан оқулықта заттық мәдениет атаулары (асық, сақа, шымылдық); рухани мәдениет атаулары (Еліңнің жұты болма, құты бол. Егінді, шалғынды бейсауат баспайды. Ағын суды бұруға болмайды. Өсіп тұрған ағашқа балта тигізуге болмайды. Қара суды сапырмайды. Жұлдыздарды санамайды. Айды қолмен көрсетпейді. Өкеннен қалған мал-мүлікке ие бол! Қыз ұзату, шілдехана, үйлену, ақындар айтысы); мифологиялық этнолексика (Тоныкөк, Білге); символдық этнолексика (аққу, ошақ, шаңырақ); сакралды этнолексика (қара шаңырақ, ананың ақ сүті, дүние жүзі ғарышкерлерінің бесігі); этнофразеологизмдер (кісі ақысын жемеу, кіндік қаны тамған жер, қара қылды қақ жарған, жүзден қара озып шыққан) қамтылса [112], осы сыныпқа арналған «Мектеп» баспасының оқулығында заттық мәдениет атаулары (алтын, күміс табақ, құмыра, күміс қапсырма, қаңылтыр бақыраш); рухани мәдениет атаулары (Қадір түндері); этнофразеологизмдер (Жарғақ құлағымыз жастыққа тимей, жылы шыраймен қарсы алу, Қырықтың бірі қыдыр); этнонимдер (Шықбермес шығайбай, Түрік Қағанаты) берілген [88,б. 6].

Ал «Арман-ПВ» баспасының оқулығында заттық мәдениет атаулары (садақ, тері, алтын алқа, жүзік, қамзол, белбеу, қызыл қынапты, ұзын семсер, қынға салынған темір қанжар, тон, киіз үй, уық, кереге, шым ши, сырға, білезік, шоңқима етік, сойыл, шокпар, үзеңгі, кілем, алаша, сырмақ, сәукеле.); рухани мәдениет атаулары (Бас исін, жерін сауғаға беріп, елі етегіме келіп тығылсын! Бір үйдің баласы болма, Көп үйдің санасы бол!.. Тәңір жарылқасын! Ойпыл-тойпыл сөйлеуден сақтанып, тіліңді тыйып ұста! Орынсыз күле берме! Беташар, айтыс, бесіктой, наурыз тойы); мифологиялық этнолексика (Алдар Көсе, Ер Төстік, Тазша бала); сакралды этнолексика (қара шаңырақ); этнодиалектизмдер (құдағай); этнофразеологизмдер (майдан қыл суырғандай, алмастай жарқылдап, қара басының қамын ойлау, адал еңбек, ақ ниет, айдарынан жел есу, жүрегінің түгі бар, құралайдың салқыны, жаратылыстың құшағында, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, саумалдай татымды); этнонимдер (Түрік қағанаты, Тоныкөк, Білге, Бумын, Қоңыр әулие, Бекет ата, Асанқайғы, сақтар) кездесті [113].

8 сыныпқа арналған оқулықтардағы этномәдени бірліктердің берілу көрсеткіші төмендегі диаграммада берілді (сурет 2):



Сурет 2 - 8 сынып оқулықтарындағы этномәдени бірліктердің берілуі

Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулықтарда төмендегідей этномәдени бірліктер берілген:

«Атамұра» баспасының оқулығында заттық мәдениет атаулары (қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, қатық, айран, іркіт, балқаймақ, кілегей, малта, саумал); рухани мәдениет атаулары (Аман бол, шырағым! О, қасиетті, баба! Еңсең биіктей берсін, шаңырағың кеңейе берсін, Елорда! Көріскенше, сау бол! Ит жүгіртіп, құс салу, балуан белдестіру, ат суыту, тоғызқұмалақ, көк отау, жеті ата); сакралды этнолексика («ақшаңқан», шаңырақ); этнофразеологизмдер (Түгін тартса майы шығатын, көздің қарашығындай, түлкібұлаңға салу, марқасқа мінезімен, түтіні түзу ұшқан, түп қазығы, өзімізді үнемі қамшылап, көздің қарашығындай сақтау); этнонимдер (Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама) [114]; «Мектеп» баспасының оқулығында заттық мәдениет атаулары (Ақ жаулық, тайқазан); рухани мәдениет атаулары (Е, бергеніңе шүкір, тәңірім! Қыз көру, әмеңгерлік, аманат-құда, бала аттастыру, тасаттық, бата алу); мифологиялық этнолексика (тәңірқұты); сакралды лексика (қара шаңырақ, несібесін бөліп беру); этнофразеологизмдер (қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, ықылым заман, боздақ ұл, шідерін үзбеген ат, емеуріннен тану, пәтуа жоқ, ел тізгінін ұстау, тізгінге жармасу, мұзға құлаған түйедей, жарамсақ, жәдігөй, жымысқы, жел сөзге ерген, тілге ерік берген, есесін жібермеу, айтқанға көніп, айдағанға жүру, қолжаулық болмау, түтіні тарқатылмаған, екі қолға бір күрек таба алмау, күлмең қағу, үні тыну, бесіктен белі шықпаған, жан азығы, құйрық-жалы күзелген байталдай) [89,б. 2]; «Арман-ПВ» баспасының оқулығында рухани мәдениет атаулары (алтыбақан, шілдехана); символдық лексика («Бәйтерек» кешені); этнофразеологизмдер (түтіні түзу ұшқан, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, кірпік қақпай карау); этнонимдер (Білге қаған) [115].

9 сынып оқулықтарындағы этномәдени бірліктердің берілу көрсеткіші төмендегідей болды (сурет 3):



Сурет 3 - 9 сынып оқулықтарындағы этномәдени бірліктердің берілуі


Жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламасында этномәдени бірліктер арнайы тақырып ретінде қамтылмағанын байқатты. Мектеп оқулықтарында этномәдени бірліктердің берілуінің пайыздық көрсеткіші өте төмен болды. Сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша ұсынылған оқу мақсаттары мәтін мазмұнын түсінуді, талдау жасауды, негізгі ой мен негізгі ақпаратты, стилін, өзектілігін, мақсатты аудиториясын анықтауды көздеген.

Оқу бағдарламасы мен мектеп оқулықтарына жасалған талдау этномәдени бірліктерді 8-9 сынып оқушыларына меңгертудің қажеттігін көрсетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «қазіргі басты міндет - халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру» екенін, «адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп» отырғанын, «жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта» алатынын, «ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі» керектігін, «XXI ғасырдың ұрпағы терең білімді» ұрпақ даярлауға басымдылық берілуін атап көрсеткен болатын [116].

Сондықтан мектеп оқушыларына этномәдени бірліктерді оқыту Жолдауда көрсетілген міндеттерді шешуге септігін тигізері анық. 8-9 сынып оқушыларына этномәдени бірліктерді оқыту үшін оның моделін жасау мақсаты қойылды. Модель дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталды. Педагогикадағы дара тұлғаға бағытталған білім беру оқушының дара тұлға ретінде өзін-өзі тануына, жетілдіруіне септігін тигізетін идеялар мен іс-әрекеттердің жиынтығы ретінде түсініледі. Ал этномәдени бірліктерді оқыту арқылы дара тұлғаны қалыптастыру ұлттық және мәдени құндылықтарға негізделуі тиіс. Өйткені халықтың жаңа болмысын, ұлт сапасын арттыру ұлттық және рухани құндылықтар негізінде ғана іске асады. Тұлға қалыптастыру бір ғана бағыттағы шаралармен шешіле салмайды. Тұлғаның тілі, болмысы мен мәдениеті, алған білімі өзара байланысты. Тіл тұлғаның мәдени иммунитетін дамытатын тетік болса, білім – тұлғаның дүниетанымын танытатын көрсеткіш. Мәдениет білім беру үдерісінде үш түрлі қызмет атқаратыны мәлім. Мәдениеттің гнесологиялық аспектісінде оқушының дүниені тануына оның сезімдері мен ой-

санасы ықпал етсе, аксиологиялық аспектіде мәдениет адамның әлемді игерудегі материалдық және рухани құндылықтарының деңгейін көрсетеді. Ал гуманистік аспектіде мәдениет білім алушының рухани әлемін дамытудың кепілі ретінде танылады.

Этномәдени бірліктерді оқыту моделі ұлттық құндылықты бойына сіңірген дара тұлғаға «сөз табиғатын танытуға, оны ұлттық дүниетаныммен, ұлттық құндылықпен сабақтастыра меңгертуге, ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, рухани мәдениетін тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы білдіруге» бағытталды (сурет 4) [117].



Сурет 4 - Этномәдени бірліктерді оқыту моделі

Қорыта келгенде, жалпы білім беретін қазақ мектептерінде оқитын оқушыны елжандылыққа тәрбиелеуге, өз ұлтының тілі мен дәстүрін, әдебиеті

мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үйрету үшін этномәдени бірліктерді білім мазмұнында нақты беру қажет. Этномәдени бірліктерді оқыту моделі оқушыға зерттеу тақырыбын жүйелі әрі терең игертуге септігін тигізді.

2.2 Этномәдени бірліктерді оқытудың әдіс-тәсілдері

Оқыту әдістері оқу мақсаты мен оқушыға берілетін тәрбиені жүзеге асыруда қолданылатын дидактикалық тәсілдер мен құралдардың жиынтығы екені мәлім. Білім беру мазмұнын меңгеру көп жағдайда мұғалімнің қолданатын әдістерімен анықталады. Ал әдіс дегеніміз не?

Әдіс – грек тілінен аударғанда жол, әрекет тәсілі дегенді білдіреді. Жақсы әдіс адам іс-әрекетінің кез келген саласында материалдық, рухани, педагогикалық табыстың кілті болып табылады.

Әрбір қызмет түрінің, әрбір ғылымның өзіндік тиімді әдістері бар. Немістің ұлы философы Г.Гегельдің ойынша, әдіс деген зерттелетін пәнге қатысты сыртқы нәрсе емес, керісінше, әдіс сол пәннің өзінде бар нәрсе, әдіс – пәннің жаны. Сол себепті, физиканы оқытудың өз әдісі, биолог пен тілшінің өз әдістері бар. Дегенмен олардың барлығы да танымның жалпы ғылыми әдістерін пайдаланады.

Оқыту әдістері – мұғалім мен оқушының белгілі бір іс-әрекетті бірлесіп жүзеге асыратын қызметі. Кез келген әдіс белгілі бір мақсаттан, осы мақсатты жүзеге асыратын іс-әрекеттен, іс-әрекетті іске асыруға көмектесетін құралдардан тұрады. Дидактикалық әдістерді классификациялау оқыту теориясының ең күрделі мәселелерінің бірі болып табылады.

Сондықтан соңғы кездері жалпы дидактикалық әдістерге сипаттама бергенде олардың ерекшеліктеріне қарамастан барлық оқу пәндерін оқытуда қолданылатын және өзіндік ерекшеліктері бар әдістер қарастырылады.

Әдістің ең басты көздейтін мақсаты – нәтижеге жету. Сондықтан да білім беру жүйесінде әдіс-тәсілдер үнемі жаңарып, жанданып отырады. Сонымен қатар тұрақты түрде қолданылатын әдістер де жетерлік. Ол әдістер білім беруде өзінің тиімділігін дәлелдеген әдістер болып саналады.

Оқыту әдістерін әдіскер ғалымдар түрліше топтастырып келеді. Дегенмен, олардың көздейтін мақсаты біреу ғана – нәтижеге жету. Оқыту әдістері жалаң түрде қолданылмайды. Бір әдістің қолданылуында бірнеше әдіс-тәсілдер топтасуы ықтимал. Ол мұғалімнің шеберлігіне де байланысты болады. Ғылым мен техниканың дамуы оқыту әдіс-тәсілдерінің түрленуіне әсер етіп отырады. Әдіс-тәсілдің түрлері өте көп, бірақ оларды «жақсы» немесе «жаман» деп жіктеуге келмейді. Оқушылардың танымдық қабілеттері мен ақыл-ой өрісін дамытуға әсерін тигізетін әдіс-тәсілдерді таңдап алу оңай жұмыс емес. Оқушының алған білімін өмірмен байланыстыруға ықпал ететін, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға көмектесетін әдіс-тәсілдерді сұрыптап алу қажет. Әр тақырыпты меңгертудің өзіндік ұтымды әдістері іріктеліп алынғаны жөн.

Әдістің ішкі және сыртқы жағы бар. Сыртқы жағы мұғалімнің қандай тәсілмен әрекет ететінін көрсетсе, ішкі жағы оның қандай тәртіпті, ережені

басшылыққа алатынын байқатады. Яғни әдіс оның ішкі және сыртқы жағының бірлігі, теория мен практиканың сабақтастығы, мұғалім мен білім алушының бірлескен іс-әрекеті арқылы танылады [6,б. 399].

Ғалымдар оқушы білім алу үшін не қажет, ол білімді қалай есте сақтайды, өмірде қалай қолдана алады деген сұрақтарға жауап іздеу қажет деп есептейді. Сондықтан да қазіргі таңда мұғалім тек бақылаушы, кеңесші, ал оқушы ізденуші рөліне ене бастады. Осымен байланысты түрлі әдіс-тәсілдер қолданылып келеді.

8-9 сынып оқушыларына этномәдени бірліктерді оқытуда көптеген әдіс-тәсілдер қолданылды.

Салыстыру әдісі – бұрыннан қолданылып келе жатқан әдістердің бірі. Салыстыру әдісі тақырыпты кең әрі терең түрде меңгертуге көмектесумен бірге оқушының шығармашылық қабілетін де жетілдіруге ықпал етеді.

Әдіскер-ғалым С.Рахметова салыстыру әдісінде «заттар мен құбылыстардың ұқсастық, айырмашылық қасиеттері» айқындалатынын айтады. Салыстыру әдісін «ақыл-ойдың аналитикалық жұмысы» деп бағалайды. Ғалымның пікірінше, салыстыру күрделі, мұнда синтез, жалпылау, қорытындылау элементтері іске асады [118].

Жұмыс барысында оқушыларға эквиваленті бар этномәдени бірліктер беріліп, салыстырмалы талдау жасатылды. Оқушылар *тұсаукесер, сарбаз, айдар, қазан* және т.б. этноатауларды салыстырып, олардың қазіргі таңдағы қолданыстары жайлы айтып берді. Сонымен бірге осы этномәдени атаулар бар сөйлемдерді БАҚ құралдарынан жинақтады: *Бала бесіктен белі шыққаннан кейін еңбектеп, қаз тұрып, бір-екі қадам басып, үстел жағалап жүруді үйренеді. Бұл – кішкентай бөбектің алғашқы талпынысы. Осындайда дана қазақ баланың келешегі кемел болсын, қадамы нық, тез жүріп кетсін деген ниетпен тұсаукесер тойын жасаған («Өскен өңір» газетінен). Қадам баса бастағанда тұсаукесер рәсімін өткізген. Тұсауы кесілмеген адамды сүріншек болады деп есептеген («Қармақшы таңы» газетінен). Тұсаукесер рәсімінде белгілі жазушы, ғалым Н.Ақыш, «Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы Қ.Сәрсенбай, «Нұр-Мүбәрак» университетінің профессоры, дінтанушы Ш.Кәрім, «Ақиқат» журналының Бас редакторы А.Әлім, белгілі қаламгер Н.Мұраталиев өз ойларын ортаға салды («Қазақ газеттері» сайтынан).*

Жинаған мысалдарындағы этномәдени атаулардың аражігін ашып, олардың қолданыстарына назар аударды. Құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарына талдау жасалды.

Салыстыру әдісі таныммен тікелей байланысты. С.Жиреновтың пікірін негізге алсақ, танымның негізгі мақсаты «ғаламдағы ішкі құбылыстардың ішкі және сыртқы табиғатын» оқушы өзінің санасы мен таным білігіне сүйене отырып меңгеруі қажет. Оқушы «іс-әрекеттерінде, көрген, білген, түйсінген, таныған дүниесін» күнделікті өмірде өз қажетіне жаратып қолдана алуы тиіс [119]. Яғни оқушы өзінің танымында сақталған мәліметті бейтаныс ақпаратпен салыстырады. Олардың арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты айқындайды. Сол арқылы білімін тереңдете түседі.

Психологтардың айтуынша, салыстыру арқылы адамның танымында сол ақпарат туралы сурет пайда болады. Яғни адам баласы дүниеге келгеннен бастап, айналадағы дүниені ой елегінен өткізіп, салыстыра бастайды. Сол арқылы оның танымы кеңейе түседі. Сондықтан да салыстыру әдісі әрі танымдық, әрі ғылыми әдіс түрінде танылады. Салыстыру адамның ақыл-ойымен, таным көкжиегімен де сабақтас. Мәселен, эквиваленті бар этномәдени бірліктерді салыстыру үшін оқушыға аялық білім қажет. Оның лексикалық бірліктер туралы, жалпы сөз туралы білімі болуы керек.

Көрнекілік әдісі – білім беруде қолданылатын басты әдістің бірі. Ғалымдар көрнекілік әдістің тиімділігі жайлы бұрыннан айтып келеді. Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбектерінде көрнекілік әдісін ұтымды қолданғаны белгілі. Ғалым-әдіскерлердің көпшілігі көрнекілік әдісі оқушының ақыл-ойын, іс-әрекеті мен сөйлеу тілін дамытуға әсер ететінін айтады. Соңғы жылдары көрнекілік әдісін қолдану жаңа қарқынға ие болды. Қазіргі техниканың дамуы көрнекілік әдісін қолдануды жеңілдетте түсті. Мұғалімге көптеген мүмкіншіліктер туды. Көрнекілік жаңа материалды терең игеруге, ақпаратты есінде ұзақ сақтауға көмектеседі. Мысалы, 8 сыныптағы «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті» тақырыбында оқушыларға төмендегідей сурет көрсетіліп, тапсырмалар берілді:



Сурет 5 - Қазақтың ұлттық аспаптары

1-тапсырма. Суреттегі ұлттық аспаптарды атаңдар. Оларды неден жасайтынын айтыңдар.

2-тапсырма. Ұлттық аспаптар ұлттық құндылық болып есептеле ме? Аспап атаулары этномәдени бірлікке жата ма? Ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.

3-тапсырма. Басқа ұлттарда бұл аспаптар кездесе ме? Олардың қолданысы туралы не білесіңдер?

4-тапсырма. Сен қандай аспапта ойнай аласың? Ол аспап туралы не айтасың?

5-тапсырма. Ұлттық аспапта шебер ойнайтын қандай тұлғаларды білесіңдер? Қосымша ақпарат жинап, ойбөліс өткізіңдер.

Сонымен бірге осы сыныптағы «Театр өнері мен мәдениеті» тақырыбы аясында «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» спектаклінен үзінді көрсетілді [120]. Оқушылар үзіндіні көріп, ондағы этномәдени атауларды, сырға, камзол, шапан,

кимешек, шолпы, алқа, семсер және т.б., «қан құйысқанбыз», «балам малшы, өзім сауыншы болайын», «ет бауыр емшектесім», «заманы бір, тілеуі бір замандас», және т.б. фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді теріп жазды. Актерлердің сөз қолданысына талдау жасауға талпынды. Жай сөйлемдерді жазып, оларға синтаксистік талдау жасады.

Мектеп оқушыларына заттық материалдық атауларды оқытуда көрнекілік әдісі қолданылды. Оқушы заттың өзіне немесе суретіне қарай отырып, атаудың соған ұқсас қойылғанына көз жеткізді. Мысалы, торсық - қазақтың ұлттық ыдысы. Қымыз сақтауға арналғанын және оның бірнеше түрімен (жол торсық, бел торсық, жан торсық) танысты. Торсық атауының торсыйған пішінін көріп-ақ оқушылар оны есте сақтайтын болады. «Шекесі торсықтай бала» деген теңеудің қалай қалыптасқаны жайлы визуалды салыстыру арқылы ой қорытады. Қазақ баласының маңдайы шашының ізімен екі торсыққа айырылып тұрады. Оны торсық шеке деп атайтынын білді.

Wordwall бағдарламасын пайдалану арқылы да тапсырмалар жасалып, қолданылды.

Жұмыс барысында қолданылған бейнероликтер, кластер, диаграмма, кесте, Венн диаграммасы сияқты көрнекі құралдар тақырыпты терең игертуге, оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыруға өз септігін тигізді. Оқушының таным үдерісі сезім арқылы қабылдаудан басталады. Оқушыға көрсетілетін затты немесе құбылысты қабылдауға қатысатын сезім мүшелері көбірек болса, оқушы жаңа білімді соғұрлым жақсы әрі терең меңгереді. Көрнекілік әдісін қолдануда мұғалім оған қойылатын талаптарды сақтауы қажет.

Ойын әдісі – оқушының белсендігін тудыратын әдіске жатады. Ойын баланың ортада өзін еркін ұстауына, қызығушылығын оятуға, тілін дамытуға ықпал етеді. Ойынның қай түрі болмасын оқушыны мұқияттылыққа, еңбекке, топтағы балалармен ынтымақтастықта болуға үйретеді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Қисындыру. Еңбек-ермек» айдарымен балаларға түрлі тапсырмаларды ойын арқылы үйретуді мақсат еткен. Мағжан Жұмабаев та бала ылғи қозғалыста болатын тұлға болғандықтан, сабақ үстінде дидактикалық ойындарды пайдалану қажеттігін, ойын баланың шаршағанын басып, сергітуге көмектесетінін баса айтқаны белгілі. Олай болса, ойынды ұтымды қолдана білу қажет.

8 сыныпта «Көшпелілердің рухани мәдениеті» тақырыбын өту барысында «Бәйге» ойыны ойналды. Ойынның шарты бойынша, оқушыларға сайтынан «Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану» мұражайы туралы қысқаша бейнеролик ұсынылды [121]. Оқушылар екі топқа бөлінді. Оларға видеодан көрген этномәдени бірліктерді тез жазып шығу тапсырылды. Нәтижесінде оқушылар біріншіден, өздерінің өлкесіндегі мұражай туралы ақпарат алды, екіншіден, ондағы тарихи жәдігерлер жайлы білді, үшіншіден, тақырып бойынша білімдерін толықтырды.

9 сыныпта «Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі» атты сабақта «Кім жылдам?» ойыны ойналды. Оқушыларға символдық этнолексиканы білдіретін *қамшы, бәйтерек, аққу, шаңырақ, айдаһар, бөрі, ошақтың* суреттері көрсетілді.

Ойынның шарты бойынша оқушылар тез әрі дұрыс олардың қандай символды білдіретінін айтып шықты. Мысалы, шаңырақ – отбасы символы, аққу – махаббат символы және т.б.

Өмірлік жағдаятпен сабақтасып жататын іскерлік ойындар да оқушыға зерттеу тақырыбын терең меңгертуге көмектесті. 9 сыныпта «Тәуелсіздіктің тұғыры болар тұлғалар» тақырыбында әл-Фараби туралы мәтін берілген. Оқушыларға әл-Фараби туралы тұсаукесер дайындау тапсырылды. Аталған жұмысты топтық қалыпта орындау міндеті қойылды. Бірінші топ әл-Фарабидің балалық кезін, екінші топ ғалым болған шағын, үшінші топ қазіргі әл-Фараби мұрасын дәріптеп, 12-16 үнқатымнан тұратын сұхбат түрінде үзінді көрсетті. Сұхбатта міндетті түрде этномәдени бірліктерді қолдану шарты қойылды. Қосымша ақпарат ретінде You tube материалы пайдаланылды [122]. Бұл ойынға оқушылар ерекше белсенділікпен дайындалды. Сұхбаттарында барынша көп мәлімет беруге тырысты. Іскерлік ойын оқушының диалогтік сөйлеу тілін жетілдіруге, өз пікірін дәлелдеуге, жинақтап айтуға, әдеби тілде сөйлеуге дағдыландырады.

Сондай-ақ Wordwall бағдарламасы арқылы қолданылған тапсырмаларды да ойын түріне жатқызуға болады [123]. Ойын оқушының теориялық білімін практикалық тұрғыдан игеруге, сабаққа деген ынтасын арттыруға, танымдық ойлауын жетілдіруге, тілін дамытуға, ойын жинақы әрі шапшаң айтуға үйретеді. Ойын әдісін қолданбас бұрын мұғалім ойынның мақсатын, шартын, уақыт мөлшерін, нәтижесін алдын-ала айқындап алғаны жөн. Мақсаты айқындалмаған, түпкі нәтижесі белгісіз ойын пайдалы болмайды. Ойынға бөлінетін уақыт мөлшері де маңызға ие. Тым ұзақ ойын оқушыны тез жалықтырады. Бір ойынды үнемі пайдалану да жақсы нәтиже бермейді. Ойынға қатысушылардың саны да айқын болғаны жөн. Бірақ мұғалім басқа оқушыларды да ойыннан тыс қалдырмауы қажет.

Ауызша коммуникацияда айтылатын, қазақы дәстүрге сай қолданыстарды іріктеуге қатысты берілген тапсырмалар *қатысымдық әдіс* арқылы іске асырылды. 8 сыныптағы «Ұлттық құндылықтар – ел болмысы» тақырыбы бойынша қазақтың классикалық көркем шығармаларының аудиокітабын тыңдап, ондағы алғыс, қарғыс сөздерін, мақтау, даттау сөздерін, сәлемдесу, қоштасу, көрісу, қонақ күту сияқты диалогтік қатынасы айқын көрінетін жағдаяттағы этномәдени бірліктерді жинау тапсырмасы берілді. Оқушылар қазақ халқының қарым-қатынас мәдениетіне, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына байланысты айтылатын сөз орамдарын жинады: қуанышты сәттерде: *қуаныш ұзағынан болсын, құтты болсын және т.б.*; мерекелерде: *мереке құтты болсын, мерейлерің өссін және т.б.*; жиын-тойларда: *той құтты болсын, той-тойға ұлассын, тілеу қабыл болсын және т.б.*; алыс сапарға аттанғанда: *аман барып, сау қайт; жолың болсын. Қызыр ата қолдасын және т.б.*; қиын сапардан келгенде: *кеткенің келіп, кемтігің толсын т.б.*; қиын-қыстау сәттен өткенде: *бас аман болсын, денің сау болсын және т.б.*; көңіл сұрағанда: *науқасың шипалы болсын; ауырғанда бір, аунап тұрған да бір және т.б.*; қайғысына ортақтасқанда: *арты жақсы болсын, бастарың аман болсын және*


т.б.; жаңа киім киген адамға: *киімің тозғыш, өмірің озғыш болсын; игілігін көріп, өзің тоздыр; өз иығыңда жүріп тозсын; киімің кіршең болсын* және т.б. Оқушыларға түрлі жағдаяттар ұсынылып, жинаған материалдарын диалогта қолдану талабы қойылды. Бұл тапсырмалар оқушының сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, дамытуға жол ашады.

Ғалым Г.Қосымованың тұжырымынша, жаһандану заманында ақпараттық қоғамда шешендікке басқа талаптар мен міндеттер қойыла бастады. «Ұлттың рухани мәдениетін бойына сіңірген, қоғамдағы өзгерістерді ақыл-ой елегінен» өткізе алатын, «ой қорытындысын жасай білетін, өзіндік көзқарасы қалыптасқан», көпшілік ортада «өз пікірін» саналы, дәлелді түрде қорғай алатын, «жұртшылыққа ой» тастау қабілеті бар тұлғаны қалыптастыруымыз қажет [124].

Шешендік - шебер сөйлеу өнері. Халқымыздың шешендік сөздері мен мақал-мәтелдері, көркем сөз орамдары тіліміздің байлығын танытумен қатар, ой ұшқырлығының биік шыңын, дәл, нақты, ұтымды, орамды сөйлеудің үлгісін көрсетеді. Оқушыларға көңіл күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары берілді:

Абыройлы бол! Жолың болып, тасың өрге домаласын! Аспаның ашық болсын! Бағың жансын! Бақ дарысын! Даңқың ассын! Дәулет қонсын! Еліңнің елеулісі бол! Дегеніңе жет! Жұлдызың оңынан тусын! Жолдасың Қыдыр болсын! Мұратыңа жет! Өмір жасың ұзақ болсын! Талабың жоғары болсын! және т.б. Оқушылар көркем сөз орамдарын сыныпта психологиялық ахуал тудыру кезеңінде бір-біріне айтып отырды. Олар әр сабақта басқа сөз орамдарын айтуға тырысты [125]. Сондықтан да қатысымдық әдіс коммуникацияда айқындалатын этномәдени клишелер мен ұлттық құндылықты танытушы стереотиптелген штамп қолданыстарды түрлі жағдаяттарда қолдануға, оқушының сөйлеу мәдениетін жетілдіруде өте пайдалы болды.

Интербелсенді әдіс-тәсілдер қазіргі таңда біздің өміріміздің бір бөлшегіне айналды. Оқу үдерісін аталған әдіссіз елестету мүмкін емес. Белсенді әдіс-тәсілде іс-әрекет мұғалім \longleftrightarrow оқушы арасында өтетін болса, интербелсенді әдісте ол төмендегідей қалыпта жүзеге асады:



Сурет 6 – Интербелсенді әдістің іске асу қалпы

Интербелсенді әдістің тиімділігі іс-әрекет тек оқушы мен мұғалім арасында ғана емес, жоғарыда көрсетілгендей өзара сабақтастықта жүзеге асады. Оқушылар жұппен, топпен, ұжыммен жұмыс істеуге төселеді. Өз ойларын ашық, еркін жеткізуге дағдыланады. Ең бастысы, оқушының ынтасын арттырып, белсенділігін тудыра отырып, нәтижеге жетуге көмектеседі. Өзгенің

пікірімен санасуға, өз пікірін дәлелдеуге үйренеді. Толассыз келіп жатқан ақпараттармен жұмыс жасап, оның ішінен өзіне қажеттісін іріктеп алуға, сөйлеу мәдениетін дамытуға мүмкіндік алады.

Қазіргі таңда интербелсенді әдістің түрлері көп. Жалпы интербелсенді әдістердің көпшілігі оқушыны сыни ойлауға итермелейді.

9 сыныпта «Жаһандану мәселелері» бөліміндегі «Жаһандану және ел тағдыры» сабағы бойынша пікірталас өткізілді. Пікірталасты өткізуде ғалым-әдіскер Жанат Дәулетбекованың тұжырымы негізге алынды. Әдіскердің пікіріне сүйенсек, «Пікірталас оқушылардың мәдени дүниетанымының, жалпы дамуының деңгейін, олардың ақыл-ой дәрежесін, тапқырлығы мен тыңдау мәдениетін, пікірталас ережелерін сақтау әдебін, жолдастарына интеллектуалдық және эмоциялық тұрғыдан ықпал ету қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді» [8,б. 180]. Пікірталас топтық қалыпта өткізілді. Оқушыларға «а» (Адалынан берсін! Ақжолтай болсын! Асығың алшысынан түссін! Алдыңнан айың тусын! Ауызбіршілік болсын!) және «б» (Бақ дарысын! Басыңнан жақсылық кетпесін! Басыңа бақыт құсы қонсын! Басыңа қыдыр дарысын! Басыңа қауіп-қатер төнбесін!) әрпінен басталатын алғыс мәнді сөйлемдер таратылып, топ осы бойынша түзілді. Пікірталаста жаһанданудың тигізіп жатқан әсері, оның пайдасы мен зияны туралы ой қозғалды. Оқушылар жаһанданудың мемлекетаралық, мәдениаралық байланыстарға, түрлі мүмкіндіктерді пайдалануға пайдалы болғанымен, оның тілімізге, салт-дәстүрімізге тигізіп жатқан кері әсері жайлы өз пікірлерін ортаға салды. Пікірталас нәтижелі болу үшін тақырып алдын ала ұсынылды. Оқушылар тақырып бойынша материалдар іздеп, статистикалық мәліметтер жинақтады. Жаһандану шетелде білім алуға, жұмыс істеуге, басқа тілді үйренуге мүмкіндік туғызғанын, бірақ ғаламтор желісі арқылы түрлі жағымсыз нәрселерді меңгеру, нашақорлыққа салыну және т.б. зиянды әрекеттердің ұлттық құндылығымызға тигізіп жатқан кері әсері туралы пікірлерін білдірді. Қазақ мектептерінде оқитын балалардың да орыс тілінде сөйлеуге әуестеніп бара жатқаны жайлы айтылды.

Пікірталас оқушыны тек өз ойын айтуға, тілін дамытуға ғана дағдыландырып қоймайды, пікірталас оқушыны тәрбиелеудің құралы болып та саналады.

Синектика әдісі – оқушыны ойландыратын, кейбір мәселелерді ой елегінен өткізіп, сараптауға, өзіндік тұжырым жасауға, креативті ойлауға үйрететін әдіс.

Дж.Гордон Уильям ұсынған бұл әдісті әдіскерлер аналогияға негізделген креативті ойлаудың жүйесі деп санайды. Ғалымдар аталған әдістің тура, жеке, символдық, образды және фантастикалық аналогиядан тұратынын айтады.

8 сыныпта «Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы» бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған төте жазу» сабағы аясында оқушыларға Ахмет Байтұрсынұлының атынан қазіргі мектеп оқушыларына арнап хат жазу тапсырмасы берілді. Синектика әдісін ұтымды пайдалану үшін оқушыларға оның құрылымы түсіндірілді. Яғни бірінші, тура аналогия. Бұл жерде оқушы А.Байтұрсынұлы қарастырған кез келген мәселені алуына болады. Ол тіл, жер,

мектеп, білім туралы болуы мүмкін. Хат нәтижелі болу үшін бір ғана мәселені таңдаудың дұрыстығы айтылды. Екінші, жеке немесе тұлға. Өзі таңдаған мәселені синектордың атынан баяндау үшін оқушы көтеріп отырған мәселеге дендеп енуі шарт. Үшінші, символдық аналогияда мәселенің негізгі тұғырын тауып, соған қайшы құбылыстарды айтуы шарт. Образды аналогияда мәселені басқамен салыстырса, фантастикалық аналогияда қиялға ерік беруі қажет. Ұлт ұстазының атынан хат жазу оқушыларға үлкен жауапкершілік жүктеді. Көпшілігі мұны жақсы түсінгені көңілімізді қуантты. Ахмет Байтұрсынұлы туралы мәліметтермен танысып, ол жайлы білгендерін айтып жатты. Сол сияқты «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті» бөлімін өту барысында «Қазақ тілінің атынан қазіргі жастарға хат», «Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер» бөлімі аясында «Жаралы еліктің атынан аңшыға хат» тәрізді жұмыстар орындалды. 9 сыныпта «Бұқаралық ақпарат құралдары» бөлімі аясында «Ұшқын» газетінің атынан «Егемен Қазақстан» газетіне хат» және т.б. қолданылған синектика әдісі оқушыларды жазу сауаттылығына үйретті. Ойларын жүйелі жазуға, қиялдарын дамытуға, кейбір мәселеге басқа қырынан қарауға жетеледі. Синектика әдісін пайдалануда мұғалім оқушыны өздігінен ойлануға баулуы қажет. Ол үшін оқушыны ойландыратындай сұрақтар қойған жөн. Мысалы, егер Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келмесе, ол кісі тілімізге, әдебиетімізге қатысты құнды еңбектер жазып қалдырмаса не болар еді? тәрізді сұрақтардың оқушыны ойландыраы хақ.

«Айналмалы бекеттер» әдісі бойынша оқушылар екі топқа бөлінді. Әр топқа этномәдени бірліктер бар мәтін және талқылауға бағытталған сұрақтар, тапсырма берілді.

1-топ мәтіні: *Қазақ халқының танымында көк бөрі көк Тәңірінің нұры, жеңімпаздық символы, ерліктің тұлғасы болып табылады. «Өмірдегі жақсылықтың бәрі тәңірінің нұрынан таралады, нұр - тіршіліктің бастауы» деп түсінетін халық үшін адалдық, әділеттілік, шыншылдық, қайсарлық тәрізді асыл қасиеттердің нышаны да көк бөрі болып табылған... («Қазақтың мифтік кейіпкерлері» кітабынан).*

Сұрақтар:

- 1) Көк бөрі туралы аңызды білесіңдер ме?
- 2) Не себепті халық көк бөріні қатты құрметтеген?
- 3) «Көк» сөзі арқылы жасалған этномәдени атауларды жазып, мағынасына талдау жасандар.

2-топ мәтіні: *«Қара» – көк сөзіне қайшы түс болып табылады. «Көк бөрі», «көкжал қасқыр» деп адамға дос, қамқоршы бейнені суреттесе, «қара қасқыр» арқылы қаскөй, зұлым күшті бейнелейді. Мысалы, «Сырттандар» атты ертегіде «Түсінде бір қара қасқыр жейін деп баланың аяғына ауызын сала бергенде, бала шошып оянады» деп, балаға жерік болған қасқырды қара, ал баланы құтқарушы иттің сырттаның «үлкендігі тайыншадай, алқымы даладай, екі құлағы тебінгідей, жүндестеу келген қара ауыз көк ит екен» деп суреттейді.*

Сұрақтар:

1) Мәтінде қандай этномәдени бірліктер бар?

2) «Сырттандар» ертегісін білесің бе??

3) «Қара» сөзі арқылы жасалған этномәдени атауларды жазып, мағынасына талдау жасандар.

«Айналмалы бекеттер» әдісінің шарты бойынша топтар өз іштерінде мәтінді оқып, пікір алмасады, талдайды. Талдап болған соң екінші бекетке барып, екінші топтың мәтінімен жұмыс жасайды. Яғни топтар орын ауысады. Екі мәтінді де талдап, тапсырманы орындаған соң, екі топ бірігіп, екі мәтін төңірегінде өз ойларын ортаға салады, пікір алмасады. Бұл әдістің тиімділігі топпен де, ұжыммен де жұмыс істеуге мүмкіндік туады. Оқушылар бір-бірінің пікірін тыңдап үйренеді, топтар өздері білетін ақпаратпен бөліседі.

«Галереяны шарлау» әдісі 8 сыныпта «Биоалуантүрлілік» бөліміндегі «Қазақстандағы жануарлар дүниесі» сабағында қолданылды. Сынып үш топқа бөлініп, топтарға зооморфтық этномаркерленген атауларды, фразеологизм, мақал-мәтелдерді постер түрінде көрсету тапсырылды. Топтар бірін-бірі қайталамау үшін 1-топқа малмен байланысты қойылған адам аттарын, 2-топқа мақал-мәтелдер, 3-топқа фразеологизмдерді жазу талабы қойылды. Әр топ қабырғаға постерлерін іліп қорғады. 1-топ Қошқарбай, Қозы, Түйебай, Жылқыбай, Сиырбай, Бота, Нартуған, Лақбай және т.б. кісі аттарын, 2-топ «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды», «Жақсы мал – жан садағасы», «Қайтқан малдың қайыры бар», «Мал ашуы – жан ашуы», «Малды баға білмеген пайданы таба білмейді» және т.б. мақал-мәтелдерді, 3-топ «қой аузынан шөп алмас», «ақсақ қой түстен кейін маңырайды», «құлын-тайдай ойнау», «тай шаптырым жер», «ботадай ерке», «қозыдай жамырау», «қойдай өру» және т.б. мысалдарды келтірді. Әр топ өз постерлерін қабырғаға іліп қойды, топтар бір-бірінің постерлерімен танысып, сұрақтарын жапсырды. Әр топ өз постерлерін қорғап, қойылған сұрақтарға жауап берді.

І.Жансүгіров тілінің қатысымдық-танымдық табиғатын зерттеген Е.Қасеновтің пайымдауынша, «ұлт болмысының ерекшелігін көрсететін тілдің қабатын» фразеологизмдерден анық көре аламыз [126].

«Галереяны шарлау» әдісі топпен жұмыс жасауға, өз идеяларын ұсынуға, мәселені жан-жақты қарастырып, талдауға, сыныптастарының пікірін сараптауға, қойылған сұрақтарға нақты әрі дұрыс жауап беруге үйретеді. Мәселені бірлесе талдап, оны өнім (постер) ретінде ұсыну оқушыдан жауапкершілікті де талап етеді. Үйге сабақта өтілген баяндауыш тақырыбымен байланысты осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрау, оған синтаксистік талдау жасау берілді. Сөзде берілген әрбір әріптен басталатын сөйлем құрауға негізделген «Бэкроним» әдісі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар оқушыдан жылдамдықты да талап етеді. Аталған әдіс барлық тақырыптарда еркін қолданылды. Дегенмен берілген сөздердің тек этномәдени бірліктерден тұруы керектігі ескертіліп отырылды. Мысалы, 8 сыныпта «Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары» бөліміндегі «Ұлт жұмысы» тақырыбы бойынша оқушыларға «ұлт» сөзіндегі әрбір әріптен

басталатын фразеологизмді қатыстырып, сөйлем құрау тапсырылды. «Ұзаққа шапқан аттай әбден шаршап қалыпты», «Сабақтан шыққан олар лақ-қозыдай секіріп, ойнақтап келеді», «Тойған қозыдай томпиған бала екен»; «Ұры мысықтың көзіндей жылтылдап күлді», «Лақша бауыздап тастаймын, – деді айқайлап» «Тайыншадай ит алдымнан шыққанда қатты қорқып кеттім» деген тәрізді сөйлемдер жазды.

«Зерттеушілік конференция» әдісі 9 сыныпта «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017» бөлімін өту барысында қолданылды. Аталған әдісті іске асыру бірнеше қадамнан тұрады. Бірінші, «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер» тақырыбы бойынша оқушыларға «Әдебиет порталындағы» [127] «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген жыраулар поэзиясымен танысып, этномәдени бірліктерді тауып, мысал жинау тапсырылды. Екінші қадамда оқушылар топқа бөлінді. Үшінші қадамда әрбір топтағы оқушылар өздері жинаған мысалдың тапсырмаға сәйкес не сәйкес еместігін талқылап, қайталанған мысалдарды сұрыптап, олардың қолданысын анықтады. Төртінші қадамда әр топ жинаған материалдарын басқа топтарға таныстырып, қорғап шықты. Бесінші қадамда топтардың жұмыстары бағаланды. Бұл әдіс оқушының зерттеушілік қабілетін ашады, өз бетімен материал жинақтауға үйретеді.

8 сыныпта «Көшпелілердің рухани мәдениеті» сабағында қолданылған «Ашық микрофон» әдісі оқушылардың белсенділігін тудырды. Балалар «Әдебиет порталынан» [128] Дулат Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас!» атты өлеңін тыңдап, этномәдени бірліктерді жазып отырды. Мәтінді тыңдап болған соң, әркім өзі жазған мысалдың мағынасын айтып, талдау жасауға талпынды. Мысалы, *бүлдірген, күрек тіс, бадана көз, сауыт, тұлпар, таңдайға дәмі татымас, жібек, керсеніне бал құйып, сумаң қағып, қас пен көздің арасы, несібе, ел сауыры, сауыр жер, жез, қарғы, сағымды сындырды, шаңырақ, ағайын араз болу, үй күшіктей үреді және т.б.*

«Кинометафора» әдісі 8 сыныптағы «Жасөспірім және заң» бөлімін өту барысында қолданылды. Аталған әдіс айтылым, тыңдалым, жазылым әрекеттерінің тығыз байланысы арқылы жүзеге асты.

Әдіскер-ғалым А.Рауандина «айтылымда тіл құралдары арқылы» түсіністікке қол жететін болса, онда ол қабылдаушыға әсер етіп, баяншы мен қабылдаушының арасындағы диалогтың жалғасуына ықпал ететінін тіл фактілері арқылы дәйектейді. Ғалымның пайымдауынша, оқылым, тыңдалым, жазылым әрекеттерінің нәтижесі айтылым арқылы жүзеге асады [129].

«Жаужүрек мың бала» және «Бақыт» фильмдерінен үзінді көрсетілді. Оқушылар фильмдегі этномәдени бірліктерді теріп жазып отырды. Фильм туралы ой бөлісті. Қазіргі және бұрынғы жасөспірімдер өмірі жайлы ой қозғады, пікірлерімен бөлісті. Жалпы бұл әдіс оқушылардың үлкен қызығушылығын туғызды. Аталған фильмді осы уақытқа дейін көрмеген балалар да ішінара кездесті. Фильм балалардың еліне, отанына деген сүйіспеншілігін де арттыра түсуге ықпал еткені сөзсіз.

Мектеп оқушыларының ерекше бір ыждағаттылықпен орындайтын тапсырмаларының қатарына *графикалық әдістерді* жатқызуға болады.

Мысалы, кластер немесе жүзім сабағы әдісі оқушыны өз бетімен іздендіруге, ой елегінен өткізуге, қажетті ақпаратты іріктеп қолдануға итермелейді. Кластер – сабақтың барлық кезеңінде қолдануға ыңғайлы әдіс. Кластер құруда, бірінші кезеңде, оқушылар тақырып бойынша өздерінде бар білімдерін, болжамдары мен ассоциацияларды жазады. Бұл кезең оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, тақырыпты бастамас бұрын ойлауға үйретеді. Сабаққа деген ынтасын арттырады. Кластерді пайдалану оқу материалын жүйелі түрде құрылымдауға баулиды. Кластерді түзіп болған соң, рефлексия кезеңінде, алған білімді жүйелеу қызметін атқарады. Яғни кластерді сабақтың барлық кезеңінде стратегия түрінде қолдануға болады. Бірінші кезеңде оқушылар кластерге өздерінде бар ақпаратты жазады, сабақтың келесі бөлігінде осы кластерді ары қарай дамытып отыру керек. Жаңа қосылған ақпаратты басқа түспен белгілеген жөн. Кластер оқушының болжау, толықтыру, талдау қабілетін дамытады. Кластерге тек сөздер мен сөз тіркестерін ғана емес, тақырыпты ашатын сөйлем, фактілер мен идеяларды да жазуға болады. Мұғалім оқушыларды кластер түзуде ойларын еркін жазуға үйреткені абзал. Оқушы жұмыс барысында қате немесе дұрыс емес мәлімдемелерді түзеуге, толықтыруға болатынын білгені жөн. Оқушы өзінің идеялары мен ойлары таусылғанша кластерді түзе беруіне болады. Семантикалық бірліктердің санынан қорықпауы қажет. Талдау барысында оның ішінен ең негізгісін таңдап алып, талдауға үйреніп, төселе түседі. Қойылып отырған мақсат пен міндетке байланысты кластердің қалпы да өзгеріп отырады. Ол жеке, жұптық, топтық, ұжымдық қалыпта да жүзеге асуы мүмкін. Ең басты мақсат – оқушыны өз бетімен ойлануға, идеясын қорықпай қағазға түсіруге үйрету. Мұғалім кластерді өзі де тақтаға жазуына болады. Бұл жағдайда оқушылар айтып отырады да, мұғалім жазып тұрады. Бұл тәсілді мәтінмен жұмыс барысында пайдаланған тиімді. Мысалы, 8 сыныпта «Көшпелілердің рухани мәдениеті» тақырыбында алтын адам жайлы ақпараттар ұсынылған. Оқушыларға «алтын адам» тақырыбы бойынша кластер түзу үй жұмысы түрінде беріліп, этномәдени бірліктерді қамту шарты қойылды:



Сурет 7 - Кластер - Алтын адам

Кластер әдісі ақпараттың үлкен көлемін қамтуға мүмкіндік береді. Кластер әдісін қолдануда оқушыларға сөздіктермен жұмыс жасату ұтымды. Мәселен, осы тақырыппен байланысты «жылқы» сөзіне кластер құрғызу өте қызықты болды. Балалар қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдалана отырып, «жылқы» этноатауының мағынасымен жан-жақты танысуға мүмкіндік алды.

Оқу үрдісінде сөздіктерді пайдаланудың тиімділігі туралы айтқан ғалым А.Ж.Қобланованың пікіріне сүйенсек, «рухани жаңғырумен мазмұндас, үндес ұлттық руханиятымыздың алтын қорына жататын» түсіндірме, фразеологиялық, этнографиялық энциклопедиялық еңбектерді пайдаланудың жолдарын ұсыну, оқушыға білім, тәрбие берумен бірге, олардың ұлттық сана-сезімін көтеруге де көмектеседі [130].

Кластер әдісімен жұмыс істеуде оқушылар белсенді тұлғаға айналады, себебі олар қате жіберуден қорықпайды. Кластер оқушыны сұрақ қоя алуға, негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білуге, ақпараттар арасында байланысты табуға, жалпыдан жекені айыруға, салыстыру мен талдау жасауға дағдыландырады. Оқушыны ақпаратты жүйелі қабылдап, пайымдау жасауға, бар білімін жаңа біліммен толықтырып, салыстыруға, пікірін жеткізуге, шығармашылықпен ойлауға үйретеді.

Кесте әдісі жаңа грамматикалық тақырыпты меңгертуде қолданылатын ең ұтымды әдіске жатады. Кесте оқу материалын жүйелі әрі қысқа меңгертуге көмектеседі. Оқушының білімін таразылауға, материалды есте сақтауға ықпал етеді. Жұмыс барысында кесте түрлі мақсатта қолданылды. Біріншіден, оқушыға теориялық материалды меңгерту үшін төмендегідей кесте ұсынылды:

Кесте 5 – Анықтамалар

Атауы	Анықтамасы
Этномәдени бірліктер	Өзге мәдениетте эквиваленті жоқ, бір этносқа ғана тән мәдени, рухани құндылықтардың тілдік (вербалды), бейвербалды (ым-ишара), менталды (наным-сенім), символдық көрінісіндегі қолданыстар
Заттық мәдениет атаулары (этнографизмдер)	Қазақ халқының ас-тағам, киім-кешек, тұрмыстық бұйым, үй жиһаздары атаулары ұлтты танытушы тілдік бірліктер болып саналады.
Рухани мәдениет атаулары	Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жосын-жоралғы, кәде атаулары, ем-дом атаулары, ойын атаулары, ырым атаулары, наным-сенімдер мен алғыс, қарғыс сөздер рухани мәдениет атауы болып есептеледі.
Мифологиялық этнолексемалар	Ұлттық дүниетанымнан туған, яғни ұлттың қиялынан туған мифтік сюжеттер мен мифтік кейіпкерлер атауы (Ұр-тоқпақ, Әлішынар және т.б.).
Нумеративті этнолексика	Киелі сандармен байланысты атаулар (жеті шелпек, тоғыз құмалақ, қырық, жеті ата және т.б.)
Символдық этнолексика	Ақиқат дүниенің сыр-сипатын, болмысын бейнелеп, астарлап білдіретін эстетикалық категория (аққу - махаббаттың символы және т.б.)
Метрикалық этнолексика	Халықтық өлшем мен мөлшер атаулары (сүйем, қарыс және т.б.).
Сақралды этнолексика	Киелі атаулар мен ұғымдар (қара шаңырақ, Айша-Бибі кесенесі, Әулиебұлақ)

Теориялық мәліметті кесте арқылы түсіндіру мұғалім үшін де, оқушы үшін де пайдалы. Мұғалім материалды қысқа әрі көрнекі түрде түсіндіру арқылы баланың ынтасын оятады, оқушы материалды көру арқылы есте сақтайды, терең түсіне алады.

Екіншіден, кесте бойынша берілген тапсырмалар оқушыларға теориялық материалды практикалық тұрғыдан меңгертуде қолданылды. 8 сыныпта «Баяндауыш» тақырыбын өту барысында оқушыларға төмендегідей тапсырма берілді:

Тапсырма. Кестедегі фразеологизмдердің мағынасын екінші бағанға жазыңдар. Үшінші бағанға осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңдар. Баяндауыштың жасалу жолын айтыңдар.

Кесте 6 – Фразеологизмдер

Фразеологизм	Мағынасы	Сөйлем
Аяғын шалыс басу		
Жаны қысылу		
Қыр соңынан қалмау		
Тырнақ астынан кір іздеу		
Бет бақтырмау		
Талан-таражға салу		
Тыным таппау		
Жүрегі елжіреу		

Кесте әдісі жаңа материалды жүйелі түрде түсіндіруде пайдалы. Кесте түрінде орындалатын тапсырмалар оқушы жинақылыққа, өз ойын қысқа, әрі нақты жеткізуге үйретеді.

Жоба әдісі – оқушыны зерттеушілікке, жұппен, топпен, ұжыммен жұмыс істеуге баулитын әдіс. «Жоспарлау, дайындау» деген мағынаны білдіретін, негізін психолог, педагог, философ Джон Дьюи қалаған бұл әдіс балаларды өз жұмысының нәтижесін көруге ынталандырады. Жоба жұмысын орындау барысында оқушылар бірнеше рет теорияға жүгінеді, оны қайта оқиды, өзінің әрекетіне қатысты мәселелерді қарайды, өз бетінше ізденеді, өзінің қабілетіне сыни қарауға дағдыланады. Әдіскерлердің бір тобы жоба жұмысын оқушылар мұғалімнің басшылығынсыз өздері орындау керек деп есептесе, Джон Дьюи бастаған келесі топтағылар міндетті түрде мұғаліммен бірлесіп орындау қажеттігін айтады. Ғалымның пікірінше, жоба жұмысын орындауда оқушының білімі жеткіліксіз болып қалуы ықтимал. Сондықтан мұғалім бағыт-бағдар беріп, оқушының жұмысты сапалы орындауына көмектесуі қажет. Дегенмен барлық билікті оқушының өзіне берген жөн. Бұл оқушының сенімділігін күшейтіп, жұмысын нәтижелі орындауға итермелейді.

Әдіскер-ғалым А.А.Сатбекова қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенетінін айта келіп, «жобалау жұмыстарын орындау барысында кәсіби санасы жетіліп, елжандылық рухы, сана-сезімі жетіліп, даралық қабілеттері де даму үстінде болады», – деп,

жоба жұмысының маңыздылығын дәйектеп берді [131].

Ғалымдар жобаның түрлерін ғылыми, шығармашылық, ойын, ақпараттық деп жіктеп жүр.

Жобалау әдісі бойынша 8 сыныпта «Ұлттық құндылықтардың тілдегі көрінісі» тақырыбы аясында этномәдени атаулардың бірі – ошақ ұғымының мәнін анықтау, жоба жасау тапсырылды. Бірінші кезеңде оқушылар ошақтың дәстүрлі-құрылымдық лингвистика аясындағы мағыналарын жинады. Бұл кезеңде бірнеше жұмыстар іске асырылды: бірінші қадам – денотаттық мағынасына қатысты мәліметтер жинады. Ошақ туралы анықтамалық ақпарат: Ошақ – қазан асуға арналған құрал. Ошақтың басты артибутивті белгісі туралы ақпарат: ошақсыз қазан асылмайды. Сол себепті қазақ тілінде «қазан-ошақ» деп қосарлана айтылады. Ошақтың түрлері туралы ақпарат: темірошақ – үш аяқты темірден жасалған ошақ. Көшпелі халыққа көшіп-қонуда қолайлы ошақтың бірі болған. Тасошақ – қазан асылатындай етіп және астына отын салатындай етіп ірі-ірі тастардан жасалған ошақ. Жолаушылар жиі қолданады және жайлауға көшкенде тездетіп ас дайындауда пайдаланады. Себебі күрек т.б. құралдарды қажет етпейді. Жерошақ – жерден қазылған ошақ. Көшпелі халық көшер кезінде жерошақтың орнын, яғни қазылған жерді көміп кететін болған. Себебі қазақ дүниетанымында қазылған ошақ, қағылған қазық аттылы адамға аса қауіпті деп саналған.

Екінші қадам – ұлттық құндылықтарды танытуға қатысты этносемантикалық мағынасын жинақтайды: Ас беру кезінде мал сойылып, ет қазанға салынғаннан кейін, ошақ басында молда дұға бағыштайды. Ошаққа май құю: Ошақтағы отты жандыру үшін жасалады. Қазақтың салты бойынша, сол үйдің түтінін түтетіп, берекесін келтірсін деген сеніммен орындалатын келін үйге алғаш аттап кіргенде орындалатын рәсім. Қыздың жасауына қазан мен ошақты қосып берген. Кейде ошақтың үш бұтына деп, оның орнына бүркіт берген. Мұның мәні – бүркіт «қырық қырсықтың бетін қайтарады» деген ырыммен байланысты. Малдан алғаш алынған маймен ошақтың құлағын майлаған, ақ мол болсын, құт арылмасын дегенді білдіреді. Ошаққа байланысты тиымдар: Әйелдер ошақтың үш бұтынан асырып отын үймейді. Ошақты тебуге болмайды, ошақтың киесі бар. Себебі нәрестенің кіндігін үйдің құты болсын деп ошақтың түбіне көмген. Ошақты үрлеп сөндіруге болмайды.

Үшінші қадам – ошақтың концептуалды кодын ашады. Бірінші, ошақ – қазақ халқында отбасы, үй-іші, бала-шаға мағынасында жұмсалған. «Өз ошағы», «ошаққа бас болар азамат». Біреулердің әлдебір отбасына ойран салуын «ошағын талқандады» деумен жеткізеді. Қазақта «отбасы – ошақ қасы, ошақ басы, ошақ бұты» деп келетін ұғымдар да бар. Үй ішінің амандығын тілеуде «ошақтың үш бұты аман болсын!» дейді. Ал біреуге кіріптар болмай, іздегені өз үйінен табылсын дегені «ошақтың үш бұтына берсін» қолданысымен жеткізеді. Екінші, ошақ – төрт түліктің барлығында кездесетін аса қауіпті індетке саналған топалаңның түрі. Оның ісігін от жағатын ошақтың бұтымен қарып күйдіріп емдейді. Ошақпен емдеуге байланысты ауру атауы да солай аталған. Үшінші, ошақ – ересек балалардың ойыны. Ойын шарты бойынша

ойыншылар саны жағынан тең болып екіге бөлінеді. Сосын тегіс ашық алаң тандап, ол жерге бөлінген бір топтың ойыншылары түгелімен сиятындай етіп төртбұрыш сызық сызады. Бұл сызық ошақ деп аталады. Ойынды бастау үшін екі топ ортаға жеребе тастайды. Сызықтан қашықтау жерге барып, бірі ошақтың ішінде тұрып, киіз допты сырттағы ойыншы ұрып, тигізсе ол ошақтың сыртынан шығады. Осылайша ошақтан адам санын азайту арқылы ойын жеңіске жетеді.

Төртінші қадам – ошақтың перифериялық құрылымын талдау. Ошақ бәйге – той, ас беруге дайындық кезінде ошақ қазылып болғанға дейін өткізілетін жақын аралықтағы ат жарысы. Ошақ бәйгесі халық арасында жерошақ бәйгесі, ошақ майлар бәйгесі деп те аталады. Ошақ майлау – асқа дайындықтың соңғы бір-екі күнінде өткізілетін қорытынды мәжіліс. Бұған арнайы мал сойылады, дайындық жайы жоспарланады. Асты ел намысына кір келтірмейтіндей ынтымақпен өткізуге, бірауызды болуға бәтуаласады. Бұл күні ошақ қазылып, «ошақ майлар» деп аталатын шағын бәйге ұйымдастырылады. Ошақ пеш – пештің темірден жасалған, дөңгелек пішінді болған түрі. Бұл пеш үй ішінде орналасады. Оған қазан асып тамақ пісіреді әрі үй жылытады. Ошаққазар – ас берер алдында ел ағалары ақсақалдар туған-туыстың басын қосып, кеңесуі. Бұл кеңесте қанша ел-жұртты шақыру қанша мал сойылуы, үй тігу мәселесі, ошақтың қай жерден қазылуы яғни ас беру мәселесі жан-жақты талқыланады.

Осылайша жобалау әдісі бойынша бір ғана этномәдени атауға байланысты оқушының когнитивті аялық білімін шыңдай отырып, әрі ұғымның концептуалды жүйесін құрастыра отырып, эмпирикалық, эвристикалық зерттеуге қол жеткізуге болады. Әрине, бұл жұмысты жүзеге асыруда мұғалімнің көмегі, кеңесі қажет.

9 сыныптағы «Жаһандану мәселелері» бөлімі аясында оқушыларға бірнеше тақырыптар ұсынылды. Бірінші дайындық кезеңінде топ мүшелері «Жаһандану және қазақ тілі» тақырыбын тандап, мақсатын анықтады. Ақпараттық жоба түрінде орындайтын болды. Жоспарлау кезеңінде БАҚ-нан жаһанданудың қазақ тіліне тигізіп жатқан әсері жайлы ақпаратты жинап, талдау жасау міндеті қойылды. Топ мүшелері өздеріне қатысты тапсырмаларды бөліп алды. Зерттеу кезеңінде біршама ақпараттар жинақталды (Тіл өлмейді. Алайда тілді қолдамаса дамымайды// [https://abai.kz/post 25 мамыр 2017](https://abai.kz/post/25); Жаһандану және ұлттық мәдениет // <https://qandastar.kz> 23 маусым 2018; Тіл және жаһандану // Егемен Қазақстан газеті, 6 қаңтар 2020 жыл; Жаһандану және постмодернизм кезеңіндегі қазақ елі // <http://aimaq09.kz/z> 28 шілде 2020 жыл және т.б.). Талдау кезеңінде жиналған ақпараттар талданып, онда көтерілген басты мәселелер аясында ой бөлісті. Қорытынды кезеңде оқушылар жаһандану заманындағы қазақ тілінің жағдайын тұсаукесер түрінде баяндап, тілді қорғап қалу үшін қандай шаралар атқаруға болатыны жайлы ұсыныстарын жасады.

Жоба жұмысын орындау арқылы оқушы екі нәтижеге қол жеткізе алады. Бірінші – сыртқы нәтиже. Оқушы өзінің пікірін, жасаған дүниесін жобаны қорғау арқылы іске асырса, екіншіден, жобаны орындау барысында білім, білік, дағдыларын жетілдіріп, баға жетпес тәжірибе жинақтайды. Оқушы жобаны

орындай отырып, белсенді түрде танымдық үдерісті жүзеге асырады. Ол қойылған мәселені шешу үшін өз бетінше тұжырымдайды, қажетті ақпаратты жинақтайды, мәселені шешудің жолдарын қарастырып, жоспарлайды, қорытынды жасайды, жаңа білім алады.

Жоба әдісі оқушыға білімді өз бетімен алуға, алған білімдерін мәселелерді шешуде танымдық және практикалық бағытта пайдалануға, әр түрлі рөлдерді атқару арқылы (жетекші, орындаушы, медиатор және т.б.) қатысымдық күзіреттілігін дамытуға, топпен жұмыс істеу дағдысын жетілдіруге көмектесті.

Проблемалық әдіс оқушыға білімді ғылыми әрі танымдық тұрғыдан игертуге ықпал етеді. Алдына қойылған мәселені шешуде оқушының танымдық дербестігін қалыптастырады. Мәселені шығармашылық жолмен шешуге итермелейді. Ғалымдардың тұжырымынша, мәселені шешудегі оқушының ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеруді ғана емес, сонымен бірге мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін, жолдарын да үйретеді.

А.М.Матюшкиннің пікірінше, оқытудағы ойланудың негізгі қызметі тек қана жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беріп қоймайды. Адамның өмірінде жинақтаған барлық білім жүйесін, іс-әрекеті мен ойлау қабілетінің нәтижесін көрсетеді [132].

Оқушы проблеманы өз бетінше шешуге талпынады. Сол арқылы өзінің өмірлік ұстанымын да қалыптастыра алады.

Л.Ақтанова проблемалық оқыту оқушының практикалық, коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларын дамытатынын сөз етеді. «Проблемалық әдіс – оқытушы мен тыңдаушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасайды», – деген қорытындыға келеді [133].

9 сыныпта «Ұлттық тәрбие» тақырыбы бойынша берілген 1-тапсырманы орындауда аталған әдіс қолданылды. «Тәрбиенің алтын дінгегі – ұлттық тәрбие» тақырыбы оқушылардың алдына проблема ретінде қойылды. Оқушылар топ санына қарай бірнеше шағын топтарға бөлінді. Топ мүшелері сарапшы, бағыт беруші, баяндаушы, қарсы сұрақ қоюшылар рөлдеріне ие болды. Сарапшы топ ішінде айтылған пікірлерге талдау жасап отырды. Жол сілтеуші яғни топтың көшбасшысы дұрыс пікірді табуға көмектессе, баяндаушы айтылған пікірлерді жинақтап, басқаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қарсы сұрақ қоюшыға жауап дұрыс болса да, қарсы сұрақ қою арқылы топ ішінде пікірталас тудыру міндеті жүктелді. Бұл олардың өз пікірін дәлелді аргументтер келтіру арқылы қорғауға, ойларын жүйелі әрі нақты жеткізуге үйретті. Нәтижесінде оқушылар алдына қойылған мәселені топ ішінде талқылап, дұрыс шешім шығаруға тырысты. Топтарға тәрбиеге байланысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді пайдалану талабы қойылды. Сол сияқты 8 сыныптағы кейбір тапсырмалар осы әдіс негізінде орындалды. Атап айтқанда, «Қазіргі әліпбиді не үшін өзгерту керек?» (4-тапсырма. 18 бет); «Біртүрлі мамандық иесі болғың келе ме?» (1-тапсырма. 61 бет); «Байқоңырдың бүгінгі жағдайы қандай?» (2-тапсырма. 77-бет) және т.б. жұмыстар оқушының сабаққа деген белсенділігін тудырып, өз пікірін

дәлелдеуге, басқа топта айтылған ойларға ұтымды жауап беруге дағдыландырды. «Қазақша сауатты сөйлейміз бе?» тақырыбы бойынша оқушыларға әр түрлі үзінділер көрсетілді. Орысша сөздерді араластырып сөйлеген сұхбаттар іріктеліп алынды. Күнделікті өмірде өзімізге байқалмайтын жағдаяттар оқушыларды ана тілі туралы ойлануға жетеледі. Олар қазақша сауатты әрі әдеби тілде сөйлеу мәдениеттіліктің, өз тілін құрметтеудің басты белгісі болып табылатынын түсінді.

«Қос жазба күнделігі» тәсілі этномәдени бірліктердің мағынасын ашып көрсету мақсатында қолданылды. 8 сыныпта «Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер» бөлімінде оқушыларға мақал-мәтелдер беріліп, мағынасын түсіндіру тапсырмасы осы әдіс негізінде іске асырылды:

Кесте 7 – Қос жазба күнделігі

Мақал-мәтел	Түсіндірме
Гүлсіз жапырақ тұл, Көксіз топырақ тұл.	
Шөп те басынан қурайды.	
Мал баққанға бітеді.	
Ат айналып қазығын табады.	
Тұлпар тегіне тартады.	

Оқушы берілген мақал-мәтелдер жайлы өз ойын, түсінігін, пайымдауы мен уәждерін, дәлелдерін жазбаша жазу арқылы сауатты жазуға төселеді.

8 сыныпта «Тіл және мәдениет» тақырыбын өту барысында Н.Оразақинованың *сатылай талдау әдісін* пайдалану арқылы «қара» сөзінің мағынасы жан-жақты ашып көрсетілді. Бірінші саты: қара түс күйенің, көмірдің түсіндей бояуды білдіреді. Осы негізгі мағынадан туындайтын көпмағыналылық таралады. Екінші саты: қара – көлеңке секілді бір нәрсенің көлемі, мөлшері (алыстан бір қара көрінді; жаудың қарасы анықталды). Үшінші саты: қара – арам ниет, зұлым. (қара ниет, қара ой, қара идея, істің ақ пен қарасы). Төртінші саты: қара – қайғы, қасірет (қара жамылу, басына қара бұлт үйірілу). Бесінші саты: қара – масқара болу, абыройсыздық (қара бет болу, жүзіне қара салу, абыройына қара күйе жағу). Алтыншы саты: қара – ірі мал (ірі қара, қалың мал он бес қараны құрайды). Жетінші саты: қара – қарапайым адам, халық (қара киер құрақты, қара қазақ, қарадан шыққан бала). Сегізінші саты: қара – киелі (қара шаңырақ). Тоғызыншы саты: қара – майсыз, арық мағынасында (қара кесек ет (майсыз ет), қара ала шыжық (құр майсыз еттен жасалған қуырдақ), қара сирақ болу (арықтау, жүдеу)). Оныншы саты: қара – құнарлы мағынасында (қара от - қуаты мол, ащы өсімдікті құнарлы жер; қара сорпа - етті ұзақ қайнатқан құнарлы сорпасы).

Ғалым Б.Қасым «қара» сөзінің көне түркі тілінде бірнеше мағынасы болғанын тілдік фактілер арқылы дәлелдеген. Қазіргі монғол, башқұрт тіліндегі мағынасымен салыстыра отырып көрсеткен. Мысалы, қара жер (табыт, шірік), қара құл (қызметші), қара жел (қатты жел), қара от (өсімдік атауы), қара сия, қара қарақ (қарашық), қара құс (құс атауы), қара өрік (жеміс атауы) қара тер,


қара бас (құл) [134].

Бір сөздің мағынасын ғалымдардың зерттеулерін пайдалану арқылы түсіндіру өте ыңғайлы әрі жүйелі. Оқушының материалды тез түсініп алуына ықпал етеді. Этномәдени бірліктерді игертуде *Блум таксономиясын* қолдану да ұтымды болды. Америкалық психолог Бенджамин Блум ұсынған оқыту категорияларының таксономиясы мен оқу мақсаттарының классификациясы осы уақытқа дейін кеңінен қолданылып жүргені белгілі. Блум таксономиясы бойынша оқу үдерісі білім деңгейінде басталады. Бұл деңгейде фактілерді, оқу материалын есте сақтау мен жаңғыртуға мән беріледі. Түсіну кезеңінде алынған ақпаратты меңгеруге, оның бұрын алынған ақпаратпен байланысын қайталауға назар аударылады. Қолдану кезеңі жаңа идеяларды жаңа жағдаятта қолдана білуге, пайдалануға, алға қойылған тапсырманы шешуге, алынған ақпаратты таңдауға және өзгертуге мүмкіндік береді. Талдауда идеяларды синтездеу (жоспарлау, болжау) үшін қажетті салыстыру, тексеру жұмыстары жүргізіледі. Ақырында, бағалау деңгейінде оқушы ойдың құндылығын бағалау үшін зерттелетін материалға сыни көзқараспен қарап, дәлелдерді таразылай алады. Ғалымдар білу, түсіну, қолдануда ойлау қабілетінің төменгі дағдылары (ойлану, есте сақтау, түсіну), ал талдау, жинақтау, бағалауда оқушының ойлау қабілетінің жоғары дағдылары (сыни және шығармашылық тұрғыда) қалыптасатынын айтады.

Блум таксономиясын қолдану сабақтың жүйелі әрі біртіндеп дамып отыруына ықпал етеді. 8 сыныпта «Ұлттық құндылықтардың тілдегі көрінісі» тақырыбы осы таксономия негізінде дайындалған тапсырмалар арқылы өтілді. Оқулықта Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық құндылықтың ең бастысы – ана тілі, сол арқылы өз тілін сүйеді, төл әдебиеті мұраларын сүйіп оқиды, өз халқының тарихын, өткені мен бүгінгісін ойлайды, тарихы жайлы толғанады» деген сөзі берілген [88,б. 33].

Білу деңгейінде оқушыларға мынадай сұрақтар қойылды: Ұлттық құндылық деген не? Ұлттық құндылық туралы не білесің? Оқушылар ұлттық құндылық туралы не білетіндерін айтып шықты.

Түсіну. Оқушыларға диаграмма беріліп, оны толықтыру тапсырылды:



Сурет 8 - Ұлттық құндылық

Қолдануда диаграммаға өздері жазған сөздердің ұлттық құндылыққа жататынын дәлелдеп айту және осы сөздерді пайдаланып сөйлем құрау тапсырылды. Талдауда «Төл әдебиет деген не?», «Төл әдебиетке нелер жатады?» деген сұрақ қойылды. Оқушылар «ертегілер, лиро эпостық жырлар, батырлар жыры, шешендік сөздер және т.б.» деген жауаптар айтты. Сынып ауыз әдебиетінің түрлеріне байланысты топқа бөлінді (тұрмыс-салт жырлары; мақал-мәтелдер; лиро-эпостық жырлар; шешендік сөздер). Топ атына сәйкес мәтіндер ұсынылып, берілген мәтіндерден этномәдени бірлікке жататын сөздерді табу тапсырылды.

Жинақтау. Топтар берілген мәтіннен этномәдени бірліктерді тауып, олардың мағынасын түсіндірді.

Бағалау. Топ мүшелері этномәдени бірліктердің ұлттық құндылыққа жататындарын дәлелдеуге тырысты. Бір-бірлерінің жұмыстарын бағалап, ойларын тұжырымдап айтуға талпынды. Сабақты Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты сол қалпында қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына, салыстыруына, өзіндік тұжырым жасауына және бағалай білуіне жол ашады.

Қорыта келгенде, тақырыпты меңгертуде ұтымды болатын әдіс-тәсілдерді сұрыптап алу – оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде пайдалы. Түрлі әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдану мұғалімнің педагогикалық өнеріне байланысты. Барлық жағдайда қолдануға болатын бірыңғай универсал әдіс-тәсіл жасап шығару мүмкін болмайтыны сияқты, әдіс-тәсілдерді қолдану жөнінде де қандай да бір нұсқауды ойлап шығару қиын. Себебі әр әдіс-тәсіл мұғалім мен оқушының қарым-қатынасына, сабақ тақырыбына, көздеген мақсат пен күтілетін нәтижеге тікелей тәуелді болады. Педагогикада қабылданған басты ережелерді басшылыққа алу мұғалімге қажетті әдіс-тәсілді дұрыс таңдап, ұтымды қолдануға көмектеседі. Әдіс-тәсілдер оқытудың жалпы бағытымен және міндеттерімен байланысты болғандықтан, оқытудағы мақсаттың өзгеруіне сәйкес әдіс-тәсілдер де өзгеріп, толығып отырады. Әдіс-тәсілді таңдау дидактикалық міндеттерге, яғни оқытудың нақты мақсаты мен тақырыпқа байланысты. Әдіс-тәсілді таңдау кезінде оқушының жас ерекшелігі ескеріледі. Физиологтар мен психологтардың тұжырымынша, әдіс-тәсілдерді қолдану барысында оқушының іс-әрекеті кезектесіп тұруы тиіс. Яғни, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым әрекеттері кезектесіп жүзеге асқаны дұрыс.

2.3 Этномәдени бірліктерді оқытудың жолдары

Оқыту үдерісінде мұғалім де тақырыпты меңгертуде түрлі жолдарды пайдаланады. Бірақ білім берудің мазмұны өте күрделі болғандықтан, бұл мазмұнды игеру жолдарының да сан алуан болуы заңды. Оқушыларға этномәдени бірліктерді оқытуды кешенді жұмыстар арқылы жүзеге асырған тиімді. Кешенді жұмыстар оқушыны тек бір нәрсені есінде сақтап, біліп қана қоймай, алған білімін ой елегінен өткізуге, болашақ өмірінде қолдануға, іске асыруға дағдыландыруға көмектеседі. Қазіргі өмірдің талабы әр оқушының сабақ сайын жаңа білім алуымен қатар сол білімді өзі ізденіп, белсенді еңбек етуге дағдылануын көздейді. Бұл талапты орындау үшін қазақ тілін оқытуда

пайдаланылатын жұмыстарды іріктеп, саралап алған жөн.

Қазақ тілі сабағында этномәдени бірліктерді оқытуда қолданылатын кешенді жұмыстар жүйесін саралап алуда оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыруға көмектесетін, қызығушылықтарын туғызатын, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруге ықпал ететін, елжандылыққа, ұлттық рухқа тәрбиелейтін, дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын бейнелейтін бай тілімен таныстыруға жетелейтін жұмыстарға мән берілді. Алдыңғы тармақтарда сөз болған тапсырмалармен бірге 8-9 сыныптарда этномәдени бірліктерді оқыту төмендегідей жолдар арқылы іске асырылды:

1. Жаттығулар арқылы;
2. Мәтін арқылы;
3. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы;
4. Ойын технологиясы арқылы.

8-9 сыныптарда этномәдени бірліктерді жаттығу арқылы меңгерту.

Жаттығу – бірнеше рет қайталанатын іс-әрекет, білік пен дағдыны игеруде және олардың сапасын көтеру мақсатында орындалатын оқыту әдісі [135].

Жаттығу әдісінің атқаратын басты қызметі – оқушы білімінің бір бөлігін дағдыға айналдыру болып табылады. Жаттығу оқушыны әр түрлі жағдайларда практикалық және шығармашылық әрекетті орындай алуға үйретеді. Теориялық материалды терең түсінуге, оқушының білік, дағдысын жетілдіруге көмектеседі. Жаттығу жұмысы – кез келген пәннің міндетті бөлігі.

Әдіскер-ғалымдар әр пәннің өзіндік ерекшелігіне байланысты жаттығу жұмыстарының талабы әр түрлі болғанмен, олардың барлығына ортақ мынадай қағидаларды назарда ұстау керектігін айтады: мұғалімнің жоғары сапалы дайындығы және оқушылардың жеке психикалық ерекшеліктерін ескеру; оқушылардың жаттығудың мақсатын, мазмұны мен орындалу ретін түсіну; оқушылардың жаттығуға деген тұрақты қызығушылығын, монотонды әрекеттердің қайталануына саналы қатынасын ұйымдастыру; қол жетімді ырғақты сақтау; оқушылардан психикалық және физикалық жүктемені жоғарылатуды талап ететін әрекеттерді әдістемелік тұрғыдан дұрыс ауыстырып отыру; жаттығуларды орындаудағы жүйелілік пен бірізділікті, оларды дамыту барысында оқушылардың дербестігінің біртіндеп артуына мән беру; жаттығуларды орындау шарттарын біртіндеп күрделендіріп, өзгерту; жаттығулардың орындалу барысын жүйелі бақылау және оқушыларға қиындықтар мен қателіктерді жеңуде тиісті көмекті тұрақты көрсету; оқушылардың өзін-өзі бақылау және орындаған әрекеттеріне өзін-өзі бағалау және т.б. дағдыларын қалыптастыру.

8-9 сыныпта этномәдени бірліктерді меңгертуде жаттығудың аналитикалық, синтетикалық және шығармашылық түрлері қолданылды.

Аналитикалық жаттығулар – мәтін авторымен ұжымдық (сыныпта) қарым-қатынасты қалыптастыратын жаттығулар. Жаттығуларды орындай отырып, балалар мәтінді түсінуге үйренеді, яғни, оқырман рөліне толықтай кіре алады, адресаттың позициясын ұстанады және автордың негізгі ойын анықтап, тұжырымдайды. Ол үшін мәтіннің лексикалық, сөзжасамдық, синтаксистік,


стильдік ерекшеліктерін зерттейді, функционалдық қызметін айқындайды. Ақпараттық мәтінмен (оқулық параграфы) жұмыс істеу барысында балалар ақпаратты өңдеуге, ережені диаграмма, кластер түрінде көрсетуге, сауалнама, тест, викторина құрастыруға үйренсе, келесі кезеңде сызба, кесте негізінде мәтіндегі мәліметтерді қалпына келтіруге дағдыланады. Енді зерттеу барысында қолданылған жаттығу жұмыстарына тоқталып өтейік:

8 сынып. Бөлім: Театр өнері мен мәдениеті. Тақырып: Қазақтың бас театры. Оқу мақсаты: 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау.

Аналитикалық жаттығу. <https://www.youtube.com/watch?v=zMNxMk7GIX0> каналынан театр туралы ақпаратты тыңдаңдар. Театр өнері халықтың мәдениетін, салт-дәстүрлері мен дүниетанымын сақтап, өскелең ұрпаққа жеткізуге көмектесе алады ма? Қалай? Театр деген не? деген сұраққа жауап бере отырып, ассоциограмманы толтырыңдар және театр арқылы жас ұрпаққа қандай ұлттық құндылықтарымызды дәріптей алатынымызды айтыңдар?

Жаттығудың мақсаты: Театр туралы ақпаратты тыңдатып, «Театр деген не?» деген сұраққа жауап іздетіп, театр өнерінің ұлттық құндылықтарды сақтап, дәріптеудегі маңызын түсіндіру, өнер жайлы мақал-мәтелдермен таныстыру, театрға деген қызығушылықтарын ояту.

Жаттығудың міндеті: Оқушыларды театр өнерімен таныстыру және қызығушылықтарын ояту, театрдың халық өмірі мен мәдениетіндегі маңызын түсіндіру. Жаттығудың нәтижесі: Театр өнері жайлы түсінік қалыптасып, қызығушылықтары оянады, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі маңызын түсінеді, мақал-мәтелдерді қатысымда қолдануға тырысады.



Сурет 9 - Ассоциограмма

Оқушылар театр жайлы ассоциограмма құрып біткен соң, мақал-мәтелдерге талдау жасайды, ондағы астарлы ойды анықтайды: Өнер – ағып жатқан бұлақ, Білім – жанып жатқан шырақ; Барша өнерді үйрен; Өнер білсең, өлмейсің; Өнерлі бала сүйкімді; Өнерлінің өзегі талмас және т.б.

Бағалау критерийі: «Театр деген не?» деген сұраққа жауап бере отырып, өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтар мен мұраларымызды дәріптеудегі маңызын анықтайды, өнер жайлы мақал-мәтелдерді біледі.

Дескриптор:

- «Театр деген не?» сұрағына жауап бере алады;

- ұлттық құндылықтар мен мұраларды дәріптеудегі театр өнерінің маңызын айтады.

- Өнер жайлы мақал-мәтелдерді қатысымда қолданады.


9 сынып. Бөлім: Отбасы және демографиялық өзгеріс. Тақырып: Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны. Оқу мақсаты: 9.1.3.1 ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу;

Аналитикалық жаттығу. Төменде берілген суреттерде қандай отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер бейнеленген? Этномәдени бірліктерді байқауға болады ма? Олардың бала тәрбиесіндегі маңызы қандай?

Жаттығудың мақсаты: Отбасы және отбасылық құндылықтар тақырыбындағы этномәдени бірліктерді және олардың маңызын меңгерту.

Жаттығудың міндеті: Отбасылық құндылықтар мен дәстүрлердің маңызын айту, соған қатысты этномәдени бірліктердің құндылығын түсіндіру.

Жаттығудың нәтижесі: Оқушылар отбасылық құндылықтарды, соған қатысты мәдени бірліктерді біледі және олардың маңызын түсінеді. Ақпаратты өмірмен байланыстыра алады.



Бесік

- Маңызы
-

Ұлттық тағамдар

- Маңызы
-

Домбыра

- Маңызы
-

Сурет 10 - Отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер

Бағалау критерийі: Суреттерге қарап, негізгі отбасылық құндылықтар мен этномәдени бірліктерді анықтайды, олардың маңызын және бала тәрбиесіндегі рөлін біледі.

Дескриптор:

- суреттердегі отбасылық құндылықтарды табады;

- этномәдени бірліктерді анықтап, мағынасын түсіндіреді;

- олардың маңызын айтады;

- бала тәрбиесіндегі маңызын түсіндіре алады.

Синтетикалық жаттығуларды орындау арқылы оқушы әртүрлі типтегі және стильдегі мәтінді өз бетінше құруды үйренеді, өз мәтінінің авторы бола алады және өз бетінше шығарма жазады. Бұл – күрделі жұмыс, сондықтан ол бірнеше кезеңдерге бөлінеді, сол арқылы балаларды шығармашылық жұмыс жазудың күрделі үдерісін меңгеруге дайындайды.

8 сынып. Бөлім: Театр өнері мен мәдениеті. Тақырып: Театр – ұжымдық өнер. Оқу мақсаты: 8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (кесте 9) жазу.

Синтетикалық жаттығу. Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» және «Жусан иісі» шығармаларының желісі бойынша қойылған «Жусан иісі» қойылымынан үзіндіні тамашалаңдар. Үзіндіден қандай этномәдени бірліктерді анықтадыңдар? Олардың қазақ халқының тұрмысындағы маңызы мен ерекшелігі қандай? Төмендегі 8 кестені толтырыңдар.

Кесте 8 - Этномәдени бірліктің маңызы

Этномәдени бірлік	Халық үшін маңызы	Менің ойым
Жусан		
Бесік жыры		

Жаттығудың мақсаты: қойылымнан үзінді көрсете отырып, театр өнеріне деген қызығушылығын ояту және қойылымдағы этномәдени бірліктердің халық үшін маңызын анықтап, оны қолданудың жолдарын үйрету.

Жаттығудың міндеті: театр өнеріне қызықтыра отырып, этномәдени бірліктерді және олардың маңызын анықтау.

Жаттығудың нәтижесі: оқушылардың театр өнеріне деген қызығушылығы оянады. Қарапайым жусанның қазақ халқы үшін маңызы зор екенін біледі. Этномәдени бірліктерді анықтап, оларды күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады.

Бағалау критерийі: өткен сыныптарда оқыған С.Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасының мазмұнымен таныс және көрсетілген үзіндіні талдап, этномәдени бірліктерді анықтап, тұжырымдайды.

Дескриптор:

- қойылымның мазмұнын біледі (шығармамен алдын-ала танысқан);
- үзіндіні көре отырып этномәдени бірліктерді анықтайды;
- этномәдени бірліктердің маңызы жайлы тұжырым жасайды.

9 сынып. Бөлім: Отбасы және демографиялық өзгеріс. Тақырып: Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны. Оқу мақсаты: 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау.

Синтетикалық жаттығу. «ПОПС формуласы» әдісі. Төменде берілген нақыл сөзді оқыңдар. Қандай этномәдени бірліктерді кездестіруге болады? Ұят, жаман, обал деген не? Өз ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.

Қазақ баласын үш-ақ сөзбен тәрбиелеген. Оның алғашқысы: ұят болады. Екіншісі: жаман болады. Үшіншісі: обал болады.

Бірінші сөйлем: Менің ойымша,

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.....

Соңғы сөйлем: Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...

Жаттығудың мақсаты: отбасы және отбасылық құндылықтар тақырыбындағы этномәдени бірліктерді және олардың маңызын меңгерту.

Жаттығудың міндеті: *ұят, жаман, обал* сөздерінің мағынасын түсіндіру және соған қатысты ойын білдіруге дағдыландыру.

Жаттығудың нәтижесі: отбасылық құндылықтарды, соған қатысты мәдени бірліктерді біледі, маңызын түсінеді, *ұят, жаман, обал* сөздерінің мағынасын түсініп, өз ойын білдіре алады.

Бағалау критерийі: берілген нақыл сөздің мағынасын түсінеді және этномәдени бірліктерді анықтайды. *Ұят, жаман, обал* сөздерінің мағынасын түсінеді.

Дескриптор:

- нақыл сөздің мағынасын біледі;
- нақыл сөздегі этномәдени бірліктерді анықтайды;
- *ұят, жаман, обал* сөздерінің мағынасын айтады;
- өз ойын білдіре алады.

Шығармашылық жаттығулар – оқушыларды өнімді жұмыс істеуге дағдыландыруға, жаналық пен белгісіздік жағдайында әрекет етуге үйретуге, сонымен қатар, олардың шығармашылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, қиялын дамытуға бағытталған жаттығудың дербес түрі.

8 сынып. Бөлім: Театр өнері мен мәдениеті. Тақырып: Театр жанрлары мен түрлері. Оқу мақсаты: 8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық тақырыпқа байланысты диалогтегі автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау. 8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану.

Шығармашылық жаттығу. 2-3 топқа бөлініңдер. Өздерің қалаған пьесадан үзіндіні таңдап алыңдар. Драмаға өзек болған этномәдени бірлікті, өздерің байқаған қазақ халқына тән болмыс пен ерекшеліктерді талдап, түсіндіріңдер. Жай сөйлемнің қандай түрін қолданғандарыңды айтыңдар.

Мысалы, Дулат Исабековтың «Әпке» драмасынан келесідей үзінді:

(Қабен мен Қамажай есік алдына келіп тоқтайды).

Қамажай. Міне, енді үйге де келдік. Енді қоштасайық.

Қабен. Бірнеше күн бойы жолыңды тосқанымда маған арнағаның осы бір-ақ сағат болғаны ма? Біраз жүре тұрсақ қайтеді?

Қамажай. Жоқ. Мен болмасам кішкентайымыз ұйықтамайды.

Қабен. Ал... менің... әлгі сөзіме сол күйі жасап бермедің ғой.

Қамажай. Қабен... ол... ол қиын сияқты. Бір сағатқа қиып тастап кете

алмай тұрған інілерімді өмір бақи қалай қиямын. Мен... мен олардың әпкесі емеспін, анам көз жұмған сәттен бастап мен оларға ана болғанмын. Саған үйлену керек... Ал, маған інілерім мен сіңлімді тәрбиелеу керек.

Қабен. Қамажай, сен уайымшылсың. Қойшы, осындай сөздеріңді. Екеуіміз үй болған соң кішкентай Ермекті қолымызға аламыз.

Қамажай. Маған қалғандары да кішкентай.

Қабен. Онда бәрін де қолға аламыз.

Қамажай (күліп). Жо-жоқ. Ол болмайды. Мүлде қисынсыз.

Кесте 9 - Қазақ халқына тән болмыс

Этнобірлік	Негізгі мәселе	Қазақ халқына тән болмыс	Менің ойым
Бауыр Қара шаңырақ	Бауырларын бақытты етсем деген әпкенің тілегі мен өз бақытын құрбан етуін көрсету, басқаларға ой салу	Жетімін жылатпаған, сүтін ардақтап, ата салтын салмақтаған халықтың ұрпағы Қамажай, бауырлары үшін өз бақытынан бас тартады.	

Жаттығудың мақсаты: театр өнерімен жақынырақ таныстыру, қойылымдағы этномәдени бірліктерді өз бетімен анықтауға үйрету, өз ойын білдіруге дағдыландыру, тілдік бірліктердің функционалдық қызметін анықтау, автордың көзқарасын анықтауға үйрету.

Жаттығудың міндеті: театр өнеріне қызықтыра отырып, этномәдени бірліктерді және олардың қолданысын меңгерту.

Жаттығудың нәтижесі: оқушылардың театр өнері туралы жан-жақты мағлұмат алады. Этномәдени бірліктерді анықтап, олардың маңызы жайлы тұжырым жасай алады, тілдік бірліктердің функционалдық қызметін анықтауға үйренеді. Диалогтегі эмоционалды-экспресивті сөздерді табады, жай сөйлемнің құрылымын анықтай біледі.

Бағалау критерийі: қазақ драматургиясының үздік туындыларынан қазақтың болмысын, тұрмысын көрсететін үзінді таңдап алады және үзіндіден этномәдени бірліктерді, шығармадағы негізгі мәселе мен қазақ халқына тән мінез бен болмысты анықтайды.

Дескриптор:

- қазақ драматургиясының туындыларын біледі;
- талапқа сай үзінді таңдай алады;
- үзіндіден этномәдени бірлікті, негізгі мәселе мен қазақ халқына тән болмысты анықтайды;
- мәселеге қатысты өз ойларын білдіреді;
- автордың көзқарасын талдайды;
- экспресивті-эмоционалды сөздерді табады.

9 сынып: Бөлім: Отбасы және демографиялық өзгеріс. Тақырып: Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны. Оқу мақсаты: 9.2.1.1тұтас емес (сурет 11) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу.

Шығармашылық жаттығу. Ертеде әрбір әулеттің өз белгісі – таңбасы,

отбасының айрықша белгісі болған. Таңбада бейнеленген жануарлар мен заттар, тіпті оның түсі отбасы үшін ерекше маңызды және құнды нәрсені бейнеледі. Сіз отбасыңызға қандай символды таңдадыңыз және неліктен? Өз отбасының құндылықтарын көрсете отырып, таңбасын сал және оның маңызын түсіндір. Мысалы:



Сурет 11 - Отбасы таңбасы

Жаттығудың мақсаты: отбасындағы құндылықтарды анықтап, олардың маңызын түсіндіру.

Жаттығудың міндеті: отбасындағы құндылықтар мен салт-дәстүрлердің маңызын түсіндіріп, оларды құрметтеуге үйрету.

Жаттығудың нәтижесі: әр бала өз отбасының ерекшелігі мен құндылығын ойлана отырып анықтайды, суреттің көмегімен оның маңыздылығын түсінеді.

Бағалау критерийі: әр оқушы өз отбасындағы құндылықтарды, ерекше дәстүрлерді суретке түсіріп, отбасының таңбасын салады және оның маңыздылығы мен ерекшелігін түсіндіреді.

Дескриптор:

- әр бала өз отбасындағы құндылықтарды анықтайды;
- барлығын біріктіріп отбасының таңбасын сала алады;
- таңбаның маңыздылығы мен ерекшелігін дәйектеп түсіндіре біледі.

Шығармашылық жаттығулар оқушыларды алған білімін өзінің бойындағы қабілеттермен сабақтастыра пайдалануға жетелеп, олардың ойлау қабілеттерін дамытады. Шығармашылық жаттығуларда оқушының ойы мен қиялы, танымы мен талғамы, қабілеті мен қарымы сынға түседі. Шығармашылық жұмыстарда оқушылар білімін, меңгерген іскерлігі мен дағдыларын тәжірибеде дұрыс қолдануға дағдыланады. Шығармашылық жаттығулар ұжымдық, топтық және даралық жұмыс түрлері арқылы да іске асырылды. Бұл жұмыстарда эссе, шағын шығарма, ойтолғау жазу секілді жұмыстармен қатар жоба жасау, сөзжұмбақтар құрау және т.б. қолданылды.

Жаттығу жұмысы оқушылардың жеке, тұлғалық, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Оларды біртіндеп күрделендіріп, қиындық деңгейін арттыра отырып, ақыл-ой операцияларының дағдыларын қалыптастыруға қажетті әрекеттерді жүйелі түрде кезең кезеңімен жаңғыртуға мүмкіндік береді. Мұғалім оқушыға жаттығу жұмыстарын орындауға шығармашылықпен келудің жолдарын көрсетіп, бағыт-бағдар беріп отырса, жұмыс сапалы орындалады.

Жұмыстың қорытынды кезеңінде мұғалім мен оқушылар жаттығуды талқылап, талдап, қате кеткен жерлерді өздеріне түзеткізсе, оқушының ойында берік сақталады. Жаттығудың нәтижесі оқушының интеллектуалдық әлеуеті мен шығармашылық қабілеттерін көрсетуінен байқалады.

Жаттығуларды жүйелі орындау оқушылардың ерік-жігерін шыңдап, алғырлыққа, еңбексүйгіштікке, өзін-өзі бақылауға тәрбиелейді.

Мәтін арқылы меңгерту. Н.Уәли пікірінше, «автордың «нені айтсам», «қалай айтсам», «кімге айтсам» деген мәтіндік құрылымға дейінгі ой жүзіндегі сөзі яғни «коммуникацияның» бірінші кезеңі тілдік таңбалар арқылы объективтеніп, мәтін түзіледі, бірақ коммуникация аяқталмайды... Көркем мәтін – айрықша тілдік код, сондықтан оқырман санасында мәтіндегі тілдік кодты аша алатындай тілдік білімнің болуы шарт, өйткені автор айтпақ ой-сезімін тілдік бірліктер арқылы кодқа салады. Ал тілдік білім дегеніміз сөзді, оның мағыналарын, сөйлем, оның мағыналары мен құрылымдарын білу дегенге саяды» [136]. Яғни мәтінде ақпарат жан-жақты беріледі. Мәтіндегі ойды анықтап, айқындай алу үшін оқушыда соған қажетті білім болуы тиіс.

Әдіскер-ғалым Р.С.Рахметова пікірінше, мәтіннің өзара грамматикалық, семантикалық, логикалық байланысқа түскен тілдік бірліктерінің мәнін ашу негізгі идеяға бағытталған көркемдік әлемді тануға мүмкіндік тудырады. Мәтін ең жоғарғы қатысымдық бірлік болып табылады [137].

Мәтінмен жұмыс істеу арқылы оқушының тілді меңгеру критерийлері: оқу, түсіну, түсіндіру, сөйлеу, пайымдау жасау қабілеті дамиды. Сондықтан мәтінмен жұмыс тілді терең игерудің таптырмас құрамдас бөлігі болып табылады. Олай болса, сабақта тақырыпты терең меңгерту үшін мәтіндер жиі қолданылды.

Т.М.Дридзенің тұжырымынша, мәтіндер арқылы оқушы білім, әлеуметтік құндылықтар мен нормалар, практикалық және теориялық іс-әрекеттер барысында адамдар жинақтаған алуан түрлі ақпараттармен танысады. Бұл оған қоғамдық өмірге қатысуы үшін және басқа адамдармен әлеуметтік қатынасқа түсуі үшін үлкен көмек болып табылады [138].

Мәтінмен жұмыс барысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі іске асады. Оқушы мәтінді оқу арқылы одан өзіне қажетті мәліметті алады, алынған мәліметпен жұмыс істейді. Оқылым кезінде ақпаратты қабылдау ғана емес, оны өңдеу де жүзеге асырылады.

Ғалым Н.Ильясова мәтінді «белгілі бір тақырып аясында мазмұн тұтастығын құрайтын тіл құралдарының өзара байланысынан құрылған қатысымдық бірлік» ретінде қарастырып, оларды метаментальді модельдегі мәтіндер, этноментальді модельдегі мәтіндер деп жіктейді. Ғалым әңгіме, повесть, романдар мен ғылыми еңбектер, публицистикалық туындыларды метаментальді мәтіндерге, жырлар, аңыз-әпсаналар мен бата-тілектерді, мақал-мәтелдер, қанатты сөздерді этноментальді мәтіндерге жатқызады [104,б. 224]. Оқушыларға зерттеу тақырыбын меңгертуде аталған мәтін түрлері қолданылды. Мәтіндік талдау жасауға басымдылық берілді.

Мәтін арқылы этномәдени бірліктерді оқыту. 8 сынып. Бөлім:

Жасөспірім және заң. Тақырып: Жасөспірім мінезінің қалыптасуы. Оқу мақсаты: 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: іріктеп оқу, талдап оқу;

1-тапсырма. Төменде берілген мәтінді оқыңдар. «Таза болу» дегенді қалай түсінесіңдер? Жақсы, көркем мінезді болу үшін не істеу керек? Өз ойларыңмен бөлісіңдер. Мәтінге талдау жасаңдар.

Шешем маған өмірі ұрыспаған. Ақырын ғана «балам, ешкімді ренжітпе, ешкімнің ала жібін аттама» дейтін, жарықтық. «Түзу жүрсең, ашығын айтсаң, ертең осы мінез саған жақсылық әкеледі» деуші еді үнемі. «Таза бол» деген шешемнің сөзін мен бүгін кім-кімге де айтамын. Осы сөздерді мен өмір бойы ұмытқан емеспін. Сол тазалықпен, Құдайға шүкір, жақсы өмір кешіп келе жатырмын.

Тоқтар Әубәкіров

Мәтін тақырыбы: Ана өсиеті

Мәтіннің мақсаты: жақсы адам болып шығуға тәрбиелеу.

Мәтіннің мазмұны: ананың баласына айтқан өсиеті, таза болуға, жақсы мінезді адам болып шығуға тәрбиелеуі.

Мәтіннің ақпараттық қызметі: жақсы мінез, адалдық, еркелету жайлы ақпарат алады.

Мәтіннің танымдық қызметі: қазақ танымындағы «көркем мінез» ұғымымен танысады, қазақ отбасындағы ана мен бала арасындағы қатынасты біледі.

Мәтіннің формасы: бейресми, ауызекі сөйлеу формасында берілген.

Мәтін типі, түрі: баяндау.

Мәтін стилі: ауызекі сөйлеу стилі.

Мәтін жанры: естелік.

Көздеген аудиториясы: жалпы оқырман қауымға арналған.

Лексикалық ерекшеліктері: ауыспалы мағынадағы сөздер қолданылған: түзу жүру, таза болу, ала жібін аттамау тұрақты тіркесі бар.

Морфологиялық ерекшеліктері: есімдіктер (маған, саған, ешкім, осы, мен, сол, кім-кімге); де көмекші етістігі (дейтін, деуші); үстеулер (ақырын, үнемі, бүгін)

Синтаксистік ерекшеліктері: қаратпа және қыстырма сөздер арқылы жасалған күрделенген жай сөйлемдер қолданылған. Мысалы, қаратпа сөздер (балам); қыстырма сөз (құдайға шүкір).

Мәтіннің нәтижесі: жақсы мінездің адам өміріндегі, тағдырындағы маңызы жайлы ой түйіп, қорытынды шығарады, еркелету мәніндегі «балам» сөзі арқылы ананың балаға деген махаббатын таныды, «ала жіпті аттамау», «түзу жүру» фразеологизмдерінің мағынасын білді. Оқушылар еркелету сөзінің мағынасын білдіретін алақанға салу, аялап өсіру, мәпелеп өсіру, әлпештеп отыру, бетінен қақпау, қанаттыға қақтырмау, тұмсықтыға шоқыттырмау, табанын жерге тигізбеу және т.б. фразеологизмдердің қолданысын білді.

Бағалау критерийі: Мәтінді түсініп оқиды және «таза болу», жақсы мінезді болу деген ұғымдардың мәнін ашады.

Дескриптор:

- мәтінді түсінеді;
- «таза болу деген не?» деген сұраққа жауап береді;

- жақсы мінезді болу деген ұғымның мәнін ашып түсіндіреді;
- еркелету мәніндегі фразеологизмдердің қолданысын айтады;
- ой ойларымен ашық бөліседі.

8 сынып. Бөлім: Қазақстандағы туризм және экотуризм. Тақырып: Қазақ – қонақжай халық. Оқу мақсаты: 8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу.

2-тапсырма. Төменде берілген қазақтың қонақжайлылығы жайлы мәтінді оқындар. Қонақжайлық жайлы мақал-мәтелдерді тауып жазындар және оның мән мағынасын түсіндіріндер.

Қазақ отбасына тән абзал қасиеттердің бірі — ежелден бері келе жатқан қонақжайлылық. Қонақ болу үшін оның таныс болуы, діндес, теңдес болуы шарт емес. Әрбір жолаушы кез келген қазақ үйінде қонақасыны «бөлінбеген еншім» деп талап етуге еркі болған.

Бұл дәстүрдің шығу тегін аңыз Алашқа апарып тірейді. Алаш қартайған кезінде қолындағы бар малды төртке бөліп, үш бөлікті үш баласына — Ұлы, Орта және Кіші жүзге берген екен. Ал өзінде қалған төртінші бөлікті қонақ сыбағасы болсын деп, үшеуінің ортақ меншігіне қосыпты. Сондықтан аңыз бойынша әр жолаушыға қандай қазақ болсын тегін тамақ, жылы орын тағы басқа қамқорлықтар жасап тұруға міндетті болса керек.

Қазақ *«Қырықтың бірі — Қыдыр»* дейді. Мұнысы қонақты қума, оның шарапаты тиеді, бірінен болмаса екіншісінен құт келеді деп есептеген. *«Қонақты қуа берсең құт қашады»* деу де содан. Қонақ болып отырған адам, өзінің жауы болса да үй иесі өз үйінде оған және басқаға да қиянат жасатпайды. *«Өз үйінде таудай дауыңды айтпа»* деген қағида да осыдан қалған.

Әдетте, жолаушы қонағы келіп қалғанда бөтен ауылдың ең тәуір деген ақ үйіне, яғни біреуден қысылмайтын бай үйіне түседі. Сондықтан да *«қонақ таңдап қонады»* дейді халық. *«Түскенше қонақ ұялады, түскен соң үй иесі ұялады»* демекші, қонған қонақты күту міндеті үй иесіне түседі. Жаздыгүні қонаққа ең болмағанда марқа сойылса, қыстыгүні соғым етінен тартылған мүшелі табаққа риза болады. Қазақ халқы қонақ күтуді де, қонақ болып қыдыруды да жақсы көрген. Сондықтан халық мәтелі: *«Асың барда ел таны — беріп жүріп, атың барда жер таны — желіп жүріп»* деп, ер-азаматқа үйінде отыра бермей, ел көр, жер көр, көппен аралас деп кеңес бергендей сыңай білдіреді. Бала жасынан осындай рухта тәрбиеленген жас жеткіншектер ержеткенде сол ғұрыпты берік ұстап, әр уақытта көргенділікпен ел аузына ілігуге тырысатын.

Қазақ отбасында балалар жастайынан қонақжайлылыққа тәрбиеленеді. Өйткені халық дәстүрі бойынша қонақасы берілген соң, қонақтан әңгіме сұрайды, өнері болса ән салғызып, күй тартқызады, ертегі, қиссалар айтқызады. Қонақ әңгімесіне балалар әрқашан құмар болады. *«Адам болар бала қонаққа үйір»* деп халық тегін айтпаған.

Кесте 10 - Мақал-мәтелдер

Мақал-мәтелдер	Маңызы

Мәтін тақырыбы: Қазақ – қонақжай халық

Мәтіннің мақсаты: қазақ халқына тән қонақжайлылық қасиетті аңыз арқылы, мәтінде берілген мақал-мәтелдердің мағынасын ашу арқылы түсіндіру.

Мәтіннің мазмұны: үйге келген қонаққа құрмет көрсетуге, ел, жер көріп, көппен араласуға, дәстүрді, әдет-ғұрыпты берік ұстауға тәрбиелеу.

Мәтіннің ақпараттық қызметі: қазақ халқының қонақжайлығы жайлы аңыз, наным-сенім, мақал-мәтелдермен танысады.

Танымдық қызметі: қонақжайлық - тек сөз емес, қазақтың мінезі мен болмысына сіңген қасиет екенін түсінеді.

Мәтіннің формасы: бейресми.

Мәтіннің типі, түрі: баяндау.

Мәтін стилі: публицистикалық стиль.

Мәтін жанры: әңгімелеу.

Көздеген аудиториясы: жалпы оқырман қауымға арналған.

Лексикалық ерекшеліктері: «Қырықтың бірі — Қыдыр», «Қырықтың бірі — Қыдыр», «Қонақты қуа берсең құт қашады», «Түскенше қонақ ұялады, түскен соң үй иесі ұялады», «Өз үйіңде таудай дауыңды айтпа», «Асың барда ел таны — беріп жүріп, атың барда жер таны — желіп жүріп» мақал-мәтелдері, абзал қасиет, қиянат жасасамау, фразеологиялық тіркестер, сыбаға, енші, қонақасы тәрізді этномәдени бірліктер қолданылған.

Морфологиялық ерекшеліктер: үстеулер (жаздыгүні, қыстыгүні), сабақты етістік (ел таны, жер таны), көсемше (апарып, ұстап, қосыпты), есімше (болған, қалған, есептеген, көрген, берген, тырысатын)

Синтаксистік ерекшеліктері: қыстырма сөздері бар күрделенген жай сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем, төл сөз қолданылған.

Нәтижесі: қонақжайлықтың мән-мағынасын түсінеді және соған қатысты мақал-мәтелдердің мағынасын жан-жақты түсіндіре алады, енші, сыбаға, қонақасы, соғым, мүшелі табақ, риза болу және т.б. этномәдени бірліктердің қолданысын біледі.

Бағалау критерийі: мәтінді түсініп оқиды және мәтіннен қонақ күтуге байланысты мақал-мәтелдерді, этномәдени бірліктерді табады, олардың маңызын, қолданысын түсіндіреді.

Дескриптор:

- мәтінді түсініп оқиды;
- мәтіннен қонақ күтуге байланысты мақал-мәтелдерді, этномәдени бірліктерді табады;
- мақал-мәтелдердің маңызын түсіндіреді;
- этномәдени бірліктерді жағдаятқа сәйкес қолдана алады.

9 сынып. Бөлім: Мәңгілік ел – мұратым. Тақырып: Мәңгілік ел және Тәуелсіз Қазақстан. Оқу мақсаты: 9.1.2.1 қоғамдық-саяси мәтіндердегі мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау.

3-тапсырма. Қ.Сариннің «Тәуелсіздік» өлеңін оқыңдар. Қазақ халқы қасиетті Тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қандай қиындықтарды бастан өткеріп, жеңе білген? Өлеңнен қазақ үшін қасиетті ұғымдарды тауып жазыңдар және маңызын түсіндіріңдер. Тілдік бірліктердің функционалдық қызметін айтыңдар.

ТӘУЕЛСІЗДІК

Еркіндігім.

Қасиеттім.

Қастерлім.

Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!

Кеше сенің келбетіңді арман ғып,

Боданына бұғауландық басқа елдің.

Бабалардың басын тігіп бәйгеге,

Аналардың жанарына жас бердің!

Уа, Еркіндік,

қош келдің!

Өзегімді өртке ораған қоғамда,

*Өз үйіме өзім өгей болам ба?!
Алшаң басып жүре алмаса алты алаш*

Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!

...Саған жету қиын болса қанишалық,

Сақтап тұру қиынырақ одан да!

Алла берген азаттықтың әр сәті-

Аманат қой

Маған,

Саған

Оған да!

Саясатқа сермей алмай семсерді,

Езгі күнге тері қылдым еңсемді!

Желтоқсанда жалын атып жастығым,

Құрсау болған темір қоғам теңселді!

Есте даңқы қыршындардың қалды ма,

Сексен алты ерлігім бе-ей, ең соңғы!?

Уа, еркіндік,

Құның немен өлшеңді!?

Уа, еркіндік!

*Құның немен өлшенді?!
Сені көксеп*

Боздақтарым өлсе өлді!

Сенсің менің ең ғажайып өлеңім,

Ең шуақты,

Ең шырайлы,

Ең шерлі!

Әр таңыңды сүйіншілеп тұрайын-

Құдай берген ғұмырымда өлшеулі!

Кесте 11 - Қасиетті ұғымдар

Желтоқсан	
Алаш	
Боздақтар	
Аманат	
1986	

Мәтіннің тақырыбы: Тәуелсіздік.

Мәтіннің мақсаты: тәуелсіздіктің маңызын түсіндіру.

Мәтіннің мазмұны: ата-бабаларымыз аңсаған еркіндіктің, тәуелсіздіктің қасиетін, қадірін білуге үйрету.

Мәтіннің ақпараттық қызметі: қастерлі, қасиетті тәуелсіздіктің бізге оңай жолмен келмегенін, талай жас боздақтардың қаны мен көз жасы арқылы келгенін түсініп, біледі.

Мәтіннің танымдық қызметі: еркіндікті әлемнің ешқандай байлығына айырбастауға болмайтынын, ол бізге ата-бабамыздан қалған мұра екенін ұғынады.

Мәтіннің формасы: монолог.

Мәтін типі, түрі: өлең.

Мәтін стилі: поэтикалық стиль.

Мәтін жанры: поэзия.

Көздеген аудиториясы: жалпы оқырман қауымға арналған.

Лексикалық ерекшеліктері: көнерген сөз: семсер; синонимдер: қастерлім, қасиеттім; ең шырайлы, ең шуақты; азаттық, еркіндік; мұң, шер; антоним: еркіндік-бодандық; ауыспалы мағына: басынды тігіп бәйгеге; өзегімді өртке ораған; тері қылып еңсемді; темір қоғам; езгі күн; этно мәдени бірліктер: аманат, сүйінші, бәйге, алты алаш.

Морфологиялық ерекшеліктері: есімдіктер (маған, саған, оған), күшейтпелі сын есімдер (ең шуақты, ең шырайлы, ең шерлі), одағай (уа).

Синтаксистік ерекшеліктері: қаратпа сөздер (еркіндігім, қасиеттім, қастерлім, еркіндік), риторикалық сұраулы сөйлем, лепті сөйлем.

Мәтіннің нәтижесі: тәуелсіздік бізге оңай жолмен келмегенін түсініп, қадірлейді. Тарихымызды құрметтеп, алғыс айтуды үйренеді. «*Еркіндігім. Қасиеттім. Қастерлім*» сөздері мен тәуелдік жалғауының қосымшасы арқылы ақынның қуанышқа толы сезімін біледі. «*Уа, Еркіндік, қош келдің!*» жолындағы «уа» одағайы мақтаныштың, көптен күткен қуаныштың белгісін білдіріп тұрғанын түсінеді. «Өз үйіне өзі өгей болу», «алшаң басып жүре алмау» тіркестерін пайдалана отырып, қоғамдағы шешілмей жатқан мәселелерді көтеріп, қазақ халқының салт-дәстүрі, тілі және т.б. еркін қолданылмаса, еркіндіктің мәні жоқтығын айтып отырғанын біледі. «Құны өлшену» тіркесі тәуелсіздікке жету жолында қазақ ұлтының тек желтоқсан оқиғасында емес, талай қайғы-қасіреттерді басынан кешіріп, талай ұл-қыздарынан айырылғанын түсінеді. Яғни өлеңдегі әрбір тілдік бірліктің функционалдық қызметін айқындау арқылы мәтінді талдауды үйренеді.

Бағалау критерийі: өлеңді оқиды және өлеңдегі әрбір қазақ үшін қастерлі, қасиетті ұғымды, тілдік бірліктердің функционалдық қызметін анықтайды.

Дескриптор:

- өлеңді түсініп оқиды;
- өлеңнен қасиетті, қастерлі, қиелі ұғымдарды табады;
- этномәдени бірліктердің мағынасын түсіндіреді;
- тілдік бірліктердің функционалдық қызметін айқындай алады.

9 сынып. Бөлім: Отбасы және демографиялық өзгеріс. Тақырып: Демография және ұлт тағдыры. Оқу мақсаты: 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау. 9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу.

4-тапсырма. Ш.Айтматовтың «Құс жолы» повесінен алынған үзіндіні оқындар. Төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

Бір сағаттан кейін мен Отаным тапсырған міндетті орындауға кетемін, қайта оралмаймын. Жаудың бекінген жеріне барып, оны талқан етіп, өзім де жоқ боламын. Отан үшін, халық үшін, жеңіс үшін, дүниедегі бар жақсылық үшін...

Бұл менің ақырғы хатым, қолыма соңғы рет қалам алуым, ақырғы сөзім. Ана, мың бір рет ана десем де сенің қадіріңді тауысармын ба, түсін: бұл жай ғана өле салу емес, бұл жай ғана жан қию да емес, бұл – өмір үшін өлім. Құлаққа бұл, бәлкім, тұрпайы естілер, иә, бұл, шынында да, өмір сүру үшін болған өлім. Мен өз еркіммен осыны қалап алдым. Менің еш уақытта солқылдаған шағым болған жоқ. Отаным бұл істі маған сеніп тапсырғаны үшін мақтанамын.

Мені жоқтама, ана. Артында тұқым-жұрағаты қалған жоқ деме. Жер бетінде бұдан былай соғыс болмаса, жаңа туған сәбидің үілдегені — сол мен, бойжеткен қыздардың жәудіреген көздері — сол мен, бұтақта көктеген жапырақ — сол мен, далада жайқалған егін — сол мен, мұғалімдердің балаларға үйреткен бірінші «А» әрпі — сол мен, осының бәрі мен, осының бәрі мен, сен де мен деп жүргейсің, ана!

Жылама, ана, ешкім жыламасын. Мұндай өлім үшін ешкім жыламасын. Қош, ақырғы рет қайыр қош!

Шыңғыс Айтматов. "Құс жолынан".

- Қандай тарихи оқиға жайлы айтылған?
- Өмір үшін өлім дегенді қалай түсінесің?
- Соғыстың қазақ халқының демографиясына тигізген әсері қандай?
- Демографияның ұлт тағдырына тигізетін қандай әсері бар?
- Халық санының өсуіне бұрын жау шапқыншылығы, соғыс әсер етсе, қазіргі проблема неде деп ойлайсындар?
- Мәтіннен салалас құрмалас сөйлемді тауып, жасалу жолын айтындар.

Мәтіннің тақырыбы: Қоштасу хаты

Мәтіннің мақсаты: оқушыларға соғыстың қазақ халқына әкелген ауыртпалығын, өмір мен өлім философиясын түсіндіру.

Мәтіннің мазмұны: соғыстағы ұлының анасына жазған соңғы хаты.

Мәтіннің ақпараттық қызметі: сұрапыл соғыс өрімдей жас боздақтарымыздың өмірін алып қана қоймай, біздің болашағымызға, демографиялық өсуімізге де қатты әсерін тигізгенін түсініп, біледі.

Мәтіннің танымдық қызметі: бүгінгі бейбіт өміріміз бен ашық аспанымыз

үшін ата-бабаларымызға қарыздар екенімізді ұғынып, соғыстың халыққа тигізген орны толмас зиянын түсініп, бұл тарихи оқиғаға жан-жақты қарайтын болады.

Мәтіннің формасы: көркем мәтін.

Мәтін типі, түрі: баяндау

Мәтін стилі: көркем әдебиет стилі.

Мәтін жанры: хат

Көздеген аудиториясы: жалпы оқырман қауымға арналған.

Лексикалық ерекшеліктері: синоним: ақырғы-соңғы; көктеген-жайқалған; олу-кию; антоним: өмір-өлім; этномәдени бірлік: жоқтау.

Морфологиялық ерекшеліктері: есімдіктер (мен, сол, бұл, ешкім), шылау (үшін), көсемше (барып, сеніп, етіп).

Синтаксистік ерекшеліктері: қыстырма, қаратпа сөзді күрделенген жай сөйлем, лепті сөйлем, құрмалас сөйлем.

Мәтіннің нәтижесі: көркем әдебиетті оқуға қызығушылықтары оянады, тарихи оқиғаларға жан-жақты көзқараспен қарап, проблемалық сұрақтарға жауап беріп үйренеді. Мәтіндегі «үшін» шылауының эмоционалдық мән беріп тұрғанын біледі. «Ақырғы сөз» тіркесінің мағынасын түсінеді. «Жоқтау», «тұқым-жұрағат» сөздеріне талдау жасау арқылы оның мәнін анықтайды.

Бағалау критерийі: үзіндіні түсініп оқып, негізгі мәселені анықтайды. Сұрақтарға жауап бере отырып, соғыстың ел болашағына, демографиясына тигізген ауыр зардабын талқылайды және өз пікірлерін білдіреді. Тілдік бірліктердің қызметін анықтайды.

Дескриптор:

- үзіндіні түсініп оқиды;
- үзіндідегі негізгі мәселені анықтайды;
- соғыстың ел болашағы мен демографиясына тигізген зардабын жан-жақты талқылайды;
- мәселеге қатысты өз пікірлерін білдіреді;
- тілдік бірліктердің қандай функционалдық қызмет атқарып тұрғанын айтады.

Оқу мәтіні – ақпараттық, мотивациялық және бақылаушы функцияларды орындауға, оқушының сөйлеу механизмдерінің біртіндеп қалыптасуына жағдай тудырады. Мәтін оқу, сөйлеу, тыңдау және жазуды үйренумен тығыз байланысты болғандықтан оны сабақта пайдалану жоғары нәтижеге жетуге көмектеседі.

Қазақ тілі сабағында этномәдени бірліктерді оқытуда мәтінмен жұмыс жасау оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, сөздік қорын толықтыруға, сөйлеу сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Мәтін қазақ тілі сабақтарында тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырудың негізі болып табылады. Этномәдени бірліктерді оқытуда мәтінді пайдалану оқушыларды өз ана тілінің рухани байлығымен, әсемдігімен таныстыруға, сөздік қорын байытуға, өз ана тіліне деген ойлы көзқарасты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Мәтінмен жұмыс сабақтағы жаңа материалды меңгеру мен қайталау арасындағы органикалық байланысты, пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асырады. Мәтіндер емлесі жағынан қызықты, стилі, сөздік қоры жағынан ерекшеленуі, әртүрлі синтаксистік құрылымдарды қамтуы керек. Мәтінді кезең кезеңімен талдауға кіріспес бұрын, оқушылар мәтіннің қай қарым-қатынас саласына арналғанын түсінуі керек, өйткені қарым-қатынастың әрбір сферасы нақты сөйлеу жағдаяттарын және олардың компоненттерін қамтиды.

Мазмұны жағынан тіл туралы, сөздің мағынасы туралы, сөзге ұқыптылықпен қарау қажеттігі туралы, көркем сөз туындысын жасау үдерісінің ерекшеліктері туралы және т.б. мәтіндерді талдау өте маңызды. Оқушыны ұсынылған мәтінді егжей-тегжейлі, мұқият зерттеп, оны тұтастай сипаттауға үйрету қажет. Мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушы сөйлеммен де, жеке сөздермен де жұмыс істей отырып, есте сақтау қабілетін жаттықтырады, бұл оның орфографиялық дағдысын да жетілдіре түседі.

Күрделі мәтінді талдаумен айналыса отырып, оқушы жеке тілдік құбылыстарды және олардың жалпы тіл жүйесіндегі орнын көруге және түсінуге үйренеді, лексикалық контексте сөздің «өмірін» байқауға және түсіндіруге үйренеді. Мәтінді мағынасына келтіріп оқуды және авторлық қолданысқа түсініктеме беруді үйренген оқушы біртұтас мәтін құрудың өзіндік стратегияларын меңгереді.

Этномәдени бірліктерді ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы меңгерту. Бүгінгі таңда медиа технологиялардың адамға тигізетін әсері зор. Бұл, әсіресе, кітап оқудан гөрі теледидар қарауға қызығатын балаға қатты әсер етіп отыр. Теледидар, компьютерлік технологияны пайдалану, ақпараттың толассыз келуі, түрлі жарнамалардың орын алуы, компьютердің, электронды ойыншықтардың, ойын құрылғыларының таралуы бала тәрбиесіне және оның қоршаған әлемді қабылдауына айрықша ықпал етіп отырғаны белгілі.

Бұрын оқушы ақпаратты анықтамалықтардан, оқулықтан, сабақтың қысқаша мазмұнынан, мұғалімнің дәрісінен ала алатын. Бірақ қазіргі уақытта технологияның қарыштап дамуы мұғалімге ақпаратты ұсынудың жаңа әдістерін көбірек қолдануды талап етіп отыр. Психологтар баланың миы сабақта ұсынылған ақпаратты медиа құралдар арқылы әлдеқайда жеңіл қабылдайтынын айтуда. Сондықтан сабақ барысында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану алға шығып отыр.


Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ету, білімді бүгінгі заман талабына сай жаңаша, ұтымды және тиімді түрде оқырманның санасына жеткізе білу әдістерінің жиынтығы [139].

8-9 сыныптарда этномәдени бірліктерді игертуде оқушының қызығушылығын арттыру үшін аталған технология да қолданылды.

8 сынып. Бөлім: Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. Тақырып. Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған төте жазу. Оқу мақсаты: 8.1.1.1 мәтіннен алынған

дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау. 8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін жазу

1-тапсырма. Төменде берілген QR код арқылы өтіп, А.Байтұрсынұлының төте жазуы туралы бейнероликті көріңдер. Бейнероликті мұқият тыңдап, ақпаратты есте сақтаңдар және бос орындарды толтырыңдар. Төте жазуды қайта енгізу дұрыс деп ойлайсыңдар ма? Өз ойларыңмен бөлісіңдер.



Сурет 12 - А.Байтұрсынұлының бейнеролигі жайлы QR код

Тапсырманың мақсаты: ұлт Ұстазы А.Байтұрсынұлы және оның төте жазуы жайлы құнды ақпарат беру.

Тапсырманың міндеті: А.Байтұрсынұлының төте жазуы туралы ақпарат бере отырып, оның маңызын түсіндіру. Ақпаратты есте сақтауға дағдыландыру.

Тапсырманың нәтижесі: А.Байтұрсынұлының төте жазуы және оның тарихы мен маңызы туралы біледі. Сол тақырыпта еркін пікір білдіре алады.

Бағалау критерийі: бейнероликті көреді. Негізгі ақпараттарды есте сақтайды. Тақырып жөнінде өз пікірін білдіреді.

Дескриптор:

- бейнероликті мән беріп көреді, түсінгенін айтады;
- негізгі ақпараттарды табады;
- есте сақтаған ақпарат бойынша бос орындарды толтырады;
- тақырып бойынша өз пікірін білдіреді.

8 сынып. Бөлім: Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Тақырып: Ұлттық құндылықтардың тілдегі көрінісі. Оқу мақсаты: 8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау. 8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру.


2-тапсырма. «Ойлаң, тап!». Төменде берілген QR код арқылы өтіп, пазлда жасырынған суретті тауып, сол сурет бойынша өз пікірлеріңді ортаға салыңдар. Ол үшін берілген ұлттық құндылықтарды үш топқа жіктеп, тезис түрінде жазыңдар.

1. Қазақтың ұлы жазушылары;
2. Қазақтың ұлы ақындары;
3. Қазақтың ұлы шешендері мен билері.

Қазақтың ұлы ақын-жазушылары мен би-шешендерінің шығармалары

жайлы не білесіңдер? Олардың шығармаларында қандай ұлттық құндылықтар дәріптелген деп ойлайсыңдар?

Берілетін сөздер: М.Әуезов, А.Құнанбаев, Төле би, Б.Майлин, Ж.Жабаев, Бұқар жырау, Ш.Құдайбердіұлы, Қазбек би, Ш.Мұртаза, Жиренше шешен, С.Мұқанов, М.Өтемісұлы, Д.Бабатайұлы, Әйтеке би.



Сурет 13 - «Ойлан, тап» әдісі және QR коды

Тапсырманың мақсаты: қазақтың ұлттық құндылықтарын тіл арқылы дәріштеп, сөз арқылы, әдебиет арқылы бізге қалдырған ұлы тұлғалармен таныстыру.

Тапсырманың міндеті: қазақтың ұлы тұлғаларының ұлттық құндылықтарды тіл арқылы дәріштеудегі ерекше рөлін түсіндіру.

Тапсырманың нәтижесі: ұлттық құндылықтардың тіл арқылы қалай көрініс табатынын біледі және соған байланысты өз ойын, пікірін білдіре алады.

Бағалау критерийі: берілген тізімдегі ұлы тұлғалардың есімдерімен танысады. Суреттегі тұлғалар жайлы өз ойын айтады, ұлттық құндылықтардың тіл арқылы көрініс табуы жайлы біледі.

Дескриптор:

- ұлы тұлғалардың есімдерін үш топқа жіктейді;
- жасырынған суретті табады;
- суреттегі ұлы тұлғалар жайлы өз ойын ортаға салады;
- ұлттық құндылықтардың тіл арқылы көрініс табуы жайлы пікір білдіреді.

9 сынып. Бөлім: Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан: ЭКСПО-2017. Тақырып: Тәуелсіздік – ел мұраты. Оқу мақсаты: 9.1.3.1 ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу.

3-тапсырма. «Айналмалы дөңгелек». Дөңгелекте қазақ халқын сипаттайтын бірнеше мақал-мәтелдер берілген. Дөңгелекті айналдырып, түскен мақал-мәтелдің мағынасын ашып түсіндіріңдер және қазақ қандай халық болғанын қазіргі заманмен салыстырып, қазақ халқының дүниетанымын түсіндіре отырып баяндаңдар. Мақал-мәтелдерде қандай этномәдени бірліктер кездеседі. Мақал-мәтелдердегі оймен келісетінін немесе келіспейтіндерінді айтып, дәлелдендер.

Берілген мақал-мәтелдер: «Жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер, жеті атасын білмеген – жетімдіктің салдары»; «Қазақ – ат үстінде тайсалмайтын батыр, ал атсыз қалса – әркімге қол шатыр»; «Ерді намыс,

қоянды қамыс өлтіреді»; «Малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы»; «Ағайын тату болса – ат көп, Абысын тату болса – ас көп»; «Ел іші – алтын бесік».

«Айналмалы дөңгелек» ойынына сурет 14 көрсетілген QR код арқылы да өтуге болады.



Сурет 14 – «Айналмалы дөңгелек» ойынына QR код

Тапсырманың мақсаты: қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер арқылы қазақ халқының болмысын, дүниетанымын, құндылықтарын танып-білуге үйрету.

Тапсырманың міндеті: мақал-мәтелдердің мағынасын талқылай отырып, қазақтың болмысын тануға, сол жайында пікір білдіруге үйрету.

Тапсырманың нәтижесі: қазақ халқының болмысы, дүниетанымы, құндылықтары жайлы өзіндік көзқарасы қалыптасады, пікір алмаса алады.

Бағалау критерийі: мақал-мәтелдің мағынасын ашады және қазақ қандай халық болғанын қазіргі заманмен салыстырып, қазақ халқының дүниетанымын түсіндіре отырып баяндайды, өзіндік пікірін білдіреді, этномәдени бірліктерді анықтайды.

Дескриптор:


- мақал-мәтелдердің мағынасын ашып түсіндіреді;
- қазақ халқының дүниетанымын қазіргі заманмен салыстырады, түсіндіреді;
- өзіндік пікірін білдіреді;
- этномәдени бірліктерді табады.

9 сынып. Бөлім: Адам құқығы мен бостандығы. Тақырып: Бостандықта өмір сүру – әр адамның арманы. Оқу мақсаты: 9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту. 9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау.

4-тапсырма. «Бос ұяшық». Төменде берілген QR код арқылы өтіп, Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағы туралы мәтінді оқындар және заңдардың негізгі бағыттарын есте сақтаңдар. Бос ұяшықтарға заңдардың бағыттарын ретімен жазып шығындар. Заңдар жинағының артықшылығы неде? Өз ойларыңмен бөлісіңдер. Оған қандай өзгертулер мен толықтырулар енгізер

едіндер?

Жауабы: Жер Заңы; отбасы-неке заңы; сот процесі туралы заң; қылмыстық заң; құн туралы заң; жетім мен жесір туралы заң; әскери заң.



Сурет 15 - «Бос ұяшық әдісі» және QR коды

Тапсырманың мақсаты: қазақ даласында сан ғасырлар бұрын пайда болған заңдар жинағымен таныстыру.

Тапсырманың міндеті: «Жеті Жарғы» заңдар жинағымен таныстыра отырып, қазақ даласында ерте кезден-ақ адам құқықтары қорғалғандығын түсіндіру.

Тапсырманың нәтижесі: қазақтың алғашқы заңдар жинағы жайлы түсінік қалыптасады және олар жайлы еркін пікір алмасып, өз көзқарасын білдіре алады.


Бағалау критерийі: Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағы жайлы мәтінді оқиды, заңдардың негізгі бағыттарын біледі. Жинақтың артықшылығы жайлы өзара пікір алмасады.

Дескриптор:

- мәтінді түсініп оқиды;
- заңдардың бағыттарын көрсетеді;
- ұяшықтарды дұрыс толтырады;
- заңдар жинағының артықшылығы жайлы өз көзқарастарын айтады.

9 сынып. Бөлім: Мәңгілік ел – мұратым. Тақырып. Тәуелсіздіктің тұғыры болар тұлғалар. Оқу мақсаты: 9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру. 9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу.

5-тапсырма. Оқулықта 16-бетте берілген Әл-Фараби жайлы мәтінді түсініп оқындар. Ғұлама Әл-Фараби кімдерді «кұлдар» деп атаған? Оларды қандай екі топқа жіктейді? Төменде берілген QR код арқылы өтіп, берілген сөздерді Әл-Фараби жіктеген екі топқа топтастырыңдар. Ол пікірмен келісесіңдер ме? Неліктен? Екі топтағы адамдардың бір-біріне әсері бар ма?



Сурет 16

Жауабы: бірінші топ – ақыл, ес, сезім иелері: сарапшылар, ізденгіштер, жетекшілер, зерттеушілер, ақын-жазушылар, әншілер, күйшілер, суретшілер.

Екінші топ – тексіз құлдар: алаяқтар, жағымпаздар, мақтаншақтар, қуыскеуделер, жарамсақтар, жәдігөйлер, жымысқылар, ұры-қарылар, жемқорлар, екіжүзділер, мансапқорлар.

Тапсырманың мақсаты: мәтінді оқи отырып, туған еліне деген адалдыққа, тазалалыққа тәрбиелеу.

Тапсырманың міндеті: әл-Фарабидің «құл» сөзі жайлы пікірімен таныстыра отырып, өз еліңнің «құлы болу» деген түсінікпен таныстыру және соған үйрету.

Тапсырманың нәтижесі: адамдықтың және арамдықтың «құлы» деген түсініктермен танысады және олардың өзара байланысын түсінеді, өзіндік көзқарасы қалыптасады.


Бағалау критерийі: мәтінді оқиды және Әл-Фарабидің жіктеуі бойынша «құлдардың» түрімен танысады. Екі топтың бір-біріне әсерін талқылайды.

Дескриптор:

- мәтінді түсініп оқиды;
- әл-фарабидің жіктеуі бойынша дұрыс топтастырады;
- екі топтың бір-біріне тигізер әсерін талқылап, айтады;
- соған қатысты өз пікірімен жеткізеді.

9 сынып. Бөлім: Мәңгілік ел – мұратым. Тақырып: Мәңгілік ел бабалар арманы. Оқу мақсаты: 9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің (мақал-мәтелдің) түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану.

Тапсырма. Төменде берілген QR код арқылы өтіп, жасырын ұяшықтардың біреуін тандап, ұяшықта жасырылған мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіріңдер. «Мәңгілік ел» болу үшін бізге не керек? Нені қадірлеп, қастерлеуіміз керек? «Мәңгілік» болу үшін қандай формула керек?



Сурет 17 - Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіру және QR коды

- Басқа жердің отынан туған жердің түтіні артық.
- Бақыр қазан қайнаса бәріміздің бағымыз, Туған жердің әр тасы біздің алтын тағымыз.
- Атамекен — анаң екен, Қысылғанда панаң екен.
- Туған жердің Түйе жейтін жапырағы да дәрі, Түйе айнайттын Топырағы да дәрі.
- Туған жер – тұғырың, Туған ел – қыдырың.
- Елің - панаң, Жерің - анаң.
- Танымайтын жердің ой-шұқыры көп.

Тапсырманың мақсаты: оқушыларды туған елін, тәуелсіздігін қадірлеуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Тапсырманың міндеті: туған жер туралы мақал-мәтелдерді оқыта отырып Отанын сүйуге, тәуелсіздігін қорғауға үйрету және «Мәңгілік ел» болудың басты шартын түсіндіру.

Тапсырманың нәтижесі: елін сүйу, құндылықтарын құрметтеу, тәуелсіздікті сақтау, өз тілінде сөйлеу – мәңгілік елдің кепілі екенін түсінеді.

Бағалау критерийі: ұяшықтарда жасырылған мақал-мәтелдің мағынасын түсінеді. «Мәңгілік ел» болу үшін бізге не керек? Нені қадірлеп, қастерлеуіміз керек? – деген сұрақтарға жауап беріп, «Мәңгілік елдің» формуласын құрастырады.

Дескриптор:

- мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіреді;
- сұрақтарға жауап береді;
- еліміз, тәуелсіздігіміз мәңгілік болу үшін не істеу керек деген сұрақтың жауабын формуламен түсіндіріп, айтады.

Қазіргі ақпараттық қоғамда өмір сүргендіктен оқушының бойына түрлі ақпараттармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдірумен бірге, осы ақпараттарды пайдалану үшін ақпарат құралдарымен жұмыс істеу қабілеттерін де жетілдіру қажет. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар ақпаратты іздеп, өңдеп қолдануды ғана емес, осы ақпаратқа сын көзбен қарау, тұжырым шығара білуді де үйретуге ықпал етеді.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар қысқа уақыт ішінде оқушыға этномәдени бірліктерді меңгертуге және практикалық іс-әрекетте көп ақпаратты пайдалануға үйретуде маңызды рөл атқарады. Оқу-тәрбие үдерісін қызықты ұйымдастыруға, баланың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға, жұмысты белсенді түрде, ерекше ынта-жігермен істеуге көмектеседі. Аталған технология оқушының өз жұмысының нәтижесін бірден көріп, бағалай білуге мүмкіндік береді.

Мұғалім ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып сабаққа дайындалу барысында сабақ жоспарын оның мақсатына қарай құрып, оқу материалын таңдау кезінде негізгі дидактикалық талаптарды сақтауы керек.

Ақпараттық-коммуникативтік технология оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіндік береді. Оны орынды қолдану оқыту сапасын жетілдіруге көмектеседі.

Этномәдени бірліктерді ойын технологиясы арқылы меңгерту. Ойын әрекеті күрделі құбылыс болып саналады. Ойын сөзінің мағынасын қуаныш, әзілмен байланыстырады. Мысалы, ежелгі Римде ойын сөзін қуаныш, мереке сөздерінің мағынасымен сабақтастырады. Қазақ халқында ойын сөзі жас балалардың іс-әрекетін, ересектер арасындағы әзілді, қалжыңды білдіреді. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» мақалында әзіл-қалжың жарасса, үлкенмен де ойнауға болатынын айтса, «Ойнаса да, ойындағысынын айтады» деп, ойын арқылы шындық та сыртқа шығатынын сөз етеді.

Көне Үнді елінде дүниеге келген, кейінірек бүкіл әлемді жаулап алған шахмат ойыны о баста соғыс жүргізу тактикасы мен стратегиясын үйрету құралы болғаны белгілі. Қазақ халқы да ойынды балаларды батырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде көп қолданған. Қазақтың ұлттық ойындары - осының дәлелі.

Білім беру үдерісінде ойын технологиясы ерекше орын алады. Оқу іс-әрекетінде ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс жұмыстарда, ұзартылған күн топтарындағы сабақтарда да қолдануға болатын әртүрлі ойын технологиялары бар. Әрбір ойын оқу материалын жақсы меңгеруге ықпал етіп қана қоймай, оқу мотивациясына, оқушылардың тәрбиелік деңгейін көтеруге, олардың адамгершілік және эстетикалық деңгейін көтеруге ықпал етуі керек.

Ойын технологиясы баланың дамуында еркіндік береді; бала бұйрықпен емес, өз еркімен ойынға қатысады; баланың қиялын дамытып, армандауға үйретеді; тәртіпке, жинақылыққа, жауапкершілікке тәрбиелейді; үйлесімділік тудырып, жеке тұлға ретінде дамуына жол ашады; жаңа білім, білік, дағдыны игеруге септігін тигізеді; топпен жұмыс істеуге үйретеді; өз ісіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді; креативті ойлау қабілетін дамытады; коммуникативті дағдыларды меңгеруге жәрдемдеседі; тапқырлығын дамытады; өмірлік жағдаяттарды бағдарлау, қиын мәселелерден шығудың жолын табуға үйретеді. Зерттеу тақырыбын меңгертуге қолданылған ойындар ұтымды болды.

8 сынып. Бөлім: Жасөспірім және заң. Тақырып: Ұлттық тәрбие. Оқу мақсаты: 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан

астарлы ойды анықтау. 8.3. 4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе).

1-тапсырма. Төменде берілген QR код арқылы өтіп, бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрлерді табыңдар және кроссвордты шешіндер. Қазақ халқының бала тәрбиесіндегі дәстүрлер туралы аргументативті эссе жазыңдар.



Сурет 18 - Бала тәрбиесіндегі дәстүрлер және тапсырманың QR коды

- Қазақ салты бойынша бала туылған күні сол отбасында той жасалып, ауыл ақсақалдарының батасын алып, маңайдағы абысын-ажын тағзы басқа әйелдер сол үйге жиылып босанған анаға арнап қой сою кәдесі не деп аталған (қалжса);

- Жаңа туылған баланы бесікке бөлеу жорасы - ... (бесік той);

- Бала бір жасқа толып, ақ босагадан енді гана қаз-қаз тұрып, тәй-тәй басқанда жасалатын той? (тұсау кесу)

- Ислам діні тарағаннан кейін қалыптасқан, ұл бала 5 немесе 7 жасқа толғанда орындалатын жоралғы? (сүндет той)

- Ана бөбегін қауіп-қатерден аулақ болу үшін үнемі бесікті аршамен аластап тұрады. Ол дәстүр қалай аталған? (бесік аластау)

- Нәресте дүниеге келген күні «баланың бауы берік болсын» айтып бір түн күзетіп, жиылған ел-жұрт ән салып, өлең айтып, домбыра шертіп, үлкен мереке өткізіп, «...» күзететін болған (шілдехана).

Ойынның мақсаты: ойын технологиясын қолдана отырып, бала дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңызын түсіндіру.

Ойынның міндеті: ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие, ұлттық сана және дәстүр ұғымдарын меңгерту.

Ойынның нәтижесі: ұлттық тәрбиенің маңызын біледі және оған қатысты өз пікірін білдіре алады.

Бағалау критерийі: бала тәрбиесіне қатысты жасырынған салт-дәстүрлерді біледі.

Дескриптор:

- бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрлерді дұрыс табады;

- сұрақтарға жауап бере отырып, ол туралы пікір айтады;

- дәстүрлердің маңызын түсіндіріп ойтолғау жазады.

8 сынып. Бөлім: Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Тақырып:

Көпшелілердің рухани мәдениеті. Оқу мақсаты: 8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау. 8.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану.

2-тапсырма. Іскерлік ойын. 2-3 топқа бөлініп, төмендегі тақырыптардың біреуін тандап алып тұсаукесер дайындаңдар. Көпшелілердің рухани мәдениетінің ерекшеліктерін, артықшылықтарын ашып көрсетіңдер. Тұсаукесерді қорғауда сөйлеу мәдениетін сақтаңдар.

- Көпшелілер және көне жазу.
- Қазақ даласының даналары.
- Көпшелілердің рухани мәдениетінің ерекшеліктері.

Ойынның мақсаты: көпшелілердің рухани мәдениеті жайлы жан-жақты ақпарат беріп, дүниетанымдарын кеңейту.

Ойынның міндеті: топта жұмыс істеуге дағдыландыра отырып, бір-бірін тыңдауға, бағалауға үйрету, көпшелілер және олардың мәдениеті жайлы жан-жақты түсінік қалыптастыру.

Ойынның нәтижесі: топта жұмыс істеуді, бір-бірін тыңдап, бағалауды үйренеді, көпшелілердің рухани мәдениеті жайлы білімдері толығыады.

Бағалау критерийі: топтағы әр бала өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқара отырып, тұсаукесер дайындайды. Берілген тақырыпты жан-жақты зерттей отырып, әр тақырыптың ерекшелігін, артықшылығын көрсетеді.

Дескриптор:

- топтың әр мүшесі өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқарады;
- сапалы тұсаукесер дайындап, оны қорғайды;
- тақырыптың ерекшелігін, артықшылығын ашып айтады.

9 сынып. Бөлім: Отбасы және демографиялық өзгеріс. Тақырып: Отбасы – ұлт құндылығы. Оқу мақсаты: 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау.

Тапсырма. Төменде берілген QR код арқылы өтіп, бала тәрбиесіне қатысты мақал-мәтелдердің жалғасын табыңдар. Барлық мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп, ортақ қорытынды жасаңдар.



Мейірімділікті ... үйрен,
Әділдікті ... үйрен.



Аз-аздан үйреніп
... болар.



Сурет 19 - Мақал-мәтелдер және тапсырманың QR коды

1. *Мейірімділікті анадан үйрен,
Әділдікті данадан үйрен.*
2. *Аз-аздан үйреніп дана болар.*
3. *Тәрбиелі адам тағаланған атпен тең.*
4. *Балаға байқап сөйлесең, ақылыңа көнер,
Байқамай сөйлесең, көп ішінде өлер.*
5. *Отбасының өнегесі - Отан өнегесі.*
6. *Бала тәрбиесі – бесіктен.*
7. *Баланың бас ұстазы – ата-анасы.*

Ойынның мақсаты: мақал-мәтелдер арқылы оқыта отырып, бала дамуындағы отбасы тәрбиесінің маңызын түсіндіру.

Ойынның міндеті: бала дамуындағы отбасы тәрбиесінің маңызын, алатын орнын меңгертіп, өзіндік пікір қалыптастыру. Аталған тақырыпта өз ойын айтуға дағдыландыру.

Ойынның нәтижесі: отбасы және бала тәрбиесі жайлы түсінік қалыптасады.

Бағалау критерийі: отбасындағы бала тәрбиесіне қатысты мақал-мәтелдерді біледі.

Дескриптор:

- отбасындағы бала тәрбиесіне қатысты мақал-мәтелдерді айтады;
- мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіреді;
- өз ойын тұжырымдап жеткізеді.

Мақал-мәтелдер ұлттық ділдің тілдегі ерекше бір жарқын, мәнді де маңызды өрнегі болып саналады. Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазынасы, онда қазақ халқының философиялық ой-толғаныстары сақталған. Мақал-мәтелдер ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы сақталып келеді. Мақал-мәтелдерді тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге үйрету оқушының бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге мүмкіндік береді.

9 сынып. Бөлім: Жаһандану мәселелері. Тақырып: Мәдени жаһандану процесі Оқу мақсаты: 9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту. 9.4.3.1 стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана білу.

Тапсырма. «Ашық алаң» - дебат ойындары. Екі топқа бөлініңдер және «Жаһанданудың мәдени үдерістерге әсері» тақырыбында пікірталас өткізіңдер.

Ойынның мақсаты: жаһандану үдерісінің мәдениетке тигізер әсерін болжауға және жан-жақты баға беруге дағдыландыру.

Ойынның міндеті: қарсы тараптың пікірін құрметтей отырып, өз пікірлерін нақты фактілермен дәлелдеуге және жаһандану үдерісіне шынайы баға беруге үйрету.

Ойынның нәтижесі: топта жұмыс істеуге, өзге тараптың пікірін тыңдап, құрметтеуге үйренеді. Берілген мәселеге шынайы көзқараспен қарап, баға береді.

Бағалау критерийі: қарсы тараптың пікірін тыңдап, құрметтей отырып, өз пікірлерінің дұрыстығын нақты мысалдармен және фактілермен дәлелдейді.

Жаһандану үдерісінің мәдениетке тигізер әсеріне шынайы баға береді.

Дескриптор:

- қарсы тараптың пікірін тыңдап, сөйлеу мәдениетін сақтап жауап айтады;
- өз пікірлерінің дұрыстығын нақты мысалдармен, фактілермен дәлелдейді;

- жаһандану үдерісінің мәдениетке тигізер әсеріне шынайы баға береді.

Мұғалімнің ойынды қалай жүзеге асыру жөніндегі нұсқауы айқын, көрнекі, ықшам болуы тиіс. Ойынның түрлері өте көп. Тек соның ішінен оқушыны қызықтыратындай ойындарды таңдап ала білу қажет. Мысалы, оқушылардың сөздік қорын толықтыру мақсатында мұғалім әр бөлімнің соңында «Мақалды тап» ойынын ойнатуына болады. Мәселен, 8 сыныпта «Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер» бөлімінен кейін осы ойын қолданылды. Оқушылар екі топқа бөлінді. Әрбір топтан бір оқушы екінші топқа келіп, бір сөз айтады. Қай топ осы сөз кіріктірілген мақал-мәтелдерді көп айтса, сол топ жеңімпаз болады. Мысалы, бірінші топ «ат» сөзіне «Ат – адамның қанаты, Ас – адамның қуаты», «Ат аунаған жерде түк қалар», «Ат айналып, қазығын табады», «Жақсы ат жанға серік» деген мақал-мәтелдерді айтса, екінші топ өздеріне айтылған «қой» сөзіне «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды», «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деген мақал-мәтелді айта алды.

Ойынды тақырыпқа байланысты сөздерді айтып, соза беруге болады. Бірақ ойында уақыт маңызды рөл атқаратынын назарда ұстаған жөн. Мақал-мәтелдерді табу оқушылардың тілін дамытады, қазақ тілінде мәнді, әсерлі сөйлеу дағдыларын да қалыптастыруға септігін тигізеді.

Ойын түріндегі тапсырмалар оқу мотивациясын арттыруға көмектеседі. Ойын түріндегі бағдарламалар оқушыны сабаққа ынталандыра отырып, тапсырманы сәтті орындауына, жағымды эмоциялар қалыптастыруға ықпал етеді және баланы жаңа жетістікке жетуге талпындырады.

Кешенді жұмыстар оқушыға нәтижелі білім беруге бағытталған тиімді құрал болуымен қатар, мұғалімді де сапалы қызметке, нақты нәтижеге жетелейтін механизм болып табылады. Әр сабақты түрлі жұмыстарды пайдалана отырып өткізу мұғалімнен ізденісті қажет етеді.

Кешенді жұмыстар оқушының ішкі дүниесін, рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағытталды. Оқушылардың ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолын өздігінен табуға жетелеп, олардың таным дербестігін дамытуға көмектесті. Зерттеу тақырыбын жан-жақты және объективті түрде оқушылардың қаншалықты деңгейде түсінгенін диагностикалауға мүмкіндік берді, өйткені қалыптасатын біліктер мен дағдылардың сапасы, оларды шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі тікелей осыған байланысты.

2.4 Жалпы білім беретін мектептердің 8-9 сыныптарында этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесінің тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдеу

Жалпы білім беретін мектептердің 8-9 сыныптарында этномәдени бірліктерді оқытудың деңгейін тексеру барысында анықталған проблемаларды шешу мақсатында эксперимент жұмыстары ұйымдастырылды.

Эксперименттің мақсаты – қазақ тілі сабақтарында этномәдени бірліктерді оқыту жүйесінің тиімділігін анықтау.

Зерттеу мәселесі бойынша ұйымдастырылған эксперимент жұмыстары бірнеше кезеңнен тұрды. Эксперименттің мақсаты оның әр кезеңдегі өзіндік міндеттері мен ұйымдастырылу ерекшелігіне қарай белгіленді.

Эксперимент жұмыстары 2019-2020, 2020-2022 оқу жылдарында Жамбыл облысы Тараз қаласындағы Төле би атындағы №8 гимназиясында және Ө.Жолдасбеков атындағы №50 орта мектепте өтті. Экспериментке 8 мұғалім қатысты. 8 сынып бойынша: 6 сыныптан 221 оқушы; ал 9 сынып бойынша: 6 сыныптан 212 оқушы қатысты.

Эксперимент үш кезеңде жүргізілді:

1. Оқушылардың оқыту тәжірибесіне дейін «Қазақ тілі» пәнінде этномәдени бірліктерді оқыту дәрежесін анықтау эксперименті;

2. «Қазақ тілі» пәнінде 8-9 сынып оқушыларына этномәдени бірліктерді оқытуды жүзеге асыратын оқыту эксперименті;

3. Оқыту экспериментінен кейін оқушыларға этномәдени бірліктерді оқыту дәрежесінің қорытынды эксперимент арқылы нәтижелерін жинақтау, талдау тұжырым шығару кезеңі, яғни қалыптастыру эксперименті.

Бақылау экспериментінің мақсаты: жалпы орта білім беретін мектептердің 8-9 сыныптарында этномәдени бірліктерді оқытудың жайын анықтау; білім беру саласындағы жаңа бағыттарға сай этномәдени бірліктерді оқытуды жүзеге асыру жолдары мен зерттеу жұмысындағы жетекші идеяларды тәжірибеге енгізудің мүмкіндіктерін айқындау, оқушылардың білім деңгейін тексеру. Осы мақсатқа сай төмендегідей міндеттер белгіленді:

1. Жалпы білім беретін орта мектептің 8-9 сыныптарында қазақ тілі сабақтарында этномәдени бірліктердің оқытылуын бақылау:

а) зерттеу тақырыбына қатысты мәселелердің оқу бағдарламасында камтылу жайына шолу жасау;

ә) 8-9 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқулықтарында теориялық материалдардың берілуі мен әдістемелік бөлігін, мазмұнын талдау арқылы зерттеу мәселесіне қатысты қорытындылар жасау;

2. Мұғалімдердің тәжірибелерімен танысу, сауалнамалар таратып, арнайы әңгіме өткізу, қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушыларға этномәдени бірліктерді оқытудың маңызын қаншалықты дәрежеде түсінгендігін және оны іске асыру тәжірибелерін саралау; 8-9 сынып оқушыларының психофизиологиялық ерекшеліктеріне сай әдістемелік жұмыстарды жүргізу жолдарымен танысу.

3. Оқу үдерісінде оқушылардың пәнге қызығушылығын, этномәдени бірліктер туралы түсінік-ұғымдарының деңгейін анықтау үшін қазақ тілі сабақтарына қатысу, оқушылармен арнайы әңгіме өткізу, сауалнамалар тарату.

Бақылау экспериментінің міндеттерін орындау мақсатында тірек мектептерде мұғалімдермен әңгіме өткізіліп, этнолингвистикалық бірліктерді оқытудың маңыздылығын түсіну мен оқушыларды сабаққа қызықтыратын қандай әдістемелік тәсілдерді пайдаланатынын білу мақсатында төмендегідей сауалнама ұсынылды:

1. Оқытудың интерактивті әдістері деген не?
2. Этномәдени бірліктер дегенді қалай түсінесіз?
3. Этномәдени бірліктерді арнайы түсіндірудің қажеттігі бар ма?
4. Этномәдени бірліктер мен ұлттық құндылықтардың байланысы бар ма?
5. Сабақта этномәдени бірліктерді меңгертуге арнайы жаттығулар орындатасыз ба?
6. Этномәдени бірліктерді оқытуға қатысты өз ұсынысыңыз.

Сауалнама нәтижесі жалпы білім беретін мектептерде этномәдениетті арттыру мақсатында біліктілікті арттыру курстарын өткізудің қажеттілігін көрсетті [140].

Кесте 12 - Мұғалімдердің этномәдени бірліктерді оқытудың маңызын түсіну дәрежелерінің көрсеткіші

Мұғалімдердің біліктіліктері	Толық түсінетіндер	Жартылай хабары барлар	Мүлде хабары жоқтар
Оқытудың интерактивті әдістеріне анықтама бергендер	43	23	-
Этномәдени бірліктер ұғымын түсінетіндер	21	38	7
Этномәдени бірліктерді арнайы түсіндірудің қажеттігін саралай алғандар	19	36	11
Этномәдени бірліктерді меңгертуге арнайы тапсырма орындатып жүргендер	8	34	21
Этномәдени бірліктер мен ұлттық құндылықтардың байланысын түсінетіндер	16	41	11
Этномәдени бірліктерді оқытуға қатысты нақты ұсыныс білдіргендер	21	29	16

Сауалнамаға эксперимент мектебінің 8 мұғалімімен қатар Жамбыл облысы бойынша «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығына курсқа келген мұғалімдері де қатыстырылды. Олардың жалпы саны 66 болды. Берілген сауалнамаға шынайы әрі еркін жауап алу үшін мұғалімдердің аты-жөнін көрсету талап етілмеді. Бұл зерттеп отырған мәселеге қатысты шынайы мәселелерді айқын тануға мүмкіндік берді.

Мұғалімдердің арасында жүргізілген сауалнамаға жасалған талдау нәтижесі мынаны көрсетті:

1. Жалпы орта мектептің 8-9 сыныптарында «Қазақ тілі» пәні сабақтарында оқытудың интерактивті әдістерін қолданатын мұғалімдер 60 пайыз екені белгілі болды. Бұл топқа білім беруде өзінің тиімділігін дәлелдеген

әдістер және «Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясының интерактивті элементтерін қолданып жүрген мұғалімдер де енгізілді. Қалған 40 пайыз мұғалімдер оқытудың интерактивті әдістері туралы хабары болғанымен, қазақ тілі сабақтарында қолданудың жолдарын толық игермегендер және іс-тәжірибеде қолдануға қиналатындар.

2. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің біразы этномәдени бірлік ұғымын түсініп (21%), саралай алғандарымен (19%), қазақ тілі сабақтарында олардың мән-мағынасын ашуға бағытталған жаттығу-тапсырмаларын ұсынбайтындықтары белгілі болды.

3. Мұғалімдердің басым бөлігі (62%) этномәдени бірліктер мен ұлттық құндылықтардың байланысын білгенімен, білім мазмұнында кездесетін этномәдени бірліктердің мағынасын ашуға көңіл бөлмейтіндіктері анықталды.

4. Мұғалімдердің жартысына жуығы этномәдени бірліктерді оқытуға байланысты ұсыныстар беріп, оқу бағдарламасында этномәдени бірліктерді меңгертуге қатысты талаптар енгізілгенін жөн санайтындарын көрсетті.

5. Қазақ тілін оқыту барысында кездесетін этномәдени бірліктердің мағынасын ашып, оқушылардың түсінуіне мән беретін мұғалімдер ішінара болса да кездесті. Олар сабақта этномәдени бірліктердің мағынасын түсіндіруге арналған жаттығуларды орындату оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруда тиімді болғанын айта отырып, қазақ тілі оқулықтарындағы этномәдени бірліктер кездесетін тақырыптарда арнайы айдар берілгені дұрыс деп есептейді.

Бұдан шығатын қорытынды: мектеп мұғалімдері этномәдени бірліктерді оқытудың қажеттігін түсінгенімен, оны өз тәжірибелерінде тиісті деңгейде қолдануға жете көңіл аудара бермейді. Себебі 8-9 сыныптарағы «Қазақ тілі» пәнінен игертілетін білім мазмұнын талдауда белгілі болғандай этномәдени бірліктер оқулықта жүйеленген тақырыптарда біршама кездескенімен, оқу бағдарламаларында оқушыдан күтілетін нәтижелер ретінде анықталған мақсаттарда нақты көрініс таппаған. Мақсаттарда мәтін мазмұнын түсіну, талдау, негізгі ой мен негізгі ақпаратты, стилін, өзектілігін, мақсатты аудиториясын анықтауға және т.б. осы тектес мақсаттарға басымдылық берілген. Оқу бағдарламасының тыңдалым әрекетіне байланысты «Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну» дағдысы бөлігінде мынадай мақсаттарында айқындалған:

5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну;

6.1.3.1 тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну;

7.1.3.1 әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;

8.1.3.1 оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну;

9.1.3.1 әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну.

5 сыныптан 9 сыныпқа дейінгі тыңдалым мақсатында қазақ халқына ғана тән, басқа тілде баламасы кездеспейтін сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінуге, оларды қолдану арқылы сөздік қорын байытуға, этномәдени бірліктер негізінде ұлттық құндылықтарды сіңіруге атсалысатын мақсаттар нақты ұсынылмаған.

Ал айтылым әрекеті бойынша айқындалған «Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті» дағдысы бөлігінде төмендегідей мақсаттар ұсынылған:

- 5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану;

- 6.2.2.1 тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу;

- 7.2.2.1 кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу;

- 8.2.2.1 түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу;

- 9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу.

Байқап отырғанымыздай, ұлттық сөйлеу этикеті мен ұлттық сөз әдебін меңгертуге қатысты біршама мақсаттар айқындалған. Дегенмен, оқушыларға өзінің ділін, басқа халықтан ерекшелігін, ұлтының мәдениеті мен құндылығын танытуда аталған мақсаттар толықтыруды қажет етеді.

Бақылау экспериментінде оқушылардың қазақ халқына тән этномәдени бірліктер туралы түсініктерін және оларды оқытудың маңызы туралы көзқарастарын анықтау, қалыптастырушы тәжірибе барысында қандай әдістерді қолдану керектігін білу мақсатында төмендегідей сауалнама ұсынылды:

Кесте 13 - Оқушылардың этномәдени бірліктер туралы түсініктерін анықтау сауалнамасының нәтижелік көрсеткіші

Сұрақ	Жауап нұсқалары	Пайыздық Көрсеткіш
Қазақ тілін оқу не үшін қажет ?	ана тілі болғандықтан	35%
	ҰБТ-дан жоғары балл алу үшін	51%
	дұрыс сөйлеу үшін, сауатты жазу үшін	14%
Этномәдени бірліктер деген не?	өзге этностың тілінде баламасы жоқ, бір этносқа ғана тән сөздер	-
	халықтың мәдениетін білдіретін сөздер	11%
	барлық этностарға ортақ сөздер	28%
	білмеймін	61%
Қазақ халқына ғана тән, басқа тілде баламасы жоқ сөздерді білесің бе?	білемін	69%
	білмеймін	3%
	ойлану керек	28%

Сауалнамаға 433 оқушы (221 оқушы – 8 сынып; 212 оқушы – 9 сынып) қатысты. Оқушылардың жауаптарынан көргеніміздей, қазақ тілін оқудың қажеттілігін оқушылардың тең жартысы (51%) «ҰБТ-дан жоғары бал алу» мақсатымен байланыстырған. Біразы (35%) «ана тілі болғандықтан оқимыз» десе, қалғаны (14%) «дұрыс сөйлеу үшін» деген нұсқаны белгілеген.

Оқушылардың этномәдени бірлік ұғымын түсіну деңгейін анықтау мақсатында берілген жауаптардың дұрыс нұсқасын бір де бір оқушы дәл таба алмады. Ал «Қазақ халқына ғана тән, басқа тілде баламасы жоқ сөздерді білесің бе?» деген сұрақтың «білемін» нұсқасын оқушылардың басым бөлігі (69%) белгілеген. Олар «шілдехана», «бесікке салу», «келін түсіру», «сәлем салу», «қырқынан шығару», «бесік той», «қыз ұзату», «келін шай», «сүйінші сұрау», «асық ойнау», «қымыз», «шұбат», «наурыз көже», «құрт», «кимешек», «сәукеле», «киіз үй» деген секілді салт-дәстүр мен әдет-ғұрып және заттық мәдениет атауларын атады. Оқушылардың көбінің рухани-мәдениет және заттық этномәдени сөздерді білуі халықтың әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді берік ұстануымен байланысты. Ал оқушылардың этномәдени бірліктерді типіне, қызметіне қарай ажырата алмауы, біріншіден, қазақ тілін оқытудың мақсаты мен міндеттерін анықтауда (2 бөлім, 2.1 тараушада көрсетілген), екіншіден, білім мазмұнын құруда және әр тақырыпқа қатысты мақсаттарды анықтауда ана тілін оқытудың құндылықтық бағдарының ескерілмеуінен туындаған деп тұжырымдауға негіз болды.

Оқушылардан алынған сауалнама нәтижесінде этномәдени бірліктерді оқытуда кездесетін төмендегідей факторлар анықталды:

- оқушылардың тілді үстірт оқуы;
- оқу үдерісінде этномәдени бірліктерді оқытуға жете назар аударылмауы;
- этномәдени бірліктерді оқыту арқылы оқушылардың сөздік қорын байытуға терең мән берілмеуі;
- тілдің ұлттық ділді, дүниетанымды, рухани құндылықтарды қалыптастырудың бірден бір тетігі ретіндегі маңызына басымдылық берілмеуі;
- қазақ тілін (ана тілін) оқытудың аксиологиялық бағдарының төмендеуі;
- қазақ тілі бағдарламаларын дайындауда тіл біліміндегі антропоцентристік бағытта жасалған зерттеу еңбектері нәтижелерінің толыққанды ескерілмеуі.

Аталған факторлар қазақ тілін оқыту үдерісінің шынайы сипатын білуге, этномәдени бірліктерді игертуде басшылыққа алынатын оқыту ұстанымдарын белгілеуге, оқытудың тиімді әдістері мен жолдарын ұсынуға ықпал етті.

Қазақ тілін оқыту үдерісіне қатысты оқушылардың этномәдени бірліктер туралы ұғымының төмендігі оқыту үдерісімен байланысты жүргізілген бақылау жұмыстарында: пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу, олардың қысқа мерзімді оқу жоспарларымен танысу және талдау, шығармашылық жұмыс жоспарларымен танысу, сауалнама алу, әңгімелесу нәтижесінде анықталды. Мұғалімдер оқушылардың этномәдени ұғымдарды түсінулері мен сөйлеу барысында орынды қолдануының төмен болуының себебін қазақ тілі пәнінде оның нақты оқу мақсатында берілмеуінен деп санайды.

Оқыту үдерісінде этномәдени бірліктерді оқытуға кері әсерін тигізетін

себептер анықталды: білім беруде қазақ тілінің қатысымдық, білімділік, танымдық қызметтерін ұлттық санамен, таныммен бірлікте қарастыратын бірегей әдістемелік жүйенің болмауы; этномәдени бірліктердің мағынасын түсініп, орынды қолдануға дағдыландыру негізінде оқушылардың ұлттық санасын дамытуға жете мән берілмеуі; білім мазмұнында этномәдени бірліктердің мағынасы қазіргі заманға сай жаңғыртылып ұсынылмауы; қазақ тілі сабақтарында интерактивті қарым-қатынасқа негізделген топтық, жұптық, ұжымдық жұмыстардың талапқа сай деңгейде жүргізілмеуі.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде жасалған жұмыстардың нәтижесінде:

1. Қазақ тілін оқыту үдерісінде этномәдени бірліктердің мәнін ашу арқылы ұлттың тарихи болмысын тануға мүмкіндік беретін этномәдени бірліктерді жаңғыртудың жолдары анықталды.

2. Зерттеу тақырыбына қатысты әдістемелік еңбектер мен жаңа бағыттар талданды. «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мен оқулықтарға талдау жасау барысында нормативтік-базалық құжаттар мен оқу-әдістемелік кешендегі жетістіктер мен кемшін тұстары талданды. Талдау нәтижесінде, біріншіден, оқушылардың этномәдени бірліктердің әлеуметтік-лингвистикалық қызметін түсініп, ұлттық сөйлеу мәдениетіне сай этностилді әлеуметтік жағдаяттарда орынды қолдануға жетелейтін тапсырмалар жүйесін дайындау қажеттігі анықталды. Екіншіден, оқушылардың сөздік қорын, тілдік дағдыларын этномәдени бірліктерді оқыту арқылы жетілдірудің жолдары белгіленді. Үшіншіден, қалыптастыру экспериментін жүргізудің жоспары дайындалды. Нәтижесінде: ағымдағы оқу бағдарламасында ұсынылған білім мазмұнын құрайтын лексикалық тақырыптар мен грамматикалық бағдар, мақсаттар түрінде белгіленген оқыту нәтижесін білім берудің антропоөзекті бағытына сәйкес жетілдіру қажеттігі анықталды:

- оқу бағдарламасындағы негізгі кемшілік білім мазмұны лексикалық тақырыптар түрінде ұсынылып, тілдің теориясына қатысты берілетін білімдердің функционалдық қызметі ескерілмеген;

- білім мазмұнында тілдік сананың ұлттық санамен байланысын түсінуге ықпал ететін тақырыптар жете анықталмаған;

- әр тақырыптың мақсатында ұлттың рухани және мәдени құндылықтар ретінде көрініс табатын этномәдени бірліктердің мәнін түсініп, қолдануға қойылатын талаптар нақты белгіленбеген.

Нәтижесінде: жалпы білім беретін мектептердегі қазақ тілін оқытудың жайы анықталып, болашақта төмендегідей мәселелерге көңіл аудару қажеттігі негізделді:

1) қазақ тілі пәнін оқытудың құндылықтық бағытын күшейту;

2) қазақ тілінің білім мазмұнын сатылы-сабақтастық, креативтік, экстралингвистикалық, функционалдық ұстанымдарға сай түзу;

3) оқу бағдарламаларында этномәдени бірліктерді оқыту арқылы қалыптасатын мақсаттарды (сөйлесім әрекетінің түрлеріне қатысты және әдеби тіл нормаларына қатысты) анықтау;

4) қазақ тілін оқытудың басты нәтижелерінің бірі ретінде ұсынатын тілдің коммуникативтік-танымдық, коммуникативтік-аксиологиялық қызметіне басымдылық беру;

5) болашақта дайындалатын оқулықтар мен оқу құралдарында оқушыларға этномәдени бірліктерді оқытуда қазақ халқының ұлттық сөйлеу этностиліне сай сөйлеу мәдениетін дамытуды өзек етіп ұстану.

Зерттеу барысында әр сыныпта бақылау және эксперимент топтары анықталды. 8-9 сыныптардың бақылау топтарында қазақ тілі сабақтары оқу жоспарына сай күнделікті сабақ үдерісінде қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер арқылы жүргізілді. Ал эксперимент сыныптарында сабақ біз ұсынған этномәдени бірліктерді оқыту арқылы жүргізілді. Бақылау эксперименті барысында мұғалімдер ұсынылған әдістемемен толық танысып, өздерінің ойлары мен тұжырымдарын, ұсыныстарын жеткізіп отырды. Ол айтылған ұсыныстар мен пікірлер эксперимент барысында үнемі ескерілді. Оқыту барысында бақылау және эксперименттік сыныптарда төмендегідей ерекшеліктердің ортақ болу керектігі анықталды:

1. Оқу жоспарына сай оқытылатын тақырыптар;
2. Сағат саны;
3. Эксперимент және бақылау топтарындағы оқушылар санының бірдей болуы;
4. Қазақ тілін меңгеру деңгейлерін эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдерінде тексеру тәсілдері;
5. Бастапқы білім деңгейлерінің бірдей болуы.

Эксперименттік топтарға – 8^а, 8^ә, 8^б 9^а, 9^ә, 9^б сыныптары, бақылау топтарына – 8^в, 8^г, 8^д, 9^в, 9^г, 8^д сыныптары іріктеліп алынды. Эксперимент сыныптардағы оқушы саны – 140, бақылау сыныптарындағы оқушы саны – 158 болды. Бақылау және эксперименттік сынып оқушыларының бастапқы білім деңгейлерінің бірдей болуы талап етілгендіктен, бақылау сыныптарының білім деңгейлерін тексеру үшін зерттеу жұмысының мақсатына сай мынадай зерттеу тәсілдері қолданылды:

1. Оқушылардың этномәдени білімдерін толықтыруда ұсынылатын мәтіндер іріктелді;
2. Ұлттық құндылықтар ретінде көрініс табатын этномәдени бірліктердің мәнін түсініп, қолдануға бағытталған жаттығу жұмыстары ұйымдастырылды.
3. Сондай-ақ өтілген сабақтың құрылымына, мақсатына, игерілген білім, білік дағыдаларына талдау жүргізілді.

Жаттығу жұмыстары оқушылардың басқа тілде баламасы жоқ этнолексемалардың мағынасын ашып, ұлттық сөйлеу мәдениетіне сай орынды пайдалана алу дәрежесін анықтау мақсатына қолданылды.

8 сынып оқулығының «Ұлттық құндылықтардың тілдегі көрінісі» тақырыбы аясында берілген 7-тапсырма орындатылды. Тапсырмада бесік жырының мәтіні ұсынылып, «Бесік жырын мәнерлеп, әуені мен ырғағын сақтай отырып оқындар. Жаттап алындар» деген шарт қойылған. Оқулықта берілген шартқа қосымша біз этномәдени бірліктердің мағынасын қаншалықты

түсінетіндерін тексеру мақсатында қосымша бірнеше тапсырма ұсындық.

Айтылым.

1-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріндер.

4) *Бесік жыры қай кезде айтылады?*

5) *Бесік жырын білесің бе?*

6) *Қалай ойлайсың, басқа халықтар бесік жырын айта ма?*


7) *Жырда тек қазақ халқы ғана қолданатын бірліктер бар ма?*

8) *Егер бар болса, мағынасына талдау жаса.*

Алынған жауаптардан бесік жырын қай кезде айтатынын оқушылардың бәрі білетіндіктері белгілі болды. Ал бесік жырының мәтінін басым бөлігі білмейтін болып шықты. Үшінші сұраққа оқушылардың бәрі басқа халықтар да бесік жырын айтады деген жауап айтты. Жауап беру нәтижесінде оқушылар қазақ халқы ғана қолданатын сөздер ретінде «бөпе, бесік» сөздерін атап, «жілік шағу, көқұтанның құйрығын жіпке тағу, шырағым» деген этномәдени бірліктерді анықтай алмады.

Жазылым.

2-жаттығу. Бесік сөзіннен тарайтын тіркестерді анықтап, кластерге түсіріңіздер.



Сурет 20

Жазылым.

3-жаттығу. Бесік сөзінің қатысуымен жасалған тіркестердің мағынасын ашыңыздар. «Қос жазба» күнделігін толтырыңыздар.

Кесте 14 – «Қос жазба» күнделігі

Сөз, сөз тіркесі	Түсініктеме
Бесік	Жаңа туған нәрестені бөлеп жатқызуға арналған ағаштан жасалған төсек
Бесікке салу	Жаңа туған нәрестені бесікке салу рәсімі
Бесікке бөлеу	Нәрестені күнделікті бесікке жатқызып бөлеу
Бесік жыры	Нәрестені ұйықтатар алдында немесе жұбатқан кезде айтылатын жыр
Бесіктой	Сәби дүниеге келгенде жасалатын той

Оқушылар «Қос жазба» күнделігін толтырып, бесік, бесікке салу, бесікке бөлеу, бесік жыры, бесіктой тіркестерінің мағынасын толық ашты. Оқушылар материалдық және рухани ортада өмір сүретіндіктен аталған ұғымдарды әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларда жиі естиді және өздері де қолданады. Сондықтан бұл ұғымдардың мәнін ашу қиындық келтірмеді.

Бұл тапсырмадан соң оқушыларға «Бесікке қатысты қандай ырым-тыйымдарды білесіңдер?» деген сауал тасталды. Өкінішке орай, бірлі жарым оқушы «бесікті ашық қалдыруға болмайды», «бесікті бос тербетуге болмайды» деген жауаптарды айтқанмен, сөздерін негіздей алмады.

Бесікке байланысты айтылатын ырым-тыйым сөздерді таныстырып, мағынасын ашқызу мақсатында «Факт немесе пікір» әдісімен орындалатын тапсырма түрін ұсындық. Бұл әдісті қолдану арқылы оқушылардың ойлау, шешім қабылдау, проблемалардың оң шешімін табу, бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын дамыту көзделеді. Оқушылар ұсынылатын нәрсе факті ме, әлде қарапайым пікір болып табыла ма, соны шешуі тиіс. Оқушылар бесікке байланысты халықтың тұжырым түрінде айтылған ырым-тыйым сөздерін талқылау үшін топқа бөлінеді.

Тыңдалым. Айтылым. 4-жаттығу. 1. YouTube каналынан «Бос бесікті неге тербетуге болмайды», «Бесікке салу салты» бейнефильмдерін көріңіздер. 2. Топқа бөлініп, бесікке байланысты айтылған ырым-тыйым сөздердің мағынасын талқылаңыздар. 3. Шешім шығарып, тұсаукесер жасаңыздар. Өз пікірлеріңіздің факт не пікір екенін дәлелденіздер.

Бесікті ашық қалдыруға болмайды.

Бос бесікті тербетуге болмайды.

Бесікті лақтыруға болмайды.

Бесікті кез келген адамға беруге болмайды.

Бесіктің теріс жағына отырмайды.

Оқушылар бейнефильмдерді көрген соң өз топтарында ырым-тыйым сөздерді талдап, олардың мағынасын ашып түсіндірді. Екі топтың да ырым-тыйым сөздердің мән-мағынасы туралы нақты түсініктері болмағандықтан, жауаптарын біз ұсынған бейнефильмдерге сүйеніп әзірледі. Сондықтан олардың жауаптарында айтарлықтай айырмашылық болмай, нәтижесі бір-біріне қарайлас болып шықты. Топтар бір шешімге келіп, ортақ пікір айтты:

1. Бесікті ашық қалдыруға болмайды: 1. Жабусыз қалған бесікке шаң-тозаң қонып, тез ескіреді. 2. Нәресте жататын бесікті жабусыз қалдырса, жын-шайтан мекендейді. Шайтан баласын жатқызады деген сенім берік орын алған. Сондықтан бесікті ашық тастамай матамен орап, жауып қояды.

2. Бос бесікті тербетуге болмайды: 1. Бос бесікті тербеткен онда жасырынып жатқан сайтанның баласын тербеткенмен бірдей. Сондықтан нәрестені бесікке саларда алдымен аршамен, отпен аластап жаман күштерден тазартқан. Өйтпеген жағдайда шайтанның баласы нәрестенің ішін саусағымен түрткілеп, баланың ішін ауыртады деп есептеген. 2. Үйге келген қонақ бос бесікті тербетіп, өзінің ұрпақсыз екенін білдірген. Сондықтан бос бесікті тербету жамандықты шақырумен бірдей. Оның

астарында бос бесікті тербеткен адам, ұрпақсыз қалады деген ой жатады.

3. Бесікті лақтыруға болмайды: Бесік – киелі зат. Қазақ халқы бесікті шаңырағына келетін ұрпағының ақ мекені деп қасиет тұтқан. Бесікті лақтырған адам жамандыққа ұшырайды деген сенім бар. Бесік тозып, қатты ескірген кезде аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған. Тіпті оның күлін де кез келген жерге шашпай, адамның аяғы баспайтын жерге көміп тастаған.

4. Бесікті кез келген адамға бере салуға және сатуға болмайды. Қазақ халқында бесік ұрпақ жалғастыратын қасиетті бұйым саналады. Баласы көп үйдің бесігін жақсы ырымға жорып, тек жақын туыстары арнайы қалап алатын болған. Оны артынан ұрпақ ерсін деген ниетпен жаңа түскен келіннің отауының төріне қойятын болған.

Тапсырманың үшінші кезеңінің міндеті бесікке байланысты тұжырымдардың факті не пікір екенін дәйектеу болды. Оқушылар жауаптарын негіздеп, бір тоқтамға келді:

«Бесікті ашық қалдыруға болмайды» деген ырым-тыйым – факті. Себебі ашық тұрған бесікке шаң-тозаң, су тиіп, оны қолдану мерзімін қысқартуы, тіпті жарамсыз болып қалуы мүмкін. Сондықтан бұл ой фактіге негізделген.

«Бесікті лақтыруға болмайды» деген сөз де – факті. Біріншіден, бесік – отбасы үшін атадан балаға мұра болып қалатын қасиетті бұйым. Екіншіден, бесік – әр шаңырақта дүниеге келетін нәрестенің аман-есен, дені сау болып өсуіне қызмет ететін бұйым.

«Бесікті кез келген адамға бере салуға және сатуға болмайды». Себебі адамның ойы, пиғылының қандай екенін білу мүмкін емес. Сондықтан бесікті тек қана жақын туыстардың қолдануына ғана берген. Бұл халықтың жылдар бойғы жинақтаған тәжірибесінен туған құнды пікір.

«Бос бесікті тербетуге болмайды» деген сөз де фактіге негізделген. Себебі «халық айтса, қалт айтпайды». Ол халықтың өмірлік тәжірибесінен туындағын құнды пікір деп ойлаймыз.

Алғашқы бөлімдерде этномәдени бірліктер ұлт жадында сақталуы үшін тілдік қолданыстан шықпауы тиіс деген тұжырым айтылған болатын. Бесік қазақ халқында ата-бабаның көзіндей жәдігер, қасиетті отбасылық мұра, ұрпақ жалғастығын сақтайын киелі бұйым саналады. Қазіргі уақытта халық арасында жас баланы бесікке бөлеу дәстүрі, оған қатысты шаралар (бесікке салу, тыштыма, бесікке бөлеу, бесік той) жақсы сақталған. Сондықтан оқушылар бесік туралы және оны жас нәрестені бөлеу үшін қолданатынын жақсы біледі. Алайда бесікпен байланысты ырым-тыйымдарды, олардың мән-мағынасын білмейтіндіктері тапсырманы орындау барысында мәлім болды.

Жазылым. Айтылым.

5-жаттығу. «ПОПС формуласы» әдісін пайдаланып, тапсырманы орындаңыз. «Ел боламын десең – бесігінді түзе» (М.Әуезов), «Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады» деген нақыл сөздер туралы ойларыңызды жазыңыздар.

Бірінші сөйлем: *Біздің ойымыша, «Ел боламын десең – бесігінді түзе», «Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады» деген сөздер халықтың жылдар*

бойы жинаған өмірлік тәжірибесі негізінде айтылған.

Екінші сөйлем: Себебі, қазақ отбасында дүниеге келген әр бала бесікке бөленеді. Сондықтан бесік бала, ұрпақ ұғымымен тығыз байланысты айтылады. Ұрпақ болашағы үшін өмір сүретін халықтың ұғымында бесік баланы жатқызатын бұйым, зат деңгейінен дені сау ұрпақ өсіретін символдық деңгейге көтерілген.

Үшінші сөйлем: Оны біз мынадай мысалдармен дәлелдей аламыз. Халық ұрпақтың дені сау болып өсуін ғана емес, оған дұрыс тәрбие беруді де ешқашан естен шығармаған. Тәрбиені баланың бесікте жатқан кезінен, яғни жас нәресте кезінен бастау керек деген ұстанымды берік ұстанған. Ал тәрбие отбасынан бастау алады. Әр отбасы «шағын мемлекет» екенін ескерсек, отбасы қоғамды құрайтын тірек. Елдің тізгінін дені сау, атан-анасынан дұрыс тәрбие көрген ұрпақ ұстаса ғана еліміз көркейіп, мықты мемлекет құра аламыз деген мағына жатыр.

Соңғы сөйлем: Осыған байланысты біз мынадай шешімге келдік. Ел боламын десең – бесігіңді түзе», «Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады» деген аталы сөздер ұрпақ тәрбиесіне тек өз баламды тәрбиелеп жатырмын деп емес, елдің келешегін ойлайтын, мемлекеттің дамуына үлес қосатын адам тәрбиелеп жатырмын деп қарау керектігін көрсетеді. Ол бала өсіріп отырған әрбір адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Сонымен қатар мемлекет тарапынан да балаларды өсіруге, қорғауға дұрыс көңіл бөлінуі керек.

Оқушылар бесік сөзінің мәнін, ол сөздің қатысуымен жасалған тіркестердің мағынасын ашу; бесікке қатысты ырым-тыйым сөздерді анықтап, олардың мәнін түсіндіру; ырым-тыйым сөздер түрінде айтылған тұжырымдардың факті не пікір екенін дәйектеу; бесік сөзімен байланысты айтылатын нақыл сөздерді талдап түсіндіру тапсырмаларын орындады. Біз ұсынған бірнеше тапсырманы орындау барысында оқушылар бесік сөзінің мән-мағынасы рухани-мәдениет атауы шеңберінен шығып, болашақ ұрпақ ұғымымен, ұрпақ тәрбиесімен байланыстырылу нәтижесінде сакралды лексика деңгейіне көтерілгенін түсінді. Мұндай этномәдени бірліктердің мән-мағынасын ашып, күнделікті қолдануға бағыттайтын тапсырмалар бөлшектен бүтінге қарай ұстанымымен жүйелі орындалып отырса, оқушылардың ұлттық сөйленіске қатысты аялық білімдері толығады. Оқушылар этномәдени сөздерді коммуникативтік жағдайларда жиі қолдану арқылы ұлттық сөйленіс ерекшеліктеріне сай өз ойларын тұжырымдауға дағдыланады.

Бақылау сыныптарына арнайы ұсынылған тапсырмаларды орындату нәтижесінде мынадай тұжырым жасалды. Сабак үдерісінде этномәдени біліктердің мағынасын ашу жұмыстары үнемі жүргізілмегендіктен, оқушылардың жекелеген этномәдени бірліктер туралы мағлұматы болғанымен, оларды ойын жеткізу барысында, тұжырым жасауда қолдану дағдылары қалыптаспағаны байқалды.

Оқушылар бесік сөзінің мәнін, ол сөздің қатысуымен жасалған тіркестердің мағынасын ашу; бесікке қатысты ырым-тыйым сөздерді анықтап, олардың мәнін түсіндіру; ырым-тыйым сөздер түрінде айтылған

тұжырымдардың факті не пікір екенін дәйектеу; бесік сөзімен байланысты айтылатын нақыл сөздерді талдап түсіндіру тапсырмаларын орындады.

Кесте 15 – Бақылау сыныптарында орындалған жаттығу нәтижелерінің көрсеткіші

Жаттығу бойынша жұмыс мазмұны	Жетістіктері	Кемшіліктері
Мәтіннен этномәдени бірлікті анықтау	Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларда жиі қолданылатын этномәдени бірліктерді анықтайды (78%) (мысалы, қарағым, жілік шағу және т.б. сөздердің ЭМ-ке жататынынан бейхабар)	
Этномәдени бірліктер қатысқан сөз тіркестерін жазу	Құрамында ЭМ бірлігі бар қолданыстан түспеген сөз тіркестері туралы түсінігі бар (75 %)	Әр тіркеске 3-4 тіркестен артық таба алмады (83%) (бесік құда, бесіктен бөлі шықпаған, Туған жер - тал бесік және т.б.)
Этномәдени бірлікке қатысты ырым-тыйым сөздерді анықтап, мағынасын түсіндіру	Этномәдени бірлікке қатысты ырым-тыйым сөздерді бірілі жарым оқушы айтты (22 %).	Бірақ ЭМ бірлікке қатысты айтқан ырым-тыйым сөздердің мағынасын түсіндіріп, негіздей аламады (88 %).
	Оқушылар мұғалім ұсынған бейнероликтерді көрген соң ЭМ бірлікке байланысты ырым-тыйым сөздерді талдап, мағынасын ашты (85 %)	Өз беттерімен болжап анықтауға, шығармашылық ойлауға шорқақ (71%)
Этномәдени бірлікке байланысты айтылатын нақыл сөздерді талдап түсіндіру, тілдік жағдаятта қолдану	ЭМ бірлікке қатысты нақыл сөздерді бойынша мәтін құрайды (51 %)	Тілдері жұтаң. ЭМ бірліктерді күнделікті сөйленісте қолдануға фондық білімдері жеткіліксіз (79%)

Оқушыларға ұсынылған жаттығуды орындату барысында мынадай мәселелер анықталды:

- оқушылардың басым бөлігі жиі қолданылатын этномәдени бірліктерді білгенімен, күнделікті сөйлеу тілінде сирек қолданады;

- көп жағдайда материалдық этномәдени бірліктерді анықтай алғанымен, олардың рухани-құндылықтық мәнін түсінбегендіктен өз ойларын жеткізуде аз қолданады;

- оқушылар этномәдени бірліктерге қатысты сөздерді білгендерімен, олардың қолданыстағы мәнін түсінбейді; мағынасын тереңірек білуге бара бермейді;

- көп жағдайда қолданыста жоқ этномәдени ұғымдар мен атаулар кездесіп қалғанда, мәтіннің мазмұнын толық түсінбейді;

- сирек қолданылатын этномәдени ұғымдар мен атауларды әлеуметтік ортада қолдануға аялық білімдері жетпейді;

- алғашқы мағынасынан алшақтап, жаңа ұғым білдіретін этнографизмдердің шығу төркінін білмегендіктен, оларды ұлттық құндылықтармен байланыстыра алмайды.

Оқулықта берілген жаттығулардан басқа біздің тарапымыздан берілген қосымша тапсырмаларды орындауда оқушылар көптеген қиындықтарға кездесті. Себебі қазақ тілі оқулықтарында этномәдени атаулар мен ұғымдар арнайы сабақ ретінде оқытылмағанмен, негізгі мәтіндерде, жаттығуларда кездесетінін алдыңғы тарауларда (1.2) айтқан болатынбыз. Алайда этномәдени бірліктердің мағынасын түсіндіруді көздейтін жұмыстар (мысалы, түсіндірме сөздіктерді пайдалану арқылы сөздердің мағынасын ашу, зерттеу жұмыстарын жүргізу, сөздің шығу тарихын зерттеу, баламасы жоқ сөздердің қолданысын талдау және т.б.) жүйелі жүргізілмейтіндіктен оқушылар жиі қолданылатын этномәдени бірлік атауларын (заттық, рухани мәдениет атаулары, мифологиялық, символдық, сакралдық және т.б. этнолексикалар) білгенімен, олардың мағынасын түсініп қолдану дағдылары қалыптаспаған. Әсіресе, сирек кездесетін фразеологиялық қолданыстардың мәнін түсінбеу нәтижесінде оқушылардың көп қателіктер жіберетініне, тұтас мәтіннің мазмұнын түсінуді тежейтініне көз жеткізілді.

Бақылау сыныптарында өтілген сабақтарды талдай келе төмендегідей тұжырымдар жасалды:

- сабақта оқушылардың ұлттық танымын дамытатын тапсырмаларды көптеп қолдану қажет;

- сабақта этномәдени бірліктердің мағынасын ашып, олардың әлеуметтік мәнін түсініп қолдануларына көңіл бөлу керек;


- этномәдени бірліктерді меңгертуге, оларды шығармашылықпен қолданып үйретуге көмектесетін әдістерді пайдалану керек;

- оқушылар тіл заңдылықтарын жеткілікті меңгеру үшін этномәдени бірліктерді тиімді пайдалану керек;

- оқушыларды ұлттық сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу үшін тілді оқытуды ұлттық санамен тығыз байланыста оқытуға мән беру;

- сабақта үйренген этномәдени бірліктерді сөйлеу барысында орынды қолдануға үйрету қажет.

Қорыта келе, бақылау экспериментінің нәтижесі төмендегідей болды:



Сурет 21 – Бақылау сыныптарының тәжірибеге дейінгі көрсеткіштері

1. Оқушылардың этномәдени бірліктерді танып, мағынасын түсінуі салыстырмалы түрде алғанда 50% -дан сәл ғана асады.

2. Өз ойларын жеткізуде этномәдени бірліктерді сирек қолданады. Қолданған күнде де әлеуметтік-тұрмыстық аяда кездесетін, жиі еститін сөздерді пайдаланады.

3. Қолданысы сирек этномәдени бірліктерді өз сөзінде қолдануы төмен. Бұл оқушылардың сөйлеу тілінде өздерінің сөздік қорында бұрыннан бар этномәдени сөздерді ғана қолданатынынан байқалды.

4. Сабақта оқушылардың этномәдени бірліктерді тануы және өз сөйленісінде қолдануды қажет ететін шығармашылық, ізденімдік бағыттағы жаттығуларға көңіл бөлінбейді.

5. Қазақ тілі сабағында оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарды тілге тиек етіп сөйлеу дағдыларын жетілдіруге жете назар аударылмайды.

Педагогикалық эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде зерттеу тақырыбының мақсатына байланысты этномәдени бірліктерді меңгертуге бағытталған тапсырмалар жүйесі, оны меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері экспериментке қойылды. Эксперимент жүргізетін сынып мұғалімдерімен этномәдени бірліктерді меңгерту жолдарына қатысты алдын-ала сұқбат-әңгіме жүргізіліп, қалыптастырушы эксперименттің мақсаты, өту сипаты түсіндірілді. Тәжірибелік сабақтарға қатысып, оқушылардың этномәдени бірліктерді меңгеруін қадағалап, тұжырым шығаруға мүмкіндік туды. Зерттеу жұмысының мақсатына сай дайындалған тапсырмалар оқушылардың этномәдени бірліктерді танып, мағынасын түсінуге, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларда қолдану деңгейлерін анықтауға септігін тигізді. Қалыптастырушы эксперименттің ұйымдастырушылық-әдістемелік шаралары өткізілді: Мектептердің эксперимент және бақылау сыныптары анықталды; қолданыстағы бағдарлама мен оқулықтардың мазмұнына лайықталып қосымша тапсырма үлгілері жасалды; эксперименттің негізгі кезеңінде өзіміз дайындаған тапсырмаларды оқытудың мақсатымен ұштастыра отырып, сабақ кезеңдеріне кіріктірудің

жоспары дайындалды және жоспар бойынша арнайы сабақтар өткізілді.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты – оқушыларға этномәдени бірліктерді оқытуда ұсынылып отырған әдістеменің тиімділігін тәжірибелік бақылау арқылы анықтау. Бұл мәселені шешу үшін мынадай міндеттер белгіленді:

1. Оқыту экспериментінің ұйымдастыру-әдістемелік шараларының жоспарын жасау:

- а) эксперимент сыныптарын нақтылау;
- ә) эксперимент жүргізетін мұғалімдермен арнайы әңгімелер өткізу;
- б) эксперимент сабақтарының жоспарын жасау.

2. Эксперименттік байқауларды ұйымдастыру.


Оқыту эксперименті екі сатыдан тұрды: 1. қазіргі қолданыстағы қазақ тілінің оқу бағдарламасында ұсынылған білім мазмұны бойынша дайындалған оқу-әдістемелік кешендердің бар мүмкіндігін пайдалана отырып, зерттеу проблемасы бойынша қосымша тапсырмалар дайындалды.

2. Қолданыстағы оқулықтар бойынша бақылау сыныптарына арналған қосымша тапсырмалар сынақтан өткізілді.

8 сыныптағы «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті» атты 2-тақырыбы бойынша этномәдени бірліктерді оқытуға қосымша төмендегідей тапсырма дайындалды:

1-жаттығу. Ютуб каналынан «Қорқыт ата туралы аңыз» бейнефильмін карап, Қорқыт ата туралы мәлімет жинаңыздар. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

<https://www.youtube.com/watch?v=8eINRhpywM&t=182s>



Сурет 22 - Қорқыт ата

1. *Қорқыт ата туралы не білесіз?*
2. *Қорқыт атаның қасиетін дәлелдейтін екі мысалды анықтаңыз.*
3. *Сіздің білетініңіз бейнефильмдегі ақпаратпен сәйкес келе ме?*
4. *Екі бейнефильмді көріп, ақпараттарды салыстырыңыз.*

Жаттығудың мақсаты: түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт ата туралы бейнефильмдерді көрсету арқылы оқушылардың

танымын кеңейту. Қазақ халқының рухани өмірінде үлкен орны бар данышпан адам Қорқыт ата туралы білімдерін тереңдету.

Жаттығудың міндеті: оқушыларды халықтың тарихында болған данышпан Қорқыт атаның өмірімен таныстыру. Өнерді дәріптеу.

Жаттығудың нәтижесі: Қорқыт атаның әдеби, музыкалық мұрасы бар екеніне көздері жетеді. Қорқыт ата туралы білетіндері толығыады.

2-жаттығу. Мәтінді оқып, қазақ халқының сөз қолданысына тән бірліктерді анықтаңыз.

Қобыз

Күндердің күнінде бойы өсіп, бұғанасы қатқан Қорқыт түс көреді. Түсінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген әулие қарт аян береді: «Уа, Қорқыт, тұр! – дейді. – Сен бір аспан жаса. Аспабың алты жасар нар атанның жсілігіндей болсын. Шанағы бақырдай болсын. Көні аруананың бауыр терісінен болсын. Аспабыңның аты қобыз болсын. Сол қобыз қиялыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар!».

Қорқыт осы сөзді өңінде естігендей болып оянса, көкірегі күйге толып, көмейінен сөз саулағандай халде екен. Сол бетінде қобыз жасауға кірісіп, әулиенің қойған барлық шарттарын орындайды. Сонан соң қобызды қолына алып, құлағын бұрап, қияғын шалып көрсе, сарнап қоя береді. Әлгі көкірегін кернеген күй қобызына көшіп, аспан асты сазды сарынға бөленеді. Ұшқан құс, жүгірген аң, ескен жел – бәрі сүттей ұйып, қобыз күйін тыңдайды.

3-жаттығу. Мақалды оқып, өз ойыңды төрт сөйлем әдісімен түйінде.

Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса,

Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса (Қорқыт).

1. *«Менің ойымша, Қорқыт атаның «Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса, Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса» деген нақыл сөзі» дәл қазіргі уақытта өзекті. Тіпті біздің заманға дәл айтылған сөз екендігіне еш шұбам жоқ.*

2. *Себебі, «атадан мал, яғни дәулет қалмаса, ұрпағы қиындық көреді. Ал атадан «мал қалып» жатса, оны шашау шығармай қажетке жарату, ары қарай еселеп дамыту ұрпағының бойында ақыл, сабыр, білім, тапқырлық секілді құнды қасиеттердің болуын қажет етеді. Сондықтан баба сөзін біздерге арнаған деп есептеймін.*

3. *«Оған мысалды қиналмай-ақ табуға болады. Дәл мынау деп, саусағыммен көрсетесем де, айналамызда мұндай оқиғалар өте жиі ұшырасады. тіпті өзімізбен бірге жүрген достарды алуға болады. Ата-анасы берген қалта ақшасын ойланбай жұмсай салатын балалар бар. Оның қалай келіп жатқанын, ата-анасы сол ақшаны табу үшін қанша күш-жігерін жұмсайтынын бағаламайды.*

4. *Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім. «Еңбекпен тапқан мал берекелі болады дейді». Мен ата-анамның еңбегін бағалаймын. Әзірше менің қолымнан келетіні – сабақты жақсы оқу. Қалаған оқуға түсіп, ата-анамның үмітін ақтау, жақсы өмір сүру менің арманы.*

Жаттығудың мақсаты: отбасылық құндылыққа тәрбиелеу, жастарды «бар деп аспауға, жоқ деп саспауға» үйрету.

Жаттығудың міндеті: ата-ананы қадірлеуге, еңбекті бағалауға тәрбиелеу. Кез келген жағдайды ақылмен шешу керектігін түсіндіру. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін ұғындыру.

Жаттығудың нәтижесі: оқушылар ата-ананы, ол кісілердің еңбегін бағалаудың қажеттігі туралы ойланады, түсінеді. Мақал-мәтелдерді қатысымда орынды қолдануға тырысады.

Кесте 16 - Оқушылардың этномәдени бірліктерді меңгеру деңгейінің қалыптасуы

Этномәдени бірлікті меңгеру деңгейлері	Бақылау сыныптары		Қалыптастырушы эксперимент сыныптары	
	8	9	8	9
Этномәдени бірліктерді мәтін ішінен таба алуы	53%	55%	69%	72%
Этномәдени бірліктердің мағынасын түсінуі	43%	52%	86%	95%
Этномәдени бірліктерді сөйлеу мақсатына сай қолдана алуы	22%	23%	64%	65%

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде оқушылардың оқытудың тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі қол жеткізген нәтижелері, білік-дағдылары анықталды. Қазақ тілін оқыту үдерісінде этномәдени бірліктерді меңгертудің өзіндік ерекшеліктері, қолданылған әдістердің тиімділігі анықталды.


Оқушыларға қазақ тілі сабақтарында этномәдени бірліктерді оқытуда зерттеуге дейінгі білетіндерін қайталап еске түсіру, ұсынылған жаңа танымдық ақпараттар мен білімді сапалы меңгеру қабілеттері жетіліп, этномәдени бірліктерді сөйлеу кезінде орынды қолдану дағдылары дамыды. Өйткені, этномәдени бірліктерді (сөз, фразеологиялық тіркестер, сөйлем, мәтін деңгейінде) оқыту арқылы оқушыларды ұлттық рухани құндылықтармен қауыштыру мүмкіндігі артып, құндылықтар әлеміне бойлауға, сол арқылы өзін тануға жетелеп, өзін сол құндылықты жасаушы халықтың бір бөлігі ретінде қабылдауға жол ашты. Оқушылар этномәдени бірліктерді оқудың маңызын саналы түсініп, құндылық ретінде мағынасына қарай өз сөздерінде түсініп қолдануға дағдыланды. Сонымен қатар этномәдени бірліктерді диалогтік және монологтік сөйлеуде қолданып, тілдері дамыды. Оның нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 17 – Оқушы біліктерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Оқушының дағдысының дамуы	Экспериментке дейін (%)	Эксперименттен кейін (%)
Білімді саналы меңгеруі	44 %	75 %
Теориялық білімді тәжірибеде қолдануы	31 %	67 %
Сөйлеуде этномәдени бірліктерді қолдану дағдысы	32 %	64 %
Өз ойын дәлелдеуде этномәдени бірлікті қолдана алуы	28 %	65 %

Эксперимент жүргізілген сынып оқушыларының қазақ тілін оқуға деген қатынасы жақсарып, ынталары артты. Сыныпта пәнге салғырт қарайтын оқушылардың жағымды ынта-сезімдері оянды. Оқушылардың арасында

шығармашылық тапсырмалары, жоба тапсырмаларын орындауға құлшыныс білдіретіндердің саны артты.



Сурет 23 - Қалыптастырушы эксперимент сыныптарының тәжірибеден кейінгі көрсеткіштері

Қорыта келгенде, қалыптастырушы тәжірибе нәтижелерін сараптау барысында мынадай тұжырымдар жасалды:

1. Этномәдени материалдарды оқытуға арнайы дайындалған танымдық, шығармашылық бағыттағы тапсырмалар оқушылардың қазақ тіліне деген ынтасын, қызығушылығын, белсенділігін арттырады.

2. Оқулықтағы тақырыптарға сәйкес этномәдени бірліктерді меңгертуге арналып жасалған қосымша тапсырмалар оқушылардың тілдік материалдарды да сапалы меңгеруіне жол ашады.

3. Қазақ тілі сабағында этномәдени бірліктерді оқытуға арналған тапсырмалар оқушылардың қазақи этностилде тіл табысу қабілеттерін дамытады және соған түрткі болады.

4. Этномәдени бірліктерді оқытуға арналған тапсырмалар оқушылардың қазақ халқының сөйленісіне тән иірімдерді орынды қолдану қабілеттерін жетілдіреді.

5. Этномәдени бірліктерді оқытуға арналған тапсырмалар оқушылардың танымын, сөйлеу тілін (ауызша және жазбаша) дамытады.

6. Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері ғылыми болжамды бекітті және ұсынылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеді.

Қорытынды эксперимент кезеңінде зерттеу нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды, қорытындыланды. Бақылау эксперименті және қалыптастырушы эксперимент топтары бойынша оқушылардың алған білімдері мен біліктеріне сандық және сапалық талдау жасалды. Оқушылардың этномәдени бірліктер арқылы ұлттық рухани құндылықтарды тануы, оны өзінің коммуникативтік мақсатына сай сөйлеуде қолдану деңгейлерін таразылау эксперимент нәтижесінің тиімділігін тексеретін тапсырмалар, тәжірибеде қолдану жетістіктерін тексеру құралдары арқылы жүзеге асырылды. Сараптау

нәтижесі бақылау топтарындағы оқушылардың этномәдени бірліктерді меңгеру деңгейінің төмен екендігін көрсетті. Қалыптастырушы эксперимент сыныптарының көрсеткіштері оқушылардың этномәдени бірліктер арқылы қалыптасатын білім, білік, дағдысының артқандығын көрсетті.

Қорыта келгенде, эксперимент нәтижелері жалпы білім беретін мектептердің 8-9 сыныптарына «Қазақ тілі» пәнінде этномәдени бірліктерді жүйелі әрі кешенді оқыту үдерісін жүргізген жағдайда олардың ана тілін саналы меңгеріп, ұлттық санасын қалыптастыруға, ұлттық рухта тәрбиелеуге қол жеткізуге болатынын толық дәлелдеді. Ол этномәдени бірліктерді оқытуда ұсынылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеу жұмысының екінші бөлімі этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемелік жүйесіне арналды. Екінші бөлімнің бірінші тармағында жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарының «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы мен мектеп оқулықтарына талдау жасалды. Аталған сыныптарда қамтылатын білім мазмұны туралы айтылды. Мектеп оқулықтарында этномәдени бірліктердің берілуі бірінші бөлімде ұсынылған жіктелімдер бойынша түзіліп, сараптама жасалды. Ол диаграмма түрінде көрсетілді.

«Этномәдени бірліктерді оқытудың әдістері» деп аталған екінші тармақта зерттеу тақырыбын меңгертуде ұтымды болып табылатын әдіс-тәсілдер ұсынылды. С.Рахметова, Ф.Ш.Оразбаева, Б.Қасым Г.Қосымова, Ж.Дәулетбекова, А.Қобланова, Р.С.Рахметова, А.Сәтбекова, А.Рауандина Е.Қасенов, С.Жиренов және т.б. ғалымдар мен әдіскерлердің пікірлері негізге алынды. Салыстыру, көрнекілік, ойын, интербелсенді әдістерді 8-9 сыныптағы «Қазақ тілі» пәні аясында этномәдени бірліктерді меңгертуде қалай қолдануға болатыны тапсырмалар арқылы дәлелденді.

Зерттеу жұмысының үшінші тармағы «Этномәдени бірліктерді оқытудың жолдары» деп аталды. Бұл тармақта тақырыпты меңгертуде қолданылған кешенді жұмыстар жүйесі берілді. 8-9 сыныпта этномәдени бірліктерді оқыту жаттығулар, мәтіндер, ойын және ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы іске асырылды. Жаттығулар аналитикалық, синтетикалық, шығармашылық деп жіктелді. Әр жаттығудың мақсаты, міндеті, нәтижесі көрсетілді. Аналитикалық жаттығулар мәтін авторымен ұжымдық (сыныпта) қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталды. Синтетикалық жаттығулар оқушыны әртүрлі типтегі және стильдегі мәтінді өз бетінше құруға, өз мәтінінің авторы бола алуға, өз бетінше шығарма жазуға үйретуді көздеді. Оқушыларды өнімді жұмыс істеуге дағдыландыратын, жаңалық пен белгісіздік жағдайында әрекет етуге үйрететін, олардың шығармашылық қабелеттері мен қиялын дамытатын шығармашылық жаттығулар тақырыпты меңгертуде тиімді болды.

Ұсынылған мәтіндерге мәтіндік талдау жасаудың жолдары көрсетілді. Оқушылар мәтіндегі этномәдени бірліктерді тауып, олардың мағынасын түсіндірді, қызметін анықтады.

Ақпараттық технологиялар мен ойын әдісі ұсынылған тапсырмалардың

мақсаты, міндеті, нәтижесі берілді. Барлық ұсынылған тапсырмалардың бағалау критерийлері мен дискрипторлары ұсынылды.

Ақпараттық технологиялар арқылы ұсынылған тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын тудырып, белсенділіктерін арттырды. Тапсырманың QR код түрінде ұсынылуы тиімді болды.

Төртінші тармақта ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігі дәлелденді. Анықтау, бақылау, қорытынды эксперимент нәтижелерінің көрсеткіштері берілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Халықтың болмысын, ұлттық құндылығын, ділі мен мәдениетін тану үшін оның тарихын, ұлт ретінде қалыптасу жолы мен заңдылықтарын білудің жеткіліксіздігін қоғамның өзі дәлелдеп берді. Этномәдениет мәселесі бұрыннан зерттеле бастағанмен, оны сол ұлттың иесінің тілімен сабақтастыра зерделеу толыққанды жүзеге аспаған еді.

XXI ғасырда дүниеге келген антропоэкетік парадигма тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, этностың дүниетанымын, этнопсихологиясын, этностың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, беріліп келе жатқан рухани байлығы, мәдени коды арқылы зерделеуге бағытталды.

Қазіргі тіл ғылымындағы антропоэкеті бағыттағы зерттеулер қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған рухани және мәдени дүниесін бейнелейтін тіл деректерін жан-жақты саралап, тың тұжырымдар мен жаңа пайымдаулар жасауға мүмкіндік тудырды. Қазақ халқының өзіне тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктерін, өмір-тіршілігі мен тұрмыс-салтын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына байланысты дүниетанымдық, рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын оның тілі арқылы айқындау өзекті мәселеге айналды. Аталған мәселені шешу жолында қазақ тіл білімінде көптеген іргелі зерттеулер жасалды. Тілдің өзіндік ішкі өзгешеліктеріне қарай әлемді тану бейнесі «*тіл-ұлт-мәдениет*» үштігі негізінде зерделенді. Осы үштікті айшықтайтын этномәдени бірліктер этностың рухани және мәдени өмірінің тілдік көрінісін береді. Этномәдени бірліктер ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, мәдениеті мен салт-дәстүрін, танымын білдіреді. Оқушы өз елінің ұлттық құндылықтарын этномәдени бірліктердің табиғатын тану арқылы меңгереді. Сондықтан қазақ тілтанымындағы антропоэкетік бағыт аясында дәйектелген зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін мектеп оқушыларына жеткізудің мәні айрықша.

Қазақ мектебінің 8-9 сынып оқушыларына этномәдени бірліктерді оқыту оларды ұлтжанды, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, жан-жақты дамыған, танымдық қабілеті жоғары, білімін түрлі жағдаяттарда ұтымды қолдана алатын, бәсекеге қабілетті дара тұлға ретінде тәрбиелеуге жол ашады.

Жалпы білім беретін қазақ мектебінің 8-9 сынып оқушыларына этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемелік жүйесінің тиімділігі ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан дәйектелді. Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасалды:

1. Қазақ тілтанымындағы зерттеулер этносты ұлттық және әлеуметтік белгілерді бойына жинақтаушы тұлға ретінде тануға жол ашты. Когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, прагмалингвистика, этнолингвистика, этнопсихология, этнопедагогика, лингвомәдениеттану және т.б. ғылымдары адам санасы мен таным, ойы мен ойлауы тіл арқылы жарыққа шығатынын дәлелдеді. Зерттеу жұмысында ұсынылған этномәдени бірліктерді (заттық мәдениет атаулары (киім-кешек атаулары, қару-жарақ атаулары, жиһаз атаулары, ыдыс-аяқ атаулары, зерлерлік бұйым атаулары, ас-тағам атаулары,

тұрмыстық бұйым атаулары); рухани мәдениет атаулары (салт-дәстүр атаулары, әдет-ғұрып атаулары, жосын-жоралғы атаулары, кәде атаулары, ойын атаулары, ырым-тыйым, наным-сенім, бата, алғыс, қарғыс сөздері, сәлемдесу, қоштасу); қызметіне қарай (этнодиалектизмдер, этнофразеологизмдер, этнонимдер); типтеріне қарай (мифологиялық этнолексика, символдық этнолексика, нумеративті этнолексика, метрикалық этнолексика, сакралды этнолексика) деп оқыту тақырыпты оқушының терең әрі саналы меңгеруіне көмектесті.

2. Қазіргі жаһандану заманында жан-жақтан толассыз келіп жатқан ақпараттар ағымының көбейген кезінде, ұлттық құндылығымызға қайшы келетін түрлі ағымдар мен мәдениеттің көптігі жеткіншек жасқа дұрыс ақпаратты қабылдауға, өз ұлтының ділі мен мәдениетін толыққанды сақтап қалуға қиындық тудырады. Сондықтан этномәдени бірліктердің танымдық табиғатын оқушы бойына сіңіру, өз тілінің мол байлығын терең сезінуіне, өз ұлтының тарихы мен мәдениетін жоғары бағалауына мүмкіндік берді. Этномәдени бірліктердің танымдық мәні этноконцептілер арқылы анықталатыны нақтыланды.

Оқушыны ұлтының рухани және материалдық құндылықтарымен терең таныстыруда, ұлттық құндылықтарды танытуда, өз ұлтының болмысын сезіндіруде этномәдени бірліктердің әлеуметтік қызметін этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним түрінде оқытудың тиімділігі анықталды.

3. Этнопедагогика және этнопсихология саласындағы ғалымдардың тұжырымдары этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемесін ұсынуға негіз болды. Оқушының тілдік дағдысын жетілдіруге, танымдық қабілеті мен сөйлеу мәдениетін дамытуға, дара тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етті.

4. Зерттеу тақырыбын оқытуда басшылыққа алынған ұстанымдар мен қолданылған әдіс-тәсілдер этномәдени бірліктердің табиғатын тануға, мәні мен мағынасын анықтауға, оның жұмсалымдық қызметін білуге көмектесіп, білім сапасын арттырды. Этномәдени бірліктерді кешенді жұмыстар (жаттығулар, мәтін, ақпараттық-коммуникациялық, ойын технологиясы), жүйесі арқылы игерту оқушының білім қорын кеңейтті, оларды өзіндік қорытынды жасауға, ойын тұжырымдап айтуға және т.б. дағдыландырды.

5. Зерттеу тақырыбының тиімділігін дәлелдеу үшін жүргізілген эксперимент нәтижелері 8-9 сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнына ұлтымыздың ұлттық құндылықтарын танытатын этномәдени бірліктерді енгізудің маңыздылығын дәйектеп берді. Эксперимент нәтижелері этномәдени бірліктерді жалпы білім беретін мектептерде оқытудың ұтымдылығын дәлелдеді. Ұлттық құндылықты бойына сіңірген дара тұлға моделінің ұтымдылығын дәйектеуге негіз болды.

Қорыта келгенде, зерттеу жұмысы барысында жүргізілген жұмыстар этномәдени бірліктерді орта мектепте оқытуға байланысты төмендегідей ұсыныстар жасауға әкелді:

- қазақ тілтанымындағы зерттеу нәтижелерін орта мектептің білім мазмұнына енгізу қажет. Мәдениеттанымдық зерттеулер мектеп оқушысына ұлттық мәдени ұғымдарды және жалпыадамзатқа тән мәдени атаулардың

танымдық мәнін терең игертуге жол ашар еді;

- қазақ тілі сабағында оқушыға фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық талдаулармен қатар символдық, семантикалық, мәтін талдауды да үйретуге мән бергеніміз жөн. Символдық талдау оқушыға өз ұлтының ең қадірлі, қастерлі, киелі, құрметті ақиқат дүниелері мен оның бейнесін анықтауға мүмкіндік тудырса, тілдік бірліктерге семантикалық талдау жасау ұлттың тіршілігі мен рухани өмірінде маңызды саналатын концептілік жүйелерді білуге, ал мәтінге толық талдау жасау тілдік бірліктердің функционалдық қызметін игертуге мүмкіндік тудырады еді;

- жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына этномәдени бірліктердің түрлерін нақты көрсетіп енгізу; мектеп оқулықтарында қазақтың этникалық дүние бейнесін көрсететін мифологиялық, стереотиптік, зооморфтық, фитонимдік, прецеденттік этномаркерленген атаулар жайлы мәліметтерді беру, этномәдени бірліктердің әлеуметтік қызметін (этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним) тапсырма түрінде беру оқушыны тілдің мәдени кодын ашуға, қарым-қатынаста ұтымды қолдануға үйретер еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынұлы Ахмет. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар // Алты томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Ел-шежіре, 2013. - Т. 6. – 384 б.
- 2 Аймауытов Ж. Комплекспен оқыту жолдары (оқу, әдістеме), мақалалар, хаттар // Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. - Т. 6. – 384 б.
- 3 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
- 4 Уәли Н. Ұлттық мәдениеттің мәдени кодтарын ашу мәселелері // «Тілтаным» журналы. – 2015. – №3. – Б. 18-39.
- 5 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр // Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – Т. 1. – 520 б.
- 6 Оразбаева Ф.Ш. Деңгейлік қазақ тілі. – Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2019. – 560 б.
- 7 Манкеева Ж.А. Этномәдени мазмұн және сөз синергиясы // «Тілтаным» журналы. – 2022. – №2(86). – Б. 27-34.
- 8 Дәулетбекова Ж.Т. Әдістеме – шеберлік әлемі. Ұлттық руханият негізі - тіл мен діл. – Алматы: «Үш қиян» баспасы, 2021. – Т. 3. - 200 б.
- 9 Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. – 1994. – №3. – Б. 3-5.
- 10 Соссюр де Ф. Курс общей лингвистики. – Изд. 2-е, стереотип. – М., 2004. – 103 б.
- 11 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. Филологи мира / пер. с англ.; общ. ред. и вступ. ст. А.Е. Кибрика. - М.: Издательская группа «Прогресс»; «Универс», 1993. - 656 с.
- 12 Гумбольдт В. Фон Характер языка и характер народа. Язык и философия культуры. – М., 1985. – 389 с.
- 13 Вайсгербер Л. О силах немецкого языка (Von den Kräften der deutschen Sprache). Родной язык и формирование духа / пер. с нем., вступ. ст. и коммент. О.А.Радченко. – М., 2004. – 229 с.
- 14 Бодуен де Куртенэ. Избранные труды по общему языкознанию.– М., 1958. – Т. 1. – 384 с.
- 15 Назарбекова А.А. Қазіргі білім беру жүйесіндегі лингвомәдени бағыт // «Коммуникативтік лингвистика және сөзтаным» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2019. – Т. 1. - 840 б.
- 16 Тұрышев А.М. Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2005. – 295 б.
- 17 Манкеева Ж. Этнотанбалық тіл деректері // Ана тілі газеті. – 2014. - №11. – Б. 7-8.
- 18 Әшімханова Ф. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 128 б.
- 19 Лотман Ю.М Культура и взрыв. – М.: Русский, 1992. – 272 с.

- 20 Бромлей Ю.В. Этнос и этнография: научная монография. – М.: Наука, 1973. - 285 с.
- 21 Назарбекова А.А. Этномәдени бірліктерді оқытуда қолданылатын тиімді әдістер // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы.«Филология» сериясы. – Алматы, 2021. – №2. – Б. 162-170.
- 22 Алтынсарин Ы. Очерк обычаев сватовства и свадьбах у киргизов. – Оренбург, 1870. - 1-летопись.
- 23 Назарбекова А.А. Этномәдени бірліктерді оқытудағы мағыналық дифференциация әдісінің маңыздылығы // Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының ғылыми еңбектері. Әскери ғылыми-техникалық журнал. – Алматы, 2022. - №2(48). – Б. 239-248.
- 24 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік) // 3 томдық шығармалар жинағы / қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. - Алматы, 1997. – Т. 1. – Б. 30.
- 25 Ойзерман Т. Кант и Гегель. Опыт сравнительного исследования. – М., 2008. – 520 с.
- 26 Руссо Ж. Педагогические сочинения / под ред. Г. Джибладзе. –М., 1981. – 256 с.
- 27 Тюрго А. Физиократы. Избранные произведения. – М., 2008. – 582 с.
- 28 Шеллинг Ф. Философия откровения. – Спб., 2000. – 395 с.
- 29 Бопп Ф. О системе спряжения санскрита в сравнении со спряжением в греческом латинском персидском и германских языках <http://www.historich.ru/istoriya-yazikoznaniya> 18.07.2021.
- 30 Шешкина Т.Ф. «Немецкая грамматика» Я. Гримма: первая сравнительно-историческая грамматика германских языков // Актуальные вопросы филологической науки XXI века: сборник статей IX Международной научной конференции молодых ученых.Современные лингвистические исследования. - Екатеринбург: УМЦ-УПИ, 2020. - Ч. 1. - С. 101-106.
- 31 Шлейхер А. Хрестоматия индоевропейских языков <http://lektsii.org/10-58039.html> 11.07.2021.
- 32 Гамкрелидзе Т.В. Р. О. Якобсон и проблема изоморфизма между генетическим кодом и семиотическими системами // Вопросы языкознания. - 1988. - №3. – С. 12-37.
- 33 Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. - Изд. 3-е. – М.: Едиториал УРСС, 2010. - 304 с.
- 34 Қайдар Ә.Т. Түркі этимологиясы: өзекті мәселелер мен міндеттер. – Алматы, 2009. – 213 б.
- 35 Малбақов М.М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 367 б.
- 36 Дройзен И. Г. Историка / пер. с нем. - СПб., 2004. - 584 с.
- 37 Бернхейм Э. Введение в историческую науку / пер. с нем. В.А. Вейнштока; под ред. В.В. Битнера. – М.: URSS; Либроком, 2010. – 690 с.

- 38 «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясы / ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбаев. - Алматы, 2017. – Т. 2. – 198 б.
- 39 Алмауытова Ә. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 128 б.
- 40 Шойбеков Р. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2006. – 310 б.
- 41 Ұзақова Р. Қазақ фольклорындағы қару-жарақ көрінісі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Астана, 2010. – 130 б.
- 42 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. – 187 б.
- 43 Таусоғарова А. Этникалық ақпараттар – этностереотиптердің түзілуіне түрткі фактордың бірі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №3. - Б. 295-300.
- 44 Крысько В.Г. Стереотип национальный (этнический) // Этнопсихологический словарь. – М., 1999. – 589 с.
- 45 Мучкина Е.С. Этнические стереотипы и их отражение в семантике этнонимов // Филология и человек. - 2010. - №4. – С. 18-37.
- 46 Михайлова К. Этнический стереотип за българина сред поляците, живеещи в България // Български фолклор. - 1999. – Книга 1-2. - С. 58-70.
- 47 Гасанов И.Б. Национальные стереотипы и «образ врага». – М., 1994. – 178 с.
- 48 Назарбекова А.А. (авт.бірлестікте) Reflection Of The Kazakh Traditional Culture In Language // Orsion, Año. – 2019. – Vol. 35, №88. – P. 977-994.
- 49 Бартминьский Е., Панасюк И. Языковые стереотипы. Языковой образ мира: очерки по этнолингвистике. - М., 2005. – С. 158-187.
- 50 Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. Практикум. – М., 2006. – 182 с.
- 51 Гер А.С. Введение в этнолингвистику. Курс лекции и хрестоматии. – Спб., 2001. – 488 с.
- 52 Хорошева Н.В. Региолект как промежуточный идиом во французском русском языках // Вестник Пермского университета. Серия филология. – 2011. – №3. – С. 32-36.
- 53 Зварыкина И.С. К вопросу о соотношении диалектного и регионального в русском языке // Гуманитарные исследования. - 2013. - №2. – С. 30-36.
- 54 Аманжолов С. Тіл және жазу. Язык и письмо. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ Баспасы, 2005. – 404 с.
- 55 Досқараев Ж., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Алматы, 1951. - Бөлім 1. - 112 б.; - Алматы, 1955. – Бөлім 2. – 156 б.
- 56 Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000. – 624 с.
- 57 Нұрмағанбетов Ә. Жергілікті ерекшеліктердің төркіні. – Алматы: Мектеп, 1985. – 160 б.

- 58 Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 168 б.
- 59 Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. - Алматы: Мектеп, 1985. – 232 б.
- 60 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 122 б.
- 61 Бисенбаева М.К. Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде): филос. док. (PhD) ... дис.: 6D020500. – Алматы, 2019. – 169 б.
- 62 Яковлева О.Е. Семиотические типы прагматонимов современного русского языка: на материале номинаций продуктов питания: автореф. ... канд. филол. наук. - Новосибирск, 2006. – 32 с.
- 63 Усова Н.В. Имя собственное как феномен лингвокультуры: автореф. ... канд. филол. наук. – Донецк, 2019. - 27 с.
- 64 Жақсыбаева Ф. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2000. – 21 б.
- 65 Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1996 жылғы 15 шілде, №3058 <http://adilet.zan.kz/rus/docs/N960003058> 2 12.08.2021.
- 66 Герц Г. Электрическая сила. Теории. Опыты формат djv. Размер-1.98 МБ. - 2011.
- 67 Маслова В.А. Лингвокультурология. - М.: Academia, 2001. - С. 25.
- 68 Попова З.Д., Стернин И.Л. Язык и национальная картина мира. - Воронеж: Истоки, 2007. - С. 16.
- 69 Жидков В.С., Соколов К.Б. Искусство и картина мира. - СПб.: Алетейя, 2003. – 79 с.
- 70 Егорова М.А. «Когнитивное пространство» и его соотношение с понятиями «ментальное пространство», «когнитивная база», «концептосфера», «картина мира» // Вестник Иркутского государственного лингвистического университета. – 2012. – Вып. 3(20). - С. 61-68.
- 71 Лотман Ю.М. Семиосфера. – СПб.: Искусство, 2004. – 557 с.
- 72 Сепир Э. Статус лингвистики как науки; Грамматист и его язык // Языки как образ мира. – М.: АСТ; Terra Fantastica, 2003. – 576 с.
- 73 Уорф Б. Отношение норм поведения и мышления к языку. Зарубежная лингвистика. - М.: Прогресс, 2002. – Т. 1. – 91 с.
- 74 Караулов Ю. Языковая личность: текст, словарь, образ мира. - М., 2006. – 75 с.
- 75 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014. - 640 б.
- 76 Назарбекова А.А. Этномәдени бірліктерді оқытудың маңыздылығы // «Ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми бейнеконференцияның мақалалар жинағы. - Алматы: Каспий университеті, 2021. – 243 б.
- 77 Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И. и др. Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира. – М., 1998. – 144 с.

- 78 Назарбекова А.А. Қазақтың этникалық дүние бейнесінің тілдегі көрінісі // «Ғылым. Әйел. Қоғам» журналы. – Алматы, 2020. – №4. – Б. 35-40.
- 79 Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Этнографиялық энциклопедия. – Алматы, 2017. – Т. 3.– 855 б.
- 80 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 96 б.
- 81 Назарбекова А.А. Pedagogical foundations of teaching ethnocultural units in the education system // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. - Vol. 17, issue 3. – P. 691-701.
- 82 Құнанбаев Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. - Т. 2. – 200 б.
- 83 Қартаева А.М. Абайдың «толық адам» ілімін оқыту: оқу құралы. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2020. – 150 б.
- 84 Алтынсарин Ы. Этнографиялық еңбектер <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/storage/upload/1/2017/11/02/fa62b930bb7c56a5dd524cb142b33be4.pdf&ln=kz> 11.03.2021.
- 85 Шонанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2015. – Т. 1. – 248 б.
- 86 Дулатов М. Шығармалары: өлеңдер, қарасөздер, көсемсөз. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
- 87 Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 122 б.
- 88 Қапалбек Б., Омарова А., Закиряева Г., Абнасырова Г. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018. – 200 б.
- 89 Мамаева М., Мұқашева Ж. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 144 б.
- 90 Иманқұлова М. Жазылым процесінің когнитивтік негізі // «Тілдік парадигмалардың коммуникативтік негізі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2021. – 279 б.
- 91 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. - Т. 35. – 392 б.
- 92 Дәулетбекова Ж.Т. Әдістеме - шеберлік әлемі. Сөз мәдениеті: әдіснама мен әдістеме. - Алматы: «Үш Қиян» баспасы, 2021. – Т. 2. – 320 б.
- 93 Сауранбаев Н.Т. Қазіргі тіл білімінің проблемалары. – Алматы, 1982. – 352 б.
- 94 Эллиот Аронсон. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе. 11-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
- 95 Уәли Н. Мифопоэтикалық фразеологизмдер: аңыз бен ақиқат // А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. - 2015. - №2. – Б. 13.

- 96 Айтбайұлы Ө. Тілтірес: (Мемлекеттік тілді қалыптастыру хақындағы ойлар, сұхбаттар, тұжырымдар, баяндамалар, мақалалар). – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 400 б.
- 97 Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
- 98 Әлметова Ә. Лингвомәдениеттану негіздері. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2016. – 316 б.
- 99 Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы: Жазушы, 1992. – 272.
- 100 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 608 б.
- 101 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
- 102 Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М.: Наука, 1997. – 287 б.
- 103 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. – Алматы: «Экономика» баспасы, 2007. – 450 б.
- 104 Ильясова Н.А. Тілдік бірліктердің коммуникативтік-танымдық мәні. – Алматы: ТОО «НұрДиАс» баспасы, 2017. – 328 б.
- 105 Атабаева М. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы, 2006. – 253 б.
- 106 Назарбекова А.А. Этномәдени бірліктерді оқытудағы этнопсихолингвистикалық тәсілдердің тиімділігі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Психология» сериясы. – 2022. – №1(170). – Б. 41-46.
- 107 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 269 б.
- 108 Уәлиханов Ш. Таңдамалы . - Алматы: Жазушы, 1980. – 412 б.
- 109 Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.
- 110 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319 «Білім туралы» Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> 12.07.2021.
- 111 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы, №545 бұйрығына 2-қосымша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015982>
- 112 Әрінова Б., Молдасан Қ., Байшағырова А. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 б.
- 113 Ермекова Т.Н., Ерғожина Ш.Л., Тоқбаева А.Е. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Арман-ПВ» баспасы, 2018. – 256 б.
- 114 Дәулетбекова Ж.Т., Рауандина А.Қ., Дусимбаева М. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. – 160 б.
- 115 Ермекова Т.Н., Бертілеуова К.Ә., Абишева Р.А. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. – 240 б.

116 Тоқаев Қ.К. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Ақорда, 2020, қыркүйек 1 https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek 11.08.2021.

117 Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Нұрышева Г., Рахметова Р. Тілді оқыту: интеграциялық білім мен интеллектуалдық тұлға қалыптастырудың сабақтастығы. – Алматы: Нұрай Принт Сервис, 2014. – 243 б.

118 Рахметова С.Р. Тағлымды тарих. - Алматы, 2016. – 196 б.

119 Жиренов С. Когнитивтік лингвистика: оқу құралы. – Алматы, 2010. – 108 б.

120 Ғ.Мүсірепов «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» (трагедия) қойылым https://www.youtube.com/watch?v=jFvVCJd8G_A 11.09.2021.

121 Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі <https://www.youtube.com/watch?v=IuC44KW112k> 11.04.2021

122 Әл-Фараби. Балалық шақтың шаһары <https://www.youtube.com/watch?v=jRF87pP1zRE>

123 Wordwall платформасы <https://wordwall.net/account/login>

124 Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. – Алматы: Баянжүрек, 2007. – 296 б.

125 Назарбекова А.А. Жоғары сынып оқушыларының пәнді игерудегі тілдік қатынастың рөлі мен маңызы // Proceedings of the XIII International Scientific and Practical Conference Social and Economic Aspects of Education in Modern Society. – Warsaw; Poland, 2019. - Vol. 3. – 144 p.

126 Қасенов Е.С. Тілдің қатысымдық және танымдық табиғаты (І.Жансүгіров поэзиясының тілі бойынша): ғылыми монография. – Алматы: «Ғылым ордасы» РМК баспасы, 2013. – 248.

127 Жыраулар поэзиясы https://adebiportal.kz/kz/books/view/zyraular-poeziiasy__1048

128 Д.Бабатайұлы. О,Ақтан жас, Ақтан жас! аудио өлең <https://adebiportal.kz/kz/audiobooks/view/586> 06.05.2021.

129 Рауандина А.Қ. Айтылым әрекетінің психолінгвистикалық сипаты // «Тілдік парадигмалардың коммуникативтік негізі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2021. – 279 б.

130 Қобланова А.Ж. Тілтанымдық парадигмадағы этномаркерлі лексика-фразеологиялық бірліктерді оқытудың әдістемелік аспектілері // «Тілдік парадигмалардың коммуникативтік негізі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2021. – 279 б.

131 Сатбекова А.А. Рухани жаңғыру: қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясы (гуманитарлық бөлім). - Алматы: ТОО «ЛантарТрейд», 2019. – 220 б.

132 Кудрявцева Т.В., Матюшкин А.М. Проблемное и программированное обучение. – М.: Советская Россия, 1973. – 122 с.

133 Ақтанова Л. Қазақ тілін проблемалық әдіс арқылы оқытудың ерекшеліктері // С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы. – Астана, 2013. - №2(77). – Б. 17-38.

134 Қасым Б. Сөзжасам: Семантика. Уәждеме: оқу құралы. – Алматы: «КИЦОО» баспаханасы, 2003. – 167 б.

135 Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. Алматы: ОНОН, 2017. – 340 б.

136 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2007. – 177 б.

137 Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисі: коммуникативтік-танымдық аспект: ғылыми монография. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 270 б.

138 Дридзе Т.М. Текстовая деятельность в структуре социальной коммуникации: проблемы семиосоциопсихологии. – М.: Наука, 1984. – 302 с.

139 Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж.Т., Әміржанова Н., Рахметова Р.С., Рауандина А.Қ., Иманқұлова М. Латын әліпбилі қазақ жазуы: әдіснама мен әдістеме: оқу құралы. – Алматы: «Таугүл-Принт» баспасы, 2020. – 260 б.

140 Назарбекова А.А. Technology of teaching ethno-cultural subjects in secondary schools // World Journal on Educational Technology: Current Issues. - 2022. – Vol. 14, issue 6. – P. 1901.


ҚОСЫМША А

Сабақтың барысы


Кесте А 1

Мектеп	№50 Ө.Жолдасбеков атындағы орта мектеп / Тексерілді
Пәні	Қазақ тілі
Педагогтің аты-жөні:	Даулетова Лаура Бахтиярқызы/НазарбековаАлуа Ахмедиярқызы
Күні:	19.09.21ж.
Сыныбы: 8«А»	Қатысушылар саны:24 Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы:	Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	8.1.4.1 Мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау. 8.4.2.1 Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану.
Сабақтың мақсаты:	<i>Барлық оқушылар</i> мәтінде көтерілген мәселені анықтайды; <i>Көпшілігі</i> мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтайды; <i>Кейбір оқушылар</i> оқушылар сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.



Кесте А 2 - Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурс
1	2	3	4	5
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин.	(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. 3.Сынып оқушыларын түстер арқылы 3 топқа бөлу. 1-топ 2-топ 3-топ			Оқулық, жұмыс дәптерлері
Жаңа сабаққа кіріспе 	«Кинометафора» әдісі Ютуб каналынан "Қорқыт ата туралы аңыз" бейнефилімін қарап, Қорқыт ата туралы мәлімет жинаңыздар. Сұрақтарға жауап беріңіздер. 1. Қорқыт ата туралы	Дескрипторы 1.Бейнефильмді көреді. 2.Сұрақтарға жауап береді. 3.Ақпараттарды салыстырады. Болжамды жауаптар 1-топ: Қорқыт ата-данышпан,Сыр бойында дүниеге келген қобызшы. 2-топ:	«Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Оқулық 8-сынып https://www.youtube.com/watch?v=8eINRhurywM&t=182s


А 2 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<p>не білесіз? 2.Қорқыт атаның қасиетін дәлелдейтін екі мысалды анықтаңыз. 3.Сіздің білетініңіз бейнефильмдегі ақпаратпен сәйкес келе ме? 4. Екі бейнефильмді көріп, ақпараттарды салыстырыңыз. 2-жаттығу Мәтінді оқып, қазақ халқының сөз қолданысына тән бірліктерді анықтаңыз. Қобыз Күндердің күнінде бойы өсіп, бұғанасы қатқан Қорқыт түс көреді. Түсінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген әулие қарт аян береді: «Уа, Қорқыт, тұр! – дейді. – Сен бір аспап жаса. Аспабың алты жасар нар атанның жілігіндей болсын. Шанағы бақырдай болсын. Көні аруананың бауыр терісінен болсын. Аспабыңның аты қобыз болсын. Сол қобыз қиялыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар!». Қорқыт осы сөзді өңінде естігендей болып оянса, көкірегі күйге толып, көмейінен сөз саулағандай халде екен. Сол бетінде қобыз жасауға кірісіп, әулиенің қойған барлық шарттарын орындайды.</p>	<p>Қорқыт ата -атақты қобызшы, қоғам қайраткері, күйлері бар. 3-топ: Қорқыт ата-қасиетті әулие, түс көріп, аян берілген қобызды жасаған,өнерді дәріптеуші. Дескриптор 1.Мәтінді оқиды. 2. Қазақ халқының сөз қолданысына тән бірліктерді анықтайды. Болжамды жауаптар 1-топ: Күндердің күнінде бойы өсіп, бұғанасы қатқан Қорқыт түс көреді. 2-топ: Түсінде ақ сақалы беліне түскен, ақ таяғы көк тіреген әулие қарт аян берді. 3-топ: Аспабың алты жасар нар атанның жілігіндей болсын. Шанағы бақырдай болсын. Көні аруананың бауыр терісінен болсын. Аспабыңның аты қобыз болсын. Сол қобыз қиялыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар!».</p>		
	<p>Сонан соң қобызды қолына алып, құлағын бұрап, қияғын шалып көрсе, сарнап қоя береді. Әлгі көкірегін кернеген күй қобызына көшіп, аспан асты сазды сарынға бөленеді. Ұшқан құс, жүгірген аң, ескен жел – бәрі сүттей ұйып, қобыз күйін тыңдайды.</p>			

А 2 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
<p>Сабақтың ортасы Мағынаны ашу 26 мин.</p>  	<p>Мақалды оқып, өз ойларыңды төрт сөйлем әдісімен түйіндеңдер. Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса, Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса. Қорқыт</p>	<p>Дескриптор 1..Мақалды оқиды. 2. «Төрт сөйлем» әдісін орындайды. 3.Ой түйіндеп, өз пікірлерімен бөліседі. Болжамды жауаптар: «Атадан мал, яғни дәулет қалмаса, ұрпағы қиындық көреді. Ал атадан «мал қалып» жатса, оны шашау шығармай қажетке жарату, ары Менің ойымша, Қорқыт атаның «Ұлдың күні күн емес – атадан қарай еселеп дамыту ұрпағының бойында ақыл, сабыр, білім, тапқырлық секілді құнды қасиеттердің болуын қажет етеді, ата-анамның үмітін ақтау, жақсы өмір сүру- менің арманым. Еңбекпен тапқан мал берекелі болады дейді». Мен ата-анамның еңбегін бағалаймын. Әзірше менің қолымнан келетіні – сабақты жақсы оқу. Қалаған оқуға түсіп, ата-анамды қуанту. Болжамды жауаптар 1.«Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса, Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса» өте орынды айтылған. 2.Себебі қазіргі қоғамда атадан мал қалса, әрине үлкен қуаныш.Сол мұраны тиімді пайдалану керек. 3.«Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса,»деген пікірмен толық келісемін.Білім мен жан-жақтылығы болмаса, кез келген адам қалған дүниені көзін тауып жұмсай алмайды.Көреген бабамыздың білімнің жастарға рухани және материалдық азық екенін тура болжағанына көз жеткіздім. 4.Білімдіге дүние жарық» демекші мақсатым-біліммен сусындау.Адал еңбек ету, ата-анама қамқор болу.</p>	<p>Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік -пен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру</p>	<p>Оқулық. 8-сынып АКТ</p>
	<p>Үйге тапсырма «Рафт»әдісі. Хат жазу.</p>	<p>Тапсырманы орындауға нұсқау алады.</p>	<p>Тапсырманы орындайды.</p>	<p>Оқулық 8-сынып</p>

А 2 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
<p>Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия</p> 	<p>Сабақты қорытындылап, пікірлерін жазады. «Бағалау ағашы» әдісі. «Бүгінгі сабақтан түйгенім өте көп. «Бүгін көп нәрсені түсіндім». «Бүгінгі сабақта әлі де көп нәрсені оқуым керек».</p>	<p>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын жазу арқылы сабаққа қорытынды жасайды.</p>		
<p>Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?</p>		<p>Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау.</p>	


Кесте А 3

Бөлім:	Қазақстандағы туризм және экотуризм
Педагогтің аты-жөні:	Даулетова Лаура Бахтиярқызы/НазарбековаАлуа Ахмедиярқызы
Күні:	17.10.21ж.
Сыныбы: 8	Қатысушылар саны: 24 Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы:	Қазақстандағы туризм
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	8.1.1.1 –мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтері-летін мәселені болжау; 8.4.5.1 - сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: мәтіннен дәйексөздерді, үзінділерді таңдап алады; Оқушылардың көпшілігі орындай алады: мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжай алады; Кейбір оқушылар орындай алады: сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдана алады.



Кесте А 4 - Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1	2	3	4	5
<p>Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 4 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. 1-топ Туристер. 2-топ Саяхатшылар.</p>			<p>Оқулық, жұмыс дәптерлері</p>



А 4 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
<p>Жаңа сабаққа кіріспе</p>  <p>Білу 5 минут</p>	<p>«Ой қозғау» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарына жауап беріңіздер.</p> <p>1-тапсырма Сұрақтарға жауап беріңіздер.</p> <p>1. Отандық туризмді қалай дамытуға болады? 2. Қазіргі туризм саласына көңіліңіз тола ма? 3. Еліміздегі қандай этно-мәдени бірліктермен атала-тын мекеме, мейрамхана, кафе және т.б. атауларды білесіңдер?</p>	<p>Дескриптор</p> <p>1. Сұрақтарға жауап береді. 2. Сыныптастырының пікірін толықтырады. 3. Өз ойымен бөліседі.</p> <p>«Ой қозғау» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғайды, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Болжамды жауаптар</p> <p>1. Отандық туризмді дамыту үшін туристік өңір туралы романтикалық (бәлкім, тылсым немесе қорқынышты, бәлкім, таңғажайып) түсініктердің қалыптасуына айрықша мән беру керек. 2. Қазіргі туризм саласына толық көңіл толады деп айта алмаймыз, әлі де толықтыратын жұмыстар жасау керек. 3. Алматы қаласында «Тәж», «Сарай», «Барқытбел», «Бәйтерек», «Сұлу Төр», «Алтын Адам», «Жерұйық», «Алаша», «Құлыншақ», «Сұлтан», «Алтынбас», «Әулет», «Ұлы Тау», «Хан Тәңірі», «Үйгентас», «Ару-ана» және т.б. мейрамхана атаулары, Тараз қаласында «Жеті Қазына», «Ақ сарай», «Ақ Орда», «Сұлтан сарайы», «Самұрық» мейрамхана атаулары барын анықтады.</p>	<p>Өз ойын дұрыс мағына да білдіріп, талқыл ауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.</p>	<p>Оқулық 8-сынып Слайд-3</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>Мағынаны ашу</p> <p>Түсіну</p> <p>Қолдану</p> <p>10 минут</p>	<p>Топтық жұмыс</p> <p>2-тапсырма</p> <p>Постер қорғау арқылы әр топ жаңа сабаққа түсіндірме жасайды.</p> <p>1-топ «Ішкі (ұлттық) туризм»</p> <p>2-топ «Халықаралық (шетелдік) туризм»</p> <p>Кластер жасау</p>	<p>Дескриптор</p> <p>1. Объективті ақпараттар, тақырыпқа қатысты деректерді толассыз келтіреді. 2. Тақырыпқа жан-жақты шолу жасап, қорытынды шешім айтады. 3. Тақырыпқа қатысты мәліметтер береді, деректерге дәлелдер келтіреді.</p> <p>Болжамды жауаптар</p> <p>1-топ Алатау қойнауындағы Күйгенсай шатқалында туристер үшін шағын үй салынды. 1936 жылы бұл жерде республикадағы ең алғашқы 50 кісілік «Горельник» турбазасының шаңырағы көтерілді. 1938 жылы Көкжайлау шатқалында алғаш</p>	<p>Дипломмен марапаттау</p>	<p>Оқулық, 9-сынып АКТ</p>

А 4 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
		<p>қазақстандық туристер слеті өтті. Оған 200-дей турист қатысты.</p> <p>1950–1960 жылдары Алматы жоғары оқу орындарында тау туризмі, альпинизм, спорттық туризм дами бастады. Соның нәтижесінде туристік нұсқаушылар тобы қалыптасты.</p> <p>2-топ Дүниежүзілік туризм ұйымының (ДТҰ) деректері бойынша, ол әлемдегі Жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11%-тен астамын құрайды. Сондай-ақ әлемдік капиталдың 7%-ін пайдаланып, 137 млн. адамды жұмыспен қамтып отыр.</p>		
<p>Талдау 6 минут</p> 	<p>Оқулықпен жұмыс 3-тапсырма Өлең үзіндісінен 2 шумақты таңдап алып, жай сөйлемдерге айналдырыңдар. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданыңдар.</p>	<p>Дескриптор</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өлеңді түсініп оқиды; 2. Өлеңнен 2 шумақты таңдап алады. 3. Қою қаріппен жазылған сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіреді. 4. Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданады. 	<p>ҚБ Қошем еттеу</p>	<p>Оқу лық. 8- сын ып</p>
<p>Ой толғаныс</p> <p>Жинақтау</p> <p>Бағалау 9 минут</p>  <p>4 минут</p>	<p>Топтық жұмыс</p> <p>1-топ Қазақстанға келетін туристер үшін «Кім? Не? Қашан? Қайда?» деген сұрақтарға жауап беретіндей төрт бағытта зияткерлік карта жасаңыздар.</p> <p>2-топ Қазақ жеріндегі туризмнің жыл сайынғы дамуына «SWOT» талдау қасаңыздар.</p>	<p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Төрт бағытта зияткерлік карта жасайды. 2. «SWOT» талдау жасайды. <p>Болжамды жауаптар</p> <p>1-топ. Туризм мемлекеттің экономикасына үш оң нәтиже береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды. 2. Халықтың жұмыспен қамтылуын көбейтуге көмектеседі. ДТҰ мен Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің бағалауы бойынша туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда болатын 5-тен 9-ға дейін жұмыс орны келеді екен. <p>Туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына</p>	<p>ҚБ Бас бармақ пен бағалау</p>	<p>Оқу лық 8- сын ып</p> <p>АКТ А3 пара ғы</p>


А 4 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
		<p>ықпал жасайды.</p> <p>3. Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.¹</p> <p>2-топ. Жыл ішінде туристік инфрақұрылымның бір қалыпты жүктемесін камтамасыз етуге бағытталған маркетингтік және базалық тәсілдерді қолдану арқылы туризмнің маусымдық жылжытылуын күшейту; Ұлттық, туристік өнімді жылжытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану. Туризмді дамытудың тұрақты сипатын насихаттау қажет.</p>		
	<p>Үйге тапсырма Мақала жазу «Қазақстандағы туризмнің дамуы»</p>	<p>Тапсырманы орындауға нұсқау алады.</p>	<p>Тапсырманы орындайды.</p>	<p>Оқулық 8-сынып</p>
<p>Сабақтың соңы Рефлексия 2минут</p> 	<p>Сабақты қорытындылап, пікірлерін жазады. «Padlet»</p>	<p>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын жазу арқылы сабаққа қорытынды жасайды.</p>		<p>Сілтеме арқылы орындайды</p>
<p>Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?</p>	<p>Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау.</p>		


Кесте 5

Бөлім:	Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті
Педагогтің аты-жөні:	Шахшанбаева Камшат/Назарбекова Алуа
Күні:	23.11.21ж
Сыныбы: 8	Қатысушылар саны: 24 Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы:	Ұлттық құндылықтардың тілдегі көрінісі
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	8.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 8.4.2.1 – сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтай алады; Оқушылардың көпшілігі орындай алады: мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып салыстыра алады; Кейбір оқушылар орындай алады: сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай дұрыс қолдана алады.


Кесте 6 - Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1	2	3	4	5
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 4 минут	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 1-топ, 2-топ			Оқулық, жұмыс дәптерлері
Жаңа сабаққа кіріспе  Білу минут	Айтылым 1-тапсырма «Миға шабуыл» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріңіздер. 1.Бесік жыры қай кезде айтылады? 2.Бесік жырын білесің бе? 3.Қалай ойлайсың, басқа халықтар бесік жырын айта ма?	Дескриптор 1.Сұрақтарға жауап береді. 2.Сыныптастырының пікірін толықтырады. 3.Өз ойымен бөліседі. «Миға шабуыл » әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді. Болжамды жауаптар 1. Бесік жыры — тұрмыс-салт жырларының көне түрінің бірі.Әлемде Бесікжырын айтпайтын халық жоқ. Халықпедагогикасының мәйегі не айналған бесік жырында	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!»	Оқулық 8-сынып Слайд-3




А 6 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<p>4. Жырда тек қазақ халқы ғана қолданатын бірліктер бар ма?</p> <p>5. Егер бар болса, мағынасына талдау жаса.</p>	<p>халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі нанымсенімінің, дүниетанымының көрінісі бар.</p> <p>2. Бесік жырын барша халық ұлттық тәрбиенің кәусарбұлағы деп таниды. Әлем халықтарының бесік жырлары әр елде әр түрлі аталғанымен, атқаратын міндеті, мазмұн байлығы, поэтикалық құрылымы мен саз-әуені жағынан үндесіп жатады..</p>	<p>деген мадақтау сөзімен ынталандыру.</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>Мағынаны ашу</p> <p>Түсіну</p> <p>Қолдану</p> <p>10 минут</p>	<p>Топтық жұмыс</p> <p>2-апсырма</p> <p>1-топ Постер қорғау арқылы әр топ жаңа сабаққа түсіндірме жасайды</p>  <p>Бесік сөзінен тарайтын тіркестерді анықтап, кластерге түсіріңіздер</p> <p>Кластер жасау</p> <p>2-топ «Бесік» сөзінің қатысуымен жасалған тіркестердің мағынасын ашыңыздар. "Қос жазба күнделігін" толтырыңыздар.</p> <p>3-тапсырма «Факт немесе пікір» әдісімен «Бесікке қатысты қандай ырым-тыйымдарды білесіңдер?»</p> <p>1-топ «Бесікті ашық қалдыруға болмайды»,</p> <p>2-топ «Бесікті бос тербетуге болмайды»</p> <p>Бесікке байланысты</p>	<p>Дескриптор</p> <p>1. Бесік сөзінен тарайтын тіркестерді анықтап, кластерге түсіреді;</p> <p>2.«Бесік» сөзінің қатысуымен жасалған тіркестердің мағынасын ашып, кестені толтырады.</p> <p>Болжамды жауаптар</p> <p>1-топ Бесік жырының басты қызметі бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру. Бесік жыры баланың сәби кезінде, яғни 1- 5 жас аралығында, бала жанына жағымды әуенмен айтылады, әуен-сазсыз бесік жырының мәні де, сәні де келмейді.</p> <p>2-топ Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан әдет-ғұрып салтының бәрі де оның ауыз әдебиетінен орын алған. Мұны ол ескі кездің елесі есебінде кейінгі жас ұрпаққа өлең арқылы жеткізген. Қазақ-тың ескі әдет-ғұрып, салтында елеулі орын алған нәрселердің ішінен аңыз-әңгіме, өлең-жырға қосылмағаны жоқ деуге болады.</p> <p>Дескриптор</p> <p>1. Бесікке байланысты айтылатын ырым-тыйым сөздерді таныстырады;</p> <p>2.Сөздердің мағынасын ашады.</p> <p>Болжамды жауаптар</p> <p>1-топ Бесікті жабусыз қалдыруға болмайды.</p> <p>1. Жабусыз қалған бесікке шаң-тозаң</p>	<p>Дипломмен марапаттау</p>	<p>Оқулық. 8-сынбып АКТ</p>

А 6 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<p>айтылатын ырым-тыйым сөздерді таныстырып, мағынасын ашыңыздар.</p>	<p>қонып, тез ескіреді. 2. Нәресте жататын бесікті жабуысыз қалдырса, жын-шайтан мекендейді. Шайтан баласын жатқызады деген сенім берік орын алған. Сондықтан бесікті ашық тастамай матамен орап, жауып қояды. 2-топ Бос бесікті тербетуге болмайды: 1. Бос бесікті тербеткен онда жасырынып жатқан сайтанның баласын тербеткенмен бірдей. Сондықтан нәрестені бесікке саларда алдымен аршамен, отпен аластап жаман күштерден тазартқан. Өйтпеген жағдайда шайтанның баласы нәрестенің ішін саусағымен түрткілеп, баланың ішін ауыртады деп есептеген. 2. Үйге келген қонақ бос бесікті тербетіп, өзінің ұрпақсыз екенін білдірген. Сондықтан бос бесікті тербету жамандықты шақырумен бірдей. Оның астарында бос бесікті тербеткен адам, ұрпақсыз қалады деген ой жатады.</p>		
<p>Талдау 6 минут</p> 	<p>Жазылым. Айтылым</p> <p>4-тапсырма "ПОПС формуласы" әдісін пайдаланып, тапсырманы орындаңыздар.</p> <p>1-топ "Ел боламын десең – бесігінді түзе" (М.Әуезов),</p> <p>2-топ "Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады" деген нақыл сөздер туралы ойларыңызды жазыңыздар.</p>	<p>Дескриптор</p> <p>1.Берілген нақыл сөздер туралы ойларын жазады.</p> <p>Болжамды жауаптар</p> <p>Бірінші сөйлем: «Біздің ойымша, "Ел боламын десең – бесігінді түзе", "Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады" деген сөздер халықтың жылдар бойы жинаған өмірлік тәжірибесі негізінде айтылған.</p> <p>Екінші сөйлем: "Себебі, қазақ отбасында дүниеге келген әр бала бесікке бөленеді. Сондықтан бесік бала, ұрпақ ұғымымен тығыз байланысты айтылады. Ұрпақ болашағы үшін өмір сүретін халықтың ұғымында бесік баланы жатқызатын бұйым, зат деңгейінен дені сау ұрпақ өсіретін символдық деңгейге көтерілген".</p> <p>Үшінші сөйлем: "Оны біз мынадай мысалдармен дәлелдей аламыз. Халық ұрпақтың дені сау болып өсуін ғана емес, оған дұрыс тәрбие беруді де ешқашан естен шығармаған. Тәрбиені баланың бесікте жатқан кезінен, яғни жас нәресте кезінен бастау керек деген ұстанымды берік ұстанған. Ал тәрбие отбасынан бастау алады. Әр отбасы "шағын мемлекет" екенін ескерсек, отбасы қоғамды құрайтын тірек. Елдің тізгінін дені сау, атан-анасынан дұрыс тәрбие көрген ұрпақ ұстаса ғана еліміз көркейіп, мықты мемлекет құра аламыз деген мағына жатыр".</p>	<p>ҚБ Қош емет теу</p>	<p>Оқу лық. 8- сын ып</p>


А 6 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
		Соңғы сөйлем: "Осыған байланысты біз мынадай шешімге келдік. Ел боламын десең – бесігіңді түзе", "Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады" деген аталы сөздер ұрпақ тәрбиесіне тек өз баламды тәрбиелеп жатырмын деп емес, елдің келешегін ойлайтын, мемлекеттің дамуына үлес қосатын адам тәрбиелеп жатырмын деп қарау керектігін көрсетеді. Ол бала өсіріп отырған әрбір адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Сонымен қатар мемлекет тарапынан да балаларды өсіруге, қорғауға дұрыс көңіл бөлінуі керек".		
Ой толғаныс Жинақтау 9 минут Бағалау  4 минут	Топтық жұмыс 5-тапсырма «Венн диаграмма-сы» әдісі арқылы салыстыру «Ерте кездегі бесік пен қазіргі кездегі бесіктің айырмашылығы қандай?»	Дескриптор: Бесікті салыстырады. Өз ойларын ортаға салады.	ҚБ Басбармақпен бағалау	Оқулық 8-сынып АКТ АЗ парағы
	Үйге тапсырма эссе жазу	Тапсырманы орындауға нұсқау алады.	Тапсырманы орындайды.	Оқулық 8-сынып
Сабақтың соңы Рефлексия 2 минут 	Сабақты қорытындылап пікірлерін жазады.	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын жазу арқылы сабаққа қорытынды жасайды.		Сілтеме арқылы орындайды
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау	



Кесте 7

Мектеп	№50 Ө.Жолдасбеков атындағы орта мектеп / Тексерілді
Пәні	Қазақ тілі
Педагогтің аты-жөні:	Даулетова Лаура Бахтиярқызы/Назарбекова Алуа Ахмедиярқызы
Күні:	21.11.21ж.
Сыныбы: 8«А»	Қатысушылар саны: 24 Қатыспағандар саны: 0
Сабақтың тақырыбы:	Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.1.4.1 Мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау. 8.4.2.1 Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар мәтінде көтерілген мәселені анықтайды; Көпшілігі мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтайды; Кейбір оқушылар оқушылар сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады

Кесте 8 - Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1	2	3	4	5
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин.	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 3.Сынып оқушыларын түстер арқылы 3 топқа бөлу 1-топ, 2-топ, 3-топ			Оқулық, жұмыс дәптерлері
Жаңа сабаққа кіріспе 	1.Оқылым Оқылым Бесік жырын мәнерлеп, әуені мен ырғағын сақтай отырып оқындар. Жаттап алындар.	Дескрипторы 1.Бесік жырын мәнерлеп оқиды. 2. Кідіріс жасап оқиды.	«Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Оқулық 8-сынып
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу 26 мин.	Айтылым. Ойтүрткі сұрақтары 1-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңдер. 1.Бесік жыры қай кезде айтылады? 2.Бесік жырын білесің бе? 3.Жырда тек қазақ халқы ғана қолданатын	Дескрипторы 1.Сұрақтарға жауап береді. 2.Тілдік бірліктердің мағынасына талдау жасайды. Болжамды жауаптар Айыр қалпақ киісіп, Ақырып жауға тиісіп, Батыр болар ма екенсің? Бармақтарың майысып, Түрлі ою ойысып,	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан	Оқулық. 8-сынып АКТ

А 8 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<p>бірліктер бар ма? Егер бар болса, мағынасына талдау жаса.</p>	<p>Ұста болар ма екенсің, Таңдайларың тақылдап Сөзінді жұрт мақұлдап, Шешен болар ма екенсің? Осы үзіндіде халықтың бала тәрбиелеудегі ой-арманы анық көрінеді. жас балалардың кім болатынына, қандай адам болатынына қандай адам болып өсетіндігіне баса назар аударып, бесік жырына қосқан. Мысалы, мал бағуды, кәсіп етуді, елін жаудан қорғауды, жырдағы тілек, ой-арман, арқылы жеткізген. Бесік жырларында «Бөтен елді шап», «Барымта жаса», «Жалқау бол», деген сөздер халықтың ойында болмаған, ондайды қаламаған және жас балаларды жауыз, қатыгез, жауапкершілікті ұғынбайтындай етіп тәрбиелеуге себеп болады. Бесік жырының тәрбиелік мәні зор.</p>	<p>оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.</p>	
	<p>Жазылым қаттығу. Бесік сөзінен тарайтын тіркестерді анықтап, кластерге түсіріңіздер.</p>	<p>Дескрипторы 1.«Кластер» әдісін орындайды. 2.«Бесік» сөзінен тарайтын тіркестерді анықтап, кластерге түсіреді. Болжамды жауаптар 1.Бесікке салу. 2.Бесік жыры. 3.Бесікке бөлеу. 4.Бесік той.</p>	<p>ҚБ қошемет теу</p>	<p>Оқулық. 8-сынып</p>
	<p>Жазылым қаттығу. «Бесік» сөзінің қатысуымен жасалған тіркестердің мағынасын ашыңыздар. "Қос жазба күнделігін" толтырыңыздар</p>	<p>Дескриптор 1."Қос жазба күнделігін" толтырады. 2 «Бесік» сөзінің қатысуымен жасалған тіркестердің мағынасын ашады. Болжамды жауаптар Сөз, сөз тіркесі Түсініктеме беріледі. 1.Бесік Жаңа туған нәрестені бөлеп жатқызуға арналған ағаштан жасалған төсек . 2.Бесікке салу Жаңа туған нәрестені бесікке салу рәсімі. 3.Бесікке бөлеу Нәрестені күнделікті бесікке жатқызып бөлеу. 4.Бесік жыры Нәрестені ұйықтатар алдында немесе жұбатқан кезде айтылатын жыр. 5.Бесік той Сәби дүниеге келгенде жасалатын той.</p>		<p>8-сынып оқулық</p>



А 8 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<p>«Кинометафора» әдісін YouTube каналынан «Бос бесікті неге тербетуге болмайды?»», «Бесікке салу бейнефильмдерін көріңіздер. 2. Топқа бөлініп, бесікке байланысты айтылған ырым-тыйым сөздердің мағынасын талқылаңыздар. 3. Шешім шығарып, тұсаукесер жасаңыздар. Өз пікірлеріңіздің факт не пікір екенін дәлелдеңіздер.</p>	<p>Дескриптор 1. Бесікке байланысты айтылған ырым-тыйым сөздердің мағынасын талқылайды. 2. Өз пікірлерін факт не пікір екенін дәлелдейді. 3. Шешім шығарады. Болжамды жауаптар 1. Бесікті ашық қалдыруға болмайды: 1. Жабусыз қалған бесікке шаң-тозаң қонып, тез ескіреді. 2. Нәресте жататын бесікті жабуысыз қалдырса, жын-шайтан мекендейді. Шайтан баласын жатқызады деген сенім берік орын алған. Сондықтан бесікті ашық тастамай матамен орап, жауып қояды. 2. Бос бесікті тербетуге болмайды: 1. Бос бесікті тербеткен онда жасырынып жатқан сайтанның баласын тербеткенмен бірдей. Сондықтан нәрестені бесікке саларда алдымен аршамен, отпен аластап жаман күштерден тазартқан. Өйтпеген жағдайда шайтанның баласы нәрестенің ішін саусағымен түрткілеп, баланың ішін ауыртады деп есептеген. 2. Үйге келген қонақ бос бесікті тербетіп, өзінің ұрпақсыз екенін білдірген. Сондықтан бос бесікті тербету жамандықты шақырумен бірдей. Оның астарында бос бесікті тербеткен адам, ұрпақсыз қалады деген ой жатады. 3. Бесікті лақтыруға болмайды: Бесік – киелі зат. Қазақ халқы бесікті шаңырағына келетін ұрпағының ақ мекені деп қасиет тұтқан. Бесікті лақтырған адам жамандыққа ұшырайды деген сенім бар. Бесік тозып, қатты ескірген кезде аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған. Тіпті оның күлін де кез келген жерге шашпай, адамның аяғы баспайтын жерге көміп тастаған. 4. Бесікті кез келген адамға бере салуға және сатуға болмайды. Қазақ халқында бесік ұрпақ жалғастыратын қасиетті бұйым саналады. Баласы көп үйдің бесігін жақсы ырымға жорып, тек жақын туыстары арнайы қалап ала алатын болған. Оны артынан ұрпақ ерсін деген ниетпен жаңа түскен келіннің отауының төріне қоятын болған.</p>	<p>ҚБ қоше метте у</p>	<p>АКТ YouTube каналы</p>
	<p>5-жаттығу. "ПОПС формуласы" әдісін пайдаланып,</p>	<p>Дескриптор 1. "ПОПС формуласы" әдісін орындайды 2. "Ел боламын десең – бесігіңді түзе" (М.Әуезов), "Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады" деген нақыл сөздер туралы ойларын жазады. Болжамды жауаптар .Бірінші сөйлем: «Біздің ойымызша, "Ел боламын</p>	<p>ҚБ қоше метте у</p>	<p>Оқулық 8-сынып</p>

А 8 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<p>тапсырманы орындаңыз. "Ел боламын десең – бесігіңді түзе" (М.Әуезов), "Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады" деген нақыл сөздер туралы ойларыңызды жазыңыздар.</p>	<p>десең – бесігіңді түзе", "Тәрбиенің басы тал бесіктен " деген басталады сөздер халықтың жылдар бойы жинаған өмірлік тәжірибесі негізінде айтылған.</p> <p>Екінші сөйлем: "Себебі, қазақ отбасында дүниеге келген әр бала бесікке бөленеді. Сондықтан бесік бала, ұрпақ ұғымымен тығыз байланысты айтылады. Ұрпақ болашағы үшін өмір сүретін халықтың ұғымында бесік баланы жатқызатын бұйым, зат деңгейінен дені сау ұрпақ өсіретін символдық деңгейге көтерілген".</p> <p>Үшінші сөйлем: "Оны біз мынадай мысалдармен дәлелдей аламыз. Халық ұрпақтың дені сау болып өсуін ғана емес, оған дұрыс тәрбие беруді де ешқашан естен шығармаған. Тәрбиені баланың бесікте жатқан кезінен, яғни жас нәресте кезінен бастау керек деген ұстанымды берік ұстанған. Ал тәрбие отбасынан бастау алады. Әр отбасы "шағын мемлекет" екенін ескерсек, отбасы қоғамды құрайтын тірек. Елдің тізгінін дені сау, ата-анасынан дұрыс тәрбие көрген ұрпақ ұстаса ғана еліміз көркейіп, мықты мемлекет құра аламыз деген мағына жатыр".</p> <p>Соңғы сөйлем: "Осыған байланысты біз мынадай шешімге келдік. Ел боламын десең – бесігіңді түзе", "Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады" деген аталы сөздер ұрпақ тәрбиесіне тек өз баламды тәрбиелеп жатырмын деп емес, елдің келешегін ойлайтын, мемлекеттің дамуына үлес қосатын адам тәрбиелеп жатырмын деп қарау керектігін көрсетеді. Ол бала өсіріп отырған әрбір адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Сонымен қатар мемлекет тарапынан да балаларды өсіруге, қорғауға дұрыс көңіл бөлінуі керек"</p> <p>Болжамды жауаптар</p> <p>Бірінші сөйлем: «Біздің ойымша, "Ел боламын десең – бесігіңді түзе", "Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады" деген сөздер қазақ халқының даналығын танытады.</p> <p>Екінші сөйлем: "Себебі, қазақ отбасында бесікті жоғары қойып, көнеден келе жатқан жәдігер ретінде көздің қарашығындай сақтаған.</p> <p>Үшінші сөйлем</p> <p>"Оны біз мынадай мысалдармен дәлелдей аламыз.</p> <p>«Төрде бесік тұрса, төре де басын иеді» демекші, бесік көне жәдігер, ұлттық құндылықтары-мыздың бірі, ұлттың ерекшелігін танытады. Міне сондықтан баланың денсаулығына, тәрбиесіне мән берген халқымыз ұлт болашағына үстіртін қарамаған, ұлттық тәрбиені басты жолға қойған.</p> <p>Соңғы сөйлем: "Осыған байланысты біз мынадай шешімге келдік. Ел боламын десең – бесігіңді түзе", "Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады" деген аталы сөздер ұрпақ</p>		

А 8 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
		тәрбиесіне үлкен мән берген ата-бабамыздың елінің жанашыры, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу басты назарда болғанын және ол әлі құндылығын жоймағанын байқаймыз.		
	Үйге тапсырма Шығармашылық жұмыс Бесік жырына 5 шумақ өлең жазу	Тапсырманы орындауға нұсқау алады	Тапсырманы орындайды	Оқулық 8-сынып
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 	Сабақты қорытындылап, пікірлерін жазады «Бағалау ағашы» әдісі «Бүгінгі сабақтан түйгенім өте көп» «Бүгін көп нәрсені түсіндім «Бүгінгі сабақта әлі де көп нәрсені оқуым керек»	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын жазу арқылы сабаққа қорытынды жасайды.		
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау	


ҚОСЫМША Ә

Сабақ кестесі

Кесте Ә 1

Бөлім:	Мәңгілік ел - мұратым
Педагогтің аты-жөні:	Шахшанбаева Камшат/ Назарбекова Алуа Ахмедиярқызы
Күні:	12.12.21ж
Сыныбы: 9 «Г»	Қатысушылар саны: 24 Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы:	Мәңгілік ел және Тәуелсіз Қазақстан
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	9.1,1,1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру. 9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: Мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап береді. Оқушылардың көпшілігі орындай алады. Мәтін бойынша сұрақтарды түпнұсқадағы оймен салыстырады. Кейбір оқушылар орындай алады: Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жаза алады. Тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды.

Кесте Ә 2 - Сабақтың барысы


Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1	2	3	4	5
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 4 минут	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. 3. Ашық хат арқылы Тәуелсіз Қазақстан білім алушыларына тілек тілеу. 1-топ Мәңгілік ел 2-топ Тұғырлы ел 3-топ Тәуелсіз ел			Оқулық, жұмыс дәптерлері
Жаңа сабаққа кіріспе  Білу 5 минут	(Ұ) «Бес қадам» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарына жауап беріңіздер. 1-тапсырма Сұрақтарға жауап беріңіздер. 1. Мәңгілік ел болудың негізгі	Дескриптор 1. Сұрақтарға жауап береді. 2. Сыныптастырының пікірін толықтырады. 3. Өз ойымен бөліседі. «Бес қадам» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғайды, сұрақтарға жауап береді. Болжамды жауаптар 1-қадам	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Оқулық 9-сынып Қадам іздері суреті

Ә 2 - кестенің жалғасы



1	2	3	4	5
	<p>шарттары қандай? 2. Мемлекеттік идеология не үшін қажет? 3. «Мәңгілік ел» орнату идеясы қайдан бастау алған?</p>	<p>Мәңгілік ел болу үшін сол елдің азаматтары білімді болу қажет. 2-қадам Ұлттық құндылықтарды ұстанатын 3-қадам Жаңа технологияларды меңгерген 4-қадам Сауатты тұлғалар болуы қажет 5қадам Отансүйгіш 2. Мемлекеттік идеология елдің тұтастығы мен дамуы үшін қажет... 3. «Мәңгілік ел» орнату идеясы Елбасы Н.Ә.Назарбаев-тың Қазақстан халқына жасаған жолдауларынан бастау алады...</p>		
<p>Сабақтың ортасы Мағынаны ашу Түсіну Қолдану 10 минут</p>	<p>Топтық жұмыс 2-тапсырма Постер қорғау арқылы әр топ жаңа сабаққа түсіндірме жасайды. 1-топ «Мәңгілік ел» тіркесіне кластер жасау. 2-топ Бірлік, ынтымақ туралы мақал-мәтелдерді теріп жазу. 3-топ «Бес тармақ» әдісі арқылы Қазақстан сөзін талдау.</p>	<p>Дескриптор 1. Объективті ақпараттар, тақырыпқа қатысты деректерді толассыз келтіреді. 2. Тақырыпқа жан-жақты шолу жасап, қорытынды шешім айтады. 3. Тақырыпқа қатысты мәліметтер береді, деректерге дәлелдер келтіреді. Болжамды жауаптар 1-топ Мәңгілік ел: тату ел, экономикасы дамыған, әлемдік аренада өзіндік беделі бар, тіліне, дәстүріне құрметпен қарайды, ұлттық құндылықтарын бағалайтын ел. 2-топ Ырыс алды – ынтымақ. Бірлік болмай, тірлік болмас. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп. Тірлік, тірлік түбі – бірлік.</p>	<p>Дипломмен марапаттау</p>	<p>Оқулық. 9-сынып АКТ</p>
<p>Талдау 6 минут</p>	<p>Оқулықпен жұмыс 3-тапсырма Қ.Сариннің «Тәуелсіздік» өлеңін оқу. Қазақ алқы қасиетті тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қандай қиындықтарды бастан өткеріп, жеңе білген? Өлеңнен қазақ</p>	<p>Дескриптор 1. Өлеңді түсініп оқиды. 2. Өлеңнен қасиетті, қастерлі, қиелі ұғымдарды табады. 3. Этномәдени бірліктердің мағынасын түсіндіреді. 4. Тілдік бірліктердің функционалдық қызметін айқындай алады. ТӘУЕЛСІЗДІК Еркіндігім. Қасиеттім. Қастерлім. Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!</p>	<p>ҚБ Қошеметтеу</p>	<p>Оқулық. 9-сынып</p>



Ә 2 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5										
	<p>үшін қасиетті ұғымдарды тауып жазу және маңызын түсіндіру. Тілдік бірліктердің функционалдық қызметін айу.</p>	<p>Кеше сенің келбетінді арман ғып, Боданына бұғауландық басқа елдің. Бабалардың басын тігіп бәйгеге, Аналардың жанарына жас бердің! Уа, Еркіндік, қош келдің! Кестені толтырады</p> <table border="1" data-bbox="603 533 1294 1346"> <tr> <td data-bbox="603 533 724 898">Желт оқсан</td> <td data-bbox="724 533 1294 898">Желтоқсан көтерілісі — 1986 жылы 17 — 18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="603 898 724 1084">Алаш</td> <td data-bbox="724 898 1294 1084">Алаш (ежелгі түрік сөзі — бауырластар, қандастар, туыстар) — көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым</td> </tr> <tr> <td data-bbox="603 1084 724 1196">Бозда қтар</td> <td data-bbox="724 1084 1294 1196">Боздақ- жастардыбоздақтардеп те атаған. Мысалы: соғыстанталайбоздақтароралмадығой.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="603 1196 724 1308">Аман ат</td> <td data-bbox="724 1196 1294 1308">аманат сөзінің мағынасы бір немесе бірнеше заттарды көзінің қарашығындай сақтау</td> </tr> <tr> <td data-bbox="603 1308 724 1346">1986</td> <td data-bbox="724 1308 1294 1346"></td> </tr> </table>	Желт оқсан	Желтоқсан көтерілісі — 1986 жылы 17 — 18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады.	Алаш	Алаш (ежелгі түрік сөзі — бауырластар, қандастар, туыстар) — көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым	Бозда қтар	Боздақ- жастардыбоздақтардеп те атаған. Мысалы: соғыстанталайбоздақтароралмадығой.	Аман ат	аманат сөзінің мағынасы бір немесе бірнеше заттарды көзінің қарашығындай сақтау	1986			
Желт оқсан	Желтоқсан көтерілісі — 1986 жылы 17 — 18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады.													
Алаш	Алаш (ежелгі түрік сөзі — бауырластар, қандастар, туыстар) — көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым													
Бозда қтар	Боздақ- жастардыбоздақтардеп те атаған. Мысалы: соғыстанталайбоздақтароралмадығой.													
Аман ат	аманат сөзінің мағынасы бір немесе бірнеше заттарды көзінің қарашығындай сақтау													
1986														
<p>Ой толған ыс Жинақтау Бағалау 9минут</p> 	<p>Топтық жұмыс 1-топ Мәтіннің ақпараттық қызметі. 2-топ Танымдық қызметі. 3-топ Нәтижесі.</p>	<p>Дескриптор: 1. Мәтіннің ақпараттық қызметін анықтайды. 2. Танымдық қызметін табады. 3 Шығарманың түйінін анықтайды. Болжамды жауаптар 1-топ Қастерлі, қасиетті тәуелсіздік бізге оңай жолмен келмегенін, талай жас боздақтардың қаны мен көз жасы арқылы келгенін түсініп, біледі. 2-топ Еркіндікті әлемнің ешқандай байлығына айырбастауға болмайтынын, ол бізге ата-бабамыздан қалған мұра екенін ұғынады. 3-топ Тәуелсіздік бізге оңай жолмен келмегенін түсініп, қадірлейді. Тарихымызды құрметтеп, алғыс айтуды үйренеді. «Еркіндігім. Қасиеттім. Қастерлім» сөздері мен тәуелдік жалғауының қосымшасы арқылы ақынның қуанышқа толы сезімін біледі. «Уа, Еркіндік, қош келдің!» жолындағы «уа» одағайы мақтаныштың,</p>	<p>ҚБ Бас бармақпен бағалау</p>	<p>Оқулық - сынып АКТ АЗ парағы</p>										

Ә 2 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
4минут	«Plickers.com» әдісі тест	көптен күткен қуаныштың белгісін білдіріп тұрғанын түсінеді. «Өз үйіне өзі өгей болу», «алшаң басып жүре алмау» тіркестерін пайдалана отырып, қоғамдағы шешілмей жатқан мәселелерді көтеріп, қазақ халқының салт-дәстүрі, тілі және т.б. еркін қолданылмаса, еркіндіктің мәні жоқтығын айтып отырғанын біледі. «Құны өлшену» тіркесі тәуелсіздікке жету жолында қазақ ұлтының тек желтоқсан оқиғасында емес, талай қайғы-қасіреттерді басынан кешіріп, талай ұл-қыздарынан айырылғанын түсінеді. Тест сұрақтарының дұрыс нұсқасын анықтап, жауап береді.		
	Үйге тапсырма. Эссе жазу. «Мәңгілік Ел»	Тапсырманы орындауға нұсқау алады.	Тапсырманы орындайды.	Оқулық 9-сынып
Сабақтың соңы Рефлексия 2минут 	Сабақты қорытындылап, пікірлерін жазады «Padlet»	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын жазу арқылы сабаққа қорытынды жасайды.		Сілтеме арқылы орындайды
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?		Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау

Кесте Ә 3

Бөлім:	Мәңгілік ел мұратым
1	2
Педагогтің аты-жөні:	Шахшанбаева Камшат/ Назарбекова Алуа Ахмедиярқызы
Күні:	29.11.21ж
Сыныбы: 9 «В»	Қатысушылар саны: 23 Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы:	«Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі»
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді анықтап жазу;

9.4.3.1 стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана білу.


Ә 3 - кестенің жалғасы

1	2
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстырады, маңызды тұстары мен үрдістерді анықтап жазады, Стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана біледі.


Кесте Ә 4 - Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1	2	3	4	5
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин.	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. 3. Сынып оқушыларын тақырып бойынша 3 топқа бөлу.			Оқулық, жұмыс дәптерлері
Жаңа сабаққа кіріспе 	1-тапсырма «Кім жылдам?» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарына жауап беріңіздер.  Мына суреттердегі қамшы, бәйтерек, аққу, шаңырақ, айдаһар, бөрі, ошақ қандай символды білдіреді?	Дескриптор 1. Сұрақтарға жауап береді. 2. Этнолексиканы білдіретін сөздерді ұғынады. 3. Өз ойымен бөліседі. Болжамды жауаптар 1. Қамшы-биліктің символы. 2. Бәйтерек-Астананың символы. 3. Аққу – махаббат символы. 4. Шаңырақ – отбасы символы. 5. Айдаһар жеңілдік пен қуаныш символы. 6. Көк бөрі-батырлықтың символы. 7. Ошақ- отбасы символы.	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Оқулық 9-сынып
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу 26 мин 	№ 2-тапсырма. Тыңдалым тапсырмасы. Үнтаспадан тыңдаңдар. 1-топ. "Рөлдегі оқушылар" әдісі Топ мүшелерін реттейді.	Дескриптор 1. Сұрақтарға жауап береді. 2. Сөз қолданыстарын түсіндіреді. 3. Сөйлем құрайды. Болжамды жауаптар	ҚБ Қошеметтеу	Оқулық. 9-сынып

Ә 4 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5				
	<p>Баяндаушы- сұрақтарға жауап береді. Толық түсіндіреді.</p> <p>1.Сұхбатта қазақ халқының қандай ерекше қасиеті жайлы айтылады ?</p> <p>2.Іргелі ел болу үшін қандай мінезден арылу керек, неге ұмтылу керек ?</p> <p>3.Тәуелсіздіктің тұғыры нық болуының кепілі неде ?</p> <p>Сөз тапқыш- Мәтіндегі сөз қолданыстарын өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.</p> <p>Іргелі ел,еңсесін тіктеу,тізгінге жармасу,ел тізгінін ұстау,сөз төркіні.</p> <p>Дәнекер- Осы тіркестерді өздерің қандай жағдайда қолданар едіңдер? Сөйлем құра Бейнелеуші-суретші- мазмұны бойынша суреттер салады.</p>	<p>1.Қазақ халқы кісілігімен, қонақжайлылығымен мықты.</p> <p>2.Іргелі ел болу үшін ең алдымен көре алмаушылық, менменшілдік және тәккәппар мінезден арылу қажет.</p> <p>3.Тәуелсіз ел болу үшін бір- бірімізбен тату- тәтті болуымыз керек...</p>						
<p>Ой толғаныс</p> 	<p>№ 3-тапсырма 2-топ. Презентация қорғау «Кісілігі мол адам» деп қандай адамды айтуға болады.</p> <p>ӘТН:Ауызекі сөйлеу стилі</p>	<p>Дескриптор: 1.Презентация қорғау арқылы, өз ойларын білдіреді. 2.Дәлел келтіреді Болжамды жауаптар Адамға қойылатын басты талап – ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу.</p>	<p>ҚБ Бас бармақпен бағалау</p>	<p>АКТ</p>				
	<p>№ 5-тапсырма 3-топ. «Екі түрлі түсіндірме күнделігі» әдісі. Тәуелсіздіктің тұғырын нық ұстап, іргелі елге айналу үшін нені жаңғыртып, неден арылу керек?</p> <table border="1" data-bbox="411 1709 866 1821"> <tr> <td>Жаңғырту керек</td> <td>Арылу керек</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	Жаңғырту керек	Арылу керек			<p>Дескриптор: Тәуелсіздік туралы өз ойларын айтады. Болжамды жауаптар 1.Іргелі елге айналу үшін рухани құндылықтарды жаңғырту. 2. Кері әсерін тигізетін мінез- құлық пен әдеттен арылу керек.</p>	<p>ҚБ Бас бармақпен бағалау</p>	<p>Оқулық 9-сын ып</p>
Жаңғырту керек	Арылу керек							





Ә 4 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	№ 6-тапсырма Оқылым тапсырмасы Мәтінді оқып, әңгіменің айтылу мәнеріне назар аударындар.	Дескриптор: 1.Сұрақтарға жауап береді. 2.Мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтайды. 3.Мағынасын түсіндіреді. Болжам жауаптары Бұл әңгімеден шығатын түйін ерінбей еңбек ету керек. Еңбек еткен мұратқа жеткен. Мәтін әңгіме түрінде берілген.	ҚБ Бас бармақпен бағалау	Оқулық 9-сынып
	Үйге тапсырма 7-тапсырма	Тапсырманы орындауға нұсқау алады	Тапсырман ы орындайды	Оқулық 9-сынып
соңы Ой толғаныс. Рефлексия	Сабақты қорытындылап, пікірлерін жазады «Padlet»	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын жазу арқылы сабаққа қорытынды жасайды.		
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?		Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау

Кесте Ә 5

Бөлім:	Жаһандану мәселелері
Педагогтің аты-жөні:	Даулетова Лаура Бахтиярқызы/Назарбекова Алуа Ахмедиярқызы
Күні:	06.10.21ж
Сыныбы: 9 «Г»	Қатысушылар саны: 24 Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы:	«Жаһандану және ел тағдыры»
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді анықтап жазу; 9.4.3.1 стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана білу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстырады, маңызды тұстары мен үрдістерді анықтап жазады. стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана біледі.

Кесте Ә 6 - Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар									
1	2	3	4	5									
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин.	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. 3. Сынып оқушыларын тақырып бойынша 2- топқа бөлу.			Оқулық, жұмыс дәптерлері									
Жаңа сабаққа кіріспе 	1-тапсырма Өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында көркем әдебиеттен этномәдени бірліктерді тауып, мысал жинап келу. 1-топ. Қабдеш Жұмаділов. Аккуды атпас болар. 2-топ. Илияс Есенберлин. Алмас қылыш. <table border="1" data-bbox="432 1010 834 1238"> <thead> <tr> <th>Кітаптың авторы, аты, беті</th> <th>Мысал</th> <th>Түсініктеме</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>  	Кітаптың авторы, аты, беті	Мысал	Түсініктеме							Болжамды жауаптары 1. Саятқора – аңға шыққанда түнеп шығатын жәй басқалқа, үйшік емес. Кәдімгі адам тұратын үй. Заттық мәдениет атаулары, оның ішінде үй жиһаздары мен қару-жарақ түрлері бар. 2. Екі жағында жебеге толған екі-үш қорамса, белдерінде қисық жүзді қылыш пен ұзын сапты айбалта, қамал бұзатын тас атқыштарды сүйреу үшін ер қасына байлап алған жуандығы білектей қыл арқан. Қару-жарактың түрлері туралы айтылған. Қорамса – садақтың оғын салатын қап. Оны матадан, былғарыдан жасап, бетін өрнектермен әсемдеген. Дескриптор 1. Сыныптастырының пікірін толықтырады. 2. Өз ойымен бөліседі	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқыл ауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру	Оқулық 9-сынып
Кітаптың авторы, аты, беті	Мысал	Түсініктеме											
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу 26 мин. 	№ 2-тапсырма. Тыңдалым тапсырмасы. Ұнтаспадан 4-аудиомәтінді тыңдаңдар. 1-топ. «Кім жылдам» әдісі бойынша мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар. Мәдениетті ел мен өркениетті елдің аражігін ажыратыңдар. 2-топ. Жаһандану, ғаламдану	Дескриптор 1. Сұрақтарға жауап береді. 2. Сөз қолданыстарын түсіндіреді. 3. Сөйлем құрайды. Болжамды жауаптары 1. Мәдениет пен өркениет бір-бірімен байланысты	ҚБ Қошем еттеу	Оқулық 9-сынып									

Ә 6 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<p>Ұғымдарының синонимдес болуын түсіндіріңдер. Қазіргі жастар жаһанданудың қай бағытына ден қоюда ?</p> 	<p>Ұғымдар. Мәдениеті де, өркениеті де көшкен мемлекет — Қазақстан! Тіл жағынан да, дін жағынан да, мәдениеті жағынан да, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-сенім бәрі-бәрі тек біздің елде өте жақсы ұстанылады. 2. Жаһандану, ғылымдану бір-біріне ұқсас. Себебі мәдениет туралы, тіл туралы, даму туралы қарастырылады...</p>		
<p>Ой толғаныс</p> 	<p>№ 3-тапсырма «Менің пікірім» әдісі Автордың жаһандануға қатысты екіжақты пікірін жазып алыңдар. Осы пікірге өз ойың қандай.</p>	<p>Дескриптор: 1. Өз ойларын білдіреді. 2. Дәлел келтіреді. Болжамды жауаптары Жаһандану жағдайында әр елдің өзгеруі мен дамуы үшін жаңа күштер, жаңа идеялар, ізгі құндылықтар қажет. Олардың барлығына жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеу арқылы қол жеткізуге болады.</p>	<p>ҚБ Бас бармақпен бағалау</p>	<p>АКТ</p>
	<p>№ 4-тапсырма «Еркін микрофон» әдісі Жаһандану жайлы білімдеріңді толықтырыңдар.</p>  <p>ӘТН: Көркем әдебиет стилі</p>	<p>Дескриптор: Жаһандану туралы біледі. Жастарымызға жаһанданудың тигізетін кері әсерлеріне тоқталсақ. Жаһанданудың жастар тәрбиесіне тигізетін кері әсері: Біріншіден ғаломтор, ұялы телефондар арқылы ақпараттардың дамуы. Екіншіден жастардың шетелдерге әуестеніп киінуі. Үшіншіден еліктеушілік пайда болуы...</p>	<p>ҚБ Бас бармақпен бағалау</p>	<p>Оқулық 9-сын ып</p>
	<p>Үйге тапсырма 10-тапсырма</p>	<p>Тапсырманы орындауға нұсқау алады.</p>	<p>Тапсырманы орындайды</p>	<p>Оқулық 9-сын ып</p>

Ә 6 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия	Сабақты қорытындылап, пікірлерін жазады «Padlet»	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын жазу арқылы сабаққа қорытынды жасайды.		
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау		